Әл-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ 069:930.85(043) Қолжазба құқығында

ӘШІМОВА САЛТАНАТ ӘЛИЯКПАРҚЫЗЫ

МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛЕНДІРУ (ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ САРАПТАУ)

8D02207 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшісі:
Т.Е. Картаева
тарих ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
профессоры

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:
Николай Вуков
PhD, профессор,
Болгария Ғылым академиясы
Этнология және фольклортану институты,
Этнография музейі (София, Болгария)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
	АНЫҚТАМАЛАР	6
	КІРІСПЕ	10
1	**МӘДЕНИ МҰРАНЫ ҚОРҒАУДАҒЫ ЮНЕСКО ҚЫЗМЕТІ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ ҚОРҒАУ КОНВЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**	
1.1	Мәдени құндылықтарды қорғаудың халықаралық-құқықтық актілері, материалдық емес мәдени мұраны қорғау Конвенциясының алғышарттары, тарихи маңызы, құрылымы	28
1.2	ЮНЕСКО-ның мұралар тізімі желісіндегі Қазақстанның орны	55
1.3	Материалдық емес мәдени мұраны қорғау Конвенциясын ратификациялау және Үкіметаралық комитетке мүшелік ету	71
2	**МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ**	
2.1	Материалдық емес мәдени мұраны дамытудағы Халықаралық ұйымдар ықпалдастығы және құжаттық қамтамасыз ету	91
2.2	ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау, сақтау ісіндегі құрамдас тізім жүйесі	100
2.3	Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұраларды сақтау	104
2.4	Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативті құндылықтарын қорғау	113
2.5	Материалдық емес мәдени мұраны қорғаудағы үздік тәжірибелерді дамыту	128
3	**МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ ДАМЫТУДАҒЫ МУЗЕЙ МЕН ТУРИСТІК ДЕСТИНАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ**	
3.1	Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасы Ұлттық тізімін қалыптастырудағы Ұлттық музей мен Ұлттық Комитеттің ықпалы	134
3.2	Материалдық емес мәдени мұраны музейлендірудің әлеуметтік, қоғамдық маңызы	138
3.3	Материалдық емес мәдени мұраларды музейде көрсету шешімдері, түрлері	147

3.4 Материалдық емес мәдени мұраның туристік-рекреациондық қызметте көрсетілуі 153
3.5 Материалдық емес мәдени мұраларды музей арқылы насихаттау және дамыту 164
ҚОРЫТЫНДЫ 174
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 178
ҚОСЫМША А 193
ҚОСЫМША Б 200

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ЮНЕСКО Әлемдік мәдени және табиғи мұраны сақтау Конвенциясы, 16 қараша 1972 жыл.

ЮНЕСКО Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенция, 17 қараша 2003 жыл.

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 Заңы.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №288-VI Заңы.

Мәдени құндылықтарды заңсыз әкелуге, әкетуге және оларға меншік құқығын беруге тыйым салу мен олардың алдын алуға бағытталған шаралар туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 507-IV Заңы.

Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы №514-IV Заңы.

Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысы.

Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің Ұлттық тізбесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 368 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдени мұраларының Ұлттық тізімі. ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылдың 28 мамырдағы №211-НҚ бұйрығына 1-қосымша.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы диссертацияда мынадай белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

Дүниежүзілік Мұра Конвенциясы	ЮНЕСКО мәдени және табиғи мұраны сақтау Конвенциясы, 16 қараша 1972 жыл, Париж
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БҰҰ БА	Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы
БРДЖ	Биосфералық резерваттардың дүниежүзілік желісі
ДТҰ	Дүниежүзілік туристік ұйым
ИКОМ/ ICOM	Халықаралық музейлер кеңесі/International Council of Museums
ИКОМОС/ICOMOS	Ескерткіштер мен тарихи орындарды сақтау жөніндегі халықаралық кеңес/International Council on Monuments and Sites
ИСЕСКО/ICESCO	Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет ұйымы/ The Islamic World Educational, Scientific and Cultural Organization
МЕММ/ ICH	Материалдық емес мәдени мұра/Intangible Cultural Heritage
МЕММ Конвенциясы	ЮНЕСКО Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенциясы, 17 қазан 2003 жыл, Париж.
Комитет	ЮНЕСКО Материалдық емес мәдени мұра Конвенциясының Үкіметаралық Комитеті
ҚРҒжЖБ	Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігі
РТ/ RL	Адамзаттың МЕММ-інің репрезентативті тізімі /Representative List of the Intangible Cultural Heritage of Humanity
ҮТ/RP	МЕММ Үздік тәжірибелік қорғау тізілімі/Register of Good Safeguarding Practices
Ұлттық музей	Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана қ.
Ұлттық Орталық музей	Қазақстан Республикасының Ұлттық Орталық музейі, Алматы қ.
Өнер музейі	Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық Өнер музейі, Алматы қ.
ЮНЕСКО /UNESCO	Біріккен Ұлттар ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы/United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization
ШҚТ/USL	МЕММ шұғыл қорғау тізімі /List of Intangible Cultural Heritage in Need of Urgent Safeguarding

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

Авторлық коллаж – диссертацияның тәжірибелік лабораториясы есебіндегі фототіркеулерін топтастырып безендіру арқылы көрсету.

Дүниежүзілік мұра (ағыл., *World Heritage*, фр. *Patrimoine Mondial*, исп. *Patrimonio Mundial*) – ЮНЕСКО тарапынан бекітілетін, адамзат үшін ерекше мәдени, тарихи немесе экологиялық табиғи маңызы бар деп танылатын табиғи немесе адам қолымен жасалған нысандар.

Материалдық емес мәдени мұра – дәстүрлі шаруашылық, кәсіп, дәстүрлі тұрмыс, қоршаған ортаны дәстүрлі пайдалану, этникалық мәдениет, ұлттық құндылықты танытатын зат, артефакті, халық шығармашылығы туындысы, табиғаттағы тіршілік иесінің адамзат мәдени мұрасының бөлігіне айналуы және мәдени кеңістікті кешенді қарастыратын ұғым.

Мәдени алуантүрлілік – әртүрлі халықтардың мәдениетінің ерекшелігі, ән-саз, театр, кино, кескіндеме, қолөнер, шығармашылық, кәсіп, шаруашылық және т.б. бір-бірімен байланысты дамуы.

Мәдени мұра – жергілікті халық тарихтың әртүрлі кезеңдерінде қалыптастырған сәулеттік, монументалды туындылар, кескіндеме, археологиялық құндылықтар, тарихи дәуір жазулар, тарихи дәуірлердегі тұрақ, қоныстар, шаруашылық, мәдени орындар, адам мен табиғаттың бірлескен туындылары, ерекше әмбебап құндылыққа ие оқшауланған немесе біріктірілген ғимараттар, қасиетті орындар, фольклорлық мұралар, ән-саз, бейнелеу өнері туындылары.

Материалдық емес мәдени мұра атрибуциясы – мұраның халық мәдениетіндегі алатын орнын, ғасырлар бойына сақталып жетуін, мұраның ұрпақтан ұрпаққа берілуін, қолданыс аясын, қалыптасу ортасын, қалыптасу тарихын, ғасырлар бойына сақталуын немесе өзгеріске енуін, музейлік маңызын нақтылауға қатысты сипаттаулар мен мұраға қатысты зерттеулерді негізге ала отырып ғылыми сараптау, жүйелеу.

Материалдық емес мәдени мұраны музейлендіру – мұраның барлық түрлері мен типтерін жаһандану әсерінен қорғау, мұраны жойылып кету қаупінен қорғау, мұраның жойылған түрлерін қайта қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралар мен бағдарламаларды іске асыру, тірі мұраны насихаттау, тірі мұраны жеткізуші тұлғалардың белсенділігін қорғау, мұраны сақтау мақсатына бағытталған танымдық насихат, ғылыми зерттеуге бағытталған жұмыстарды жүзеге асыру.

Материалдық емес мәдени мұра ескерткіштерінің типтері – МЕММ ескерткіштерін типтерге топтастыру, олар: (a) материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары; (b) орындаушылық өнерлер; (c) әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар; (d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар; (e) дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар.

Материалдық емес мәдени мұра ескерткіштерінің ЮНЕСКО бағытында қорғалу санатына тізімделуі – Конвенцияға қатысу мемлекеттердің элементтерді ұсыну құжаттарының ЮНЕСКО тарапынан қанағаттандырылуына орай, материалдық емес мәдени мұраны бүгінгі күнгі сақталу деңгейіне қарай келесідей 3 санат тізіміне топтастыру: Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізімі; Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативті тізімі; Материалдық емес мәдени мұраны қорғаудағы үздік тәжірибелер тізілімі.

Материалдық емес мәдени мұраны қорғау – институционалдық, әкімшілік жүйе арқылы реттеуді үйлестіруді; Ұлттық тізімге, ЮНЕСКО тізіміне алу, Ұлттық және Халықаралық ұйымдардың мұраны қорғауын қамтамасыз ету, заңдар мен нормативтік актілер қабылдау; зияткерлік меншік құқықтарын әлеуметтік қорғау; бұрмалау мен коммерциялық теріс пайдалануға жол бермеу; қауымдастықтардың құқықтарын сақтау; мемлекеттік қолдау механизмдерін ұйымдастыруды қолдау.

Материалдық емес мәдени мұраны сақтау – мұраның жергілікті жерде, шығармашылық ортада, кәсіби ортада, қауымдастық ортасында ұмытылу, жойылудың алдын алуға бағытталған, мұраның өмір сүруін, ұрпақтан ұрпаққа берілуін, таралуын, насихатталуын қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді, кешенді іс-шаралар жиынтығы.

Имитация – (лат., *imitatio* – ұқсау, еліктеу) – музей ісінде материалдық емес мәдениетті, ұлттық салт-дәстүрлерді, қолөнер шеберлерінің әдіс-тәсілдерін адамдар көмегімен көрсету. Мысалы, қолөнер жәрмеңкесін, шеберлік-сыныптарын, ұлттық киімдер сән шеруін т.б. қысқа уақытқа ұйымдастыру немесе қолөнер шеберлік-сыныптарын үздіксіз музейдің «тірі экспозициясы» ретінде жұмыс жасауын үйлестіру.

ИКОМ – (ағыл.: *International Council of Museums*, *ICOM*) Халықаралық музейлер кеңесі – мемлекеттік, үкіметтік емес 1946 жылы құрылған әлем музейлерінің қызметкерлерін біріктіретін кәсіби халықаралық ұйым. ЮНЕСКО жанындағы Экономикалық және әлеуметтік кеңес жоғары «А» категориялық конституциялық статусын иеленген. Әлем елдеріндегі өткен және бүгінгі дәуірдегі материалдық және материалдық емес құндылықтарды, табиғат ескерткіштерін, тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтап, музей және оның қоғаммен байланысын арттыратын, музейлер мен музей қызметкерлерінің халықаралық ұйымы.

ИКОМОС – (ағыл.: *International Council on Monuments and Sites, ICOMOS, фр. Conseil international des monuments et des sites*) – Ескерткіштер мен тарихи орындарды сақтау жөніндегі халықаралық кеңес. Бүкіл әлем бойынша мәдени және тарихи орындарды сақтау мен қорғауға арналған халықаралық ұйым. Кеңес 1964 жылғы Венеция хартиясы қабылданғаннан кейін 1965 жылы құрылған. Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізуге ұсынылған нысандарды бағалайды.

ИСЕСКО – (ағыл.: *The Islamic World Educational, Scientific and Cultural Organization, ICESCO*) – Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет ұйымы. Мұсылман елдеріндегі білім, ғылым, мәдениет және коммуникация

мәселелерімен айналысатын және мүше мемлекеттер арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған мамандандырылған ұйым ретінде МЕММ ортақ номинациялар арқылы мемлекетаралық ынтымақтастықты арттыруда маңызды роль атқарады.

Конвенция (лат. *Conventio* - келісім) – белгілі бір саладағы оның қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін белгілейтін халықаралық келісім шарт.

Қауымдастық – дәстүрлі мұраны сақтап қалған халыққа немесе халық өкілдеріне, шығармашылық топқа қатысты ЮНЕСКО бекіткен атау.

Ратификация (лат. *ratificatio – ratus* – бекітілген, мақұлданған, *facere* - жасау) – дүниежүзілік маңызы бар Халықаралық құқықтық құжаттарды мемлекеттердің ресми түрде мойындауы, бекітуі, қабылдауы, яғни оны орындауға заңды келісім беруі.

Ревитализациялау (лат. *re* – қайталау әрекеті және *vita* – өмір) – материалдық емес мәдени мұралардың жойылып кеткен немесе жойылу қаупіндегі элементтерін сақтау немесе қайта жаңғырту үшін күнделікті өмірде, этноауылдарда, тірі музейлерде, этнофестиваль, ұлттық мерекелерде, этнотуризм ісінде тәжірибе жасап қайталау, элементтің өмір сүру ортасын сақтау немесе қайта қалыптастыру.

Тұрақты даму (ағыл.: *sustainable development*) – қазіргі қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру, болашақ ұрпаққа зиян келтірмейтін, қоғам мен ғылым арасындағы тепе-теңдікті қалыптастыруға бағытталған ұстаным. «Тұрақты даму» термині алғаш рет 1987 жылы БҰҰ «Қоршаған орта және даму» жөніндегі комиссиясының «Біздің ортақ болашағымыз» атты есебінде айтылып, дипломатиялық айналымға енген. 2003 жылғы МЕММ Конвенциясының негізгі терминінің бірі ретінде қолданыста.

Рухани вандализм/ Рухани геноцид – мәдени құндылықтарды соғыс жағдайында немесе жоспарлы (қасақана емес) жою.

Тасымалдаушы – мұраны сақтаушы, жеткізуші жеке тұлғаға қатысты ЮНЕСКО бекіткен атау.

Тірі ескерткіш – материалдық емес мәдени мұраны типіне сай қорғау, сақтауға алған жан-жануар, өсімдікке қатысты атау жүйесі.

Тірі мұра – материалдық емес мәдени мұраны қорғау, сақтауға алған мұраны қалыптастырушы тұлға.

Шарт – ЮНЕСКО ескерткіштерді Халықаралық қорғау тізіміне алу үшін қойылатын талаптарына «критерий» деп бекіткен атаудың қазақ тіліндегі баламасы ретінде диссертацияға қолдануға авторлық шешім. ҚР ратификациялау, регламенттеу құжаттарында «критерий» деп аудармасыз қолданылынып жүр.

Элемент – материалдық емес мәдени мұра ескерткішіне, нысанына ЮНЕСКО тарапынан бекітілген атау.

Этникалық бірігу – (ағыл. – *ethnic consolidation*, нем. – *ethnische konsolidierung*) тілі мен мәдениеті жақын, әдетте шығу тегі жағынан туыс бірнеше этностардың (немесе этнос бөліктерінің) арасындағы әлеуметтік-

экономикалық және мәдени байланыстардың дамуы барысында ірі этникалық қауымдастықтарға бірігуі орын алатын біріктіруші этникалық үдерістер түрі. ЮНЕСКО Материалдық емес мәдени мұра ұлтаралық тізімге енгізу үдерісімен байланысты.

Этникалық мәдениет – (ағыл. – *ethnic culture*, нем. – *ethnische kultur*) мәдени этностың өзіне тән бөлігі. Этнос мәдениетінің жалпы массиві осы этноста орын алатын іс-әрекеттің барлық түрлерін, тәсілдері мен нәтижелерін, этнос өндіретін және тұтынатын мәдени құбылыстардың барлық жиынтығын қамтиды.

Этникалық реконструкция – (лат., *re* – қайталау, *constructio* – қайта құрастыру)**,** материалдық емес мәдени мұраны тарихи модельдеу нәтижесінде құндылықтарды жаңғырту ісі. Материалдық мәдени мұрамен қатар материалдық емес мәдени мұраны жандандыру, элементтің/нысанның жұмыс істеуін қалпына келтіру және өздігінен өсуіне жағдай жасау. Музейлерде жанды экспозиция, цифрлы технологиялар, турнирлер арқылы көрсету.

ЮНЕСКО – (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization – *UNESCO*) – БҰҰ Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы. Ұйым 1945 жылы 16 қарашада құрылды, штаб-пәтері Францияның Париж қаласында орналасқан. ЮНЕСКО Халықаралық ұйымы 2025 жыл жағдайында 196 мүше мемлекетті, 2 бақылаушы мемлекет, сыртқы саясат үшін жауапты емес 10 қауымдастырылған мүше-аумақты, 67 бюро мен кластерлерді біріктіреді. 182 мүше-мемлекеттің Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтері жанында тұрақты өкілдігі, 4 тұрақты бақылаушы және 9 үкіметаралық ұйымның бақылаушы миссиясы тіркелген. ЮНЕСКО қаулысы Лондон конференциясында 1945 жылдың 16 қарашасында қабылданып 1946 жылы 4 қарашада қол қойған 20 мемлекет актілерін сақтауға өткізгеннен кейін күшіне енген. 1945 жылғы 16 қараша ЮНЕСКО-ның құрылған күні болып тарихқа енді. ЮНЕСКО ұйымы құрылған кезіндегі алғашқы ірі жобаларының бірі II дүниежүзілік соғыс жылдарында әскери әрекеттерден зардап шеккен кітапхана және музей қорларын қалпына келтіру болды. 1959 жылдан ЮНЕСКО-ның қамқорлығындағы Мәдени құндылықтарды сақтау және қалпына келтіру бойынша Халықаралық комитет жұмыс істейді.

ЮНЕСКО Мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы Конвенциясы – 1972 жылы қабылданған дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраның ең құнды нысандарын сақтауға бағытталған ЮНЕСКО құжаты. Конвенцияда «дүниежүзілік тарихи-мәдени және табиғи мұраның» сондай-ақ, оған қол қойған мемлекеттердің ену талаптары мен міндеттері қарастырылған.

ЮНЕСКО Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенция – ЮНЕСКО-ның 2003 жылы 17 қарашада қабылдаған Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенциясы.

КІРІСПЕ

Жалпы сипаттама. Диссертацияда ЮНЕСКО-ның мұраларды қорғау Конвенцияларының қалыптасуы, ЮНЕСКО Халықаралық ұйымындағы Қазақстанның қызметі, орны, МЕММ ұғымының қалыптасуы, МЕММ-ді қорғаудағы халықаралық және отандық ұйымдар қызметі қарастырылады; МЕММ сақтау, қорғау, музейлендіру, оны насихаттаудағы отандық және шетелдік тәжірибелер талданады.

Ғылыми-зерттеу жұмысының орындалу орны. Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих факультетінің Археология, этнология және музеология кафедрасында және ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығында орындалды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. ЮНЕСКО Халықаралық ұйымының Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұралар Конвенциясымен қатар МЕММ Конвенциясы – қатысушы мемлекеттердің жоғары белсенділігін қалыптастырған Халықаралық ынтымақтастықтағы аса маңызды шара [1]. Қазақстан БҰҰ мүше болып енуімен қатар ЮНЕСКО Конвенцияларын ратификациялаған тарап ел болып қатысады [2-14]. Қазақстаннан Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұра тізіміне – 6, материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне – 14, ЮНЕСКО-ның биосфералық резерваттар желісіне – 15, «Әлем жады» деректі мұра тізіміне – 4 ескерткішінің және атаулы мерейтойлар күнтізбесіне 27 ұсынысы енгізілуі Қазақстанның Әлем елдері арасындағы саяси-мәдени ықпалдастығының зор екенін айғақтайды [15-17].

Қазақстан ЮНЕСКО-ның 2013-2017, 2023-2027 жылдарға Дүниежүзілік мұра Үкіметаралық комитетінің, 2018-2022 жылдарға МЕММ Үкіметаралық Комитетінің мүшелік мандатын алуы Қазақстанның ЮНЕСКО-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы атқаратын ролі мен беделін айқындай түседі. МЕММ қорғау бастамасын көтеруіне әр халықтың ғасырлар бойына қалыптасқан мәдени мұрасының қазіргі жаһандану, технологиялар заманында өзгеріске енуі, жойылып кету қаупінің күшеюі басты себеп болды. МЕММ-ді сақтау, қорғау, музейлендіру, насихаттауды мемлекетаралық ынтымақтастықты арттыра отырып құқықтық реттеуді ЮНЕСКО тізгініне алған. Бұл әлем елдеріне ортақ мәселе. ЮНЕСКО-ның басты мақсаты мұраның жаһандану немесе саяси қақтығыстар әсерінен жойылып кетпеуін қамтамасыз ету, мұраны қастерлеу, қорғау арқылы болашақ ұрпаққа сақтап жеткізу [18, 19]. БҰҰ БА, ЮНЕСКО БА конференция, сессияларында қаралған мәдени әртүрліліктің өзекті мәселелерін қабылдау, құндылықтарды сақтауды нормативтік реттеу, мәдени ықпалдастық арқылы бейбіт қарым-қатынасты сақтау ісінде [20-27], ИКОМОС, МИЦАИ, ИЧКАП Халықаралық ұйымдарының тең мүшесі ретінде Қазақстанның әлемдік аренада белсенділігі жыл сайын арта түсуде [28-32; 151].

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылдың 5 қаңтарында Егемен Қазақстан газетінде жариялаған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында қазіргі заманның артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, ұлттық тамырымызды берік сақтауымыз қажет екендігін алға тарта отырып: «Ұлттық

болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүріміздің ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі», – деп тұжырымдады [33].

Қазақстан мұрасының ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұра тізімі мен ЮНЕСКО МЕММ тізіміне енуі, еліміздің мұрасын Әлем елдеріне танытып қана қоймай, ескерткіштің мәртебесін халықаралық деңгейде арттырады. Қазақстанның ЮНЕСКО сатысында болуы, Қазақстанның Дүниежүзілік мәртебесін «Мәдени мұра» арқылы арттырады. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени мұраның қорғалуы мәселесін Ұлттық Құрылтай сатысында көтеріп келеді. Ал 2023 жылдың маусымында Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында мемлекет басшысы: «Біз қазір халықаралық ахуалдың бұрын-соңды болмаған деңгейде шиеленіскеніне куә болып отырмыз. Кейбір ірі елдер өзіне қажетті күн тәртібін басқаларға таңуға, оларды өз талабына икемдеуге тырысуда. Бір-біріне мүлдем қайшы келетін түрлі идеялар мен ұстанымдар қақтығысы белең алды. Бұл қақтығыс геосаясатта немесе экономикада ғана болып жатқан жоқ. Тіпті, мәдениет пен руханиятты, құндылықтар жүйесін, басқаша айтқанда, идеология саласын да шарпуда. Мұның бәрі тұтас мемлекеттердің және халықтардың қауіпсіздігіне зор кесірін тигізуі мүмкін. Халықаралық ахуалдың беталысы көңіл көншітпейді. Сондықтан Қазақстан Республикасы бұрын-соңды болмаған деңгейде біртұтас болуы керек», – деп атап өтті [34, 35].

Дүниежүзілік геосаяси қақтығыстар мен Дүниежүзілік жаһандану үрдісінің қарқынды қозғалысы кезінде еліміздің біртұтастығын сақтап қалу Ұлттық Стратегиялық саясат деңгейінде болуы керек екендігін қамтамасыз ету Мемлекетіміз ұстанған басты саясат. Жаһандану заманында заман ағымымен бірге дами отырып Ұлттық құндылықтарды қоса сақтап қана қоймай, қазіргі заманауи мәдени тенденциялармен үйлесімді дамуын қолдау да мемлекеттің мәдени дамуының басты ұстанымы. Мемлекет басшысы Түркістан құрылтайында: «Өміршең, келешегі зор идеологиялар мемлекет пен қоғамның ортақ ізденісінің арқасында ғана пайда болады. Біз дәстүрлі құндылықтарымызды қазіргі мәдени үрдістермен үйлестіруіміз керек. Шын мәнінде, қазақтың мәдениеті сан түрлі саланы қамтиды. Халқымыздың ата-бабадан мирас болған мол мұрасы бар. Оны заман талабына сай жаңғыртып, жер жүзіне насихаттау керек», – деп құндылықтарды дәріптеуге Үкіметке қадау тапсырды [34].

2023 жылы 7 маусымда ҚР Президенті Қ-Ж. Тоқаевтың шақыртуымен ЮНЕСКО-ның бас директоры Одрэ Азуленің Қазақстанға келуі Қазақстанның ЮНЕСКО-ға мүше елдер арасындағы ықпалын арттыра түсті. Кездесу барысында Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевқа Бурабай, Марқакөл қорықтарының ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік биосфералық қорықтар және «Ортеке, Қазақстандағы дәстүрлі орындаушылық өнер: би, қуыршақ және музыка» номинациясының Адамзаттың МЕММ репрезентативті тізіміне енгізілгенін растайтын құжаттарды табыстады. ЮНЕСКО мандаттары Қазақстанның табиғи және мәдени мұрасын әлемге танытуды арттырады.

2025 жылдың 30 қазан – 13 қараша күндері Самарқанд қаласында ЮНЕСКО Бас конференциясының 43-ші сессиясы өтіп, оның сәтті өтуіне 900-ге жуық еріктілердің қатысуының өзі халықтың ЮНЕСКО ынтымақтастығына деген ынтасын білдіреді. ЮНЕСКО Бас конференциясының 43-ші сессиясы барысында ЮНЕСКО-ның сол кездегі Бас директоры Одрэ Азуле мен ҚР Мемлекеттік кеңесші Е. Каринмен кездесіп, Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы ортақ істер барысын талқылады [1]. Бұл кездесулер ЮНЕСКО мен ИСЕСКО арасындағы ынтымақтастықты, мәдениеттер арасындағы серіктестікті арттырудағы Қазақстан қадамының маңыздылығын айқындай түседі.

ҚР Президенті Қ-Ж. Тоқаев 2024 жылғы 15 наурыздағы Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде: Қазақстанның ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар комитетіне мүше болып сайланғанын айта отырып: «Мұндай мүмкіндікті ұтымды пайдалануымыз керек. Рухани маңызы бар жұмысты жалғастыру қажет. Елімізде қайталанбас табиғи және тарихи мекендер көп. Осындай теңдесі жоқ орындардың бірі – біздің ұлттық мақтанышымыз Үстірт қорығы. Бұл жердегі тағы бір таңғажайып мұра – жерасты мешіттері. Батыс аймақта осындай жиырмадан астам мешіт бар. Тарихи нысандар әртүрлі кезеңде салынған және бір-бірінен өзгеше. Мұның өзі еліміздің рухани кеңістігінде ерекше дәстүрлер болғанын және тамыры тереңде жатқанын көрсетеді. Біз оның бәрін мұқият сақтап, жер жүзіне танытуымыз қажет», – деп тиісті мемлекеттік органдарға Ұлттық комиссиямен бірлесіп, осы нысандарды ЮНЕСКО мұралары тізіміне қосу жөніндегі жұмысты жүргізу мәселесін көтерді. [36]. Қазақстанның Мәдени және табиғи мұра Ұлттық комиссиясының қарқынды жұмысы нәтижесінде ЮНЕСКО қарауына «Үстірт: ландшафтары және аран аң аулау тұзақтары» номинациясы ЮНЕСКО-ның 2021 жылы алынған алдын-ала тізімінен қаралу тізіміне қайта құжатталды [18]. Мемлекет басшысы төл мәдениетімізді насихаттауда ЮНЕСКО-мен өзара ықпалдастыққа ерекше назар аударып отыр. Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың бастамасымен Қазақстан Үкіметі ЮНЕСКО МЕММ енген «Наурыз» мерекесінің жаңа тұжырымдамасын қабылдап, бұл мерекені «ұлттың рухы» деп бағалады [36].

2025 жылы ҚР Ұлттық Музейі, ҚР ҰОМ, Өнер музейінің ресми түрде «ұлттық» мәртебесінің бекуі мемлекетіміздің музейлер ісіне ерекше мән беруінің айғағы. Мемлекетіміз қолға алған Орталық Азия елдерінің тарихи-мәдени мұрасына арналған бірыңғай цифрлық платформа құру туралы бастаманың берері мол. МЕММ мен оны қорғаудың маңыздылығын, қоғамда неғұрлым терең ұғынуы қажеттілігі – адамдар арасындағы өзара жақындасуға, алмасуға және өзара түсіністікке ықпал ететін фактор.

ЮНЕСКО-ның 17 қазан 2003 жылы қабылдаған МЕММ Конвенциясын Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы №514-IV Заңына сәйкес 8 жыл мерзім өткеннен соң, әлем елдерінің көбінен кейін ратификациялағанымен Қазақстан өзінің Конвенцияға мүше болған 14 жылында ЮНЕСКО МЕММ бойынша 14 мұраны енгізуінің өзі Қазақстан тәжірибесін салыстырмалы зерттеудің өзектілігін негіздейді.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы Қазақстанның ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясын, халықаралық құқықтық актілерін дамыту тәжірибесін шетелдік тәжірибелермен салыстырмалы зерттеу арқылы отандық музей ісіндегі МЕММ жұмысын жүргізудің, оны зерттеудің ғылыми-әдістемелік негізін әзірлеуінде; «музейлік МЕММ» қолданбалы-ғылыми зерттеу бағытына негіз қалауында; МЕММ-ді ескерткіш ретінде қарастыруында; ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұра, МЕММ-ін салыстырмалы сараптаған отандық музейтану және ескерткіштану ғылымындағы тұңғыш диссертациялық жұмыс болуында.

Диссертациялық жұмыстың басқа ғылыми жұмыстармен байланысын ЮНЕСКО Конвенцияларын ратификациялау, ЮНЕСКО қорғауға алған ескерткіштерді қорғауға байланысты ғылыми айналымға енген теориялық, методологиялық жарияланымдар құрайды.

Зерттеу жұмысының нысаны. ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұраны қорғау Конвенцияларын МЕММ Конвенцияларына алғышарт ретінде ала отырып, МЕММ-ді құжаттау, сақтау, қорғау, танымал ету, оның ролін арттыру, ілгерілету, оның өміршеңдігін қамтамасыз ету мақсатында шаралар қабылдау, дамытуы қолдау, көмек көрсету, музейлік, туристік мекемелердің қатысуы арқылы әртүрлі аспектілерін қайта жаңғыртуды зерттеу.

Зерттеу жұмысының мәні МЕММ-ді қорғау, сақтау, насихаттау және музейлендіруді отандық және халықаралық тәжірибелер негізінде салыстырмалы сараптауда, МЕММ-ді сақтауға бағытталған ЮНЕСКО мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың өзара ықпалын талдауда.

Диссертацияның мақсаты. ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясының қалыптасуының тарихи алғышарттарын талдау, ЮНЕСКО-ның мәдени мұраны қорғаудағы қызметіндегі Қазақстанның орнын айғақтау, Қазақстанмен және шет елдердің ЮНЕСКО МЕММ-ді қорғау, сақтау қызметіндегі өзара ықпалдастығын, тәжірибелерді сараптау.

Зерттеу жұмысының міндеттері. Алға қойылған мақсатқа жету жолдарын жүзеге асыру үшін келесідей міндеттер жүктеледі:

– ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясының қалыптасуының алғышарты ретінде Дүниежүзілік мәдени мұра мен табиғи мұраны қорғау Конвенциясы мен ескерткіштерді қорғауға бағытталған әлемдік бағдарлы құжаттарын талдау, Қазақстанның ЮНЕСКО Халықаралық ұйымындағы тарихи орнын айғақтау;

– Қазақстанның және әлем елдерінің ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясын ратификациялауы, МЕММ Үкіметаралық комитетке мүшелік етуі қызметінің маңызын талдау;

– МЕММ дамытуды халықаралық-құқықтық актілер арқылы қамтамасыз етудің негіздерін, МЕММ-ді қорғаудың халықаралық ісіне әлем елдерінің қатысуын, Конвенцияға қатысушы елдердің құқықтық-құжаттық реттеу принциптерін саралау;

– ЮНЕСКО-ның МЕММ қорғау, сақтау ісі арқылы мемлекетаралық ықпалдастықты, тұрақты дамуды қамтамасыз ету бағыттарын талдау;

– МЕММ типтерін, санаттарын есепке алу, тіркеу, құжаттау, Ұлттық тізімді қалыптастыру, Халықаралық қорғауға ұсыну жолдарын талдау;

– МЕММ музей қызметі жүйесінде және қауымдастық ортасында сақтау, халыққа ұсынуды талдау;

– МЕММ арқылы туристерді тұрақтандыруда, туристік дистинациядағы ролі мен орнын айғақтау.

Тақырыптың хронологиялық шеңбері. Зерттеу 1972 жылы ЮНЕСКО Мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы Конвенциясын қабылдаған уақыттан 2025 жыл аралығын қамтиды. Қазақстанның БҰҰ, ЮНЕСКО-ға мүше болған 1992 жылдан 2025 жыл аралығын, осы хронологиялық шеңбер аясында 17 қазан 2003 жыл «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенция» қабылданған уақытын, оны Қазақстанның қатысу жылдарын қоса қамтиды.

Диссертацияның географиялық ауқымы. Зерттеудің отандық тәжірибені талдау нысаны Қазақстан Республикасын толық қамтиды. Шетелдік тәжірибені салыстырмалы талдау нысаны ЮНЕСКО МЕММ бойынша елдерді бес аймаққа бөліп қарастыру талабына сай Африка, Біріккен Араб Әмірліктері, Азия және Тынық мұхит, Еуропа және Оңтүстік Америка, Латын Америкасы және Кариб аралдары және Қазақстанмен «мемлекетаралық ортақ мұра» қалыптастырған мемлекеттерді қамтиды.

Диссертацияның деректік негізі. Диссертациялық зерттеу жұмысының жазылуына негіз болған дереккөздерді келесідей топтастырамыз:

– БҰҰ, ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұраны қорғау ісінде басшылыққа алатын құқықтық құжаттар, нормативтік материалдар: Конвенциялар, Қарарлар, Дүниежүзілік мұра тізіме мұраларды алу, ену, қабылдау шарттары;

– қатысушы елдердің мәдениет және табиғат ескерткіштерін қорғау, пайдалану Заңдары, Халықаралық және Ұлттық маңызы бар мәдениет және табиғат ескерткіштерінің тізімдері;

– қатысушы елдердің ратификациялау құжаттары, Қатысушы елдердің МЕММ қорғау Заңдары, Тұжырымдары;

– МЕММ қорғау, сақтау ісінің жүзеге асу тәжірибелері, тізімдеу, құжаттау, ұсыну, танытуға қатысты ғылыми зерттеуге, танымдық талдауға негізделген ғылыми кітаптар, каталогтар, мақалалар;

– қатысушы елдердің өздерінің МЕММ қорғаудағы озық тәжірибелерін танытатын ғылыми айналымға енген танымдық және ғылыми кітаптар, мақалалар, арнайы басылымдары, интерактивті материалдары, аудио, видео, музеографиялық басылымдары;

– автордың тәжірибелік (далалық) зерттеуі негізінде жинақталған материалдары: қатысушы елдердің МЕММ насихаттауға бағытталған мамандандарылған музей, этноауыл, арнайы музейлер қорлары; МЕММ тасымалдаушысы болып табылатын жеке тұлғалардың дерекқоры.

Бұл диссертациялық жұмыс музей ісіндегі «музеефикация» немесе «музейлендіру», нақты айтқанда мұраларды сақтап, қорғау ісіндегі МЕММ қорғау, сақтауға бағытталған. Сондықтан диссертациялық жұмыстың деректік базасының негізгі денін осы мәселеге арналған ЮНЕСКО Конвенциялары, қарарлары, құжаттары [1-10], ескерткіштерді қорғауға бағытталған нормативтік ресми құжаттар [11-15], нормативтік сілтемелер [16-21], ЮНЕСКО БА

қарарлары құрайды [22-26]. ЮНЕСКО жанындағы немесе серіктес Халықаралық ұйымдар ИКОМОС, МИЦАИ, ИЧКАП бағдарламалары да нормативтік базасын қамтамасыз етеді [27-32; 151]. Үкіметтік нұсқаулар, бағдарламалар, бағдарлы баяндамалар [33-38], мұраны қорғауды реттеудің отандық нормативтік сілтемелері функционалды базаның негізі ретінде талданды [39-48].

ҚР МЕММ Ұлттық комиссиясының есептік баяндамасы мен жұмыс каталогы 2003 жылғы Конвенцияны Қазақстанда іске асыруды талдауға негізделген [49]. ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясын ашық талқылау, оған мүше мемлекеттердің қосылуы, іске асу процесін сараптауға негіз болған ЮНЕСКО МЕММ БА Үкіметаралық комитет жұмысының құжаттары да дереккөз болады, әрі ақпараттық маңызы зор [50-60]. Қазақстанның ЮНЕСКО МЕММ бағанындағы аппараты жұмыстың нормативтік қана емес, негізгі деректік қорын қамтамасыз етті [61]. Мұралардың ЮНЕСКО базасына ену құжаттарының цифрлы нұсқалары бағанының қолжетімділігі «ЮНЕСКО сандық архиві» деп қарауға мүмкіндік береді [15-18; 57; 62].

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Диссертациялық жұмыстың МЕММ тұрғысынан зерттелуі деңгейін келесідей топтарға бөлуге болады:

Бірінші топ МЕММ тәуелсіз мәдени құбылыс ретінде теориялық зерттеулерден тұрады. «Материалдық емес мәдени мұра» мәдени мұраның ерекше жағдайы болып саналатындықтан және Дүниежүзілік ғылыми терминологияға «Материалдық емес мәдени мұра» атауымен енуіне байланысты бұл ұғымдар арасындағы тікелей сабақтастық айқын болғандықтан, материалдық мұра мен МЕММ мәдени құбылыс ретінде зерттеуге арналған теориялық-тәжәрибелік зерттеулерден тұрады. Бұл еңбектер диссертациялық жұмыстың теориялық-методологиялық негізін талдауда басты назарға алынды. Әдебиеттердің негізгі тобын МЕММ құбылысын теориялық тұрғыдан зерттеуге тікелей арналған зерттеулер құрайды. Теодора Конаш (Teodora Konach) Конвенцияның қабылдану пайда болу тарихына, Еуропа елдері арасында таралу үдерісіне [62], Р.Легранд (P. Legrand), Г. Самуэл (G. Samuel) – МЕММ Конвенциясын регламенттеуге [63-65], М.Фукаульт (M.Foucault) тарихи-мәдени ескерткіштердің қорғауға алынуын құқықтық-нормативтік реттеу тұрғысынан теориялық және практикалық талдауға алғаш негіз салған ғалымдардың бірі. Оның еңбегі ЮНЕСКО және Ұлттық тізімге алынған ескерткіштердің қорғалуын нормативтік регламенттеуді талдауға негіз болады [66]. ЮНЕСКО мен басқа да халықаралық ұйымдарға мүше болумен қатар, Ұлттық тізімін жасауы, Ұлттық ақпараттық портал арқылы жалпыхалыққа қолжетімді құжаттары да нормативтік дереккөз бола алады [67-73; 115]. ЮНЕСКО қабылдаған терминдерді және «Intangible Cultural Heritage» терминін бір тілден екінші тілге аудару мәселесіне – Халед Бенфафа (Khaled Benfafa) [75], Федерико Лензерини (Federico Lenzerini) өз пікірін білдірді. Туризмді дамыту үшін МЕММ-нің маңыздылығын алға тартқан еңбектер де жұмыстың ғылыми аппаратын құрайды [77].

Екінші топқа ЮНЕСКО МЕММ мен музейлердің арасындағы байланысты, сондай-ақ оларды сақтау мен ұсынудағы музейлердің әлеуеті мен рөлін қоса қарастыратын қолданбалы ғылыми ақпарат беретін еңбектер кіреді.

МЕММ мен музей арасындағы байланысты зерттеуге «тәжірибелік лабораторияның» аппаратын беретін бұл еңбектер МЕММ музейде қорғау тәжірибелерін алға тартады. Теориялық, академиялық әдебиеттерде МЕММ ресми түрде баяндалатын болса, тәжірибелік тарихты бөлісетін бұл еңбектер диссертацияның қолданбалы базасына негіз болды. Музеология ғылыми пән ретінде өзінің объектісі мен тақырыбын жетілдіруде ұзақ жолдан өткен. Музей ұйымдары МЕММ үдерісін, бұл ұғымды термин ретінде қабылдап, музеологияның ғылыми терминологиясына енгізуге жол салды. Музейлер әлеуметтік-мәдени мекеме ретінде адамзаттың тірі мұрасының сақталуына музейлік қарым-қатынасының ерекше санатына ауысқанын, әрі ЮНЕСКО жарияланымдарын негізге алатынын атап өткен жөні [78-84].

Үшінші топ материалдық емес мәдениеттің әртүрлі формаларына, МЕММ тірі ескерткіш ретіндегі құбылысына қатысты ғылыми, ғылыми-танымдық, әдістемелік еңбектер. МЕММ жекеленген бағыттарына арналған еңбектерге музейлердің ғылыми каталогтары, шетелдік және отандық ғалымдардың ЮНЕСКО-ға енген МЕММ санаттарына арналған еңбектердің маңызы зор [85-98; 148-149; 160; 168]. 2023 жылы 17 қазанда Парижде БҰҰ ЮНЕСКО Бас конференциясының 32-сессиясында «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенция» қабылданғаннан кейін Конвенцияны ратификациялау үдерісімен бірге, МЕММ дамытуға бағытталған басылымдар жарыққа шыға бастады. Диссертация талдауына отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы сараптауға сәйкес шетелдік әдебиеттерге көбірек ден қойылды. Тағы бір себебі МЕММ-ге байланысты отандық ғылыми еңбектер аз. МЕММ-ді тарихи-мәдени зерттеуге арналған біршама шетелдік еңбектер қатарында жұмыстың шетелдік ғылыми кеңесшісі, ЮНЕСКО МЕММ сарапшысы, Н.Вуков еңбектері болгар халқының мұрасын саралауға бағытталған [100-103]. Н.Вуков тең авторлық бірлестікте қатысқан «Europe and the Orient: Past Encounters, Heritage, Present-Day Interactions» атты еңбекте болгар халқының ұлттық мұраларын Еуропа мен Шығыс мемлекеттері арасындағы тоғысын, болгар халқы мұраларының қазіргі кезеңдегі мәдени әрекеттесу әсерінен трансформациялану үдерістері мен заман ағымының әсерінен қорғау талданады [100]. Н.Вуковтың Болгарияның алғашқы баспасөз беттерінде жарияланған фольклорлық мұраларға этномедиялық талдау жасауы МЕММ тарихын қамтиды [101]. Оның «Словесност, традиции, фолклор» (Әдебиет, дәстүрлер, фольклор) атты кітабында болгар халқының ауыз әдебиеті мұраларын түгендеу, құжаттаудың әдістемесімен бөліседі [102]. «Родствени отношения в българския юнашки епос» (Болгар батырлық эпосындағы отбасылық қарым-қатынас) атты кітабы болгар эпикалық дәстүріндегі отбасылық қарым-қатынастар жүйесін алғаш рет кешенді түрде зерттеу болып табылады. Бұл еңбекте болгар эпикалық жырларындағы туыстық, некелік және символдық қатынастардың әр алуан түрлері қамтылған. Автор олардың мазмұнын, мағынасын және эпикалық контексттегі қызметтерін талдай отырып, болгар эпикалық дәстүрінің негізгі тақырыптарын, мотивтерін және сюжеттік жағдаяттарын қалыптастырудағы осы қатынастардың шешуші рөлін атап көрсетеді [103]. Н. Вуков ЮНЕСКО МЕММ

сарапшысы ретінде бұл зерттеуі болгар халқы МЕММ-нің (a) материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары, (c) әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар типіне сәйкес келеді.

Д. Рахимов, Ш. Комилзода, П. Абдувохидов құрастырған «Intangible Cultural Heritage in Tajikistan» атты кітапта Тәжікстан Мәдениет және ақпарат ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының және мәдениет мекемелерінің бірқатар ғылыми қызметкерлерінің көп жылғы зерттеулерінің нәтижелері енгізілген, сондай-ақ Тәжікстан МЕММ тізіме енген мұралар беріледі [104].

Түркияның ЮНЕСКО ұлттық комиссиясының президенті, профессор Ожал Огуздың «Somut olmayan kulturel miras nedir? («Материалдық емес мәдениет мұрасы не?») деп аталатын кітабында ЮНЕСКО 2003 жылы 17 қазанда қабылдаған «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау» туралы Конвенцияның құжаттары және бағдарламаларын ілгерілетуге және түсіндіруге бағытталған. 1994 жылғы «Адамзаттың тірі қазыналары», 1997-1998 жылғы «Адамзаттың ауызша және материалдық емес жәдігерлері» және олардың түрік мәдениеті тұрғысынан түсіндірілуі туралы айтылады. О. Огуз зерттеу барысында ЮНЕСКО-ның мәдениет бойынша жасаған көптеген құжаттарын талдай отырып, салыстыру үшін «Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы 1972 жылғы Конвенциялар мен 2005 жылғы Мәдени өзін-өзі білдіру нысандарының алуантүрлілігін қорғау және ілгерілету туралы конвенцияларға баса назар аударады. [106-109]. Ожал Огуздың «Somut olmayan kulturel miras nedir? кітабының қазіргі таңда 4-ші толықтырылған нұсқасы жарық көрген [110]. О. Огуз Түркия мемлекеті қол қойған келісім-шарт, МЕММ Конвенциясын Түркияның ратификациялауы түрік халқының МЕММ мұрасының тұрақты болуын қамтамасыз етуді мақсат ететіндігін түсіндірген.

О. Огуз, Э.Өлчер, С. Гүрчаирдың редакторлығымен жарыққа шыққан «Somut Olmayan Kültürel Mirasın Geleceği. Türkiye Deneyimi. The Future of Intangible Cultural Heritage Turkey's Experience» атты түрік, ағылшын тілдеріндегі кітапта сарапшылар Түркия мемлекетінің МЕММ мемлекеттің саяси-мәдени, туризм бағытында дамуы үшін қаншалықты маңызды болатындығын негіздей отырып, мемлекеттің экономикалық дамуында маңызды орын алатын туризмнің МЕММ бірге дамуының маңыздылығын талдайды. Арнайы МЕММ ғылыми насихаттауға бағытталған бұл еңбектер Түркия мемлекетінде МЕММ жинау, жүйелеу, жариялау ісінің қарқынды жүретіндігінің айғағы [106].

ЮНЕСКО Түркия Ұлттық комиссиясының сарапшысы, профессор Эврим Өлчердің «Gelecekten Ödünç Almak: Somut Olmayan Kültürel Miras ve Sürdürülebilir Kalkınma» («Болашақтан қарыз алу: Материалдық емес мәдени мұра және тұрақты даму») атты кітабының теориялық-әдістемелік маңызы зор [111]. Автор тұрақты дамудың мәдени өлшеміне назар аударып, «Мәдениетті тұрақты даму іс-шараларының маңызды құрамдас бөлігі ретінде алдыңғы қатарға шығару үшін қоғамда саналы түсінік қалыптастыру» [111, s. 12] мақсатын алға қойғанын айтады. МЕММ мен тұрақты даму арасындағы өзара

байланыста туындайтын немесе туындауы мүмкін үлестер мен қауіптерге назар аудара отырып, кітап оқырманға теориялық негіз ұсынады, мәселені тұтас тұрғыда қарастырады және нақты тәжірибелік мысалдармен толықтырылады. Э. Өлчердің «Geleneğin Geleceği: Somut Olmayan Kültürel Miras Unsuru Olarak Âşıklık» атты зерттеу мақаласында МЕММ-нің элементі ретінде дәстүрлер туралы жазады [112, s. 39-45]. Сондай-ақ 2013 жылғы Түркияның «Millî Folklor» журналында Эгей университетінің профессоры, доктор Метин Екиджи мен доктор Пынар Федакардың «Ege üniversitesi» deneyimleriyle somut olmayan kültürel mirasi «Yaşatarak koruma» мақаласында Эгей университеті тәжірибесі мысалында МЕММ-нің сақталуы сарапталады [114, S. 50-60]. Анкара университеті Бейпазары кәсіптік жоғары мектебінің оқытушысы Зейнеп Сыла Өзшен мен Анкара Хажы Байрам Вели университеті Туризм факультетінің профессоры Бильгехан Гульджанның «Rekreasyon etkinlikleri için müzelendirilmiş SOKÜM'ün önemi: Beypazari yaşayan müze örneği» мақаласында Бейпазары музейінің мысалында туризм рекреация шаралары үшін музейлендірілген МЕММ-нің маңыздылығы туралы баяндалады [117, s. 326-341].

Ожал Огуздың МЕММ зерттеу, жинақтау негізінде жазылған «Ankaranin somut olmayan kültürel mirasi» кітабында Түркияның Анкара қаласындағы «Материалдық емес мәдени мұра» музейінде өтетін іс-шаралар, музей экспозициялары, ондағы экспонаттар туралы, жалпы Түркиядағы МЕММ-мен толығымен оның ішінде ұлттық ойындарымен танысуға болады. Сондай-ақ осы кітаптың «Әлеуметтік тәжірибелер» бөлімінде адамның дүниеге келгенінен бастап өмірден өткеніне дейінгі түріктердің әдет-ғұрыптары берілген [108].

Туна Йылдыздың «Somut Olmayan Kültürel Miras Yönetimi: Sivil Toplum Katılımı» атты еңбегі МЕММ басқаруда азаматтық қоғамның қатысуын зерттеуге арналған [115]. Ахмет-Эрман Аралдың «Somut olmayan kültürel miras. Örgün, yaygın, sargın eğitim» атты зерттеуі МЕММ-ны ресми және биресми білім беру арқылы дамытуға негізделген [116].

Мевлут Озхан «Kukla ve Golge Tiyatrosu» атты кітабында Түркия мемлекетіне МЕММ тұрғысынан еген «Қаракөз» ертегі, аңыз айту ойынының тарихы, типтерінің түрік халқының мәдениетінде алатын орнын талдаған [118].

Халил Четин «Türk Dünyası Halkbilimi» I. Cilt (Türkiye - Kazakistan - Azerbaycan) кітапта: «Мәдениет – барлық халықтардың өзін-өзі көрсетуі мен өмір сүруінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Қоғам өзінің мәдени құндылықтарымен ғана болашаққа нық қадам басады. Ортақ мәдени құндылықтары бар әртүрлі географияларда бас қосқан түркі халқы бар болмысын, бірлігін, болашағын мәдениеттанумен нығайтып, қуатты түркі әлеміне нық қадамдар жасайды және бай мәдени мұрасын сақтап, келер ұрпаққа аманат етеді. Түркі әлемінің бірлігі мен ынтымағы ортақ мәдени мұра қызметін ынталандыру және дамыту нәтижесінде бай мәдени қор жасайды», - дей отырып, түркі халықтарының халық білімін МЕММ-нің басты қайнары ретінде қарастырады. Түркия, Әзербайжан, Қазақстан мемлекеттері ғалымдары дәстүрлі мәдениеттің жекеленген тақырыптарын зерттеу тәжірибесімен бөліседі. Бұл еңбекте МЕММ қатысты ғылыми ізденістерді қоса қамтиды [121].

Теориялық-әдіснамалық тұрғыдағы деректік базасы аясында «музейлендіру» мәселесін түсіндірген, «музейлендіру» тәжірибесін талдаған отандық және шетелдік еңбектерге ғылыми интерпретация жасалды. Музей тәжірибесіндегі мұраны сақтау мен өзектендірудің жаңа тәсілдерін талдаған еңбектер қаралды. Музейдің қызығушылық аясына тұтас ансамбльдер, қоршаған орта, ландшафттар, сондай-ақ МЕММ нысандары белсенді түрде енгізілді. Бұл үдерістер өз көрінісін тауып, XX ғасырдағы музейлендірудің жекелеген аспектілеріне арналған бірқатар маңызды еңбектер жарық көрді. Музей ісінің теориясы мен тәжірибесіне арналған отандық зерттеулер жұмыстың теориялық-тәжірибелік, қолданбалы-әдістемелік базасын қалыптастырды [122-123].

ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ҚР Ұлттық комиссиясы мүшелері А.Б. Наурызбаева, С.П. Кульсариева, Ж.Н. Шайгозова, В.В. Шахгуляри құрастырған «Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасы» атты анықтамалық алғашқы Ұлттық тізімді қамтыды [131].

Ресей Федерациясы ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясын қосылмаған мемлекет болса да, ресейлік музейтанушы ғалымдарының МЕММ нысандарын музейлендіру мәселелерін қарастыруы ғалымдардың Халықаралық бағдарламаларға қосылуға деген ұмтылысын айғақтайды. М.Л. Шляхтина, Ю.В. Кирюшина, Е. Гукова, Г.П. Пирожков, М.Е. Кулешова, т.б. мәдени-тарихи мұраны, заттай мұраны сақтауды әлеуметтік-мәдени тәжірибесін және оны келесі ұрпаққа жеткізудің оңтайлы жолы ретінде музейлендіруді культтік ескерткіштерді музейлендіру мәселелерін көтерді [123-130, 135-141].

Жаңа Оңтүстік Уэльс университетінің зерттеушісі Лукас Ликсинскийдің (Lucas Lixinski) «Intangible Cultural Heritage in International Law» атты кітабы МЕММ-ны құқықтық қорғаудың ЮНЕСКО қызметіне арналады. Онда МЕММ-ге қатысты құқықтық мүмкіндіктер – әрі институционалдық шешімдер қарастырылады. МЕММ сақтау мәселелеріне әртүрлі ғылыми бағыттардың көзқарастарын біріктіре отырып, бұл еңбек құқықтың қорғаудың қажеттілігіне және ол МЕММ туындайтын қауымдастықтарды қалай қорғауы тиіс екені туралы ой қозғайды. Ол МЕММ-ді сақтау халықаралық, аймақтық және ұлттық деңгейде жүзеге асатынын, Халықаралық деңгейде ең маңызды бастама – 2003 жылғы Конвенция екенін екшеп көрсетеді [134].

Қазақстанның МЕММ Конвенцияға қатысуы музей мамандары мен қоғамдастықтың мәдени мұра мәселелеріне қызығушылығын ғылыми тұрғыда арттыра түсті. А.Мәулеттің ғылыми жетекшілігімен Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарында жүргізілген музейлік далалық экспедициялық зерттеу халық шығармашылығын құжаттау, тіркеуге, оны ғылыми өңдеп, Ұлттыз тізімге енгізуге бағытталды [148; 168].

Музеографиялық корпустың маңызды ғылыми ақпараттық базасы іспетті ғылыми мақалалардан құралған анықтамалықтар, сөздіктердің де ғылыми тірек болуға атқаратын ролі зор. Ұлттық Орталық Музейдің музеографиялық корпусы ішінде кешенді, іргелі зерттеу нәтижесінде айналымға енген «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық «этнографиялық энциклопедия» музейлік этнография обьектісін,

материалдық мәдениетпен қатар МЕММ-ді ғылыми-танымдық тұрғыда түсіндірудің күрделі жүйесі екенін көреміз [153]. Оны музей интерпретациясы және музейлік дискурс ұғымын ғылыми-практикалық тұрғыда игерудің, нәтижесін басылым түрінде танытудың озық үлгісі деп тануға болады. Бұл энциклопедияны МЕММ-нің отандық тұңғыш ғылыми танымдық түсіндірме сөздігі деп қабылдауға болады. Энциклопедияда МЕММ-ге қатысты танымдар, музей қызметкерлері мен авторлар ұжымының далалық этнографиялық зерттеулері нәтижесінде жазылған. Мақала мазмұнын ашатын тарихи фото сақталмаған жағдайда, графикалық сызба, суреттер реконструкциясы арқылы берген. Қазіргі таңда ғылыми қолданысқа енген музейлік этнография бағытындағы жаңа объектілерінің ішінде – артефактілердің МЕММ қорын қалыптастыру өзекті мәселелер қатарына енген екен. Музейлер қорындағы этнографикалық коллекциялар материалдық мәдениетін (тұрмыстық, шаруашылық, кәсіптік) ғана емес, МЕММ (дәстүрлер, сенімдер, фольклор, т.б.) да көрсетеді. Еңбекті жазу әдістемесінде қолданылған тілдік ерекшелігі – тарихи, мифологиялық, этнографиялық контекстердегі сипаттауға, саралауға қатысты метатілдерді қолданудың ерекше үлгісінің бірі. 5 томдық этнографиялық энциклопедия МЕММ Ұлттық тізімге немесе ЮНЕСКО-ға құжаттау, далалық материалдарды камералық өңдеуге негіз болады. МЕММ-ге бағытталған отандық ғалымдар еңбектері ҚР МЕММ-ін түгендеу әдістеріне бағытталған [148-149, 155, 162, 165, 168]. ҚР МЕММ Ұлттық комиссиясы тарапынан Қазақстанның ЮНЕСКО Конвенциясын жүзе асыру жұмысының және ЮНЕСКО-ға енген 14 МЕММ-нің иллюстративті каталогы отандық тәжірибелік зерттеудің көрсеткіші [149].

МЕММ Ұлттық комитеті сарапшылары құрастырған «Қазақстан қолөнерін сақтау және жаңғырту саласындағы кешенді шаралар жөніндегі нұсқаулық» орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармасымен бірге жарық көріп, МЕММ анықтамасынан бастап, салалары, қауіптер мен шаралар, МЕММ элементтерін іріктеу шарттары, еліміздегі қолөнер шеберлерінің базасын құруға қатысты пайдалы мәліметтер топтастырылған [164]. С.П. Кульсариеваның МЕММ қолөнер шеберлерін құжаттау, базасын жасау тәжірибесімен бөліскен еңбегі де әдістемелік нұсқаулық ретінде маңызды [143].

«Қазақстан және Орталық Азия халықтарының материалдық емес мәдени мұраларын зерттеу мәселелері: топонимика, эпиграфика, өнер» атты халықаралық ғылыми конференция жинағында сарапшылардың қазақтың мәдени мұрасын әр қырынан зерттеу нәтижесін беретін мақалаларымен бөліседі [165]. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының репрезентациясын музейлік көрме арқылы көрсетуге арналған Г.Р. Мұхтарова [166, 167] А.Ғ. Ибраева [163] еңбектері теориялық-практикалық талдауға ұстаным болды.

А.Мәулет құрастырған «Солтүстік Қазақстан облысының материалдық емес мәдени мұрасы: экспедициялық зерттеулер» атты кітаптың I томында Қазақстанның Солтүстік өңірінің МЕММ сақталуы бойынша жаңа зерттеу нәтижелері ұсынылған. Еңбекте Солтүстік Қазақстан облысының 3 ауданы бойынша жүргізілген музыкалық-фольклорлық кешенді экспедицияның

бағыттары және жиналған материалдық емес мұра элементтері жанрлық ерекшеліктеріне қарай сұрыпталып, оларды сақтаушы мұрагерлер туралы мәліметтер екі тілде келтірілген. Сондай-ақ, экспедицияда жазылып алынған музыкалық шығармалар халық өнерпаздарының орындауында алғаш рет нотаға түсірілген. Ұлттық музей мамандарының далалық зерттеу нәтижелері бойынша алынған материалдар қазақ халқының аймақтық ерекшелікке сай материалдық және МЕММ мұрасына қатысты талдаулар жасауға септігін тигізеді [168].

БҰҰ, ЮНЕСКО-ның тарапынан жарық көрген оқу, оқу әдістемелік нұсқаулықтары диссертацияға әдістемелік бағдар болады [169]. Музейтану бағытындағы ғылыми-ақпараттық сөздіктер Дүниежүзілік музейлік кеңістіктігі тәжірибелерді қоса қамтиды, олар МЕММ музейлендіруге қатысты танымдар, атаулар жүйесінің анықтамасын нақтылауға негіз болды. Экциклопедия, сөздіктер музейлендіруді – музей қызметінің және ескерткіштерді қорғаудың бағытын, нысандардың тарихи-мәдени, ғылыми, эстетикалық құндылығын барынша сақтау, айқындау және оларды қазіргі мәдениетке белсенді енгізілуі көрсетілді. Мәдени мұра, МЕММ-ға қатысты терминологиялар «музейлік сөздіктерде» қаралып, музей терминологиясы ретінде берілуі ғылыми тұрғыда МЕММ музейлік ескерткіштану бағыты екенін айғақтайды. Ғылыми бағыттағы сөздік мақалалары да диссертацияның базасына негіз болады [172; 178]. Қоғамдық даму институты шығарған МЕММ сарапшыларына арналған әдістемелік құралы МЕММ типтерін түсіндіреді [172].

Этнограф-ғалым Р. Бекназаровтың Ақтөбе, БҚО, Атырау облыстарындағы қазіргі заман ағымының салт-дәстүрдің отбасылық құндылық ретінде сақталуына әсерін аймақтық этнография тұрғысынан, МЕММ локальды қарастыруының маңызы зор [207]. ЮНЕСКО МЕММ құжаттарының сандық архиві арқылы әр мемлекеттің өз мұрасын енгізу үрдісіндегі зерттеу жұмыстарынан ғылыми ақпарат береді [208-220].

Жоғарыда көрсетілген еңбектер жұмыстың ғылыми-ақпараттық базасын құрайды, алайда Қазақстанның МЕММ-ін шет елдермен салыстырмалы зерттеуге жауап бермейді. Отандық ғылымда ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясының отандық тәжірибеде орнығуы, шетелдік тәжірибемен салыстырмалы зерттеуге арналған ғылыми жұмыс жүргізілмеген. Сондықтан бұл диссертациялық жұмысқа пререквизит болатын диссертациялық жұмыс жоқ.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

– ЮНЕСКО-ның 1972 жылы қабылданған Дүниежүзілік мәдени мұра мен табиғи мұраны қорғау Конвенциясы мен ескерткіштерді қорғауға бағытталған әлемдік бағдарлы құжаттары МЕММ Конвенциясының қалыптасуына тарихи алғышшарт болды, Қазақстанның ЮНЕСКО Конвенцияларын ратификациялап, Мәдени мұра, Биосфералық резерват, Әлем жады, МЕММ Халықаралық тізіміне мұраларды енгізуі, Үкіметаралық комитет жұмысына қатысуы, Қазақстанның Халықаралық аренадағы тарихи орнының зор екенін айғақтайды;

– Әлем елдерінің ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясын ратификациялауының, әлем елдерінің аталған Конвенцияға қосылуының статистикалық базасы жасау, әлем елдерінің МЕММ халықаралық бағыт ретінде қабылдауын талдау, МЕММ

Үкіметаралық комитетке мүшелік етуі Конвенцияға қатысушы елдердің ЮНЕСКО-дағы қызметін және мәдени халықаралық ықпалдастықты айғақтайды;

– Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің МЕММ дамыту ісін нормативтік-құқықтық құжаттар арқылы реттеуі, ЮНЕСКО қалыптастырған халықаралық-құқықтық актілер мәдениеттің тұрақты дамуына негіз болады, қазіргі таңда Конвенцияға қатысушы 157 мемлекеттен 849 МЕММ ЮНЕСКО тізіміне енуі әлем елдерінің Конвенцияны қарқынды ратификациялауы мен оны қорғау, сақтау ісіндегі белсенділігінің айғағы;

– ЮНЕСКО МЕММ қорғау, сақтау ісі арқылы мемлекетаралық ықпалдастық, мәдениетаралық диалог, тұрақты даму мен бейбітшілікті сақтауды қамтамасыз етеді;

– МЕММ «тірі ескерткіш» ретінде қарап, ұғымының негізгі компоненттерінің типі, санаты, бағыттары қарастырылып, есепке алу, тіркеу, құжаттау, Ұлттық тізімді қалыптастыру, Халықаралық қорғауға ұсыну жолдарын талдау мәдени мұраның қоғам үшін маңыздылығын айғақтайды;

– МЕММ-ді модельдеу функциясының музей қызметі жүйесіне енуі, музей арқылы сақтау, «ескерткіш» ретінде ұсынуды талдау, МЕММ қауымдастық ортада «тірі мұра» ретінде сақтау, қорғау, оны халыққа ұсыну жолдарының әдіснамалық моделі оның алуантүрлілігін, музей қызметінің көпкешенділігін танытады;

– МЕММ туристік дестинациядағы ролі мен орнын айғақтау ішкі және сыртқы туристерді тұрақтандыруды, этнотуризмді бәсекеге қабілетті етуді қамтамасыз етеді.

Теориялық-әдіснамалық ұстанымдар. МЕММ зерттеу ісінде теориялық-әдіснамалық ұстанымдар 2003 жылғы Конвенцияны қабылдаумен байланысты, оны түсіндіру, тарату ісіне орай қалыптасты. МЕММ таратуға қатысты «ғылыми жаңашыл идеялар» әлі де осы Конвенциямен бірге даму үстінде. Конвенцияға қатысушы елдер мен ЮНЕСКО саласындағы ғалымдардың теориялық-әдіснамалары диссертацияны пәнаралық көзқараста зерттеуге негіз болды. Т. Конаш Конвенцияның қалыптасуын глобалды экономикамен байланыстыруы, мәдени-саяси көзқарастар танытуымызға үлгі болды. Мәдени нысандардың, МЕММ ескерткіштерінің ерекше үлгілерін қорғау ісінде құқықтық реттеудің маңыздылығын айғақтауда Р.Легранд, Г. Самуэл, М.Фукаульт, С.Росс, Л. Ликсинскийдің сияқты зерттеушілердің нормативтік регламенттеумен байланысты әдіснамалары маңызды орын алады. «Intangible Cultural Heritage» терминін Конвенцияға қатысушы елдердің өз жүйесіне аударып енгізуін терминологиялық талдауда МЕММ этнолингвомәдени тұрғыда қарастырған Х.Бенфафа, Ф.Лензерини тұжырымдарын басшылыққа алдық. Н.Вуков этнофольклорлық мұраларды сақтаудың маңызды ошағы – «отбасы», Г.Ашорф МЕММ «ұлттық бірегейлік көрінісі» деген тұжырымдары басшылыққа алынды. О.Огуз, М.Екиджидің «мәдени әртүрлілікті қолдау, тұрақты дамуды қалыптастырудың негізгі көзі» болатынына қатысты ұстанымдары, «тірі қазына» идеяларының, Э.Өлчердің МЕММ экологиялық

мәдениетпен сабақтастыра отырып, оны бүгінгі күн мен болашақ арасындағы көпір, - деп қарастыратын ұстанымдарының маңызы зор. Т.Йылдыздың «МЕММ басқару ісінде азаматтық қоғамның ролі маңызды», А-Е. Аралдың «МЕММ бағытында ресми және биресми білім беру мәдениеттің тұрақты дамуының кепілі» мен басшылыққа алынды. Р.Мұзафаров, А.Маулет және МЕММ Ұлттық комиссиясының «біріздендіру, түгендеу, құжаттау» тәжірибелері Отандық МЕММ ғылыми талдауға әдіснамалық негіз болды.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу әдістері. Зерттеуде тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың, зерттеушілердің, сарапшылардың тұжырымдары мен ұстанымдары басшылыққа алынды. Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысанына сай МЕММ ғылыми бағыттары «музей ісі және ескерткіштерді қорғау», «мәдени мұра», «табиғи мұра», «тарихи-мәдени туризм», «этнотуризм», «музейлік этнография», «музейлік деректану» саласының әдістері назарға алынды.

МЕММ санаттарына байланысты этнофольклор, халықтық білім, өнертану, этнография, жаратылыстану бағыттарының пәнаралық тоғысында пәнаралық зерттеу әдістері қарастырылды. ЮНЕСКО және отандық МЕММ сарапшыларының археология, музеология, этнология, антропология, тіл білімі, өнертану, туризм, халық білімі, фольклор, дипломатия саласы мамандары екенін ескерсек, МЕММ салыстырмалы зерттеу әдістерінің негізі пәнаралық принциптерге сүйенеді.

МЕММ-ді музейлендіруде қолданылатын жекелеген ғылымдардың мамандануы, сондай-ақ олардың МЕММ-ді сақтау мен пайдаланудың жекелеген аспектілерін зерттеуге бағытталуы музейтану әдістемесін пәнаралық әдістермен үйлестіре пайдалануды талап етеді.

МЕММ-ді зерттеу әдістемесі тікелей зерттеу мақсаттарына байланысты келесі әдістермен ұсынылады:

– институционалдық әдіс – ЮНЕСКО мен қызметі материалдық емес мәдени мұра нысандарын сақтауға, қорғауға және танымал етуге бағытталған үкіметаралық комитеттің құрылымын зерделеу;

– аксиологиялық әдіс – «Тарихи-мәдени мұра» құбылысының әлеуеті мен қолданбалы маңызын анықтау, МЕММ-нің құндылығын және түсіндіру механизмдерінің ерекшеліктерін зерттеу үшін қолданылады;

– музейлік атрибуциялау әдісі – МЕММ музей экспозициясында көрсету мен музейлік коммуникация қызметінде қолдануын сараптауға негіз болады;

– тарихи-нақтыландыру әдісі – диссертацияның тақырыбына қатысты деректерді, мәліметтерді топтау, жүйелеу, салыстырмалы талдау, басқа да аналогиялық параллельдермен байланысын анықтау, тақырыптың мазмұнын ашуда бұрын назардан тыс қалған мәселелерді жаңа көзқараста ғылыми негіздеуде, жаңа идеяларды, пайымдауларды және қорытындыларды талдау; тарихи, мәдени маңыздылығы тұрғысынан одан әрі сақтауға және танымал етуге жататын объектілерді анықтау;

– салыстырмалы-талдау әдісі – отандық және шетелдік тәжірбиелерді салыстырмалы сараптауда, талдауда, сонымен бірге МЕММ-ді анықтауда және

оларды ұлттық және халықаралық деңгейде басқаруда ортақ белгілер мен ерекше белгілерді анықтау;

– статисткалық әдіс – ЮНЕСКО-дағы МЕММ-ді қорғау іс-шараларына Қазақстанның қатысуының жалпы көлемі мен үлесіндегі өзгерістерді көрсетеді және ЮНЕСКО қорғауындағы Дүниежүзілік мұра мен МЕММ ескерткіштерінің сандық, топтық, бағыттық, салалық көрсеткішін нақтылайды;

– жүйелеу әдісі – МЕММ элементтерінің қорғалуын кезеңдерге, типтерге, санаттарға, бағыттарға топтастыру, жүйелеу;

– нормативтік әдіс – ЮНЕСКО және Қазақстан үкіметі ұсынған құқықтық реттеу құжаттарын талдау;

– сыни көзқарас – Қазақстан МЕММ Ұлттық тізім және ЮНЕСКО МЕММ тізіміне енген мұраларды талдау;

– тәжірибелік тіркеу – МЕММ қорғаудан үздік тәжірибе қалыптастырған Қытай, Түркия, Болгария, Жапония, Малайзия, Сингапур, Нидерланд Корольдігі мемлекеттеріне тікелей іс-сапармен бару арқылы;

– камералық өңдеу – жиналған материалдардың нәтижесін осы диссертацияда көрсетуге, ғылыми басылымдарда мақала етіп жариялауға қолданылды.

Осы әдістердің барлығы бірігіп, алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін және практикалық қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, МЕММ-ді сақтау, музейлендіру процесін жан-жақты зерделеуге және түсінуге, жүйелеуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік қолданысы. Диссертант-автордың МЕММ-ді қорғау, сақтау ісінің отандық тәжірибесін шетелдіктермен салыстыру және талдау мақсатында іс-сапарлар, шетелдік конференциялар мен семинарларда сарапшы ретінде қатысып зерттеу жұмысының келесідей кейбір нәтижелерін алдын-ала өндіріске енгізгенін айтуға болады. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің МЕММ қорғау комиссиясының мүшесі ретінде 2013 жылғы алғашқы ҚР МЕММ Ұлттық тізіміне өзгерістер енгізіп, қайта толықтыруға байланысты 2024 жылы «Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдениет мұрасы Ұлттық тізімін» қалыптастыру жұмыс комиссиясының мүшесі ретінде қатысып, Ұлттық тізімге енген мұраларды құжаттау арқылы өндірістік қолданысқа енгізу жұмыстарының негізгі этаптары жүзеге асты. Бұл диссертациялық зерттеудің жұмыс нәтижесінің өндіріске енгізудің айғағы.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Парламенті әзірлеуді қолға алған, дайындау үдерісі үстіндегі «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау Заңына» әдістемелік база бола алады.

Диссертациялық жұмыстың интернет порталдар арқылы алдын-ала қолданысқа қойылуы арқылы музей қызметкерлері мен жалпы қолданушылар үшін қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Қазақстанның музейлерінің барлық түрлері өз өңірінде, өз бағытына МЕММ зерттеу ісінде музей ғылыми қызметкерлерінің кәсіптік біліктілігін арттыруға әдістемелік құрал ретінде қолдана алады.

МЕММ пәнаралық зерттеліп, мәдени саясаттағы музей қызметінің жүйелік элементі ретінде музей коммуникациясында ғылыми-әдістемелік ұстаным ретінде ұсынылады. Осылайша, музей теориясы одан әрі дамыды, музей коммуникациясы теориясы МЕММ жан-жақты қарастырылды. Автордың МЕММ сақтау және ұсыну формаларын модельдеу, оны музейлерде сақтау және халыққа ұсыну әдістерін де одан әрі зерттеулерге пайдаланылуы мүмкін. МЕММ музей коммуникациясының негізгі түрлерімен байланысты қарастырылғандықтан, бұл диссертацияның нәтижелерін музей коммуникациясы теориясын, музей экспозициясы теориясын және музей педагогикасын одан әрі зерттеуде де пайдаланылуы мүмкін. Бұл диссертацияның тұжырымдарын музей теориясы мен практикасы бойынша дәріс курстарын дайындауда болады. Осы диссертациядағы МЕММ-ді сақтау мен ұсынудың лингводидактикалық моделін әртүрлі бейіндегі музейлердің практикалық жұмысында қолдануға болады.

Диссертацияны ЖОО әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар бағытында мамандық даярлайтын білім беру бағдарламаларына, 8D02211 – «Этнология және антропология»; 8D02207 – «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешендеріне, «Материалдық емес мәдени ескерткіштердің сақтау және зерттеу мәселелелері» «Материалдық емес мәдени ескерткіштерін сақтау және музеефикациялау мәселелелері» пәндеріне арналған оқу құралы ретінде қолдануға болады.

ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясына Қазақстан және басқа мемлекеттің Дүниежүзілік мұра және МЕММ ісін жүргізуге қатысты әкімшілік-құқықтық мекемелері, мәдениет мекемелері, музейлер салыстырмалы сараптау жасауға әдістемелік нұсқау ретінде қолдана алады. Ашық аспан асты этнографиялық, экологиялық музейлерінің барлық түрі, ашық турнирлер, фестивальдер, қысқы, жазғы далалық мектептер, далалық семинарлар өткізуге әдістемелік басшылыққа ала алады.

ЮНЕСКО-ға мүше контингенттер, мемлекеттердегі ЮНЕСКО кластерлері, бюролоры, жауапты, құзырлы мекемелері Дүниежүзілік мұраның қорғалу тәжірибелерін бөлісу тәжірибесін ұсынған еңбектердегі ақпараттық базаға қабылдап, қолдана алады. Әрбір аймақтағы әкімдіктерге қарасты Мәдениет департаменттері, Ескерткіштерді қорғау комитеттері, музейлік мекемелер, кітапхана, архивтер ғылыми-әдістемелік, тәжірибелік ғылыми аппарат базасына енгізе алады. Әлем елдері арасындағы мәдени ынтымақтастықты қалыптастыру мақсатында жұмыс жасайтын Халықаралық ұйымдар – ЮНЕСКО, ИСЕСКО, ИКОМОС Ұлттық комитет сарапшылары, МЕММ ұлттық комиссиясы сарапшылары, МЕММ-ге байланысты зерттеу жүргізетін мәдениет саласы және ЖОО жұмыс жасайтын сарапшылар әдістемелік-тәжірибелік нұсқау ретінде де қолдана алады.

Диссертациялық жұмысты МЕММ-ді сақтау және оны халыққа ұсыну әдістерін музей қызметкерлерінің зерттеуіне пайдалануы мүмкін. МЕММ музей коммуникациясының негізгі түрлерімен байланысты қарастырылғандықтан, бұл

диссертацияның нәтижелері музей коммуникациясы теориясын, музей экспозициясы және музей педагогикасын зерттеуде де пайдаланылуы мүмкін.

Бұл диссертацияның тұжырымдарын мәдениет пен музей теориясы мен тарихы бойынша дәріс курстарын дайындауда, музейлік халықтану, көрме ісі, музей коммуникациясы дәрістеріне пайдалануға болады. Осы диссертацияда ұсынылған МЕММ-ны сақтау мен халыққа ұсынудың лингводидактикалық моделін әртүрлі бағыттағы музейлердің музеографиялық корпусын қалыптастыруға, лабораториялық, камералық және далалық практикалық жұмыстарына қолдануға болады.

Диссертация МЕММ мен тұрақты даму байланысын көптеген салалар мен әртүрлі мекемелер мен ұйымдарға қатысты көзқараспен қарастыратын алдағы зерттеулерге негіз бола алады.

Осы диссертациялық жұмыстың негізгі мәтінін кітап ретінде бастырып, отандық қана емес МЕММ Конвенциясына қатысушы елдердің музейтанушы, ескерткіштанушы, мәдениеттанушы мамандарына ұсыну жоспарланады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеудің жекелеген аспектілері халықаралық және отандық индекстелген ғылыми басылымдардағы жарияланымдар арқылы ғылыми айналымға енгізілді. Барлық жарияланған мақалалар диссертация тақырыбына зерттеу бағытына тікелей қатысты.

Олардың ішінде екі мақала Scopus және WoS деректер базасына енген журналдарда жарияланды, осы жарияланым негізінде екі базада да index-h 1:

1. Medical and Cultural Narratives and Practices of the Russian Empire in the Kazakh Steppe (19th century) // Bylye Gody. – 2023. №18(2). – P. 662-670.

2. The wedding water (neke sui) and the blending of ancestral and islamic rituals in the kazakh traditional marriage. Folklore Electronic Journal of Folklore. – 2025. № 95. – P. 129-162.

Бес мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің тізіміне енгізілген журналдарда:

1. Кейбір археологиялық ескерткіштердегі символдар мен атрибуттарға этнографиялық интерпретация // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. 2022. №2 (105). – Б. 221-228.

2.1960 жылдардағы Олжас Сүлейменов шығармашылығындағы қазақтардың көшпелілер мәдениетінің тарихи маңызын қайта жандандыру арқылы мәдениеттің жетіспеушілігін жою // «Қарағанды университетінің Хабаршысы. Тарих. Философия сериясы». 2022. № 4(108)/. – Б. 98-109.

3. Жетісу және Шығыс қазақтарының дәстүрлі мәдениеті фотоқұжаттарда (Лейбин және Булгаков альбомы бойынша) // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. 2023. №3 (110) – Б.197-210.

4. Материалдық емес мәдени мұраның «табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» типін сақтаудың Абай облысы бойынша аймақтық ерекшеліктері //Asian Journal «Steppe Panorama». – 2025. Т. 12. №4. – Б.1202–1220.

5. Арал-Каспий аймағындағы керуен-көш бағыттарындағы қоныстар мен құдықтар: ортағасырлардан – XX ғасыр басына дейін // Turkic Studies Journal, – 2025. №7(3), – Б. 76-105.

Бір мақала кітап бөлімі ретінде Халил Четин құрастырған Түркия, Қазақстан, Әзербайжан түркілерінің халық біліміне арналған «Türk Dünyası Halkbilimi». I. Cilt (Türkiye – Kazakistan – Azerbaycan) ғылыми жинағының 1 томына далалық зерттеуге негізделген құдық шегендеу өнерін МЕММ шұғыл қорғауды қажет ететін мұрасы ретінде құжаттаудың әдістемесі енгізілді.

Donıztau, Kuzey Üstürt (Platosu) Kuyuları Tabiat ve Evrenle ilgili Bilgiler Sisteminin Özel Görünüşü. Türk Dünyası Halkbilimi I. Cilt (Türkiye - Kazakistan - Azerbaycan) Hazirlayan Dr.Halil Cetin. – Ankara – 2024. – S. 275 – 291 (703 s.)

Диссертация нәтижелері Халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндама жасау және жинақтарында жариялау арқылы ғылыми айналымға енгізілді.

Түркия, Бурса қаласында 2021, 26-28 мамырда өткен «Түркі әлемі музейлерінің кездесуі» атты МЕММ-нің «табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» типі бойынша «Kazakistan'ın UNESCO Somut Olmayan Kültürel Mirası: Kazak At Yetiştiricilerinin Geleneksel Bahar Bayram Törenleri» атты тақырыпта Халықаралық конференцияда баяндама жасалды.

«Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасы: құндылықтарды қорғау және тізімге алу» атты баяндама Әзербайжан, Баку қаласында өткен XI Халықаралық Түркі Дүниесі зерттеулері симпозиумына қатысып, баяндамалар жинағына енгізіліп, ғылыми айналымға енді:

XI Beynəlxalq Türk Dünyası Araşdırmaları Simpoziumu 11-13 İyun 2024 / Bakı XI Beynəlxalq Türk Dünyası Araşdırmaları Simpoziumunun məruzələr kitabı. Cild I. – Bakı: Bakı Avrasiya Universiteti, 2024. – S.626-636 (866 s.).

«Жамбылдың ақындық мұрасы және жамбылтанудың өзекті мәселелері»; «Қазақстан археологиясы мен этнология ғылымының өзекті мәселелері: қазіргі практикасы мен даму бағыты» атты «I Шәлекенов оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында да жарияланды.

ҚР МЕММ зерттеу ісіне авторлық ізденіс жасау келесідей авторлық куәліктермен бекітілді:

1. Наурыз – материалдық емес мәдени мұра ретінде ЮНЕСКО қорғауындағы ескерткіш. 09.09.2025. № 62028;

2. Қазақтың құдық шегендеу өнерін материалдық емес мәдени мұрасы ретінде құжаттау. 02.10.2025. № 62613;

3. Қазақтың ет асу, ет тарту, нан пісіру мәдениеттерін материалдық емес мәдени мұрасы нысанына құжаттау. 08.10. 2025. № 62777.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс нормативтік сілтемелер, қысқартылған сөздер, анықтамалар, үш негізгі тарау, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі, қосымшалар бөлімінен тұрады.

1 МӘДЕНИ МҰРАНЫ ҚОРҒАУДАҒЫ ЮНЕСКО ҚЫЗМЕТІ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ ҚОРҒАУ КОНВЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1.1 Мәдени құндылықтарды қорғаудың халықаралық-құқықтық актілері, материалдық емес мәдени мұраны қорғау Конвенциясының алғышарттары, тарихи маңызы, құрылымы

Мәдениет мұраларын адамзат дамуының ажырамас бөлігі ретінде қорғау, болашаққа сақтап жеткізу БҰҰ, ЮНЕСКО, ИКОМОС Халықаралық ұйымдарының басты ұстанымы. Халықаралық ұйымдар материалдық мәдениеттің қалыптасуын, қолданыс аясын, халық мұрасы ретіндегі өмірлік мәнін МЕММ бірге қарастырады. Материалдық мәдениет физикалық объектілер арқылы көрініс тапса, МЕММ қоғамның рухани құндылығының негізін қалыптастырады.

ЮНЕСКО ұйымына мүше елдер географиялық контингентке келесідей топтастырылған: 1) Африка; 2) Араб мемлекеттері; 3) Азия және Тұнық Мұхит; 4) Еуропа және Солтүстік Америка; 5) Латын Америкасы және Кариб бассейні. ЮНЕСКО географиялық контингентінде мүше елдердің орналасу реті ағылшын тіліндегі алфавиттік ретпен жүйеленген. ЮНЕСКО-МЕММ сайтында Египет, Ливия, Морокко мемлекеттері орналасуына қарай Африка, мемлекет құралымына қарай Араб мемлекеттері контингентінен қатар көрінеді. Кей мемлекет екі контигенттен қатар көрінгенімен ақпараты бір мәліметті құрайды. Бұл қолданушыларға ыңғайлы болу үшін жасалған комуникативтік саясат. Қазақстан порталы «Азия және Тұнық Мұхит» контингентінде орналасқан [15, 17, 57].

Қазіргі уақытта ЮНЕСКО-ға 196 мүше мемлекеттің құрамында 2300-ден астам қызметкер ЮНЕСКО-мен байланысты ұйымдарында жұмыс істейді. Ұйым дүниежүзілік мұра объектілерін, биосфералық қорықтарды, ғаламдық геопарктерді, шығармашылық қалалар мен инклюзивті және тұрақты дамуға бағытталған білім беру желісін үйлестіреді. 2025 жылғы 6 қарашада Самарқандта өткен ЮНЕСКО-ның 43-ші Бас конференциясында жалпы 174 бюллетеньдің 172 дауысымен Халед Эль-Энани (Египет) мырзаны Ұйымның Бас директоры етіп сайлады. 2017 жылдан 2025 жылғы 6 қарашаға дейін ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одрэ Азуле болды [1]. Бұл шешім ЮНЕСКО-ның институционалдық құрылымында басқарудың тұрақтылық принципін бекітуімен ерекшеленеді.

ЮНЕСКО мандаты – бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті білім беру, ғылым, мәдениет және ақпарат арқылы нығайту. Бұл мандат 1945 жылы қабылданған ЮНЕСКО Жарғысында бекітілген.

ЮНЕСКО-ның мандаты мына негізгі салаларды қамтиды:

– білім беру – баршаға сапалы және инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету, сауатсыздықты жою, білім берудегі теңсіздікке қарсы күресу;

– ғылым – ғылыми зерттеулерді қолдау, тұрақты даму үшін ғылымды дамыту, климаттың өзгеруі, су ресурстары және мұхиттар мәселесін зерттеу;

– мәдениет – материалдық және материалдық емес мәдени мұраны сақтау, мәдени әртүрлілікті қорғау, мәдениеттер диалогын дамыту;

– ақпарат және коммуникация – сөз бостандығын ілгерілету, БАҚ саласындағы кәсіби стандарттарды қалыптастыру, цифрлық теңсіздікті азайту.

Осы міндеттерді орындау арқылы ЮНЕСКО әлем халықтары арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтуды көздейді.

ЮНЕСКО қызметінің негізгі бағыттары келесі салаларды қамтиды: білім беру саласындағы кемсітушілік пен сауатсыздық мәселелері, ұлттық мәдениеттерді зерттеу және ұлттық кадрларды даярлау, әлеуметтік ғылымдар, геология, мұхиттану және биосфера салаларындағы мәселелер.

Мәдениетаралық және өркениетаралық диалог – бұл ЮНЕСКО-ның мандатының негізі, ол ұйымның Жарғысында 1946 жылы бекітілген, сондай-ақ ұйымның 1945 жылдан бастап барлық кезеңінде осы қағидаттарды жүзеге асыруға арналған көптеген қарарлар мен бағдарламаларда қамтылған [1-11].

ЮНЕСКО-ның миссиясының бірі ретінде жаңа идеялар мен мағыналық тәсілдердің өзіндік зертханасында елдер арасындағы қайшылықтарды реттеу үшін халықаралық құжаттар әзірленеді. Бұл процесс унификациясыз, бірақ кейде антагонистік құндылықтар бар жағдайда да бірге өмір сүру мүмкіндігін қарастырады. БҰҰ жүйесінде мәдени мұраны қорғауды жүзеге асыратын негізгі органы ЮНЕСКО бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға, мемлекеттер мен халықтар арасындағы білім, ғылым және мәдениет салаларында ынтымақтастықты кеңейту арқылы ықпал етеді [9]. 1954 жылғы аталған Конвенция да ЮНЕСКО-ның бастамасымен, оның Атқарушы кеңесі шақырған үкіметаралық конференцияда, 1954 жылдың 21 сәуірі мен 14 мамыры аралығында Гаага қаласында (Нидерланды) қабылданған [1-2, 10].

Конференцияны ұйымдастыру үшін БҰҰ Бас Ассамблеясының (ары қарай – БА) таңдалуының себебі – бұл орган БҰҰ-ның негізгі құрылымдарының бірі болып табылады және 193 егеменді мемлекеттерді біріктіретін халықаралық форум ретінде әрекет етеді. БҰҰ БА мәдениет саласындағы адам құқықтарын бекіту қажеттілігін алғаш рет жаһандық деңгейде көтерген орган болды. 1948 жылғы 10 желтоқсанда БА-ның 217 А (III) қарарымен қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 27-бабына сәйкес әр адам қоғамның мәдени өміріне еркін қатысуға, өнерден және өзінің ғылыми, әдеби немесе көркем еңбектері нәтижесінде пайда болған мүдделерін қорғауға құқылы.

1966 жылы БА 2200 А (XXI) қарарымен Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пактіні қабылдады [11]. Оның 15-бабында адамның мәдени құқықтарының мазмұны ашылған (мәдени өмірге қатысу құқығы, ғылыми жетістіктерді пайдалану, моральдық және материалдық мүдделердің қорғалуы). 1948 жылғы Декларация мен бұл пакті – адам құқықтарын, соның ішінде мәдениет саласындағы (яғни, материалдық емес мәдени мұра саласындағы да) құқықтарды қорғаудың құқықтық негізін қалаған халықаралық құжаттар болып табылады.

ЮНЕСКО өз қызметі туралы жыл сайын БҰҰ БА-ға есеп береді, оның қаржыландыруы да БА шешімімен БҰҰ қаражатынан жүзеге асырылады [22-26].

БА ЮНЕСКО қызметіне басқа да жолдармен қатысады. Мысалы, 2010 жылғы 23 ақпанда өткен 64-сессияда БА 21 наурызды Халықаралық Наурыз күні ретінде мойындады. Сол отырыста Бас Ассамблея ЮНЕСКО-ның 2009 жылғы 30 қыркүйектегі Наурызды адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативті тізіміне енгізу туралы шешімін құптады. Осы уақыттан бері «Наурыз» мұрасына осы мерекені тойлауды ғасырлар бойына жалғастырып келе жатырған мемлекеттер қосылуда. Мемлекеттер қосылған сайын ЮНЕСКО-дағы осы мұраның ену жылының көрсеткіші де жылжып отырады. Сондай-ақ, Ассамблея мүше мемлекеттерді, БҰҰ-ның өзге де құрылымдарын, әсіресе ЮНЕСКО-ны, және халықаралық, аймақтық, үкіметтік емес ұйымдарды бұл күнді атап өтуге қатысуға шақырды [22-23]. ЮНЕСКО қызметінің көптеген бастамаларына түрткі болатын орган – БҰҰ БА болып табылады.

БҰҰ БА мәдениет мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Бұл мәселелерді шешу үшін арнайы үшінші комитет құрылды. Оның құзыретіне әлеуметтік, гуманитарлық және мәдени мәселелер кіреді. Бұл комитет – БА БҰҰ құрған алты негізгі комитеттің бірі. Ол мәдениетті қорғауға арналған резолюциялар қабылдау бойынша белсенді жұмыс атқарады. БА БҰҰ қабылдайтын резолюциялар – БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің шешімдері немесе декларациялары болып табылады. Олар белгілі бір салада іс-қимыл жоспарын ұсынады, оны мемлекеттер ішкі ресурстары арқылы жүзеге асыруға тиіс.

БҰҰ БА жұмысы халықаралық-құқықтық, ұсынымдық сипаттағы (soft law) резолюциялар түрінде рәсімделеді [63, С.114-120; 65, С. 35-70]. БА БҰҰ резолюциялары халықаралық құқық нормаларын нақтылауға және оларды мемлекеттік практикада қолдануға көмектеседі. Бұл құжаттар БҰҰ органдары қабылдаған шешімдердің заңдылығына деген сенімді білдіреді. БА БҰҰ сессияларында қабылданған резолюциялар бүкіл Дүниежүзілік қауымдастықтың ортақ ұстанымын көрсетеді және БҰҰ-ның басқа құрылымдарының қызметіне негіз болады.

БҰҰ БА – жаһандық мәселелерді бірлесіп талқылауға және олардың шешімін бірлесіп табуға мүмкіндік беретін жалғыз халықаралық алаң, әрі оның маңызды мәселелерінің бірі – МЕММ-ді сақтау. БҰҰ Бас хатшысы А. Гутерриш: «Мәдениет – бұл адамзаттың көркі, ойымыздың жемісі, дәстүрлеріміздің өнімі және ұмтылыстарымыздың көрінісі. Оның әртүрлілігі – таңғаларлық, ол біздің өркениетіміздің көпқырлылығын сипаттайды», - деген [18]. БҰҰ БА негізгі міндетінің бірі МЕММ-ді қолдау арқылы халықтарға бір-бірінің өмір сүру салты мен салт-дәстүрлерін тануға мүмкіндік беру және әлемнің әртүрлілігі мен көпқырлылығын дәлелдеу.

БҰҰ БА өзінің резолюцияларында, бағдарламалық құжаттарында, декларацияларында мәдени мұраны қорғау тақырыбына бірнеше рет жүгінген. Бұл құжаттарда ұлттық және халықаралық деңгейде халықтардың дәстүрлі әдет-ғұрыптары мен мерекелерін қорғаудың маңыздылығы мойындалады. Мысалы, 1999 жылғы 13 қыркүйекте қабылданған 53/243 А және В резолюцияларымен «Бейбітшілік мәдениеті саласындағы іс-қимыл бағдарламасы» қабылданды. Бұл бағдарлама мәдениетті құндылықтар, дүниетаным, дәстүрлер, жүріс-тұрыс

үлгілері мен өмір салтының жиынтығы ретінде сипаттайды (1-бап). Резолюция бейбітшілік мәдениетін жанжалдарды бейбіт жолмен шешу, адам құқықтары мен бостандықтарын ілгерілету, кемсітушіліктің барлық түрін жою құралы ретінде дамытуға бағытталған (3-бап). 2001 жылғы 21 қарашада қабылданған 56/8 резолюциясымен 2002 жыл БҰҰ-ның «Мәдени мұра» жылы деп жарияланды [21]. БА мәдени әртүрлілікті сақтау өркениеттер мен мәдениеттер арасындағы диалог пен өзара түсіністікке қол жеткізуге, ынтымақтастық орнатуға тығыз байланысты екенін атап өтті.

БҰҰ БА 2002 жылғы 57/249 резолюциясында мәдени мұраны сақтаудың және дамытудың маңыздылығын мойындау, әсіресе ең осал мәдениеттерді сақтау, қолдау және дамыту салаларындағы ішкі саясатты нығайту арқылы; материалдық және материалдық емес мәдени мұраны сақтау стратегияларын әзірлеуге басым бағыт берілді [22]. БҰҰ БА мәдени құндылықтарға байланысты қабылдаған бұл қарарлары 2003 жылғы МЕММ Конвенциясының қалыптасуына алғышарттық құжаттар болды.

Қоғам мәдени мұраны қорғау қажеттілігі туралы Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін-ақ ойлана бастаған. 1935 жылы 15 сәуірде Вашингтонда Николай Рерихтың бастамасымен «Өнер және ғылыми мекемелер мен тарихи ескерткіштерді қорғау туралы (Рерих пактісі)» тарихтағы алғашқы халықаралық шартқа қол қойылды, ол соғыс қажеттілігінен бұрын мәдени құндылықтарды қорғауды басты орынға қойған. Оның мақсаты – соғыс уақытында мәдени құндылықтарды (музейлер, ескерткіштер, ғылыми және өнер мекемелері) қорғау, оларды бейтарап деп тану және мәдени қорғаудың әскери қажеттіліктен басымдылығын белгілеу, бұл оны бұдан кейінгі келісімдерден ерекшелендірді. Аталған құжат халықаралық құқықта ерекше орын алады, себебі алғаш рет мәдени құндылықтарды қорғау әскери қажеттіліктен басым деп таныды.

Рерих пактісінде тараптардың мәдени құндылықтарды құрметтеу, қорғау және сақтауға міндеттеме алатыны жөнінде ережелер бар. Бұл норма міндетті сипатқа ие, яғни мемлекет қарулы қақтығыс жағдайында да мәдени құндылықтарды қорғауға тиіс. Бұл құжат халықаралық-құқықтық шарт ретінде мемлекеттер тарапынан ратификацияланбағанына қарамастан, ол мәдени мұраны қорғау саласындағы халықаралық құқық нормаларының қалыптасуында маңызды роль атқарды және беделді халықаралық-құқықтық әдет-ғұрып ретінде танылады.

Екінші дүниежүзілік соғыстың жеңісінен кейін 9 жылдан соң қабылданған алғашқы халықаралық-құқықтық құжат – 1954 жылғы Гаага конвенциясы мәдени құндылықтарды қорғауға бағытталған алғашқы Конвенция болды [2-3]. Конвенция мен оған қосымша қабылданған екі хаттаманың (1954 және 1999 жж.) ережелеріне сәйкес мәдени құндылықтар жалпы (Конвенцияның 2-бабы), арнайы (8-бап) және күшейтілген (екінші хаттаманың 10-бабы) қорғауға алына алады. Алайда, Гаага конвенциясында МЕММ объектілерін халықаралық қорғауға алу жөніндегі нақты ережелер көрсетілмеген. Гаага конвенциясы да 2003 жылғы Конвенцияға МЕММ-ді қорғауға қатысты ережелер енгізу – мұндай

объектілердің халықаралық қоғамдастық үшін маңыздылығын арттырып, оларды қорғауды күшейтуге маңызды алғышарт болған құжаттың бірі.

1954 жылы 14 мамырда Гаага қаласында қабылданған және мәдени құндылықтарды қарулы қақтығыс кезінде қорғауға бағытталған алғашқы халықаралық құжат та ЮНЕСКО мәдени мұра мен МЕММ қорғау Конвенцияларына алғышарттардың бірі болып табылады. Бұл Конвенцияны ЮНЕСКО екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жаппай мәдени жойылулардың алдын алу үшін әзірледі. Конвенцияның мақсаттары: қарулы қақтығыстар кезінде мәдени құндылықтарды қорғау; оларды әдейі жоюдың алдын алу; мәдени мұраны сақтау жөнінде мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты арттыру болып табылады.

Гаага конвенциясын ратификациялаған мемлекеттерге мынандай міндеттер жүктеледі: қарулы қақтығысқа дейін де, қарулы қақтығыс кезінде де мәдени нысандарды қорғау шараларын қабылдау; мәдени құндылықтарды әскери мақсатта пайдаланбау; қорғалатын нысандарды арнайы тану белгілерімен (көк қалқан) белгілеу; басқыншылық жағдайында жауапкершілік жүктеу және нысандардың жойылуына жол бермеу. 1999 ж. күшейтілген екінші протокол жасалды. Онда Конвенция ережелерін нақтылай түседі және ерекше құнды нысандар үшін «күшейтілген қорғау» режимін енгізеді. Қазақстан Республикасы бұл протоколға 1997 жылы 14 наурызда құқықтық мирасқорлық жөніндегі хабарлама арқылы қосылды. Конвенцияны Қазақстанда іске асыруға жауапты уәкілетті орган – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Халықаралық Қызыл Ай Комитеті (Швейцария) ЮНЕСКО-ның қолдауымен Қорғаныс министрлігінің өкілдеріне арналған семинарлар мен тренингтер жүйелі түрде өткізіліп тұрады. Мемлекет өз мәдени мұрасын соғыс жағдайында қорғау бойынша халықаралық нормаларды қолдайды және тиісті заңнамаларды қабылдады. Қарулы қақтығыс жағдайындағы мәдени құндылықтарды қорғауды реттейтін халықаралық – құқықтық нормаларды реттейтін бұл құжат сонымен қатар жаулап алып контесктіндегі мәден құндылықтардың халықаралық – құқықтық мәртебесі, оларды қазіргі соғыс шарттарына сәйкес қорғау алғышарттары. Осы құндылықтарды қорғау саласындағы көкейкесті мәселелерді жолдары қарастырылған. Бұл Конвенция – мәдениетке қарсы қылмыстарды халықаралық деңгейде мойындатқан алғашқы құжат. Мәдениет – ұлттың жаны, соғыс жағдайында оны жою – «рухани геноцид», жоспарлы түрде жасалған «рухани вандализм» болып табылады.

Ұзақ уақыт бойында мәдени құндылықтарды қорғауға назар аудармаған, керісінше олар соғыс жағдайында тоналып жойылатын. Сол кездерде өнер туындылары жаулап алу заты болып табылатын. Бірінші кезекте жаулап алушылар сол заттарды көздейтін: қатардағы жауынгерлер заттың құндылығына қарайтын, ал әскер басшылары жеңісінің, өзінің билігінің белгісі ретінде заттарды тонайтын. Соғыс олжасы ретінде алынған мәдени құндылықтардың кең көлемде өз отанына реституциялануына байланысты көркем туындылары, өнер және әдебиет туындылары қиратуға және жаулап алуға тыйым салатын

құқықтық нормалар ЮНЕСКО тарапынан қолданысқа енгізіу күн тәртібіне шықты. Сол кезден бастап дүниежүзілік қоғамдастықтар сол объектілерге ерекше құқықтық мәртебе беру қажеттігін мойындап, олардың соғыс салдарынан қорғауды талап ете бастады. ЮНЕСКО халықаралық нормативтік актілерге құндылықтарды қорғауға байланысты баптарды қоса бастады. Бірақ сол кезде бұл нормалар жалпы сипатта болғандықтан, мәдени құндылықтарды қорғау мәселесіне байланысты жүйелі түрде қолдана алмайтын [2, 3].

Соңғы бес жылдың саяси қақтығыс оқиғалары да қарулы қақтығыс жағдайындағы мәдени құндылықтарды қорғауды мәселесін толықтай шеше алмай жатыр. Қазіргі кезде орын алған қарулы қақтығыс жағдайындағы мәдени құндылықтарды қорғауға арналған гуманитарлық құқық нормаларын сақтау үшін жауапкершілік пен халықаралық бақылауды жүзеге асыру мәселесі көкейкесті болып жатыр. Халықаралық құқық ғылымында мәдени құндылықтарға азаматтық құқық объектісіне байланысты түсініктеме береді, артефактілер мәдени құндылығына байланысты ажыратады.

1954 жылғы Гаага конвенциясына сәйкес, әрбір мемлекет қарулы шабуылдардан олардың мәдени құндылықтарды қорғау үшін шаралар қабылдайды. Әскери операциялар бар жердегі қарулы қақтығыс барысында тараптар ескерткіштерге кездейсоқ зақым келтірмеу үшін, мәдени құндылықтарға қарсы әскери әрекет бағыттауға тыйым салады. Әскери мақсатта мәдени құндылықтарды пайдалануға болмайды. Гаага конвенциясы мәдени құндылықтарды сақтап қалу мақсатында жаулап алынған аумағында алынған болса, онда соғыс қимылдары аяқталғанда оларды сол жерге қайтару қажеттігін көздейді, әрі халықаралық құқық қағидаларына сәйкес «қақтығыс» аумағында тұратын халыққа үрей тудыру мақсатында мәдени құндылықтарды жоюға тыйым салады [2, 3].

Гаага конвенциясына қатысушы елдер оның ережелерін жүзеге асырылуы үшін жауапты болып табылады, мәдени құндылықтарды қорғау жөніндегі тиісті ережелер, олардың ұлттық заңнамаға енгізілуі тиіс. Олар сондай-ақ құқық бұзушылық жағдайда осы ережелерді орындалуын қамтамасыз ету үшін міндетті. Халықаралық деңгейде Конвенцияның сақталуына мониторинг және мәдени құндылықтарды қорғалуы және сақталуы үшін көмекке байланысты ерекше жауапкершілік ЮНЕСКО-ға міндеттелген. 1977 жылғы Бірінші қосымша хаттамасына сәйкес тарихи ескерткіштер, мәдени немесе рухани мұралары, өнер немесе ғибадат орындарының жұмыстарына қарсы бағытталған кез келген актілерге тыйым салынады. Хаттама жүйесі мәдени құндылықтарды қорғауға байланысты кепілдік береді. Қарулы қақтығыс кезінде арнайы қорғауындағы мәдени мүліктер айырым эмблемасымен белгіленуге тиіс. Қазіргі таңда қарулы қақтығыс жағдайындағы мәдени құндылықтарды қорғауға арналған халықаралық – құқықтық актілерге басшылыққа ала отырып мұраны шұғыл қорғау, ішкі тізімге алу аса өзекті мәселе.

1970 жылы 12 қазан – 14 қараша арасында өткен ЮНЕСКО Бас конференциясында маңызды халықаралық құжат «Мәдени құндылықтарды заңсыз әкелуге, әкетуге және оларға меншік құқығын беруге тыйым салу мен

олардың алдын алуға бағытталған шаралар туралы конвенция» қабылданады. Ол мәдени мұра нысандарының яғни археологиялық және тарихи артефактілер, суреттер, мүсіндер, көне қолжазбалардың, архивтік құжаттар, тарихи кітаптар, діни жәдігерлер мен этнографиялық нысандардың заңсыз айналымына қарсы күресуге бағытталған.

Конвенцияның негізі мақсаты: мәдени құндылықтардың заңсыз саудасына тосқауыл қою; мәдениет нысандарының заңсыз елден шығарылуының алдын алу; мәдени мұраны заңсыз иеленген елдерден қайтаруға ықпал ету; халықаралық ынтымақтастық арқылы ұлттық мәдениетті қорғау. Конвенция мемлекеттерге келесідей міндеттемелерді жүктейді: өз елдерінен мәдени құндылықтарды заңсыз әкетуге тыйым салуға тиіс; заңсыз жолмен әкелінген нысандарды қайтару үшін заңнама қабылдауы тиіс; кедендік бақылауды күшейтуі, мәдени нысандардың экспортына рұқсат беру жүйесін енгізуі тиіс.

Конвенцияның мақсаттарына сәйкес әрбір мемлекет археология, тарихқа дейінгі кезең, тарих, әдебиет, өнер және ғылым үшін маңызы бар деп қарайтын діни немесе зайырлы сипаттағы құндылықтар мәдени құндылықтар болып саналатыны көрсетілген. Осы Конвенцияға сәйкес мәдени құндылықтар келесідей санаттарға жіктеп, олардың ретін ағылшын алфавитіне сәйкес «a, b, c, d, e, f, g» қаріпімен белгілегені:

(a) сирек коллекциялар және флора мен фаунаның, минералогияның, анатомияның үлгілері және палеонтология үшін қызығушылық тудыратын заттар;

(b) ғылым мен техниканың тарихын, соғыстар мен қоғамдардың, сондай-ақ ұлт қайраткерлерінің, ойшылдардың, ғалымдар мен әртістердің өміріне және ірі ұлттық оқиғаларға байланысты тарихты қоса алғанда, тарихқа қатысты құндылықтар;

(c) археологиялық олжалар (ашық, жоспарлы қазбадан табылған және құпиялы олжаны қоса алғанда) мен археологиялық жаңалықтар;

(d) бөлшектелген көркем және тарихи ескерткіштер мен археологиялық орындардың құрамдас бөліктері;

(e) жазулар, нақышталған монеталар және мөрлер сияқты жасалғанына 100 жылдан асқан көне заттар;

(f) этнологиялық материалдар;

(g) мынадай:

(i) кез келген негізде және кез келген материалдардан тұтастай қолдан жасалған полотнолар, көркемсуреттер мен суреттер (қолмен безендірілген сызбалар мен өнеркәсіп бұйымдарын қоспағанда);

(ii) кез келген материалдардан жасалған мүсін өнерінің бірегей туындылары;

(iii) бірегей гравюралар, эстамптар мен литографиялар;

(iv) кез келген материалдардан жасалған бірегей көркем топтамалар мен монтаждар сияқты көркем құндылықтар;

(h) сирек қолжазбалар мен инкунабулалар, көне кітаптар, ерекше қызығушылық тудыратын (тарихи, көркем, ғылыми, әдеби және т.б.), құжаттар мен басылымдар, жеке немесе коллекцияларда;

(i) пошта маркалары, салық және соған ұқсас маркалар, жеке немесе коллекцияларда;

(j) фоно-, фото- және киноархивтерді қоса алғанда, архивтік мұралар;

(k) жасалғанына 100 жылдан асқан жиһаз бен көне музыка аспаптары.

1970 жылы қабылданған бұл Конвенцияны Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 507-IV Заңына сәйкес ратификациялады [10; 41]. Содан бері Қазақстанда кедендік бақылау мен музейлердің сатып алу жүйелері жетілдірілді, сондай-ақ жоғалған немесе ұрланған жәдігерлерді қайтару жұмыстары жүргізілуде. Бұл мәдени құндылықтарды қарақшылық пен контрабандадан қорғауға көмектеседі. Ұрланған жәдігерлерді қайтару механизмін қалыптастырады. Ұлттық мұраны сақтауға және тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

МЕММ Конвенциясының қалыптасуына негізгі алғышарт болған Халықаралық құжат – Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы 1972 жылғы Конвенция МЕММ Конвенциясының қалыптасуына негіз болған халықаралық құқықтық акті. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында ғылыми айналымда «Дүниежүзілік мұра» ұғымы термин ретінде қалыптасып, кеңінен қолданысқа енді. ЮНЕСКО тарапынан құнды мәдени және табиғи нысандарды сақтауға халықаралық жауапкершілік идеясы 1960-шы жылдары пайда болды. XX-ғасырда Египеттегі Асуан бөгетінің құрылысына байланысты Ніл өзенінің суы Нубиядағы көне ескерткіштерді су басу қаупін туғызды. Халықаралық қауымдастық сол кезде олардың жойылуы Египет пен Судан үшін ғана емес, бүкіл адамзат үшін орны толмас шығын боларын түсінді. Халықаралық ұйымдар бұл мемлекеттердің оларды құтқаруға жеткілікті қаражаттары жоқ екенін түсінді. Сол кездерде Дүниежүзілік мұра және оның сақталуына қатысты адамзаттық жауапкершілік идеясы дүниеге келді. 1960 жылы наурызда ЮНЕСКО әлемдегі барлық елдерге көмек сұрап үндеу жасады және қысқа уақыт ішінде Нубия ескерткіштерін құтқаруға мүмкіндік берген үлкен қаражаттар жиналды [20; 90].

Әлем елдерінің маңызы бар ескерткішті құтқаруға деген біріккен жұмысы, талпынысы 1972 жылдың 16 қарашасында Парижде, ЮНЕСКО-ның 17-ші Бас конференциясында Әлем елдерінің ескерткіштерді қорғауға ықпалдастығы мәселесін көтеруге негіз болды. Нәтижесінде 1972 жылдың 16 қарашасы ЮНЕСКО тарихында «Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраларды қорғау», «Convention Concerning the Protection of the World Cultural and Natural Heritage» Конвенциясын қабылдаған күн ретінде енді. Бұл құжат әрбір елде әлемнің барлық халықтарының қамқорлығына лайықты мәдени және табиғи нысандарды анықтау қажеттілінен туындаған. Конвенцияның басты мақсаты – өнер, тарих, ғылым немесе табиғат тұрғысынан адамзат үшін ерекше маңызы бар нысандарды қорғауды құқықтық реттеуді қамтамасыз ету. ЮНЕСКО құжаттарында «мұра» терминінің ағылшын тіліндегі *heritage* эквиваленті

француз – *patrimoine*, испан – *patrimonio*; неміс – *Natur- und Kulturerbe,* итальян – *patrimonio*; португал – *patrimonio* боп бекітілген [12].

ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік маңызы бар ескерткіштерді қорғауға бағытталған бұл Конвенциясы 1975 жылдан күшіне енген. КСРО бұл Конвенцияны 1988 жылы 9 наурызда ратификациялады. Қазақстан Тәуелсіз мемлекет ретінде ЮНЕСКО-ның «Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраларды қорғау» Конвенциясын 1994 жылы 29 сәуірде ратификациялаған [18].

ЮНЕСКО 1972 жылғы Конвенцияны қабылдаған уақыттан оған қол қойған 21 мемлекеттің өкілдерінен, алты жылға сайланатын үкіметаралық ұйым (оның құрамының 1/3 бөлігі екі жыл сайын өзгеріп отырады) үйлестіру комитеті құрылды. Әр жылдың соңында Дүниежүзілік мұра комитеті сессиясы өтіп, онда «Дүниежүзілік мұра мәртебесін беру» сұрақтары талқыланады. Конвенцияға қатысушы елдер ұсынған нысандарды қарастырып, олардың ішінен жалпыадамзаттық маңызы бар ескерткіштерді бекітетін негізгі құжат – Дүниежүзілік мұра нысандарының тізіміне енгізуге лайық деп санайтындарын таңдайды. Әдетте, жыл сайын тізімге шамамен 25-30 нысан қосылады, бірақ кейбір жылдары бұл сан одан да көп болуы мүмкін, мысалы, 1997 жылы тізімге 46 жаңа нысан енгізілсе, 1999 жылы – 48 нысан енгізілген, ал 2008 жылы Квебекте өткен 32-ші сессиясында 19 мәдени және 8 табиғи нысандар тізімге қосылған еді. 2008 жылға сәйкес тізімде 145 елдің 878 нысандары болған еді: 679 – мәдени ескерткіштер, 174 – табиғи және 25 – аралас типті. Жыл сайынғы қосылатын нысандар санының әртүрлі болуы ұсынушы мемлекеттердің ескерткіш құжатын әзірлеп, оның Халықаралық маңызын қорғай білуінде [29].

Комитет отырысында талқылауға дейін ұсынылған нысандарды оның мүшелері және үш үкіметтік емес ұйым – Мәдени құндылықтарды сақтау және реставрациялау жөніндегі халықаралық зерттеу орталығы (ИККРОМ), Ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау жөніндегі халықаралық кеңес (ИКОМОС) және Табиғат пен табиғи байлықтарды қорғау жөніндегі халықаралық одақ (МСОП) сарапшылары мұқият зерттейді. Алайда комитеттің қызметі тек тізім жасаумен шектелмейді. Ол сонымен бірге Дүниежүзілік мұраның табиғи және мәдени объектілерінің жай-күйін бақылауға мүмкіндік беретін мониторинг жүйесін басқарады және оларды сақтау үшін материалдық және қаржылық ресурстары жоқ елдерге қажетті қолдау көрсетеді. Арнайы құрылған Дүниежүзілік мәдени мұраны қорғау қоры қажетті елдерге нақты қаржылық және техникалық көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл, ең алдымен, объектілерді сақтау мен қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралардың жүруі мен іске асуын қаржылық тұрғыда қажетті материалдармен қамтамасыз етеді [151; 176].

1972 жылғы Конвенция жүзеге асырылған уақыт ішінде ЮНЕСКО тек ұйымдастырушылық-техникалық мәселелерді ғана емес, сонымен қатар Дүниежүзілік мұраға байланысты аса күрделі теориялық-терминологиялық мәселелерді де шешуге мәжбүр болды. Бұл, ең алдымен, «ерекше әмбебап құндылық» ұғымын түсіндіру мәселесі еді. Оның шарттары көптеген жылдар бойы табиғат нысандарын зерттейтін ғылымдар, сәулет тарихшылары,

өнертанушылар, сондай-ақ комитет мүшелерінің қатысуымен күрделі зерттеулер, салыстырулар және пікірталастар барысында мұқият нақтыланды. Нәтижесінде бірнеше негізгі терминдер бекітілді, олардың әрқайсысы айқын мазмұнға ие болды.

1972 жылы қараша айында Генуяда ЮНЕСКО Бас конференциясында қабылданған 1975 жылдан бастап күшіне енген және бүгінгі таңда мәдениет пен табиғатты қорғауға бағытталған ең беделді халықаралық құжаттардың бірі. Қазіргі таңда бұл Конвенцияға 196 мемлекет қосылған. Конвенцияға қосылушы мемлекеттер жылына 2 рет жиналып, өз территорияларында орналасқан аса құнды мұралардың тізімін жасап, хал-жағдайы жөнінде есеп береді. Конвенцияның шешімімен мәдени және табиғи мұраларды қорғау үшін арнайы дүниежүзілік қор құрылған. Бұл қор конвенцияға қосылушы мемлекеттерден, ұйымдардан, жекелеген адамдардан түскен жарналар есебінен мүмкіндігі шектеулі елдерге мәдени және табиғи мұралардың сақталуы үшін арнайы қаржылай және техникалық көмек көрсетіп отырады. Конвенцияға қосылушы мемлекеттер өз территорияларында орналасқан аса құнды мұралардың бүлінбей сақталуын өз міндеттеріне алған Конвенцияның мақсаты – мәдени және табиғи мұра нысандарын сақтау арқылы оларды болашақ ұрпаққа жеткізу. Бұл нысандар адамзаттың ортақ байлығы ретінде қарастырылады. Мәдени мұра нысандары – тарихи ғимараттар яғни сарайлар, қамалдар, ескерткіштер, археологиялық орындар – көне қалалар, қазба орындары, көркемдік және сәулет ансамбльдері [91, б.10-30]. Табиғи мұраға жататын нысандар – жаратылыстың ерекше құбылыстары – тау, шатқал, үңгір, т.б., сирек экожүйелер – ормандар, көлдер, батпақтар, жоғалған немесе жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер мекендейтін орындар [170; 175].

Конвенцияның негізгі ережелеріне сай: дүниежүзілік мұра тізімі жасалады – оған ерекше құндылыққа ие нысандар енгізіледі; мемлекеттер өз аумағындағы нысандарды сақтауға және қорғауға міндетті; ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұраны қорғау комитеті тізімді жүргізіп отырады және қажет болған жағдайда халықаралық көмек көрсетеді; қауіп төнген мұралар тізімі де жасалады. Бұл тізімге қорғау шараларын қажет ететін нысандар енгізіледі. Конвенцияның маңыздылығы – мәдени және табиғи мұраны сақтау бойынша халықаралық ынтымақтастықты нығайтады, туризм мен ғылыми зерттеулерді дамытуға септігін тигізеді, тарих пен табиғатқа деген құрметті арттырады. Бұл конвенция адамзат тарихы мен табиғатының ең құнды мұраларын бірлесіп сақтау мен ұрпақтан ұрпаққа аман жеткізуге бағытталған жаһандық бастама [85, p.18].

2023 жылы 22 қарашада Париж қаласында Қазақстан Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау жөніндегі конвенцияға тарап мемлекеттері Бас ассамблеясының 24-ші сессиясында дауыс беру нәтижесінде 2023-2027 жылдар мерзіміне ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра комитетінің мүшесі болып сайланды. Еліміздің кандидатурасына 118 мемлекет қолдау білдірді. Қазақстанмен қатар Комитет құрамына тағы сегіз жаңа мүше сайланды: Вьетнам, Кения, Корея Республикасы, Ливан, Сенегал, Түркия, Украина және Ямайка [1].

Дүниежүзілік мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитет 1972 жылғы Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұра туралы конвенцияның орындалуына жауапты болып, ЮНЕСКО-ның аса маңызды және ықпалды басқару органдарының бірі болып табылады. Қазақстан аталған органда 2013-2017 жылдары тиімді жұмыс атқарған және оның алдағы қызметіне лайықты үлес қосуға дайын болуы нәтижесінде екінші рет қайта сайланды. Қазіргі таңда 21 мемлекеттен құралатын Комитет мәдени және табиғи нысандарды Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізу туралы шешім қабылдайды, олардың сақталу жағдайына баға береді және Конвенцияға тарап мемлекеттердің болашақ ұрпақтар үшін осы нысандарды қорғау жөніндегі күш-жігеріне қолдау көрсетеді. Комитетке мүше болу Мәдени және табиғи мұраны сақтау жөніндегі 1972 жылғы Конвенцияға тарап мемлекеттердің сараптамалық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Париж қаласындағы (Француз Республикасы) ЮНЕСКО және басқа да халықаралық ұйымдардың жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігі жұмыс жасайды. Өкілдіктің интернет сайтында Қазақстанның ЮНЕСКО қызметі мен жаңалықтары жарияланып отырады [19].

Жоғарыда аталған ЮНЕСКО Конвенциялары 2003 жылғы МЕММ-ді қорғау туралы Конвенцияның енуіне, қалыптасуына тарихи алғышарт болып табылады.

МЕММ-ді қорғауға нақты қадамдар ЮНЕСКО тарапынан тек XX ғасырдың соңғы жылдарында ғана жасалды. 1970-ші жылдары Боливия Республикасының бастамасымен МЕММ-ді және тиісті халықаралық құқықтық актіні қорғау қажеттілігі туралы пікірталастар басталды. 1989 жылғы қарашада өткен 25-ші сессияда дәстүрлі мәдениет пен фольклорды сақтау жөніндегі Ұсынымдар қабылданды. Онда «Дәстүрлі мәдениетті табиғи немесе адам әрекетінен туындайтын барлық қауіптерден қорғау жөнінде шаралар қабылдау қажеттігі» туралы жария етілді. Алда тұрған жұмыстың күрделілігі мұра нысандарының нәзіктігі мен осалдығына, сондай-ақ іріктеу және қорғау мен өзектендіру механизмдерінің теориялық және әдістемелік жағынан әлі де жеткіліксіз жасалуына байланысты», – деп айтылды [50].

1990-шы жылдардың соңына қарай жаңа нормативтік актіні әзірлеу идеясы ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттер, әсіресе Шығыс Азия, Африка және Латын Америкасы елдері арасында қолдауға ие болды. ЮНЕСКО 1993 жылы «Адамзаттың тірі қазыналары» бағдарламасын, ал 1998 жылдан бастап «Адамзаттың ауызша және материалдық емес мұрасының шедеврлерін жариялау» жобасын іске асыруды жолға қойды. Тірі Қазына және Шедеврлер жобалары мен Ұсынымдарда қолданылған тәсілге Дүниежүзілік мұра туралы Конвенция үлгілері үлкен әсер етті. Бұл тәсіл сарапшылар мен «айрықша әмбебап құндылықты» басты орынға қойды. Алайда, бұл тәсіл сынға ұшырап, уақыт өте келе МЕММ-ге қоғамдастықтардың белсенді қатысуы қажет екендігі және мұра элементтері арасында иерархияны болдырмау қажеттігі туралы пікір біртіндеп ортақ ұстанымға айналды. МЕММ-ге қатысты назарды жекелеген көрнекті дәстүр иелерінен гөрі, білім мен дағдыларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу үдерісіне көбірек аудару керек еді.

1998 жылы ЮНЕСКО мен Смитсон университеті бірлесіп ұйымдастырған «Фольклорды сақтау бойынша ұсыныстарды жаһандық бағалау» конференциясында «материалдық емес мәдени мұра» ұғымы ғылыми айналымға еніп, осы мұраны жеткізушілердің ролі ерекше атап өтілді. МЕММ сақтау мәселесі, атап айтқанда, тілдерді, әдет-ғұрыптарды, дәстүрлерді сақтау ЮНЕСКО-ның 1998 жылғы Мәдениет бойынша Бірінші дүниежүзілік конференцияда қарастырылып, 2001 жылғы ЮНЕСКО-ның Мәдени әртүрлілік туралы жалпыға бірдей декларациясында көрсетілген.

2001 жылы ЮНЕСКО Хатшылығы басқарушы органдарынан «Халықаралық конвенцияның алдын ала нұсқасы» мәтіні бойынша консенсусқа қол жеткізу мақсатында Үкіметаралық кездесуді ұйымдастыруға өкім шығарды. Осы жылдары заттық емес мұраға, яғни әр ұлттың өзіндік ерекшеліктерін, құндылықтарын айқындайтын материалдық емес (рухани) мәдени мұраға (intangible cultural heritage) да көңіл аудару керектігін күн тәртібіне қоя бастады. Бұл мақсатты іске асыру үшін 2001 жылы ЮНЕСКО өзіне мүше мемлекеттер мен қоғамдық ұйымдар арасында сауалнама жүргізген. ЮНЕСКО Халықаралық ұйымы материалдық (заттық) мұра деп танған «мәдениет және табиғат мұраларымен қатар, материалдық емес (рухани) мұраларды «тірі ескерткіш» деп танып, қорғау, сақтау ісін қамтамассыз етуді қолға алды.

«Материалдық емес», «non-material» терминімен қатар, шетел әдебиеттерінде «ұсталмайтын», «intangible» термині де жиі қолданылады, ол заттық формада бейнеленбеген нысандарды білдіретінін баса көрсетеді.

«Мәдени мұра» термині ЮНЕСКО әзірлеген Конвенция, ғылыми, ғылыми-танымдық, әдістемелік және нормативтік құралдардың айналымға енуі негізінде өзінің мазмұнын айтарлықтай өзгертті. ЮНЕСКО Мәдени мұра жылжымайтын ескерткіштер мен нысандар жиынтығымен, сондай-ақ табиғат мұрасымен ғана шектелмейтінін түсіндіруді көздейтін жаңа Конвенция әзірлегенде, оны қатысушы елдерінің ратификациялауымен әлемді мойындатты деуге болады. ЮНЕСКО қабылдаған «Материалдық емес мәдени мұра» ұғымы ұғымды Конвенцияны ратификациялаған мемлекеттер өз ресми тілдеріне аударып қолданады. МЕММ қатысты қоғамдық ортада «бейзаттық мәдениет», «бейматериалдық мұра», «қолға ұсталмайтын мұра», «тірі мұра», «жанды мұра», «тірі мәдениет», «жанды мәдениет», «тірі ескерткіш» ұғымдарының қатар қолданыста жүруі де бұл бағыттың күрделі үрдіс екенін көрсетеді.

МЕММ мәселесін теориялық тұрғыдан зерделеу, зерттеу және сақтау бойынша маңызды қадамдар XX ғасырдың соңғы жылдарында ғана ЮНЕСКО тарапынан жасалды. 1989 жылы қараша айында өткен 25-ші сессияда дәстүрлі мәдениетті және фольклорды сақтау бойынша ұсынымдар қабылданды. Онда «табиғаттан немесе адамның әрекеттерінен туындайтын барлық қауіп-қатерден дәстүрлі мәдениетті қорғау шараларын қабылдау қажеттілігі» жарияланды. Алдағы жұмыстың күрделілігі нысандардың нәзіктігі мен осалдығымен ғана емес, сондай-ақ іріктеу шарттары мен қорғау және жаңғырту механизмдерінің теориялық және әдістемелік тұрғыдан жеткіліксіз әзірленуімен байланысты екені атап өтілді. Индустрия мен технология қарқынды дамыған сайын қоғамда

МЕММ нысандарын тез өзгеріске түсу, ықпалға түсу, тіпті кейде технологияның әсерінен жойылып кету қаупі жоғарылаған сайын сақтау қызметі ерекше өзектілікке ие бола түседі. Ақпараттық технологиялардың қоғамдық өмірдің барлық салаларына енуі, жаһандану үдерістері заттық нәтижемен сипатталмайтын, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін шынайы құндылықтарды сақтауға қатысты алаңдаушылық туғызатын бұл үдерісті ЮНЕСКО Әлем халықтарының этникалық бірегейлігін сақтаудағы олқылық, деп таниды. ЮНЕСКО алдында осы олқылықты толтыру және халықаралық деңгейде тиісті құжат қабылдау үшін мүдделі мемлекеттерді жинау қажеттігі туындады [115, s.41-54].

«Дүниежүзілік мәдени мұра» туралы айтылғанда, жұртшылық мұндай мұраның материалдық және материалдық емес (рухани) құрамдас бөліктерден тұратынын ұмытып жатады. Материалдық мәдени мұраға немесе мәдени құндылықтарға басымдық бере отырып, көптеген авторлар нәзік те осал материалдық емес мұраны сақтаудың және жаңғыртудың аса маңызды қырларын назардан тыс қалдырады. Материалдық мәдениетпен бірге ажырамас ұғым ретінде қарастыратын «Адамзаттың тірі мұрасы» ұғымының кең таралуы оның өзектілігін айғақтай түседі.

Мәдени құндылықтарға анықтама беруге талпынған ғалымдардың қатары бірқатар. Ресейлік ғалым Е.В. Медведев мәдени құндылықтарды «құқықпен ерекше қорғалатын заттар немесе интеллектуалдық еңбектің нәтижелері, белгілі бір тарихи дәуірдегі адамның шығармашылығының бірегей туындылары, оның өмірдің қандай да бір саласындағы аса көрнекті жетістіктерін бейнелейтін әрі жалпыұлттық немесе жалпыадамзаттық мәдени маңызы бар», – деп санай отырып, мәдени құндылықтарды сақтауды құқықтық реттеудің озық тәжірибелерін талдайды [128, с. 128-139]. Өз кезегінде Ю.В. Кирюшина МЕММ құрамын «тіл, идеалдар, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, рәсімдер, мерекелер, атаулы күндер, фольклор, халық кәсіптері мен қолөнер» сияқты компоненттермен нақтылайды [124].

Е.Гукова «Материалдық емес мәдени мұраның ерекшелігі мәдениет туралы білімдердің келесі ұрпақтарға сабақтастықпен берілуімен және әлем халықтарының этникалық бірегейлігін сақтаумен сипатталатынын түсіну қажет» – деген ой-тұжырымын талдайды [125, с.18-24].

МЕММ енетін нысандарды шартты түрде келесідей екі бағыттық топқа бөлуге болады: бірінші топқа «заттық көрінісі жоқ нысандар» шартына ауыз әдебиеті үлгілері, тіл, орындаушылық өнер, әдет-ғұрыптар мен мерекелер жатады; екінші топты «заттық көрінісі бар нысандар» шарты бойынша табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар, сондай-ақ дәстүрлі қолөнерге қатысты білімдер мен дағдылар құрайды.

Мұндай жіктеу маңызды, өйткені МЕММ нысандарының бірінші тобы өз мәнін бар болу кезеңінің бүкіл уақытында сақтайды, ал екінші топ тәжірибелік қызметте, материалдық әлем нысандарымен өзара байланыста жүзеге асу барысында бастапқы қалпын жоғалтуы не өзгеруі мүмкін.

Конвенцияның 1-бабында көрсетілген мақсаттарға сай әр халықтың мәдени әртүрлілігін, бірегейлігін және сабақтастығын қамтамасыз етудің құралы деп санауға болады:

a) материалдық емес мәдени мұраны қорғау;

b) тиісті қауымдастықтардың, топтардың және жекелеген тұлғалардың материалдық емес мәдени мұрасына құрметпен қарау;

c) жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейлерде материалдық емес мәдени мұраның маңыздылығына және оның өзара мойындалуына назар аудару;

d) халықаралық ынтымақтастық пен көмек [13].

2003 жылғы Конвенцияны зерделеу 1972 жылғы Конвенциядағы олқылықтың толтырылғанын және Дүниежүзілік мұраның материалдық және табиғи мұра ғана емес, материалдық емес мұра қосылып, үш компоненттен тұратын кешенді жүйесі қалыптасқанын көрсетеді.

Жыл өткен сайын «мәдени мұра» ұғымы жаңа мазмұнмен толығуда. Біз МЕММ нысанын жай сипаттаумен шектелмей, оның табиғи ландшафттармен және материалдық құндылықтармен байланысын да көрсетеміз. Әлемнің көптеген елдерінде мәдени мұраға материалдық емес мұра, табиғи, қалалық және ауылдық ландшафттар, цифрлық және киноматографиялық мұра да жатқызылады [127, с.5-11; 136; 137, с.4-9].

ЮНЕСКО-ның сол кездегі Бас директоры Одрэ Азуленің пікірін ерекше атап өткен жөн: «Халықаралық құқық бойынша мәдени мұраны қорғау – бейбітшілік орнатудың және берік бейбітшіліктің ажырамас бөлігі» [50].

Мәдени мұра нысандарын және мәдени құндылықтарды сақтау қоғам мен мәдени мұра сақтаушысы – халықтың мәдени-тарихи жадын жеткізуші яғни, музей арасындағы байланысты орната алады. Бүгінде музейлер «мәдени мұра – қоғам» жүйесінде делдал ролін атқарып, материалдық емес, материалдық және табиғи құндылықтарды сақтауға бағытталған ағартушылық және танымал ету қызметтерін жүзеге асыра алады. Тиісінше, материалдық емес мәдени мұраны сәтті қорғау үшін қолданыстағы халықаралық-құқықтық базаны, әсіресе 1972 ж. Конвенцияны, 1954 ж. «Қарулы қақтығыс болған жағдайда мәдени құндылықтарды қорғау туралы» Конвенцияны және 2005 жылғы «Мәдени өрнектердің алуан түрлілігін қорғау мен ілгерілету туралы» Конвенцияны жаңғыртып, толықтыру қажет болды [4].

2001 жылы ЮНЕСКО-ның басшылық органдары Хатшылыққа халықаралық конвенцияның «алдын ала нұсқасы» бойынша келісімге келу мақсатында үкіметаралық кездесу ұйымдастыруды тапсырды. Бір жылдан кейін, 2002 жылғы қыркүйектен 2003 жылғы маусымға дейін ЮНЕСКО аясында МЕММ қорғау туралы Конвенция әзірленді. Конвенция 2003 жылғы 17 қазанда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 32-ші сессиясында қабылданды. ЮНЕСКО-дағы ресми атауы – *Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage* [13].

Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенцияның (бұдан әрі – 2003 ж. Конвенция) қабылдануы бүкіл Дүниежүзілік қоғамдастық үшін

мұндай мұраны қорғаудағы аса маңызды қадам болып табылады. Бұл конвенция – МЕММ-ды қорғауға арналған алғашқы халықаралық-құқықтық құжат.

2003 жылғы Конвенция 2006 жылғы 20 сәуірде күшіне енді, басқа мемлекеттер үшін ратификациялау, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы құжаттарды ЮНЕСКО Бас директорына тапсырудан кейін үш ай өткен соң міндетті болды. ЮНЕСКО деректері бойынша қатысушы мемлекеттер саны 180-ге жетті. Бұл жоғары нәтижелерді көрсетеді. Сонымен бірге Ресей Федерациясы, Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания және т.б. жетекші мемлекеттер қатыспайды [51].

2003 жылғы Конвенцияға қатысушы бола алатындар: тиісті конституциялық рәсімдерді сақтай отырып, ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттер (32-баптың 1-тармағы); ЮНЕСКО-ға мүше емес, бірақ ұйымның Бас конференциясы қосылуды ұсынған мемлекеттер (33-баптың 1-тармағы); БҰҰ тарапынан толық ішкі өзін-өзі басқаруға ие аумақтар ретінде танылған, бірақ БҰҰ Бас Ассамблеясының 1514 (XV) қарарына сәйкес толық тәуелсіздікке қол жеткізбеген және, мысалы, шарттар жасасу мәселелерінде құзыреті бар аумақтар (33-баптың 2-тармағы).

Конвенция бекіткен анықтамаларға сәйкес:

«Сақтау» – материалдық емес мәдени мұраның өміршеңдігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды білдіреді. Бұған анықтау, құжаттау, зерттеу, сақтау, қорғау, танымал ету, нығайту, беру (оның ішінде формалды және бейформалды білім беру арқылы), сондай-ақ мұраның әртүрлі қырларын қайта жандандыру кіреді.

«Қатысушы мемлекеттер» – осы Конвенцияға қосылған және оның ережелері қолданылатын мемлекеттерді білдіреді.

Конвенция «mutatis mutandis» тәртібімен 33-бапта көрсетілген аумақтарға қолданылады, олар осы бапта белгіленген шарттарға сәйкес Конвенцияға қатысушы болады. Осы мәнде «қатысушы мемлекеттер» ұғымы сондай-ақ аталған аумақтарға да қолданылады. «Mutatis mutandis» – бұл латын тілінен шыққан құқықтық термин, қазақшаға аударғанда «қажетті өзгерістерді ескере отырып» немесе «қажетті түзетулер енгізілген жағдайда» дегенді білдіреді.

Конвенция қабылдаудың мақсаты – бүкіл әлемде сақталған фольклорлық, рухани туындыларды, халықтық білім мен көркемдік қолданбалы туындыларды сақтау үшін қолданылатын халықаралық негіз құру болды. Конвенцияны қабылдауға дауыс беруден кейін баспасөз мәлімдемесін жасаған және отырысты басқарған Алжир ЮНЕСКО өкілі Мұхаммед Беджауи келісімнің мазмұны туралы мәлімдеме жасады. Конвенцияның бірінші нұсқасына қол қойылған және мүше елдер қарауы нәтижесінде аяқталады. Ол: «Барлық күрделі құрылымына қарамастан, материалдық емес мәдени мұра ұғымы әркім қабылдаған және сайып келгенде қоғамдардың мәдени сәйкестіктерін түсінудегі негізгі ұғым ретінде қалыптасқан тұжырымдамаға айналды», – деді [22].

ЮНЕСКО «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» Конвенцияда оның мақсаттары келесідей нақтыланған (1-бап): материалдық емес мәдени мұраны қорғау; осы мұраға қатысты қауымдастықтарды, топтар мен

жеке тұлғаларды құрметтеу; жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейде бұл мұраның маңыздылығына назар аудару; халықаралық ынтымақтастық пен қолдау көрсету.

Конвенцияға сәйкес, материалдық емес мәдени мұра – бұл халықтардың тілдері (ана тілі), фольклоры, өнері, ғылыми білімі, тұрмыстық дағдылары, салттары мен дәстүрлері сияқты рухани мәдениетінің ерекше құнды көріністерін қоса қамтиды.

БҰҰ БА бұл Конвенцияның қабылдануын жоғары бағалады. 2007 жылғы БҰҰ-ның Түпкі халықтар құқықтары туралы декларациясында 2003 жылғы ЮНЕСКО Конвенциясына сілтемелер бар: «Түпкі халықтар өздерінің мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтау және жаңғырту құқығына ие. Бұл олардың мәдениетінің бұрынғы, қазіргі және болашақ көріністерін – суреттерін, рәсімдерін, технологияларын, бейнелеу және орындаушылық өнерін, әдебиетін сақтау, қорғау және дамыту құқығын қамтиды». Декларация мемлекеттерді тиісті құқықтық қорғау тетіктерін қамтамасыз етуге шақырады [23].

«Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» Конвенцияның «Анықтамалар» деп аталатын 2-бабында бұл ұғымға мынадай анықтама берілген: «Материалдық емес мәдени мұра» – қауымдастықтар, топтар және кейбір жағдайларда жеке тұлғалар өздерінің мәдени мұрасының бөлігі деп танитын әдет-ғұрыптарды, көрініс нысандарын, өрнектерді, білімдер мен дағдыларды, сондай-ақ оларға қатысты құралдарды, заттарды, артефактілер мен мәдени кеңістіктерді білдіреді. Бұл материалдық емес мәдени мұра ұрпақтан ұрпаққа беріліп, қауымдастықтар мен топтар тарапынан өз ортасына, табиғатпен қарым-қатынасына және тарихына сәйкес үнемі қайта жасалып отырады және оларға бірегейлік пен сабақтастық сезімін береді, сөйтіп мәдени әртүрлілікті және адамның шығармашылық әлеуетін құрметтеуге ықпал етеді» [13].

ЮНЕСКО бекіткен «Қауымдастық» ұғымы әлеуметтік бірлікке, өзара әрекеттесуге, тиістілікке, мүдделердің жақындығына нұсқайды. Қауымдастықтар өз елінде қалыптасқан, сол халықтың ұлттық менталитетін айғақтайтын әртүрлі әлеуметтік және мәдени тәжірибемен тікелей байланысты. Кейбір қауымдастықтарға тиесілі ұлттық, дәстүрлі мәдениетіне тікелей араласқан, кіріккен халықтардың мәдениетінің әсері байқалады. Қауымдастық ұғымына түсіндіруге талпыныс білдірген ғалымдардың оның объективті (этникалық тиістілік, тіл, орналасу, әлеуметтік байланыстар) немесе субъективті (өзін-өзі тану, бірлік) формаларын талқылаған [124, 125, 132]. Қауымдастықтың өзінің мәдени мұрасын қорғауға қатысуы – оның мүшелерін мұраның айналасына жұмылдырып, оған жауапкершілік алуға қабілетті болуы. Алайда қазіргі заманғы қауымдастықтар өз табиғаты бойынша біркелкі емес. Әрбір қауымдастықта әртүрлі әлеуметтік қабаттар мен байланыстар бар. Қауымдастық ортасындағы әртүрлі топтар немесе көзқарастар өкілдері: бірі дәстүрлі мәдениеттің белсенді жақтаушылары; екіншісі мәдени мұраның бар екенін жоққа шығаратындар; үшіншісі құндылықтардағы инновацияларды қолдаушылар; төртіншісі мәдени мұраны тек коммерциялық немесе туристік өнім ретінде қарастырушылар. Қауымдастық ортасында мұндай күрделі

құрылым дамыған елдерде, халқының этнодемографиялық құрамы көп мемлекеттерде, постколлониялық мемлекеттерде, сондай-ақ өзге мәдениеттер ықпалына түскен мемлекеттер ішінде жиі кездеседі.

«Материалдық емес мәдени мұра» ұғымының көп кешенділігі мен алуантүрлілігі оның метериалдық (заттық) мұраның қалыптасуын, қолданыс аясын, тұрмыс-тіршіліктегі маңыздылығын рухани мұра тұрғысынан, оны жеткізуші «тұлға» ролімен біртұтас «тірі ескерткіш» деп қараудан көрінеді. «Материалдық емес мәдени мұра» – қазіргі таңда әлем ғылымында орныққан, әрі Қазақстан ресми қабылдаған ұғым [13; 42-43; 169, с.62-68]. МЕММ дәстүрлі танымммен түсіндіруді келесі кестемен ұсынамыз:

Кесте 1 – МЕММ-ді дәстүрлі танымммен түсіндіру

МЕММ						
мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, балық аулау, бау-бақша өсіру, табиғатты дәстүрлі пайдалану (жайылым, жер, су, тас.т.б. пайдалану)	үй жануарларын өсіру, аң-құс баптау, дала өсімдіктерін тұрмыста пайдалану, өңдеу	заттай мәдени мұра – баспана, жиһаз, бұйым, аспап, киімдер, тағамдар, әшекейлер, қару-жарақтар	рухани мәдени мұра – фольклор, салт-дәстүр, ғұрып, дін мен дәстүр, ән-саз, ойын, қолжазбалар, жазбаша мұралар	халық білімдер жүйесі: астрономиялық, табиғаттану, дәстүрлі емдеу; әскери-қорғаныс өнері	дәстүрлі тұрмыс, дәстүрлі орта (қала, ауыл, мерзімдік қоныс), шығармашылық орта, ұлттық мерекетойлар	тұрмыс қажетін өтеумен байланысты кәсіптер, қолөнер – шеберханалар, халық шеберлері, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын жасау

Конвенцияның мақсаттары үшін тек қана халықаралық құқықтағы адам құқықтары жөніндегі қолданыстағы шарттарға, сондай-ақ қауымдастықтар, топтар мен жекелеген тұлғалардың өзара құрметіне және орнықты дамуға сай келетін МЕММ қарастырылады. Конвенцияның 1-ші тармағындағы анықтамаға сәйкес, Қазақстанның Ратификациялау құжатында материалдық емес мәдени мұра мынандай салаларда көрініс табатыны нақты көрсетіліп, келесідей типтерге жіктелген:

(a) материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары;

(b) орындаушылық өнерлер;

(c) әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар;

(d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар;

(e) дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар [13; 42-43; 56, p.3].

Конвенция құжатына сәйкес МЕММ типтері «a, b, c, d, e» деп ағылшын тілі алфавитінің бастапқы бес әріпі шартты белгі ретінде бекітілген. Бұл шартты белгі МЕММ ескерткіштері типтерін Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұра ескерткіштері типтерінен айырымдық белгі ретінде тануға негіз болады. Осылайша, ЮНЕСКО-ның 2003 жылғы Конвенциясы материалдық емес мұраны

қорғау саласындағы қатынастарды реттейді. [13; 42-43]. МЕММ типтері қамтитын мұраларды келес кестемен түсіндіреміз:

Кесте 2 – МЕММ типтерінің мазмұны

МЕММ типтері	**МЕММ типтері мазмұны**
(a) материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары	фольклорлық мұралардың барлық үлгілерін жеткізу, ұрпаққа беру, қолжазбалар, тарихи жазбаша мұралар
(b) орындаушылық өнерлер	ән, би, музыка, музыкалық аспаптар, музыкалық аспаптарда саз орындау, дәстүрлі театрлар, жазбаша мұралар
(c) әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар	отбасылық әдет-ғұрыптар, ұлттық ойындар, ұлттық мерекелер, діни мерекелермен байланысты ұлттық ғұрыптар, қонақ күту, дәстүрлі этикетке қатысты басқа да мұралар
(d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар	баспана түрлері, тұрмыстық, шаруашылық бұйымдар, олардың қолданыс аясы, мал шаруашылығы, үй жануарларының жекеленген түрлерін ұлттық құндылық ретінде тану, егін шаруашылығы, бақташылық, балық аулау, аң-құс баптау, ас-тағамдар жүйесі, астрономиялық білімдер, халықтық медициналық білімдер, ветеринарлық білімдер, өсімдіктерден алынатын өнімдерді қолдану, табиғатты игеруге қатысты басқа да мұралар
(e) дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар	қосалқы және үй кәсіптері, тағам өндісі, тұрмыстық-шаруашылық кәсіптер – сабын қайнату, тұз өндіру, табиғат өнімдерін өңдеу т.б., қолөнермен байланысты кәсіптер – ұсталық, зергерлік, тоқымашылық, тігіншілік, ұлттық киім үлгілерін дайындау, көзешілік, т.б., мұраны ұрпаққа беру

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі «Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін қалыптастыру және жүргізу қағидалары» құжатын жасағанда ҚР «Мәдениет туралы» Заңының «Мәдени құндылықтар және Ұлттық мәдени игілік» атты 6-тарауының 32-бабына сүйене отырып, элементтерді келесідей 7 типке бөлген:

1) МЕММ жеткізгіші ретінде тілді қоса алғанда, пайымның ауызша дәстүрлері мен нысандары; 1-1) қазақ тілінің сөздік қоры;

2) орындаушылық өнерлер;

3) салттар;

4) әдет-ғұрыптар;

5) мейрамдар;

6) табиғат пен әлемге жататын білім және салттар;

7) дәстүрлі кәсіптермен байланысты білім және дағдылар жатады [39; 44, б.3]. Алайда, бұл отандық құжаттарда Ұлттық тізімге алу үдерісіндегі МЕММ типтерінің шарттары, «салттар» типіне қандай элемент, «әдет-ғұрыптар» типіне қандай элемент жататыны ашып көрсетілмейді. Бұл нормативтік сілтеме ЮНЕСКО бекіткен «(c) әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар» деп аталған

типінің отандық нормативтік сілтемеде неге үш топқа бөлгеніне түсінік бермейді [42, 43].

ЮНЕСКО-ның Мәдениет және табиғат ескерткіштерін қорғау мен МЕММ-ді қорғау, яғни бір-бірімен тығыз байланысты екі бағыттағы Конвенцияны қабылдаудағы басты мақсаты – заттай ескерткіштердің қалыптасуын, олардың қолданыс аясын, өмір сүру ортасын табиғаттың бір бөлігі ретінде халықтық білім тұрғысынан қарастыру, яғни заттай ескерткіштердің адамның тіршілік ету қарекетінде алатын орнын, жасау, қалыптастыру тәжірибесімен бірге қарастыру арқылы көздеген нысанның толық бейнесін қабылдату [41- 43].

ЮНЕСКО МЕММ әрбір халықтың ата-бабасынан бастап, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ауызша дәстүрлер, орындаушылық өнер, әлеуметтік тәжірибелер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, мерекелік шаралар, табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен дағдылар немесе дәстүрлі қолөнерді жасау білімдері мен дағдылары сияқты дәстүрлер немесе өміршең мұралар кіретіндігін арнайы нормативтік құжаттармен реттеді [13-14, 50-51].

МЕММ қазіргі жаһандану заманында технологиялар мен модернизация әсерінің қарқынды қыспағының болғанымен ол әлемдегі мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңызды факторы болып табылады. Әртүрлі қауымдастықтардың МЕММ-ді түсінуі мәдениетаралық диалогқа көмектеседі және өмірдің басқа тәсілдерін өзара құрметтеуге шақырады. МЕММ Дүниежүзілік идеологиялық аренаға, Халықаралық ынтымақтастық аренасына шығуының басты миссиясы мәдени құндылықтардың сақталуында ұрпақтан-ұрпаққа берілетін білім мен дағдылардың маңыздылығын арттыруға қолдау көрсету.

ЮНЕСКО-ға қатысушы мемлекеттердің әлем елдері арасындағы экономикалық, саяси ықпалына қарамастан, дамыған, дамушы мемлекет деп бөлмей, қатысушы мемлекеттердің тепе-тең қарай отырып, олардың мұраларының халық үшін, ұлт үшін маңыздылығын қолдай отырып, қорғау – әлем халықтарының арасындағы бейбітшілікті қорғаудың бір кепілі болып саналады.

ЮНЕСКО қазіргі заманғы жаһандану жағдайында материалдық мәдениетті, оны қалыптастырушы құндылық МЕММ-мен бірге біртұтас деп қорғау, сақтау өте маңызды екенін алға тартады. ЮНЕСКО-ның Халықаралық бағдарламасында материалдық мәдениет тарих және табиғи мұраларды қорғауды талап етсе, МЕММ ұлттық дәстүрлер мен рухани құндылықтарды сақтауға бағытталады [110, s.33-49; 110, s.35-41].

2003 жылғы Конвенцияға сәйкес ЮНЕСКО қорғауына алған МЕММ компоненттері:

- *дәстүрлі, заманауи және тірі мұра:* тарихи дәуірлерден, ұрпақтан ұрпаққа жеткен дәстүрлі мұра; әртүрлі мәдени топтарға тән қазіргі заманғы ауыл және қала әдет-ғұрыптары;

- *инклюзивтілік немесе МЕММ бір бөлігі ретінде танылады:* белгілі бір халықтың МЕММ-нің басқа халықтармен ұқсас мәдениеттерінің ұқсас түрлерінің немесе ортақ мәдениеттердің көрші немесе жергілікті жерге басқа

өңірден қоныс аударып келген халықтың мәдениетінің әсерінен туындауы, оны жергілікті халықтың өзіне бейімдеуі немесе әртүрлі тарихи байланыстар әсерінен басқа халықтан келуіп таралуы, кірігуі әсерінен туындаған мәдениет; жергілікті халықтың әртүрлі тарихи себептермен басқа мемлекет аймағына қоныс аударып, өзінің ұлттық құндылығын қоныс аудырып барған жердің халықтың мәдениетіне бейімдеп сақтауы, сол жердің жергілікті халық мәдениетінің әсерінің болған МЕММ; бейімделу немесе әсер ықпалына түскен мәдениетте ұрпақтан ұрпаққа беріліп жетті, қоршаған ортаға жауап ретінде дамыды, МЕММ бұл түрін қорғау адамдарға бір немесе әртүрлі қауымдастықтың бір бөлігі немесе тұтастай қоғамның бір бөлігі ретінде сезінуге көмектеседі, әлеуметтік бірлікке ықпал етеді;

– *өкіл:* МЕММ ретінде дәстүрлер, дағдылар мен әдет-ғұрыптар туралы білімді сақтау, ұрпақтан ұрпаққа немесе басқа қауымдастықтарға жеткізетін буынға, адамдарға байланысты. МЕММ жеткізуші өкіл «тірі мұра», «тірі құндылық» – адам, тек мәдени игілік ретінде ғана емес, оның эксклюзивтілігі немесе айрықша құндылығы үшін де бағаланады;

– *қоғамдастық негізінде:* МЕММ оны жасайтын, қолдайтын және тасымалдайтын қауымдастықтар, топтар немесе жеке тұлғалар мойындаған жағдайда ғана мұра бола алады. Олардың мойындауынсыз басқа ешкім олардың мұрасы екенін шеше алмайды. Яғни әр халық ата-бабасы қалыптастырған немесе кейінгі тарихи дәуірде қалыптасқан өзінің құндылығының мұрагері ретінде санауын Халықаралық ұйымның мақұлдауы үшін басты қағида.

ЮНЕСКО 2003 жылғы Конвенция шарттарын мүше мемлекеттердің қолданысына, әрі халыққа кең түсіндіру мақсатында баспа түрінде, кітап етіп 2014 жылдан бері әр екі жыл сайын қайта шығарып енгізіп отырады. «Basic Texts of the 2003 Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage» деп аталатын кітаптың соңғы қайта басылымы 2024 жылы ағылшын, француз, испан тілдерінде жарық көрді. Алдыңғы нұсқалары араб, қытай, орыс тілдерінде де басылған болатын [13].

МЕММ-нің кез келген басқа мұра типтерінен негізгі шарттары деңгейінде түбегейлі айырмашылығы бар екендігі, олардың жүйеленуіне жасалған талпыныс 3-кестеде айқын көрсетілген.

Кесте 3 - Мәдени мұраны бағалау шарттары

Шарттар	**Материалдық емес мәдени мұра**	**Материалдық мәдени мұра**
1	**2**	**3**
Түпнұсқалық пен тұтастық болуы	Үнемі өзгеріп отыратын мұраға қатысты қолданылмайды	Негізгі анықтамалар
Тиесілілік, жауапкершілік (негізгі бенефициалар)	Қызығушылық танытқан қауымдастықтар, топтар, жеке тәжірибелер мен иеленушілер	Мемлекет немесе жеке меншік иесі
Сақтау	Тіршілік әрекетін қолдау және қоғамның ақпараттандыру деңгейін арттыру, орнықты дамуды қолдау	Консервация, реставрация, реконструкцияны орнықты пайдалану

3 – кестенің жалғасы

1	2	3
Мемлекет пен қоуымдастықтың ролі	Келесі ұрпаққа жеткізуші, тасымалдаушы, насихаттау	Қорғау, сақтау, жөндеу, қайта құру
Заңнамалық саясат	МЕММ тасымалдаушыларын қолдау, олардың құқықтарын қорғау, салааралық саясат, құқықтық реттеу, Ұлттық тізім қалыптастыру, Ұлттық, тізім қалыптастыру	Мұра объектілерін қорғау, мәдени-саясат және құқықтық реттеу, ұлттық және жергілікті тізім қалыптастыру, паспорттау, нормативтік сілтемелер

Мәдени мұраға қатысты барлық іс-әрекеттердің орталығында нақты қауымдастықтардың мүдделері мен құқықтары жатыр. МЕММ ұғымына қатысты әлем елдерінде әртүрлі ғылыми пікірталастардың таралуы бұл ұғымның ғылым әлемінде талқылауға сұранған өзектілігін айғақтай түседі.

Рухани мәдени мұраның мәні – оның тірі адамдар арқылы жеткізіліп, тірі аудиториямен қабылдануында. Сондықтан рухани мәдени мұраны сақтау мақсатында оны «мумификациялау», яғни сақтау әрекеттері оны құнсыздандыру қаупін тудырады. Ол әрдайым қазіргі заманның контекстінде дәл бұрынғыдай тірі болып қалуы керек және өзінің шығармашылық сипатын сақтауы қажет [172, с.59-64]. Г.П. Пирожков, мұраны күрделі және бірегей әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде кеңістікте және уақытта өмір сүретін, білімдермен үнемі өзгеріп отыратын күрделі сан алуан жүйе ретінде қарастырған жөн, мұра мәдениеттің негізгі жады мен ақпараттық коды, ол тарихтың барлық кезеңдерінде мәдениеттер диалогы форматында әрекет етеді, – деп есептейді [126, с. 44-48].

2003 жылғы Конвенцияда «қорғау» деген ұғым МЕММ-нің өміршеңдігін қамтамасыз ету, оны сәйкестендіру, құжаттау, зерттеу, сақтау, қорғау, танымал ету, оның рөлін арттыру, формальді және формальді емес білім беру арқылы берілуін, сонымен қатар осындай мұралардың әртүрлі аспектілерді жаңғырту сияқты шараларды қабылдау дегенді білдіреді [13, 43].

МЕММ-нің айрықша белгілерінің бірі – дәстүрлердің, білімнің, дағдының, тәжірибенің берілуі, адамдардың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын жанды қарым-қатынас процесі және олардың күнделікті өмір пайдаланылатынын көрсетеді. МЕММ дамытатын қауымдастықтар халықтық білім және дәстүрлі кәсіппен байланысты білім мен дағдыларды, қайта жаңғыртуды, сақтауды және қолөнер техникасын қолөнершілердің кейінгі ұрпақтарына берілуін, осы мұраны көрсете отырып, және сонымен қатар жергілікті халықтың күнделікті тұрмысында қолөнер бұйымдарын белсенді пайдаланылуын қорғауды іске асырады.

ЮНЕСКО құжаттарында материалдық емес мәдени мұраның ерекше сипатына қатысты «тірі мұра» немесе «тірі мәдениет» (living heritage, living culture) терминінің қолданылуы да кездеседі [83]. Ғылыми әдебиеттерді қарастырғанда «Тірі мәдениет» терминінің біртұтас анықтамасының жоқтығын көрсетті.

«Мәдени құндылықтарды сақтау және қалпына келтіру жөніндегі халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» (ICCROM) зерттеулері негізінде «Материалдық емес мәдени мұраның барлық құрамдас бөліктері, қоғамдастықпен сабақтастық, құндылықтарды дәстүрлі пайдалану және дәстүрлі тәжірибелердің барлығы «тірі мұра» болып саналады [84]. Жоғарыда келтірілген тірі мәдениет пен МЕММ анықтамаларынан көрініп тұрғандай бір бөлігі дәстүрлі қолөнер болып табылатын бұл ұғымдардың бір-бірімен тең, әрі тығыз байланысты. МЕММ-нің әрбір мемлекет үшін және жалпы халықаралық қауымдастық үшін маңызы зор. Осыған байланысты ЮНЕСКО сарапшысы Эврим Өлчер «Материалдық емес мәдени мұра мен тұрақты даму мақсаттары адамзаттың өткені мен болашағы арасында маңызды көпір орнатады», – деген қазіргі мен болашақты қатар ойлаудан туған тұжырымын ұсынады [111, s.7].

ЮНЕСКО қағидатына сәйкес ән, ертегі, жыр-дастан, аңыз, дәстүрлі ойын, қолөнер, музыка, би, аспаздық өнер, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар мен рәсімдер – ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан МЕММ-нің мәдени әртүрліліктің бір бөлігі ғана. Жаһандану үдерісінің күшеюімен осы мәдени мұра элементтерінің кейбірінің жойылып кету қаупі артып келеді. ЮНЕСКО бұл құнды мұраны қорғау мақсатында қатысушы мемлекеттердің қауымдастықтарымен бірлесе жұмыс істейді. ЮНЕСКО мәдени мұраны түсіну аясын кеңейтіп, мемлекеттік саясаттың дәстүрлер мен халықтардың «Жанды мұрасының» сақталуына ықпал етуінің бірі – МЕММ қорғау туралы конвенцияның қабылдануы. Ол мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын мойындай отырып, мемлекеттердің осы саладағы күш-жігерін біріктіруге жол ашты.

ЮНЕСКО-ның МЕММ-ге қатысты басты басымдықтарының бірі – халықты өзінің жанды мұрасын құжаттауға және зерттеуге жұмылдыру, осылайша бұл рухани мәдениеттің келеше ұрпаққа берілуіне ықпал ету. Қабілеттілікті арттыруға бағытталған арнайы бағдарламалар адамдардың осы мұраны меңгеріп, тәжірибелі маман ретінде дамуына мүмкіндік береді. Құрамына 24 елдің өкілдері ротация тәртібімен кіретін ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мұраны қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитеті Дүниежүзілік деңгейде маңызды мәдени құндылықтарды қорғау тиімділігін арттыру және олардың адамзат үшін маңыздылығы туралы хабарлардылықты күшейту мақсатында МЕММ тізіміне жаңа мәдени тәжірибелерді тіркеуді жалғастырып келеді. Ротация тәртібі негізінде бір мемлекет үздіксіз жетекшілік ете бермейді, Үкіметаралық комитетке әр мемлекеттің қатысып, белсенділік тануға мүмкіндік жасалады. Қазақстан 2018-2022 жылдары ЮНЕСКО МЕММ Үкіметаралық Комитет құрамына сайланды. Бұл Қазақстан ЮНЕСКО МЕММ Ұлттық комиссиясының халықаралық келісім-шарттағы алғашқы қадамы болды.

ЮНЕСКО-ның МЕММ-ге қатысты міндеті – элементтерін қай елде болмасын барынша сақтап қалу арқылы қауымдастықтарға қолдау көрсету және мәдени тәжірибелердің келешек ұрпаққа берілуін қамтамасыз ету. Ғаламдық деңгейде бұл білімдер арқылы қазіргі заманның өзекті мәселелерін шешу үшін тиімді пайдалануға болады [114, s.52-55]. Себебі «Жанды мұра» XXI ғасырда адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдікті қалпына келтіру мен әлеуметтік

байланыстарды нығайтуға қатысты болып жатқан сын-қатерлердің жауабын табуға мүмкіндік береді.

МЕММ – әрбір мемлекеттің символы, бренді, коды немесе айырымдық белгісі болып табылады, оның бірегейлігін көрсетеді және тарихтың бір бөлігі болып есептеледі. МЕММ нысандары немесе туындылары ұрпақтан ұрпаққа берілуімен қатар, қоғамдар мен топтар тарапынан қайта жасалып отырады, бұл олардың қоршаған ортасына, табиғатпен өзара байланысына, тарихына байланысты. МЕММ-ді сақтау және оны дәріптеу ғылым, техника және т.б. салалармен қатар қоғамды дамуға ынталандырады, алға ілгерілеуіне септігін тигізеді және сонымен қатар әрбір халық пен мемлекеттің бірегейлігін сақтауға көмектеседі деп ойлаймыз. МЕММ өткенді сақтауға емес, сонымен бірге қоғамды алға жылжытуға да ықпал ететіндіктен, тарихи маңызы зор.

2004 жылы Жапонияның Нара қаласында өткен «Материалдық және материалдық емес мәдени мұраны сақтау: интеграцияланған тәсілге қарай» атты Халықаралық конференцияда ЮНЕСКО-ның сол кездегі Бас директоры Коичиро Мацуура сөйлеген сөзінде: «1964 жылы қабылданған Венеция хартиясы «мәдени мұраны» қорғаудың негізгі доктриналық құжаты ретінде халықаралық деңгейде танылып, осы бағыттағы ғылыми-тәжірибелік қызметтің іргетасын қалады. Сол уақыттан бері ЮНЕСКО Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесіндегі мәдени көшбасшы ретінде стандарттық нормалар әзірлеп, оларды жүзеге асыруға жәрдемдесіп қана қоймай, мәдени мұра ескерткіштері мен нысандарын қорғау бойынша ауқымды іс-шараларды жүзеге асырып келеді. Дегенмен, «мәдени мұра» ұғымы уақыт өте келе қоғамның дамуымен бірге өзгеріп, әрбір аймақ пен мәдени кеңістікте өзіндік қырынан түсіндіріліп келеді. Бұл құбылыс мәдени мұраға деген көзқарастың тарихи, әлеуметтік және мәдени контекстерге тәуелді екендігін көрсетіп, оны қорғау ісінде әмбебап қағидаттармен қатар аймақтық ерекшеліктерді де ескерудің маңыздылығын айқындайды [88, p.12].

МЕММ халықаралық қоғамдастық үшін маңыздылығын арттыруға қатысты 2003 жылғы Конвенцияда келесідей ұсыныстар берілген:

Біріншіден, Конвенцияның 1-бабына «Материалдық емес мәдени мұра» ұғымын енгізу қажеттігі көрсетілген. Бұл ұғым ЮНЕСКО-ның 2003 жылғы 17 қазанда қабылданған Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі конвенциясына сәйкес ерекше қорғалатын мәдени құндылықтарды қорғауға бағытталған Халықаралық құжаттардың алғышарты деп тануға болады [13].

Екіншіден, қарулы қақтығыс жағдайында МЕММ объектілеріне күшейтілген құқықтық қорғау режимін қолдану мүмкіндігін қарастыру қажет. Екінші хаттаманың 5, 6, 8-11-баптарында көрсетілген күшейтілген қорғау нормаларын МЕММ-ға да қолдануға болады деп есептейміз, өйткені бұл объектілер де бірегей және «адамзат үшін орасан зор маңызға ие» (Екінші хаттаманың 10-бабын қараңыз). Конвенция мен хаттамалардағы нормалардың біркелкі түсіндірілуі мен құқықтық қолданылуын қамтамасыз ету үшін 10-баптың 1-тармағын келесі редакцияда нақтылау ұсынылады: «Мәдени құндылықтар, оның ішінде МЕММ объектілері, келесі үш шартқа сай болған жағдайда, күшейтілген қорғауға алынуы мүмкін». Сол бапқа екінші тармақ

қосылып, онда «материалдық емес» табиғаты ескеріліп, мұндай объектілерге күшейтілген қорғау шаралары қолданылатыны көрсетілуі керек. Яғни, қандай да бір сәулеттік өнер туындысы тарихи ғимарат немесе кесене т.б. халық шеберінің ата-басынан мұра етіп алған құрылыс білімі, құрылыс материалдарын алу, дайындаудағы табиғатты дәстүрлі игеруі, табиғатпен етене өмір сүруі нәтиесінде жасаған туындысының табиғи ортаға үйлесімділігін, экоортадағы тіршілігін қоса қамтамасыз ету білімін қоса қорғау маңызды екенін Халықаралық ұйым басты қағида ретінді алға шығарды.

МЕММ алуантүрлілігі.

МЕММ дамыту қағидаты БҰҰ БА діндер мен өркениет арасындағы диалогқа қатысты мәселелерді де қамтиды. БА діндер мен өркениеттер арасындағы диалог пен өзара түсіністікті ілгерілету әртүрлі діни сенімдегі халықтардың дәстүрлі құндылықтарын құрметтеу арқылы мемлекет ішіндегі және мемлекеттер арасындағы тұрақсыздықтың көптеген көздерін болдырмауға болады, – деген қағиданы қоса ұстанады. Сондай-ақ, барлық діндер, мәдени дәстүрлер және өркениеттік тәжірибелер – жалпыадамзаттық құндылықтардың ажырамас бөлігі, халықтар арасында жоғары немесе төмен өркениеттер, нәсілдер, мәдениеттер мен тілдер жоқ, деген ұстаным басты қағиданың бірі болып саналады. Бұл ұстанымдар МЕММ тұрақты дамуын қамтамасыз етуге көмектеседі [22-26].

2008 жылғы Пномпеньдегі «Бейбітшілік пен келісім мүддесіндегі дінаралық ынтымақтастық жөніндегі диалогтың» қорытынды құжатының 5-тарауында Камбоджа Корольдігінің үкіметіне бай кхмер мәдени дәстүрлерімен танысу мүмкіндігін ұсынғаны үшін алғыс білдірілді және рухани күйге назар аудару, бейбітшілікті нығайту мен қақтығыстарды реттеудегі рөлі танылды [25].

Кейінгі резолюцияларында БҰҰ БА мәдени мұраны, оның ішінде материалдық емес мұраны сақтау мәселелерін бірнеше рет көтеріп, түрлі мәдениеттер, діндер, нанымдар және өркениеттер арасындағы диалог пен өзара түсіністікті дамыту үшін барлық деңгейдегі байланыстарды кеңейту қажеттігін атап өтті. БА БҰҰ барлық халықтар мен ұлттар үшін мәдени мұра мен дәстүрлерді бейбітшілік, төзімділік және өзара құрмет жағдайында сақтау мен дамыту маңызды екенін мойындайды.

A/RES/64/174 резолюциясының 3-тарауына сай БҰҰ БА әр адамның мәдени өмірге қатысу және ғылыми прогресс игіліктерін пайдалану құқығын таниды. Сондай-ақ, бұл 4-5 тарауына сай құжат жаһандану тудырған мәселелер мен мүмкіндіктерге халықаралық қауымдастықтың әрекет етуі қажет екенін және мәдени алмасу арқылы мәдени әртүрлілікті қолдауы тиіс екенін растайды.

Жоғарыдағы құжаттар БҰҰ БА мәдениет саласындағы мәселелерді шешуге, мәдениетті қорғауға арналған резолюциялар қабылдау бойынша белсенді жұмыс жүргізетін бас орган екенін айғақтайды. Резолюциялар ұсынымдық сипатқа ие болғанымен, олардың құрамында мемлекет өз ішкі ресурстары арқылы орындауға тиіс іс-қимыл жоспары болады. Қабылданған барлық резолюцияларда БҰҰ БА материалдық емес мәдени мұраны ұлттық және халықаралық деңгейде қорғаудың маңыздылығын мойындайды.

2025 жылғы 24 қыркүйекте мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясындағы Жалпы дебатта сөйлеген сөзінде: «Ғылым, медицина, спорт, дін және мәдениет сияқты жаһандық игіліктер геосаяси бөліністің құралына айналмауға және санкция салуға себеп болмауға тиіс. Адамзат өміріндегі бұл ізгі құндылықтар бізді гуманизм идеясына біріктіреді. Саясаткерлер жауапкершіліктен жұрдай мәлімдеме жасағанда немесе дін мен болмысты саяси ұпайын түгендеу үшін бұра тартып, ағат әрекетке барғанда сенімге селкеу түсіп, бейбітшілікке ұмтылған ерік-жігер жасиды. Анығында, саяси көшбасшылық – бір-біріне күмән-күдікпен қарап, менмендік таныту емес, өзара түсіністік пен құрметтен тұрады. Әлемге тірек болып тұрған толеранттылық пен парасаттылық заң үстемдігіне арқа сүйеуі қажет», – деп баса айтты [38].

Жаһандану жағдайында елдер мен мәдениеттер бір-бірімен тығыз байланыста болып жатқан кезде мәдениетаралық және өркениетаралық диалог басты рөл атқаратыны анық. Түрлі мәдениеттер мен әлеуметтік-саяси жүйелердің өзара әрекеттесуі әртүрлілікті құрметтеуді және түрлі тарихи және мәдени контексттерді түсіну және ескеруді талап етеді. Халықаралық қақтығыстар, көші-қон ағындары, климаттың өзгеруі сияқты заманауи сын-қатерлер бірлескен шешімдерді іздеуді талап етеді, бұл әртүрлі елдер мен халықтардың ерекшеліктері мен мүдделерін ескермеу мүмкін емес. Өркениеттер арасындағы диалогты дамыту түсініспеушіліктер мен қақтығыстардың алдын алуға ғана емес, мәдениеттер, экономикалар мен әлеуметтік жүйелер деңгейінде өзара әрекеттесуді байытуға көмектеседі. Мұндай диалогтың маңызды аспектілері: мәдени әртүрлілікті сақтау – әрбір мәдениеттің бірегейлігін құрметтеу және оның басқаларды басып тастамай, дамуына мүмкіндік беру; білім және тәжірибе алмасу – ынтымақтастық арқылы елдер ғылым, білім, экономика және технология сияқты салаларда тәжірибе алмаса алады; тарихи контекстті түсіну – тарихи процестер әртүрлі мәдениеттер мен олардың бір-бірімен қарым-қатынастарын қалай қалыптастырғанын тану маңызды.

Діни құрамдас бөлік, мәдени-тарихи дәстүрлердің өте маңызды факторы ретінде әлемдегі плюралистік перспективаларды түсінуде зор маңызға ие, олар өз кезегінде «көпполярлық» Дүниежүзілік тәртіпті қалыптастыру идеясымен тығыз байланысты. Рухани-адамгершілік қағидаттар әрбір мәдениеттің жеке негізін ғана емес, сонымен қатар әлемдегі барлық мәдениеттердің негізін құрайды. ЮНЕСКО-ның негізгі идеясының бірі бүгінгі таңда бүкіл әлем үшін дағдарыс кезеңінде «барлық елдер мен халықтардың теңдігі әлем мәдениетінің негізі ретінде» болады, яғни әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени сәйкестілікпен байланысты тәуелсіз даму.

МЕММ қорғаудың жүзеге асу деңгейлері.

ЮНЕСКО-ның бастамасымен МЕММ-ды қорғау үш деңгейде жүзеге асады: халықаралық, ұлттық және жергілікті. Халықаралық деңгейде бұл ұйым мұраны қорғау тетіктерін ұсына отырып, үздік тәжірибелермен алмасуға жағдай жасайды, сондай-ақ МЕММ-ды Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізу арқылы жаһандық деңгейде

мойындалуын қамтамасыз етеді. 2003 жылы қабылданған «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенция» осы саладағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі құжаты болып табылады. Бұл конвенция арқылы мемлекеттер МЕММ-ды анықтау, тіркеу, сақтау және ұрпаққа жеткізу міндеттемелерін қабылдайды.

Қазіргі жаһандану жағдайында мәдени әртүрлілікке төнетін қауіп артып келеді. Осыған байланысты ЮНЕСКО-ның басты басымдықтарының бірі – жастарды МЕММ-ді сақтау ісіне кеңінен тарту болып отыр. Бұл тек өткенді құрметтеу ғана емес, сонымен қатар болашаққа бағытталған стратегиялық қадам.

ЮНЕСКО-ның бастамасы бойынша жастарды өздерінің рухани мұрасын құжаттауға, зерттеуге және оны қайта жаңғыртуға белсенді түрде қатыстыру мақсат етілуде. Бұл үрдіс олардың ұлттық болмысын, тарихи жадын терең ұғынуына септігін тигізіп қана қоймай, сондай-ақ мәдени мұраның табиғи жолмен ұрпақтан ұрпаққа берілуіне жағдай жасайды. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін ЮНЕСКО келесідей істерді жолға қойған: арнайы білім беру және оқыту бағдарламаларын әзірлеу; жастарға арналған шеберлік сыныптарын, семинарлар мен тренингтерді ұйымдастыру; сандық технологиялар арқылы мұраны құжаттау және танытуға жағдай жасау (мысалы, аудиовизуалды мұрағаттар, деректі фильмдер, онлайн платформалар т.б.); жастардың қатысуымен өтетін фестивальдер мен мәдени шараларды қолдау [60, p.7-8].

«Capacity-building» (әлеуетті арттыру) деп аталатын арнайы бағдарламалар арқылы жастарға нақты бір мәдени дәстүрді зерттеу мен игеру барысында кәсіби дағдылар қалыптастырылады. Бұл жастардың тек зерттеуші емес, сол мұраны тікелей таратушы – практик маман ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді (мысалы: шеберлер, орындаушылар, қолөнершілер, т.б.). ЮНЕСКО-ның бұл бағыттағы жұмысы мәдени мұраны сақтау ісінде белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастырумен қатар, жастарды тұрақты дамуға тартудың маңызды құралы болып отыр. Себебі, мәдени мұра – бұл жай ғана өткеннің естелігі емес, ол қазіргі ұрпақтың әлеуметтік тұтастығы мен ұлттық бірегейлігінің тірегі. Осылайша, мәдениетаралық диалог анағұрлым үйлесімді және өзара тиімді өзара іс-қимыл үшін негіз жасауға көмектесуі жаһандық өзара тәуелділік жағдайында ерекше маңызды. Дәстүрлі материалдық емес құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа, адамнан адамға беру, институционалды ұйымдастырылған формаларды айналып өтіп жүзеге асады, ал олар үнемі қауымдастық тарапынан қайта жаңғыртылып отыруы тиіс. Мұндай мұраны мұрагерлік ету тәсілі бір ізді емес. Құндылықты болашаққа жеткізудің ұрпақтан ұрпаққа берілуінің бір жолы генетикалық тұқым қуалаушылықпен байланысты болса, екіншісі кейінгі буынды халықтық білім негізінде үйрету, тәрбиелеу арқылы беру ізділігі, үшіншісі арнайы оқу орындарында, шеберхана, үйірмелерде жеке немесе топтық білім беру арқылы беру ізділігі. XX ғасырда жаңғырту және жаһандану процестеріне байланысты материалдық емес мәдениеттің көптеген формалары ұмытылу мен жойылуға бет алды, өйткені қоғамда дәстүрлерді сақтауға қажетті ұстаным жоғалып барады. Халықаралық қауымдастық материалдық емес мұраның көптеген формалары

бүгінде жоғалу қаупінде тұрғанын мойындап, оларды табиғи ортада сақтау жолдарын белгіледі.

ЮНЕСКО негізінде ғылыми қауымдастық рухани мәдени мұраны сақтау үшін бірнеше жолдарын ұсынады:

– *бірінші жол* – тұрақты дәстүрлі стилі бар театрландырылған өнер түрлері үшін, сюжеттің тұрақты және жазбаша мәтінге негізделген болуын қамтамасыз ете отырып, орындау шеберлігін болашақ ұрпаққа толықтай жеткізу маңызды. Бұл тірі мәдени мұра үлгісін сақтау үшін жаңа орындаушылар ұрпағын ұзақ мерзімді даярлау қажет, оны жақсы қаржыландырылатын ірі институттарда ұйымдастырған жөн.

– *екінші жол* – ертегі айтушы, жыршы, әнші, мұраны ауызша жеткізушілерге арналған. Олардың ауызша шығармашылығы тыңдаушылармен тікелей тірі байланысты қажет етеді.

Бұл жанрда дәстүрлі мәдениеттің формасы мен рухын сақтау және жеткізу қажет. Тіпті классикалық сюжеттер де жалпыға белгілі мәтінге сүйенбей, қайтадан жаңадан жасалған тірі ауызша композиция түрінде баяндалуы тиіс. Мысалы, Жапонияда көптеген өңірлік немесе өңіраралық кітапханалар жанында жұмыс істейтін ертегішілер қауымдастықтары жаңа ертегішілерді даярлап, ересектер мен балалар аудиториясына арналған өз өнерлерін үнемі көрсетіп отырады. Егер Жапонияда мұндай қызмет енді ғана дамып келе жатса, Германия мен АҚШ сияқты басқа елдерде ол ауызша мәдени мұраны сақтауға ықпал етіп келеді. Ертегі айту, ертегі айтушыларды дайындау дәстүрін қазіргі таңда Түркия мемлекеті жақсы жолға қойған. Түркия мемлекеті 2009 жылы адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне «Қаракөз» көлеңкелі театр арқылы ертегі айту дәстүрін енгізген [213].

– *үшінші жол* – МЕММ-ді сақтаудың тиімді жолдарының бірі – жазып алу, мұрағаттау арқылы сақтау және фольклорлық дәстүрлердің тасымалдаушылары мен жас орындаушыларын белсенді қолдау. ЮНЕСКО-ның қорғау тізімдері жасала бастады, соған сәйкес халықаралық қауымдастық МЕММ-нің бірқатар нысандарын өз қамқорлығына алды. Олардың қатарына Қытайдың «Куньцю операсы», Сицилияның «Марионетка театры», Эквадор мен Перудегі «Сапара халықтарының ауызша жыр жеткізу дәстүрі», «Сібірлік ескі дәстүрлі діни қауым мәдениеті», Грузиннің «Көп дауыста ән айту өнері» және т.б. жатады [57]. МЕММ ұғымы мұра объектілерін ғана емес, сонымен қатар мұраны мұрагерлеу тәсілдері мен дәстүрді беру үшін қолданылатын әлеуметтік механизмдерді де қамтиды. МЕММ категорияларын халыққа жеткізу, түсіндіру, жұмыс нәтижелерін жария ету ЮНЕСКО дипломаттарының, Үкіметаралық комитеттің комиссия мүшелерінің басты миссиясы болып саналады. «Ұлттық киім үлгісін қоса насихаттайтын дәстүрлі би, ежелгі ауыл шаруашылық жүргізу әдістері, музыка және ауызша дәстүрлер өмірімізге мән беріп, тарихымызды сақтайды – мұның бәрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан МЕММ-ді құрайды. Жаһанданудың күшеюімен осы мәдени мұраның кейбір элементтері сырттан көмексіз жойылып кету қаупі бар. ЮНЕСКО әр халықтың тірі мұраларын қорғау үшін қауымдастықтармен жұмыс істейді. Мұраны қастерлеу – оны сақтау ғана

емес, келешек ұрпаққа аманат ету. Демек, жастар мұраны қолға алып, оны мақтан тұтып, одан әрі дамыта білуі керек», – деді ЮНЕСКО-ның экс Бас директоры Одрэ Азуле [1]

ЮНЕСКО-ның МЕММ қорғау шарасы патриоттық және азаматтық қасиеттерді қалыптастыруға, руханилық пен адамгершілікке тәрбиелеуге, отбасылық және қоғамдық қарым-қатынастарды тұрақтандыру мен үйлестіруге ықпал етеді. МЕММ-ді қорғаудың тәрбиелік мәні тұлғаны тәрбиелеу адамзатты рухани мұраға баулудан басталады, ал оның қалыптасуы осы мұраны арттыруға деген жауапкершілікті сезінуден бастау алады. МЕММ-ді дамыту мемлекеттердің ішкі идеологиялық саясатында балалар мен жастар арасында жағымсыз әлеуметтік құбылыстардың алдын алу және оларды еңсерудің тиімді құралы болып табылады. МЕММ-ді қорғауды іске қосу көмегімен ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін қалпына келтіру және дамыту, халықты жұмыспен қамту мәселесін шешу, мүмкіндігі шектеулі адамдарды бейімдеу және басқа да маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге болады.

1.2 ЮНЕСКО-ның мұралар тізімі желісіндегі Қазақстанның орны

Дүниежүзілік мұра тізімі

1972 жылғы Конвенцияға сәйкес Дүниежүзілік маңызы бар нысандарды «Дүниежүзілік мұра» тізіміне біріктіреді. Дүниежүзілік мұра (ағылш.*World Heritage*, фр. *Patrimoine Mondial*, ис. *Patrimonio Mundial*) – ЮНЕСКО тарапынан бекітілетін, адамзат үшін ерекше мәдени, тарихи немесе экологиялық табиғи маңызы бар деп танылатын табиғи немесе адам қолымен жасалған нысандар.

2025 жылдың қазан айындағы жағдай бойынша 196 қатысушы мемлекет ЮНЕСКО-ның «Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраларды қорғау» туралы Конвенциясын ратификациялады. Дүниежүзілік мұра Конвенциясына қатысушы 196 мемлекеттің 170 мемлекеттегі 2025 жылдың қараша айына сәйкес Дүниежүзілік мұралар тізіміне мәдени және табиғи мұраның бір бөлігін құрайтын 1248 нысан кіреді, соның ішінде 972 мәдени, 235 табиғи және 41 аралас нысандар кіреді. Соның ішінде 51 нысан трансшекаралық (мемлекетаралық) қорғау мандатына ие. Оларды Дүниежүзілік мұра комитеті «көрнекті әмбебап құндылық» деп санайды [17].

ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұра тізімі «World Heritage List» парағында ашық портал арқылы ұсынылған. ЮНЕСКО шартына сәйкес мәдениет ескерткіші категориясы – ◆, табиғат – ●, аралас – ● шартты белгісімен белгіленеді. ЮНЕСКО-ның «ішкі қызыл тізімі» саналатын «Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілген, қауіп төнген нысанның» мәдениет ескерткіші категориясы – ◆, табиғат – ●, аралас – ● шартты белгісімен белгіленеді.

«Дүниежүзілік мұра» (World Heritage) базасы БҰҰ, ЮНЕСКО иерархиясында да ең жоғарғы сатыны алады. Бұл база адамдарға әрқашан қажет болатын, шексіз ұзақ уақыт бойы сақтап, қорғау қажет ең көрнекті мәдени және табиғи мұра нысандарын қамтиды. База тек қазіргі ұрпақ қана емес, болашақ ұрпақ үшін де зерттелуін, танылуын және пайдаланлуын да қамтамасыз етеді.

БҰҰ, ЮНЕСКО алаңында соңғы жылдарда «Мұра аймағы» (Heritage Area) термині де кең қолданыла бастады, ол әртүрлі көрнекті орындардың қоршаған орта – техногендік және табиғи жағдайлармен байланысын көрсетеді және ерекше қорғау мәртебесінің бар екенін де білдіреді. Сәйкесінше, «Мәдени мұра» (Cultural Heritage) термині ең жалпы мағынада тарих пен мәдениеттің ең көрнекті ескерткіштерін білдіреді [171, с.57-61].

1972 жылғы Конвенция «Мәдени мұра» (Cultural Heritage) ұғымына айқын түсінік беріліп, ол «тарих, өнер немесе ғылым тұрғысынан, сондай-ақ эстетика, этнология немесе антропология тұрғысынан аса көрнекті әмбебап құндылыққа ие ескерткіштер, ансамбльдер мен көрнекті орындар» ретінде көрсетілген [2; 3; 11]. Конвенцияға сәйкес, мәдени мұраға мыналар кіреді:

Ескерткіштер – архитектуралық туындылар, монументалды мүсіндер мен бейнелеу өнерінің туындылары, археологиялық сипаттағы элементтер немесе құрылымдар, жазбалар, үңгірлер және тарих, өнер немесе ғылым тұрғысынан ерекше әмбебап құндылыққа ие элементтер топтары;

Ансамбльдер – оқшауланған немесе біріктірілген құрылымдар топтары, олардың архитектурасы, тұтастығы немесе ландшафтпен байланысы тарих, өнер немесе ғылым тұрғысынан ерекше әмбебап құндылықты көрсетеді;

Көрнекті орындар – адам қолымен жасалған немесе адамның табиғатпен бірлескен туындылары, сондай-ақ археологиялық көрнекті орындарды қоса алғанда, тарих, эстетика, этнология немесе антропология тұрғысынан ерекше әмбебап құндылыққа ие аймақтар.

«Дүниежүзілік мұра» Халықаралық базасы ЮНЕСКО тарапынан «мәдени мұра» нысандары мен табиғи мұра нысандары бірігіп құрайды.

ЮНЕСКО-ның ескерткіш нысанда «Дүниежүзілік мұра» санатында тізімдеуінің негізгі мақсаты – өз санатындағы ерекше болып табылатын ескерткіштерді дәріптеу және қорғау. Осы мақсатта ескерткіштердің Дүниежүзілік мұраға тізімделуіне енгізуде шынайылық таныту үшін 1978 жылы бағалық шарттары енгізілді. Мәдени мұра ескерткіштеріне тізімделу үшін алты шарт, табиғи нысандарды енгізу үшін төрт шарт енгізілді. 2005 жылы барлық шарттар біріктіріліп «Мәдени мұра мен табиғи мұра» бір «Дүниежүзілік мұра» тізімінде қарастырылды. «Дүниежүзілік мұра» тізіміне ену үшін әр нысан кем дегенде бір шарт талабына сәйкес болуы міндетті.

ЮНЕСКО талабына сәйкес Мәдениет және табиғат ескерткіштерінің Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұра тізіміне ену талаптарының 10 шартты белгісін рим цифрымен белгілейді.

ЮНЕСКО-ның Мәдениет ескерткіштерін енгізу, тану шарттары:

i. Нысан адамзаттың данышпандық шығармашылығымен жасаған біртума туындысы болып табылады;

ii. Нысан адамзат құндылықтарының сол замандағы немесе белгілі бір мәдени кеңістікте, сәулетте немесе технологияда, терең монументтік өнерде, қала жобалары немесе ландшафт үлгілеріндегі өзара зор әсерінің куәгері болып табылады;

iii. Нысан әлі өмір сүретін немесе жойылып кеткен мәдени дәстүр немесе өркениет үшін ерекше маңызға ие;

iv. Нысан адамзат тарихының маңызды дәуірінің айрықша құрылымдық, сәулеттік немесе технологиялық ансамблінің немесе ландшафттық үлгісі болып табылады;

v. Нысан адамзаттың дәстүрлі құрылысының, жерді немесе теңізді дәстүрлі пайдалану үрдісінің айрықша керемет үлгісі, оның үстіне мәдениеттік үлгі немесе адамзаттың қоршаған ортамен қатынасының үлгісі (әсіресе бұл қоршаған орта кері қайтпайтын процестер себебінен өте әлсіреп тұрса) болып табылады;

vi. Нысан тікелей немесе жанама түрде тарихи дәуірлердегі белгілі бір оқиғамен немесе бар дәстүрлермен, идеялармен, сенімдермен, көркем немесе әдеби шығармалар байланысты, әрі айрықша Дүниежүзілік маңызға ие.

Табиғат ескерткіштерін енгізу, тану шарттары:

vii. Нысан табиғи феномен немесе ерекше табиғи әдемілік пен эстетикалық маңызға ие кеңістік болып табылады;

viii. Нысан жер тарихының негізгі кезеңдерінің айрықша үлгісі, сонымен қатар өткен шақтың ескерткіші, болып жатқан жер бедері дамуындағы геологиялық процестердің немесе геоморфтық немесе физиографиялық ерекшеліктердің нышаны болып табылады;

ix. Нысан құрлықтық, тұщы су, жағалық және теңіздік экожүйелер мен жануарлар қоғамдастықтары эволюциясы мен дамуындағы болып жатқан экологиялық немесе биологиялық процестердің айрықша үлгісі болып табылады;

x. Нысан биологиялық әралуандылық, соның ішінде ғылым мен табиғатты қорғау жағынан алғанда Дүниежүзілік маңызы зор, жоғалып бара жатқан түрлердің ең маңызды немесе ең негізгі табиғи өмір сүру ортасын қамтиды;

ЮНЕСКО комитеті «vi» шартты тағы бір немесе бірнеше шарттармен бірге орындалғаны жөн деп таниды, сондықтан мәдениет ескерткіштері ЮНЕСКО тізіміне тек «vi» шартпен жеке ене алмайды, басқа сәйкес келетін шарттармен бірге енеді.

2025 жылдың қараша айына сәйкес Қазақстанның Дүниежүзілік мұра тізіміне 2024 жылы 6 нысан енген, ол жалпы Дүниежүзілік ескерткіштер тізімінің 0,5 % құрайды. Алғашқы нысан «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» 2003 жылы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар Комитетінің 27 сессиясы шешімімен енген. ЮНЕСКО-ға Қазақстанның екінші мұрасы боп «Таңбалы археологиялық ландшафты петроглифтері» енген. ЮНЕСКО тізімдер желісіндегі Қазақстанның әрбір мұрасы Қазақстанның әлемдік ұйымдағы ролін айғақтайды [91, б.10-20; 146]. Қазақстанның Дүниежүзілік мұра нысанының ЮНЕСКО-дағы құжатталуы «Kazakhstan UNESCO» парағында https://whc.unesco.org/en/statesparties/kz арқылы қолжетімді [18].

ЮНЕСКО шартты белгілеріне сай Дүниежүзілік мұра тізіміндегі трансшекаралық нысандарға жұлдызша * белгісі қоса беріледі.

Қазақстанның Дүниежүзілік мұра тізіміндегі нысандарының 3 нысаны – ◆ шартты белгімен мәдениет бағытында:

– «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі»;

– «Таңбалы археологиялық ландшафты петроглифтері»;

– «*Жібек жолдары: Чанъань-Тяньшань корридоры желісі»;

– «Сарыарқа - Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері».

Соның ішінде трансшекаралық қорғаудағы «*Жібек жолдары: Чанъань-Тянь-Шань корридоры желісі» нысанына ортағасырлық Қойлық, Қарамерген, Талғар, Ақтөбе, Ақыртас, Құлан, Қостөбе, Өрнек қалалары қоса енеді [167, б.140-152; 169, с.36-52].

Қазақстанның Дүниежүзілік мұра тізіміндегі нысандарының 3 нысаны – ● шартты белгімен табиғат бағытында:

– «Сарыарқа - Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері»;

– «*Батыс Тянь-Шань Қаратау қорығы»;

– «*Тұранның суық қысқы шөлдері».

Ал, «Батыс Тянь-Шань Қаратау қорығы» нысанына Қаратау қорығы, Ақсу-Жабағылы қорығы, Сайрам-Угам Ұлттық паркі, «Тұранның суық қысқы шөлдері» нысанына Солтүстік Үстірт үсті, Үстірттің шығыс шыңы, Аралдың кепкен табынымен қосылып тұрған Қасқақұлан, Барсакелмес, Шығыс, орталық, солтүстік Алтынемел ландшафты қоса енеді. 2023 жылы ЮНЕСКО-ға енген Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстанға «*Тұранның суық қысқы шөлдері» атаумен ортақ табиғат мұрасы барлығы 15 нысанды қамтиды [18; Кесте 4].

Кесте 4 – Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұра тізіміндегі Қазақстан нысандары

Нысанның құжаттық реті № – Dossier №	**Нысанның ЮНЕСКО-дағы атауы**	**Орналасқан жері**	**Тізімге ену жылы, қабылдаған шарты, ескерткіш көлемі**
1	**2**	**3**	**4**
1103	Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі	Түркістан облысы, Түркістан қаласы	Ену жылы: 2003 Шарты: (i)(iii)(iv) Ескерткіш көлемі: 0.55 га. Орналасу аймағының көлемі: 79.36 га.
1145	Petroglyphs of the Archaeological Landscape of Tanbaly – Таңбалы археологиялық ландшафты петроглифтері	Алматы облысы	Ену жылы: 2004 Шарты: (iii) Ескерткіш көлемі: 900 га. Орналасу аймағының көлемі: 2,900 га.
1102rev	Saryarka – Steppe and Lakes of Northern Kazakhstan - Сарыарқа - Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері	Ақмола, Қарағанды, Қостанай облыстары	Ену жылы: 2008 Шарты: (ix)(x) Ескерткіш көлемі: 450,344 га. Орналасу аймағының көлемі: 211,147.5 га.

4 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
1442	*Silk Roads: the Routes Network of Chang'an-Tianshan Corridor – Жібек жолдары: Чанъань-Тяньшань корридоры желісі Қойлық, Қарамерген, Талғар, Ақтөбе, Ақыртас, Құлан, Қостөбе, Өрнек қалалары	Қазақстан, Қытай, Қырғыстан ҚР - Алматы, Жамбыл облыстары	Ену жылы: 2014 Шарты: (ii)(iii)(v)(vi) Ескерткіш көлемі: 42,668.16 га. Орналасу аймағының көлемі: 189,963.1 га.
1490	* Western Tien-Shan – Батыс Тянь-Шань Қаратау қорығы Ақсу-Жабағылы қорығы Сайрам-Угам Ұлттық паркі	Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан. ҚР- Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстары	Ену жылы: 2016 Шарты: (x) Ескерткіш көлемі: 528,177.6 га. Орналасу аймағының көлемі: 102,915.8 га.
1693	*Cold Winter Deserts of Turan – Тұранның суық қысқы шөлдері	Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан. ҚР - Маңғыстау, Қызылорда, Жетісу облыстары	Ену жылы: 2023 Шарты: (ix)(x) Ескерткіш көлемі: 3,366,441 га. Орналасу аймағының көлемі: 622,812 га.

Дүниежүзілік мұра тізіміне енген ескерткіштердің қорғау, сақталуында бұрын қауіп болған деп танылған ескерткіштердің ЮНЕСКО-ға енгеннен кейінгі жағдайына есеп беру жүріп отырады. Қазақстан тарапынан ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұраларын қорғаудың кейінгі есептер құжатының саны 2025 жылдың жағдайында – 17. Қазақстан тарапынан қорғалуы, сақталуы деңгейі бойынша қайта есеп беру Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бойынша – 2013, 2014, 2019, 2021, 2023, 2025 жылдары; Жібек жолдары: Чанъань-Тяньшань корридоры желісі бойынша – 2016, 2017, 2018, 2021, 2023, 2025; Батыс Тянь-Шань – 2021, 2023, 2025; Тұранның суық қысқы шөлдері – 2025 жылдары жүргізілген. Мәдени мұра және табиғат ескерткіштерінің ЮНЕСКО тізімінде болуы ЮНЕСКО тізіміне енген МЕММ ескерткіштерінің қоса насихатталуына, туристік дестинацияда мемлекеттің ықпалының артуына әсері зор.

Алдын ала тізім – әрбір қатысушы мемлекеттің бірегей ескерткіш нысанын «Дүниежүзілік мұра» тізіміне ұсыну, енгізу үшін қарастырғысы келетін нысандарының ЮНЕСКО тізімдемесі. 2025 жылдың жағдайында Қазақстанның «алдын-ала тізім» санатына 13 нысан енген. Олар:

– Меркі түркілік қасиетті орны (1998);
– Солтүстік Тянь-Шань (Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық паркі) (2002);
– Абылайкит ғибадатханасы (2021);
– Ұлытаудың мәдени ландшафты (2021);

– Арпаөзен археологиялық ландшафтындағы петроглифтер (2021);
– Ешкіөлмес археологиялық ландшафтындағы петроглифтер (2021);
– Құлжабасы археологиялық ландшафтындағы петроглифтер (2021);
– Сауысқандық археологиялық ландшафтындағы петроглифтер (2021);
– Маңғыстау түбегінің жартасты мешіттері (2021);
– Жібек жолдары: Ерте кезең (ерте тарих) (2021);
– Жібек жолдары: Ферғана-Сырдария корридоры (2021);
– Жібек жолдары: Еділ-Каспий корридоры (2021);
– Үстірт: ландшафтары және аран аң аулау тұзақтары (2021);

Соңғы 5 нысан алдын-ала тізімнен Қазақстан тарапынан ЮНЕСКО-ның негізгі Дүниежүзілік мұра тізіміне енуіне қарастыру деңгейіне ұсынылды [18]. Қазақстан ескерткіштерінің «алдын-ала тізім» платформасына енуі «Дүниежүзілік мұра» санатына көтерілуіне алғышарттық саты болады.

«Дүниежүзілік мұра» тізіміне ену мәртебесінің табиғи ескерткіштер үшін келесідей артықшылықтары бар: ерекше табиғи кешенге қосымша оның бірегей кешен болып сақталып тұруына кепілдік береді; ескерткіш орналасқан аймақ пен оның иелерінің абыройын арттырады; сол тізімге енген нысандарды дәріптеу және соның салдарынан баламалы табиғатты пайдалану үрдістерін, әсіресе, экологиялық туризмді қалыптастыруға септігін тигізеді; ескерткіштерді қаржыландырудың маңыздылығын орнатып, Дүниежүзілік мұра қорынан қаражат бөлуді қамтамасыз ету; табиғи ескерткіштерді бірыңғай бақылап, тексеріп отыруды ұйымдастыруға ықпал етеді.

Ескерткіш орналасқан мемлекеттер құқықтық құзіреттілігіне сай сол ескерткіштерді сақтау міндеттемесін алады. Дүниежүзілік мұра тізіміне ену мандатын алған ескерткіштің халықаралық және ішкі туризм нысанында болуы – Халықаралық және Ұлттық тізімге енген МЕММ-ді дамытудың алғышарттарының бірі. Этнотуризмнің бағыттарын танытуға да зор ықпал етеді.

Ішкі тізім. «Қызыл тізім» ретіндегі негізгі тізім аясындағы «Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілген қауіп төнген нысан» ішкі тізім жасақталған. Бұл тізімге әр түрлі табиғи немесе адамдардың ескерткішке саналы түре қатігездік таныту себебінен қауіп төніп тұрған ескерткіштер уақытша кіреді. Қарулы қақтығыстар мен соғыстар, жер сілкініс пен табиғи апаттар, ластану, браконьерлік пен тәртіпсіз құрылыс салдарынан қауіп төнген жағдайдағы ескерткіштер қабылданады. «Қызыл тізім» есебіндегі ішкі тізімге ену бұл ескерткішке ерекше назар аударып, шұғыл шаралар істеу керектігіне кепіл береді. ЮНЕСКО саяси қақтығыс, соғыс, табиғи апаттар нәтижесінде ескерткіш-нысандардың кенеттен бүлінуі немесе жойылу қаупі туындаған жағдайларда шұғыл әрекет ету арқылы қорғау шарасын жүзеге асырады.

ЮНЕСКО «ішкі тізім» санатындағы ескерткіштің бірі Ауғанстан, Бамияндағы Будда ғибадатханасы кешеніне енетін Будда мүсіндері. 2001 жылы халықаралық қауымдастықтың, соның ішінде ислам елдерінің наразылығына қарамастан, екі алып Будда мүсінін (55 және 37 метр) Талибан қозғалысы мүшелері оларды «пұтқа табынушылық, пұттар» деп санап қиратты. Мүсіндер 2001 жылдың 2 наурызынан бастап бірнеше апта бойы бірнеше кезеңмен,

зениттік артиллерия соққысымен қиратылды. 2003 жылы Бамиян алқабындағы көптеген тарихи құрылымдар ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілді, оның ішінде будда монастырлары, алып Будда мүсіндері (қираған және сақталған бөліктері), Гаугале қаласының қалдықтары және екі ислам кезеңі бекінісі бар. Мүсіндерді қалпына келтірудің әртүрлі жоспарлары ұсынылды, соның ішінде жапон суретшісі Хиро Ямагатаның ерекше жобасы – жоғалған ескерткіштерді қалпына келтіретін лазерлік проекция. Будда үңгір ғибадатханаларында V-IX ғасырлардағы сақталған суреттерді қорғау жұмыстары жүргізілді. 2011 жылдың 14 наурызында ЮНЕСКО Бамиян Будда мүсіндерін қалпына келтірмейтінін жариялады. ЮНЕСКО-ның бұл шешіміне екі фактор әсер етті, біріншіден жобаның құны 8-12 миллион доллар аралығында болады, екіншіден, Будданың жартысынан көбі жаңа тастан жасалады. ЮНЕСКО жалған-жаңа материалды қаламайтын, түпнұсқаны қалайтын көпшілік туралы ойлауымыз керек, көпшілік түпнұсқаны қалайды, – деген шешімге келеді.

XX ғасырдың 90-жылдарының басында-ақ ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұраның шамамен 30 ескерткішін құтқару және сақтау бойынша шараларға қатысты. Соғыс, қақтығыстар аймағында орналасқан Дүниежүзілік мұраға енген ескерткіштерді ішкі қызыл тізімге алу арқылы ЮНЕСКО соғысқа қарсы, бейбітшілікті қалпына келтірудегі саяси белсенділігін таныта алады.

Украина соғыс майданына кіруіне орай 1990 жылы Дүниежүзілік мұра тізіміне енген «Киев: Әулие София соборы және онымен байланысты монастырь ғимараттары, Киев-Печерск лаврасы» нысаны 2005 жылы ішкі қақтығыс, 2021 жылы сыртқы қақтығыс себебінен екі рет ішкі тізімге алынды. Нысан қорғауға алынған шарттар – (i)(ii)(iii)(iv), досье – 527ter, нысан көлемі – 28.52 га, қорғау аймағы – 28.52 га. 1998 жылы қорғауға алынған «Львов – тарихи орталық ансамблі» нысаны ішкі қақтығыс салдарынан 2008 жылы ішкі тізімге алынған, досье – 865bis, шарттары – (ii)(v), нысан көлемі – 120 га, қорғау зонасы – 2,441 га. Қазіргі соғыс жағдайына орай «Одессаның тарихи орталығы» нысаны 2023 жылы ішкі тізімге алынған, досье – 1703, шарттары – (ii)(iv), ескерткіш көлемі – 618.54 га, қорғалу аймағы – 618.8 га [16, 17]. Ескерткіштердің «ішкі тізім» санаты МЕММ-де «шұғыл қорғау» мұралары санатына сәйкес келеді [57].

ЮНЕСКО «Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілген қауіп төнген нысан» ішкі тізіміне Орта Азия елдерінен «Шахрисабздың тарихи орталығы» деген атаумен Өзбекстанның, Қашқария аймағында орналасқан тарихи-мәдени мұрасының көрнекті орны Шахрисабз орта ғасырлық қаласының (№39 2 60 E66 49 59.988) орны кіреді. Шахрисабздың тарихи орталығында қаланың даму мен қалыптасуы кезеңін айғақтайтын орындар, сақталған орындары, қаланың дамуының шарықтау шегіне жеткен кезеңін, Әмір Темір мен оның билігі кезіндегі XV-XVI ғасырларға саятын сәулет өнері ескерткіштерінің туындылары кесенелер, медресе, мешіттер, жерлеу орындары, тас қашау өнерінің туындылары, ортағасырлық құдықтар мен ортағасырлық тұрғын-үйлер жиынтығы енеді. ЮНЕСКО-дағы досье номері – 885, енгізілген жылы – 2000, шарттары – (iii)(iv), нысан көлемі – 240 га, қорғалу аймағы – 82 га. Шахрисабздың Ақсарай кешені

тарихи дәуірлерде қала орнында болған қарулы қақтығыстардан қатты зардап шеккен. ЮНЕСКО және Өзбекстан мемлекетінің шешімен ескерткішті қайта қалпына келтірмей қалған қиранды бөлігін сақтап қалған. Табиғат апаттары болған жағдайда сақталған бөліктің қирауы ықтимали басым. Сол себепті тарихи қала орнының Ақсарай бөлігі ЮНЕСКО ішкі тізімі санатына енген [16, 17].

ЮНЕСКО қатысушы мемлекет өзі ұсынған ескерткіштің қорғалуымен санаспаған жағдайда оны Дүниежүзілік мұра тізімінен шығаруға шешім қабылдай алады. ЮНЕСКО-ның бұл талабы МЕММ қорғауды қамтамасыз етумен де байланысты, яғни қатысушы мемлекет тізімге енген МЕММ қорғалуымен санаспаған жағдайда МЕММ Халықаралық базасынан мұраны шығаруға шешім қабылдай алады.

Биосфералық резерваттардың дүниежүзілік желісі (БРДЖ).

Бұл тізім керемет қорық орындардың динамикалық және интерактивті желісінен тұрады. Ол мемлекетаралық ынтымақтастықты дамытады және тәжірибе мен жаңалық алмасу, әлеуетті арттыру және биосфералық резерваттар арасында озық тәжірибелерді насихаттау арқылы халықаралық ынтымақтастықтың бірегей құралын ұсынады. ЮНЕСКО-ның «Биосфералық резерваттар» тізімі биоәртүрлілікті сақтауды тұрақты пайдаланумен біріктіретін шешімдерді ілгерілетеді. Олар әртүрлі экологиялық, әлеуметтік және экономикалық жағдайларда тұрақты даму үшін тәжірибелік-оқу орындары ретінде қызмет етеді. ЮНЕСКО болжамы бойынша бұл тізім 250 миллионнан астам адамның өміріне әсер етеді.

2025 жыл жағдайында Дүниежүзілік мұра Конвенциясын 196 ел ратификациялаған. Дүниежүзілік биосфералық резерваттар желісі қазір 142 елдегі 784 нысанды қамтиды. Олар ЮНЕСКО мандатын алған. Оның ішінде 22 биосфералық қорық Дүниежүзілік биосфералық қорықтар желісіне кіретін трансшекаралық (мемлекетаралық шекаралық) болып саналады [15].

Биосфералық резерваттар – мүше елдердің «тұрақты даму үшін оқу орындары» болып саналады. Бұл қорықтар әлеуметтік және экологиялық жүйелер арасындағы өзгерістер мен өзара әрекеттесуді түсінуге және басқаруға, соның ішінде қақтығыстардың алдын алуға және биоәртүрлілікті басқаруға арналған пәнаралық тәсілдерді сынақтан өткізеді, әрі жаһандық қиындықтарға қатысты жергілікті шешімдер ұсынады. Биосфералық қорықтарға құрлықтық, теңіздік және жағалаулық экожүйелер кіреді. Әрбір биосфералық қорық биоәртүрлілікті сақтау мен оны тұрақты пайдалануды үйлестіретін шешімдерді алға тартады. Биосфералық резерваттарды ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттердің Ұлттық үкіметтері ұсынады және олардың құқықтық құзыреттілігі өздері орналасқан мемлекеттердің билігінде қалады. Биосфералық қорықтар МАВ Халықаралық үйлестіру кеңесінің (МАВ-ICC) шешімдеріне сәйкес ЮНЕСКО Бас директорының үкіметаралық МАВ бағдарламасы бойынша белгіленеді. Олардың мәртебесі халықаралық деңгейде танылған. Мүше мемлекеттер Халықаралық ұйым тізіміне номинацияға сай белгілеу үдерістеріне орай ұсына алады.

Халықаралық тізімге енген биосфералық резерваттар әр 10 жыл сайын қайта қаралады. ЮНЕСКО Бас конференциясы 1995 жылы биосфералық резерваттарына арналған Севиль стратегиясын және Дүниежүзілік биосфералық резерваттар желісінің заңнамалық негізін бекітті. Соңғы құжат биосфералық резерваттарды дамыту және ресми түрде тану үшін «жұмсақ құқықтық негіз» ретінде қызмет етеді. Орындарды ЮНЕСКО-ның барлық мүше мемлекеттері мен қауымдастырылған мүшелері ұсына алады.

Биосфералық резерваттың жұмыс істеуін, аймақтарға бөлуін, ауқымын, сондай-ақ осы жерде тұратын популяциялардың қатысуын әрбір он жыл сайын, он жылдық есеп іспетті мерзімдік шолу арқылы жариялап отырады. Мерзімді шолу жүзеге асырылған іс-шараларды, олардың нәтижелерін сапалы шолу жүргізу мүмкіндігін білдіреді. Бұл биосфералық резерваттың қол жеткізген жетістіктерін, әсіресе ресурстар мен экожүйелерді басқару саласындағы білімді, дағдыларды және тәжірибені жаңартуға қатысты жетістіктерін бағалау уақыты. Сондай-ақ, аймақтандыру жүйесін жаңартуды талқылау және оның өзектілігін бағалау, басқару саясатының мақсаттары мен құралдарына күмән келтіру және іске асырумен байланысты мәселелер мен проблемаларды, әлсіз тұстарын талқылап, оны түзету жолдарын зерттеу мүмкіндігін береді. Мерзімді шолу таратудың мақсаты – биосфералық резерваттардың сапасын және олардың тұрақты даму тәсілдерін сынау және көрсету орындары ретінде жұмыс істеуін жақсарту. Биосфералық резерваттарды алып тастау үдерісі де мүше мемлекеттердің құқықтық құзырлығымен жүзеге асады. Егер мемлекет өз құзырлығындағы биосфералық резерватты Халықаралық тізімнен алып тастағысы келсе, мемлекет өз шешімін МАВ хатшылығына хабарлайды. Бұл хабарлама МАВ-ІСС-ге жіберіледі. Содан кейін бұл аймақ Дүниежүзілік желідегі биосфералық резерват деп аталмайды. Бірнеше ел 1970 және 1980 жылдары белгіленген биосфералық резерваттарды алып тастаған, себебі бұл орындардың, мысалы, биосфералық резерваттардың өтпелі аймағында тұрақты қауымдастықтардың болуын көздейтін Севилья биосфералық резерваттары стратегиясының жаңа талаптарына сәйкес келуі мүмкін болмады. Биосфералық резерваттардың қорғалу талабы бұзылған жағдайда Дүниежүзілік қорғау желісінен «қорық орын» тізімнен алынып тасталады. Қазіргі таңда мүше 14 елден барлығы 61 нысанды алып тасталған [15].

ЮНЕСКО-ның қорықтарды БРДЖ тізіміне алуы «қорық аймақта» тіршілік ететін әрбір жануарды, өсімдіктерді «шұғыл қорғауды қажет ететін тірі экспонат» деп қарауға негіз болады. ЮНЕСКО тізімге алған қорықтардағы тіршілік иесіне деген қамқорлық Халықаралық ұйыммен бәрге әр мемлекеттің қорғау шараларымен қатар ғылыми-ақпараттық тұрғыда қорғауы да өте маңызды. Қазақстандағы табиғат қорықтары «қорық-музей» қызметін қоса атқарады. «Қазақстанның Қызыл кітабы» табиғат музейлерінің «қорық жинағы» ретінде қоса қызмет етеді [175].

2025 жылдың жағдайында Қазақстаннан БРДЖ тізіміне 15 резерват – қорық енген [15, Кесте 5]. Қазақстанның Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесіне енетін табиғат мұраларының

ЮНЕСКО Дүниежүзілік тізімге енуі Қазақстанның Дүниежүзілік ықпалдастықтан маңызды орын алуы мен Биоалуандылықтың әлемдік бағдарламаларын қолдауының көрінісі [147].

Кесте 5 – ЮНЕСКО БРДЖ тізіміндегі Қазақстан қорықтары

№	Резерват атауы	Енген жылы	Көлемі
1	Қорғалжын	2012	1,603,171.00 га
2	Алакөл	2013	193,090.00 га
3	Қатон-Қарағай	2014	1,631,940.00 га
4	Ақжайық	2014	340,846.00 га
5	Қаратау	2017	151 792,00 га
6	Ақсу-Жабағылы	2015	357,734.00 га
7	Барсакелмес	2016	407,135.00 га
8	Алтынемел	2017	535,909.00 га
9	Шарын	2018	239,731.00 га
10	Жоңғар Алатауы	2018	645,548.00 га
11	Батыс Алтай	2020	189,477.00 га
12	Алматы Іле-Алатауы	2020	176,960.00 га
13	Көлсай көлдері	2021	242,085.00 га
14	Бурабай	2022	129,299.00 га
15	Марқакөл	2022	118,380,00 га

Биосфрералық резерваттарды *«тірі табиғат музейі»,* ол ондағы қорғалатын әрбір тіршілік иесін *«тірі экспонат»* деп тануға болады. *Тірі табиғат* (табиғи ортадағы, қоршаған ортадағы тіршілік, биоалуандылық) – флора, фауна түрлерін танытатын жабайы табиғаттың бір бөлігі. МЕММ музейлендіру ісінде экомузей, этномузей бағытында дәстүрлі құндылықты тасымалдаушы, құндылық иесі арқылы келушіні қатыстыра отырып көрсету маңызды. Эко, этномузейлерде көне мұраны, жойылған мұраны қайта жаңғырту, этникалық реконструкция арқылы көрсету тәжірибесі қоса қалыптасқан.

МЕММ-нің «табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» типі халықтардың табиғатпен етене өмір сүруінен туындаған халықтық білімдер жүйесін құрайтынын негізге алсақ, биосфералық резерваттарға *«табиғат ескерткіші»* деп қарау, дәстүрлі табиғатты тану білімдер жүйесінің ажырамас бөлігі десек болады.

ЮНЕСКО сарапшысы Эврим Өлчер «Болашақтан қарыз алу: Материалдық емес мәдени мұра және тұрақты даму» тақырыбын көтергенде «Қарасаң бау-бақша, қарамасаң тау-тасқа айналар: экологиялық тұрақтылық» атты ішкі тақырыбын адам мен табиғат арасындағы қатынас шеңберінде қарастырылған экологиялық тұрақтылықтың МЕММ-мен байланысына арнайды. «Қарасаң бау-бақша, қарамасаң тау-тасқа айналар» деген тұжырым табиғатты дәстүрлі пайланудан алынған мұраларға күтіп қарасаң олар өмір сүреді, қорғамасаң, өмір сүруін тоқтатады, тасқа айналады» деген мағына береді. ЮНЕСКО өкілінің бұл тұжырымы адамдарды экологиялық мәдениетке, табиғатты аялауға шақырады. Бұл да тұрақты дамудың бір көрінісі. Автор табиғат пен МЕММ арасындағы

тығыз байланысқа ден қояды. ЮНЕСКО тізімге енгізген табиғат ортасы адам мен табиғат арасында байланысты бірге қорғайды деп тануға болады [111].

М.Е. Кулешова мәдени ландшафттарды зерттеу кезінде «тірі мәдениет» ұғымының «жерді пайдалану дәстүрлері, сәндік қолданбалы өнер, халықтық қолөнер және технологиялар, адамның өмір сүру кеңістігі құрылыс дәстүрлері және оның қасиетті (сакральды) орынға айналуы, халықтық және діни әдет-ғұрып, салт-дәстүр, фольклор» екендігін түсіндіреді [127, с.3-11; 171]. Мұндағы жерді пайдалану дәстүрлеріне дәстүрлі шаруашылық түрлері, жерді өңдеу, бақташылық, табиғатпен байланысты білемдер жүйесін, қасиетті жерлер, эколадшафт, мәдени ланшафтты толық қамтыған.

Жаһандық геопарктер тізімі.

Бұл тізім біздің планетамыздың геологиялық тарихын көрсететін, сонымен қатар бұл мұраны болашақ ұрпақ үшін сақтайтын ерекше орындар желісі. Бірегей топографиясымен бұл орындар флора мен фаунаның кең ауқымына ие. Әлемдік геопарктер – геологиялық процестер бақыланатын және жермен байланысы атап өтілетін «тірі зертханалар» ретіндегі рөлімен ерекше орын болып табылады. Олар ресурстарды сақтауды дамудың тұрақты тәсілімен үйлестіру арқылы жергілікті қауымдастықтарға қызмет етеді. ЮНЕСКО-ның жаһандық геопарктері (UGGP) – халықаралық геологиялық маңызы бар учаскелер мен ландшафттар қорғау, білім беру және тұрақты дамудың тұтас тұжырымдамасымен басқарылатын біртұтас, біртұтас географиялық аймақтар. Жергілікті қауымдастықтарды тарта отырып, табиғатты қорғауды тұрақты дамумен біріктірудің төменнен жоғарыға қарай тәсілі барған сайын танымал болып келеді. Қазіргі уақытта 50 елде 229 ЮНЕСКО-ның жаһандық геопарктері бар. ЮНЕСКО-ның Жаһандық геопарктері мәдени ландшафтарды ескерткіштердің әлемдік кеңістігіндегі, геомәдени кеңістіктегі «ашық аспан музейі», «ашық экспозиция» деп тануға мүмкіндік береді [127]. Жаһандық геопаркке енетін көрнекті мәдени ландшафттарға адамның қатысуынсыз табиғат өзі берген, өзі жасаған ескерткіш деп қарау «халықтық дәстүрлі табиғаттану білімдер жүйесін» дамытуда маңызды мәселе болып саналады. Дәстүрлі табиғаттану білімінде «қасиетті жер» танымына табиғатында ерекше жаратылған жерлер де жатады. *Қасиетті жер* шын мәнінде табиғаттың ерекше сыйына ие. Су, бұлағы, қайнары бар жерлер, табиғаты ерекше тау, тас, жер бедері адамдардың қатысуынсыз жасалған табиғаттың ерекше туындысы. Халық жадында тарихи оқиғамен байланысты жерлердің «қасиетті» болуы бұл ұғымның алуантүрлілігін танытады.

«Қасиетті жер» танымындағы «қасиетті/ерекше табиғат», яғни «табиғат ескерткіштері» – экологиялық, ғылыми, мәдени және эстетикалық тұрғыдан алғанда жекелеген бірегей, орны толмайтын, құнды табиғи кешендерді, сондай-ақ табиғи-қорық қорының объектілеріне жатқызылған шығу тегі табиғи және жасанды объектілерді қамтитын ерекше қорғалатын табиғи аумақ [127, с. 3-11; 170, б. 4-8]. Бұл күнде Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесі жасалып, *«Ұлттық парк», «табиғи қорық», «табиғи қаумал», «табиғат ескерткіші»* ретінде мемлекет қарауына алынған [175].

Әлемдік ғылымда *«Тірі Жер»* танымын, яғни жер бетіндегі «ерекше» қасиетке ие жерлерді келесідей шарттар бойынша жүйелеу тәжірибесі қалыптасқан:

Фольклорлық-тарихи шарт – қасиетті деп танылған жерде культтік құрылыстардың (олардың қираған орындарының) болуы; әртүрлі дәуірлерден жеткен және дінмен байланысты табыну нысандарының болуы (қайнар, бұлақ, ағаш, тоғай т.б.), олардың бүгінгі күнге дейінгі қолданысына қатысты аңыз-әңгімелердің болуы; адамдарға «жақсылық» әкелетін «жақсы жер» деп танылған немесе «жамандық» жіберетін «адам басуға тыйым салынған жаман жер» деп танылған жер телімдерінің болуы және оларға қатысты аңыз-әңгімелердің, сол жерлерде болған адам сенгісіз, қайғылы, шытырман немесе қиял-ғажайыпты оқиғаларға (адамдарға, жан-жануарларға, өсімдік әлеміне қатысты) қатысты ауызша және жазбаша деректердің сақталуы. Бұл тұрғыда Түркия Халықаралық туризм бағдарына енген Бурсадағы «Қыналы қар» көпсериялы кино түсірілімімен танымал, ортағасырлық Осман империясының қалыптасу оқиғаларымен байланысты Жұмалықызық ауылының ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұра тізіміне енуі тәжірибесінен көруге болады [105, s. 314-341].

Геологиялық, гидрогеологиялық, геоморфологиялық, геофизикалық – жер астында жасырын немесе жер бетінде бедері, іздері сақталған ашық және жерасты құндылықтары; су көздері, жер асты су галереялары; жер беті және жерасты кен ошақтары; жер рельефтерінің ерекше көрінісінің айқындалуы; жаратылыстық, физикалық құбылыстардың жер бетіндегі факторлары. Геологиялық ерекшелік Қазақстандағы көрнекті жер-су табиғат ескерткіштері Кеген, Нарынқолдағы Тұзкөл, Маңғыстау Қызылкүп, Алтын Емелдегі Айғайқұм, басқа да табиғат ескерткіштерінен көрінеді [175].

Медициналық және биологиялық шарт – белгілі бір территорияда өсімдіктердің көптеген түрлерінің бір бағытты, горизонталды, вертикалды «мутациялық» бейнеде өсуі, олардың: (зиянкес жәндіктерге жоғары және өте төмен төзімділік; өсімдіктердің сирек және ерекше түрлерінің шоғыры; адамдар, жан-жануарлар, өсімдіктердің бір жерде бір кесел түрімен залалдануы; бір жер аумағында кесел, залал, белгілі бір дерт түрінің жоғары көрсеткішінің болуы және ұзақ мерзімге сақталуы. «Тірі жер» танымының бұл шартына сәйкестіктігін Көкшетаудағы *«*биші қайыңдар»; Алматы, Көлсай, «Қайыңды» қайыңдары; Жаркент, «Әулие ағаш» сияқты танымал тірі ескерткіштермен түсіндіруге болады. Салыстырмалы түрде Түркия, Бурса қаласындағы саясына 1000 адам сиятын «Шынар ағашы» тірі ескерткіш ретінде айтуға тұрарлық.

Метеорологиялық – құйын, дауыл, т.б. микроклиматтық төзімділігі, бейімділігі бар аймақтар.

«Техникалық» («технологиялық») – қауіп-қатері жоғары дәрежеде болатын жол бөліктері (мысалы, қасиетті жерден көлік жоғары жылдамдықпен жүрсе жол апатына жиі ұшырайды деген халық танымы), техникалық құрал-жабдықтардың себепсіз істен шығуына әсер ететін немесе техниканың жұмыс жасауына кедергі болатын жерлер, бұзылу қаупінде тұрған әртүрлі инженерлік коммуникациялар, құрылыстар, ғимараттар, ескерткіштер тұрған жерлер; өндірістік орындардың

болуымен байланысты емес, бірақ атмосферада зиян қалдықтар көп шоғырланған жерлер.

Психофизиологиялық – белгілі бір жерде тұрған кезде адамдардың организміне әртүрлі әсерлердің болуының сезілуі; әсерлерді, қозғалысты сезуі; психоэмоционалды өзгерістің сезілуі; оны адамның өзінің іс-әрекетінен көрінуі немесе сырт адамды көруі, сезуі; адамдардың сезіміне мінез-құлқына белгілі бір күштің әсер еткенін немесе белгілі бір күшпен адам арасындағы байланыстың өтіп жатқанынан хабар беру әрекеттері (дауыстап сөйлесу, сөзді қайталау, ерекше қимылдар жасау немесе қайталау.

*Аралас шарт***.** Нақты емес, кез келген жерде болуы мүмкін, Анықталмаған тылсым нысандардың көрінуі; адамдар тобы, жеке адамдардың ерекше құбылыстарды сезуі, көруі; аспан әлемінің ерекше құбылыстарын, найзағайдың сызықты болмай, басқа бір шар, дөңгелек формада ойнауы, қара бұлттың жерге жақындауы, күннің, айдың толық, жартылай тұтылуы, жұлдыздар шоғырының жаппай ағуы; аспан әлемі «тұрғындарының» ерекше мінез көрсетуі. Физикалық және психологиялық әсерлердің ерекше сезілетін, көрінетін жерлерінің болуы [127; 171].

МЕММ тұрғысынан «геопарктер» халықтың білімнің «(d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» типімен тығыз байланысты. «Қазақстандық геопарк» деп тануға болатын Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 593 қаулысына сәйкес 116 табиғат ескерткіші Ұлттық тізімде бекітілген [175]. ЮНЕСКО және Қазақстанның Ұлттық тізіміне енетін ескерткіштердің негізгі дені «Қасиетті Қазақстан» тізіміне қоса енеді. Еліміздің қасиетті деп бекітілген нысандары бес топқа жіктелді: 1) Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері; 2) Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар; 3) Діни және ғибадат орындары; 4) Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар; 5) Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар [170, б.5-10]. МЕММ көпкешенділігі, алуантүрлілігі табиғаттанумен, табиғатты дәстүрлі игеру білімдерімен байланыстылығынан көрінеді. ЮНЕСКО Халықаралық базасына табиғат ескерткіштерінің енуі, табиғат алаңының Халықаралық туризм және ішкі туризм нысанында болуын қамтамасыз етеді, бұл бағдарлық жол жергілікті халықтың құндылығын көрсетумен бірге дамиды, яғни тарихи-эко-этнотуризм МЕММ танытумен тығыз байланысты.

Дүниежүзілік «Әлем жады» деректі мұра.

ЮНЕСКО-ның бұл тізімделу бағытын құрайтын «*Әлем жады*» бағдарламасының басты мақсаты: дүниежүзілік деректі мұраны, әсіресе қақтығыстардан және/немесе табиғи апаттардан зардап шеккен аймақтарда сақтауға ықпал ету; дүние жүзінде деректі мұраға жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету; жұртшылық арасында деректі мұраның маңыздылығы туралы қоғамның хабардарлығын кеңінен арттыру. 2025 жылдың қараша айы жағдайы бойынша 1995 жылдан бері Дүниежүзілік деректі мұра Халықаралық тізіміне 569 дерекқор енген.

Дүниежүзілік «Әлемдік жады» деректі мұра тізіміне енетін дерек-жазба тек бір мемлекетке ғана тиесілі ғана емес, барлық халыққа тиесілі, дүниежүзі халқы үшін толық сақталуы және қорғалуы керек, сондай-ақ мәдени әдет-ғұрыптар мен практикалық қағидаларды ескере отырып, барлығына кедергісіз тұрақты түрде қолжетімді болуы керек. ЮНЕСКО-ның деректер мұрасы қорына Қазақстан тарапынан 2025 жылы «Manuscript «Chronicle of Khans» деген атаумен «Хандар шежіресі» манускриптінің енуіне ҚРҒжЖБ министрлігі жетекшілік етті. «Хандар шежіресі» манускрипті түркі тілінің шағатай диалектісінде жазылған генеалогиялық шығарма болып табылады. Мұқият кодологиялық, палеографиялық және қалпына келтіруге дейінгі талдаулар қолжазбаның XVIII ғасырға жататынын көрсетеді. Бұл қолжазбаның ЮНЕСКО-ға ұсынған паспортында, Адам атадан Мұхаммед пайғамбарға дейінгі түркі-моңғол, парсы және араб дәуірлеріндегі билеушілердің тарихын қамтитын баға жетпес генеалогиялық ақпараттың қоймасы, архив-жазбасы болып табылатыны көрсетілген. «Хандар шежіресі» мәдени мұраның маңызды бөлігі болып табылады, ол тек қазақ халқының түпнұсқа тарихын ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемдегі зерттеушілер мен әуесқойлар үшін құнды дереккөз болып табылады. Қазақстанның «Хандар шежіресі» мұрасының ЮНЕСКО-ға енуі Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларын қорғау ісіндегі дүниежүзілік ықпалын арттыра түседі [15]. Президент Қ-Ж.Тоқаев V-ші Ұлттық Құрылтайда «Хандар шежіресінің» енуіне соңғы 14 жылда алғаш қол эеткізгенімізге баға бере отырып, «Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізуіміз керек» - деп қадау тапсыруы да еліміздің МЕММ саясатымен тығыз байланысты [46].

Дүниежүзілік деректі мұра тізіміне 2025 жылы Түркия мен Өзбекстан мемлекеттеріне ортақ мұра ретінде «Camiu't Tevarih/Jāmiʿ al-Tawārīkh» атауымен Рашид-ад-Дин Фазлуллаһ Хемедани жазған «Жамиһ ат-Тауариһ» манускрипті енген. ЮНЕСКО бұл мұраны Азия мен Еуропадағы әртүрлі тайпалар мен ұлттардың, сондай-ақ осы құрлықтарда құрылған мемлекеттердің тарихын құжаттаған, сол кездегі мәдени әртүрлілікті көрсеткен бейтарап көзқарастағы еңбек деп таныған. «Жамиһ ат-Тауариһ» әлемнің тарихи географиясына ерекше көзқарастар ұсынады, өз дәуірі мен кейінгі кезеңдері үшін жаңашыл болған түпнұсқа тұжырымдарды ұсынады. Қолжазба мазмұны мен ақпараттың дәлдігі жағынан ерекше, оның көп бөлігі мемлекеттік құралдарды пайдалану арқылы қол жеткізу қиын дереккөздерден жиналған. Қазақстанның ортағасырлық тарихына ортақ болып табылатын «Жамиһ ат-Тауариһ» қолжазбасының Түркия және Өзбекстан мемлекеттеріне ортақ мұра болып бекітілуі оның екі ең көне қолжазбасы Түркияның Стамбул қаласындағы Топкапы сарайы кітапханасында (1653 ж. және 1654 ж.) және Өзбекстанда (№1620) институциялық қорда (Institutes Fund) сақтаулы болуымен байланысты [15].

Әлем жадына енген тарихи дәуірлердегі жазбалар халықтардың тарихи кезеңдегі мәдениетінен, тұрмысынан дерек беретін мұра, осы тұрғыдан келгенде әрбір халықтың мәдениетінің тарихи түп-тамырын жазба деректер МЕММ кейдір аспектілерінің қалыптасуын айғақтайтын тарихи дереккөр болады.

Креативті (шығармашылық) қалалар желісі.

ЮНЕСКО креативті (шығармашылық қалалар желісі) – (UCCN) шығармашылықты тұрақты қалалық дамудың стратегиялық факторы ретінде анықтаған қалалармен және қалалар арасындағы ынтымақтастықты ілгерілетеді. МЕММ дамыту, насихаттауда ЮНЕСКО енген қалалардың ролі зор. ЮНЕСКО-ның креативті (шығармашылық қалалар желісі) (UCCN) 2004 жылы шығармашылықты тұрақты қалалық дамудың стратегиялық факторы ретінде анықтаған қалалармен және олардың арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін құрылған. Қазіргі уақытта осы желіні құрайтын әлемнің 350 қаласы ортақ мақсатқа жету үшін бірлесіп жұмыс істейді: шығармашылық пен мәдени салаларды жергілікті деңгейде даму жоспарларының негізіне қою және халықаралық деңгейде белсенді ынтымақтастық жасау. Шығармашылық қалалар желісінің құрылуы МЕММ-нің «қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар» типін дамытуға, қолөнер арқылы басқа да типтерін ж»не туристік дестинацияны дамытуға зор мүмкіндік береді.

Түркияның Бурса қаласы – 2021 жылы, Өзбекстаннның Бұхара қаласы – 2023 жылы «ЮНЕСКО-ның шығармашылық қаласы» мандатын қоса алған. Бұхараның ерекше мәдени және сәулет мұрасы ежелгі дәуірлерден бастау алатын бай қолөнер дәстүрі бар. Бүгінгі таңда қолөнер өнеркәсібі қаланың дамуында маңызды рөл атқарады, экономикалық өсуге, жұмыс орындарын құруға, туризмнің өсуіне, әлеуметтік интеграцияға, экологиялық тұрақтылыққа, мәдени мұраны сақтауға және қаланың ерекше бірегейлігін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұхарада мәдени құндылықтардың бай мұрасы және қолөнер саласындағы шығармашылық индустрия әлемді мойындатқан. Қаланың қолөнері дәстүрлі өнер мен қолөнерді қорғау мен насихаттауда маңызды рөл атқарады. Шебер қолөнершілер халықтық білімнен алған өнерді ғасырлар бойы қолданып, алтын зермен кесте, қыш-құмыра, зергерлік бұйымдар және ағаш бұйымдарын жасайды. Қолөнер аймақтың тарихымен, әсіресе ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени дәстүрлермен тығыз байланысты, бұл мәдени бірегейліктің маңызды көзі болып табылады. Бұхарада сонымен қатар көптеген шебер қолөнер шеберханалары орналасқан, оларда көптеген шебер қолөнер шеберханалары жұмыс істейді. Бұл қауымдастық тек жергілікті экономикаға ғана емес, сонымен қатар мәдени мұра мен ұрпақтан-ұрпаққа берілетін дағдылардың қамқоршысы ретінде де қызмет етеді. Қолөнершілер жергілікті ұйымдармен, мектептермен және мәдени мекемелермен ынтымақтасады, дәстүрлі қолөнердің сақталуын және берілуін қамтамасыз ету үшін оқыту бағдарламалары мен шеберлік сабақтарын ұсынады [169, с.24-29].

ЮНЕСКО мандатын алу арқылы Бұхараның қолөнер бұйымдары әлемдік қызығушылықта қайта жанданып, халықаралық деңгейде танылды. Бұл экспорттық мүмкіндіктердің артуына жол ашып, қолөнер секторының да, қаланың да экономикалық өсуіне ықпал етті. Дәстүрлі қолөнерді сақтауға деген ұмтылыс, шебер қолөнершілердің қатысуы және Бұхараның қолөнерінің халықаралық деңгейде танылуының артуы қаланың мәдени және шығармашылық қабілетінің дәлелі болып табылады. Бұхара ЮНЕСКО-ның

«шығармашылық қала» мандатын қолдана отырып, ортағасырлық қала мәдениеті мен Ұлы Жібек жолының әлемдік өркениеттегі орнын қоса насихаттайды. ЮНЕСКО-ның «шығармашылық қала» мандаттарын иемденген қалалар мен ЮНЕСКО-ға тұтастай немесе бір бөлігі енген қалалар «қала-музей» статусын қоса иемденеді. Музей-қала статусы арқылы МЕММ дамыту этнотуризм бағытында маңызды шара.

Жібек өңдеу мен тағам мәдениеті және Осман империясының алғашқы астанасы ретінде Бурса өз тарихында маңызды сауда орталығына айналды. Қаланың бай мәдениетінің қалыптасуы оның иммиграция қаласы болуынан туындайды. Қаланың мәдени және тарихи негізімен бірқатар суретшілер мен қолөнершілер әртүрлі өнер мен қолөнерді, атап айтқанда Бурса жібегін, Изник плиткаларын, ертегілік қуыршақтарды (Қарагөз), темір бұйымдарын, тоқыма бұйымдарын, ағаш оюларын, шыны әшекейлерін, мәрмәрді, филографияны, дәстүрлі садақ атуды, инелі шілтерді (инелі кесте) және басқа да көптеген өнер туындыларын орындады. Бурса қаласы 55 мәдениет орталығын, 20 көркемсурет галереясын, 28 музейді және басқа мәдени құндылықтар жиынтығымен мақтана алады. Жібек саудасының 530 жылдық тарихы бар Козахан мәдени мұрасын ашуға келушілер үшін ең танымал орындардың бірі болып табылады. Қаланың тоқыма музейі орта есеппен 90 000 келушіні қабылдайды, ал Умурбей жібек өндірісі және дизайн орталығы жылына шамамен 35 000 келушіні қабылдайды. Осы маңызды орталықтардың барлығы Бурсаның тарихи жібек шаруашылығы саласының маңыздылығын, жергілікті қолөнердің маңызды элементін көрсетеді. Изник плиткаларының ең жақсы үлгілерін көрсететін Изник музейі қалпына келтіру жұмыстарынан кейін 2020 жылы қайта ашылды. Қала сонымен қатар музыкасыз орындалатын сирек кездесетін халық биі – Қылыштар мен Қалқандар биінің мекені. Бурса қаласына ЮНЕСКО мандатының берілуі оның қолөнер мен халық шығармашылығының шығармашылық қаласы ретінде келесі қадамдарды жүзеге асыруға маңызды болады: халықаралық ынтымақтастықты нығайту және тұрақты дамуға үлес қосу; үздік тәжірибелермен, біліммен бөлісу, осылайша шығармашылық иелеріне, мамандарға, ғалымдарға және қала жастарына болашақ мүмкіндіктер беру; мемлекеттік, жекеменшік сектор мен азаматтық қоғам өкілдерін біріктіру және мәдени тауарлар мен қызметтерді тарату, сондай-ақ маркетинг мүмкіндіктері үшін орын ұсыну.

Диссертацияның «тәжірибелік лабораториясы» ЮНЕСКО мандаты берілген ең ықпалды қалаларының бірі ретінде осы Бурса қаласында өтті. Бурса қаласындағы Жанды музей, Қаракөз музейінің негізгі бағыты, ал Тоқыма музей, Көш музейі жұмысының бір бағыты МЕММ дамытуға негізделген [188].

Білім беру қалаларының жаһандық желісі.

ЮНЕСКО-ның білім беру қалаларының жаһандық желісі барлығына өмір бойы білім алуды насихаттайтын, шабыт, тәжірибе және озық тәжірибелермен бөлісетін қалаларды біріктіреді. Жергілікті деңгейде білім алу мәдениетін қалыптастыру арқылы бұл динамикалық желі инновация мен өсуді қолдайды, барлық қалалардың инклюзивті, төзімді және тұрақты болуына көмектеседі. Бұл желі дүниежізінің 353 қаласын қамтиды. ЮНЕСКО-ның білім беру қалалары

мандатын беруі ынтымақтастықты келесідей бағытта дамытуға мүмкіндік береді: бастауыш білімнен бастап жоғары білімге дейінгі инклюзивті оқытуды дамыту үшін барлық салалардағы ресурстарын тиімді түрде жұмылдырады; отбасылар мен қауымдастықтарда оқуды жандандырады; жұмыс орнында және жұмыс үшін оқуды жеңілдетеді; заманауи оқу технологияларын пайдалануды кеңейтеді; оқу сапасы мен үздіктігін арттырады; өмір бойы оқу, үздіксіз білім жетілдіру мәдениетін қалыптастырады. Осылайша, қала жеке тұлғалардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді, әлеуметтік интеграцияны, экономикалық даму мен мәдени өркендеуді, сондай-ақ тұрақты дамуды күшейтеді.

Ізгі ниет елшілері, бейбітшілік үшін суретшілер және чемпиондар желісі.

ЮНЕСКО өзінің ізгі ниет елшілері, бейбітшілік үшін суретшілер және чемпиондар ұйымын құру арқылы қоғамның өз миссиясы мен бастамалары туралы хабардарлығын арттырады. Тағайындалғаннан кейін, бұл беделді тұлғалар өз таланттары мен ықпалын ЮНЕСКО-ның құндылықтары мен мақсаттарын ілгерілету үшін іс-шаралар ұйымдастыру, жобаларды басқару немесе маңызды әңгімелерге қатысу арқылы пайдалануға міндеттенеді.

Жүлделер желісі.

1951 жылдан бастап ЮНЕСКО гендерлік теңдікті ілгерілету, кедейлікпен күресу, сапалы білім беру, климаттың өзгеруімен күресу бейбітшілікке апаратын жол ретінде мәдени әртүрлілікті насихаттау сияқты маңызды жаһандық мәселелерді шешудегі ерекше күш-жігерді атап өту үшін сыйлықтар тағайындап келеді. Жетістіктерді құрметтеу арқылы ЮНЕСКО бүкіл әлемде өмірді жақсарту және барлығы үшін жақсы болашақ құру үшін атқарылып жатқан маңызды жұмыстар туралы хабардарлықты арттыруға көмектеседі [15, 16].

ЮНЕСКО Халықаралық тізімдерінің барлық бағыты МЕММ қоса дамыту, танытумен тікелей және ішінара байланысты. Халықаралық базаға енген мұраны кең танумен байланысты іс-шаралар аясында әр халық өзінің МЕММ-ін танытуына мүмкіндік алады.

1.3 Материалдық емес мәдени мұра Конвенциясын ратификациялау және Үкіметаралық комитетке мүшелік ету

МЕММ Конвенциясын ратификациялаған мемлекеттер өз елдерінде МЕММ қорғауға бағытталған Заңдар, дамытуға бағытталған тұжырымдамалар, түрлі бағдарламалар қабылдай бастады. Қазақстан Республикасы Үкіметі 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысына сәйкес «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама» қабылдады. Қазақстанда МЕММ дамыту, сақтау, қорғау шаралары осы тұжырымдамаға сәйкес жүзеге асып келеді [13; 14; 42; 43].

Мемлекеттер әзірлеген құжаттарда негізінен материалдық емес мәдени мұраға анықтама, түсініктемелерді әр мемлекет өз тұжырымымдарымен бергенімен, негізгі анықтама, түйін бір мағынаға келіп тоғысады. Тұжырымдамалар алға шығаратын қағидалар – қауымдастықтар, топтар және кей жағдайларда жекелеген адамдар өздерінің мәдени мұрасының бір бөлігі

ретінде танығ ән әдет-ғұрыптар, көркем бейнелеу және өзіндік көріністер формалары, білімдер мен дағдылар, сондай-ақ олармен байланысты құралдар, заттар, артефактілер мен мәдени кеңістіктер. Мұндай МЕММ материалдық және табиғи мұрамен тығыз байланыста болып, ұрпақтан ұрпаққа берілетіні, қоршаған ортаға, табиғатпен және тарихпен өзара әрекеттестігіне байланысты қауымдастықтар мен топтар арқылы үнемі жаңғыртылып отыратыны, олардың бірегейлік пен сабақтастық сезімін қалыптастырып, мәдени әртүрлілікке және адам шығармашылығына құрмет көрсетуге ықпал ететіні түсіндіріледі [42; 43].

ЮНЕСКО-ның басты міндеттерінің бірі «тірі мұралар элементтерін әсіресе өте аз өкілдікке ие елдерде анықтап, оларды сақтау және ұрпақтан ұрпаққа жеткізу бойынша қолдау көрсету. Жаһандық деңгейде ЮНЕСКО-ның бұл білімдер мен тәжірибелер жүйесі қазіргі заманның өзекті мәселелерін шешуге көмектесе алады. Себебі адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдікті қалпына келтіру, әлеуметтік байланыстарды сақтау сияқты күрделі проблемалардың шешімі – біздің тірі мәдени мұрамызда жатыр.

2003 жылы МЕММ Конвенциясы қабылданғаннан кейін көп ұзамай мемлекеттер тарапынан оның ратификациясы басталып, Конвенция 2006 жылғы 20 маусымда, оны ратификациялаған елдер саны отызға жеткеннен кейін, үш айдан соң толық ресми күшіне енді.

Конвенцияның жетекші органдары: Бас Ассамблея, үкіметаралық комитет, комитет бюросы, бағалау органы, хатшылық.

Бас Ассамблея – Конвенцияның тәуелсіз органы болып табылады. Бас Ассамблея әр екі жыл сайын кезекті сессияға жиналады және қажет деп тапқан жағдайда немесе Комитеттің не қатысушы мемлекеттердің кемінде үштен бірінің талабы бойынша кезектен тыс сессиялар өткізе алады. Бас Ассамблея Конвенцияны іске асырудың стратегиялық бағыттарын айқындайды және МЕММ-ді қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитеттің 24 мүшесін сайлайды. Комитет мүшелерінің жартысы әр екі жыл сайын жаңарып отырады. Материалдық мәдени мұраны қорғауға қатысты пікірлер мен шаралардың алуан түрлілігін көрсету мақсатында Бас Ассамблея Комитет мүшелерін сайлау кезінде әділ географиялық бөлініс қағидатын қолдануды ұйғарды. Бұл ретте әрбір аймақтан сайланатын мүше мемлекеттердің саны Конвенцияны ратификациялаған мемлекеттердің санына пропорционалды түрде белгіленеді.

Үкіметаралық комитет – 2003 жылғы Конвенцияның ережелерін практикалық тұрғыда жүзеге асыруға жауапты негізгі орган болып табылады. Оның негізгі қызметі:

– Конвенцияның мақсаттарына жәрдемдесу: материалдық емес мәдени мұраны халықаралық деңгейде қорғауды қамтамасыз ету және оның тұрақты даму мен мәдени әралуандылық үшін маңызын насихаттау;

– ұсынымдар мен стандарттар: материалдық емес мұраны сақтау мен берудің үздік тәжірибелерін әзірлеу және тарату;

– өтінімдерді қарастыру: мемлекеттердің элементтерді Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының өкілдік тізіміне, сондай-ақ Шұғыл қорғауды қажет ететін тізімге енгізу жөніндегі досьелерін бағалау;

– бағдарламалар мен жобаларды қолдау: мәдени әралуандылықты сақтауға жәрдемдесетін бағдарламалар мен жобаларды бекіту;

– халықаралық көмек көрсету: Материалдық емес мәдени мұраны қорғау қорының (Конвенцияның 25-бабы) қаражатын бөлу туралы шешім қабылдау;

– оперативтік директивалар: Конвенцияны іске асыруда бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету үшін нұсқаулық құжаттарды әзірлеу және түзету.

Комитеттің мүшелері Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің Бас Ассамблеясында сайланады. Құрамды қалыптастырудың негізгі қағидаттары:

– әділ географиялық өкілдік: Комитеттегі орындар ЮНЕСКО-ның алты аймақтық тобы арасында бөлінеді, әр топ кемінде үш орынға ие болады;

– мүшелердің ауысуы: мемлекеттердің кең ауқымда қатысуын қамтамасыз ету үшін қатысушылардың кезеңдік ауысуы қарастырылған;

– өкілдердің біліктілігі: мемлекеттер Конвенцияның 7-бабына сәйкес материалдық емес мәдени мұраның әртүрлі салаларында құзыретті мамандарды Комитетке тағайындайды.

Үкіметаралық комитеттің негізгі міндеттері: Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу және материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі шараларға қатысты ұсыныстар беру; мүше мемлекеттер ұсынған элементтерді тізімге енгізу өтінімдерін қарастыру; материалдық емес мәдени мұралардың репрезентативтік тізімін уақтылы қарастыру, жаңарту және жариялау; МЕММ тізімдеуге арналған стандарттарды әзірлеу; халықаралық көмек көрсету туралы есептерді қарастыру және мониторинг жүргізу.

Үкіметаралық комитет Конвенцияның негізгі жұмысшы тетігі болып табылады. Ол Конвенцияны іс жүзінде жүзеге асыруға, ресурстарды әділ бөлуге және материалдық емес мәдени мұраны қорғау саласындағы халықаралық күш-жігерді үйлестіруге жауап береді. Өкілеттік мерзімі бойынша Комитет мүшелері төрт жылға сайланады. Әр екі жыл сайын Комитет құрамының жартысы жаңартылады. Сонымен қатар шектеулер де бар. Атап айтсақ, мемлекет екі мерзім қатарынан қайта сайлана алмайды. Бұл демократиялық жаңаруды және қатысушылардың ауысуын қамтамасыз етеді. МЕММ-ді сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында МЕММ-ді қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитет құрылды, жыл сайын отырысы өткізіліп келеді. Бұл комитет 2003 жылғы ЮНЕСКО Конвенциясы аясында жұмыс істейді және оның негізгі функциялары мен құрылымы нақты құқықтық негізге сүйенеді.

Үкіметаралық комитет құрамына 24 мүше мемлекет Конвенцияға қатысушы мемлекеттер Ассамблеясымен төрт жыл мерзімге сайланады. Сайлау географиялық әділеттілік пен ротация қағидаттарына негізделеді. Әр екі жыл сайын мүше мемлекеттердің жартысы қайта сайланып отырады. Ешбір мемлекет екі мерзім қатарынан сайлана алмайды [Кесте 6-10]. ЮНЕСКО Комитетіне мүше елдер өкілдері Комитет сессиясына жыл сайын Конвенцияға қатысушы мемлекеттер ұсынған кандидат нысанды бағалау және сол мұраны қолдану, дамыту тәжірибелері талқылау мен оны Конвенция Тізіміне енгізу, енгізбеу, бұрын енген мұраның қорғалу санатын ауыстыру туралы шешім қабылдау үшін жиналады. Комитет сессиясы өтетін мемлекет бір жыл бұрын анықталады [55].

Осы құрылым мен міндеттер аясында Үкіметаралық комитет МЕММ-ді сақтау, тарату және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу ісіне елеулі үлес қосып отыр. Бұл механизм мүше мемлекеттердің мәдени әртүрлілігі мен рухани мұрасын жаһандық деңгейде танымал етуге бағытталған тиімді құрал болып табылады. Аталған комитет мүше мемлекеттерден келіп түскен ұсыныстарды қарастырып, белгілі бір мәдени тәжірибе мен мұра элементтерін тиісті халықаралық тізімдерге енгізу туралы шешім қабылдайды. Бұл тізімдер мәдени мұраны сақтауға, дамытуға және халықаралық деңгейде танымал етуге бағытталған. МЕММ-ді дамытуға Комитет МЕММ тізімдеріне жаңа мәдени тәжірибелерді тіркеу жұмысын қоса атқарады. Бұл тізімдерге енгізу арқылы әлемнің әр түкпіріндегі маңызды мәдени құндылықтарды тиімдірек қорғау, сондай-ақ олардың маңыздылығына қатысты халықтың хабардарлығын арттыру көзделеді. Үкіметаралық комитет жұмысының белсенді түрінің бірі жастарды мәдени мұраны зерттеу мен сақтауға тарту. Бұл міндетті жүзеге асырудың бір жолы жастарға білім беру, үйрету, ғылымға баулу [116, s.121-135].

Конвенция қабылданған уақыттан бастап-ақ бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен ратификацияланды. 2015 жылдың сәуір айындағы мәлімет бойынша оны 195 ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттің 163-і ратификациялаған, бұл барлық мүшелердің төрттен үшінен астамын құрайды. Ал, ЮНЕСКО-ның Материалдық мәдени мұраны қорғау туралы Конвенциясын 2024 жылдың желтоқсан айындағы жағдайы бойынша 183 мемлекет ратификациялаған. Бұл көрсеткіш әлемдегі 195 мемлекеттің 93 пайызын құрайды.

Ратификация (лат. *ratificatio*, *ratus* – шешілген, бекітілген және *facere* – жасау) – уәкілетті өкіл қол қойғаннан кейін халықаралық шартты мемлекеттік жоғарғы билік органы ресми түрде бекітуі. Ратификация шартқа құқықтық күш береді және мемлекет тарапынан оның талаптарын орындауға келісім білдіреді. Ратификациядан кейін ратификациялық грамоталар беріледі. Бұл ратификация фактісін растайтын ресми құжаттар. Олар тараптар арасында алмасады немесе депозитарийге сақтауға тапсырылады. Ратификациялық грамоталар – бұл халықаралық шартты ратификациялау үшін мемлекеттің ішкі рәсімдері (мысалы, парламенттің мақұлдауы) толық аяқталғанын растайтын ресми құжаттар. Бұл грамоталар: Мемлекет басшысының атынан беріледі (мысалы, президенттен); Шарттың міндеттілігіне келісімді ресми түрде растайды; Тараптар арасында алмасады (егер екіжақты шарт болса) немесе депозитарийге сақтауға тапсырылады (егер көпжақты шарт болса). Депозитарий – бұл мемлекет, халықаралық ұйым немесе арнайы уәкілетті тұлға болуы мүмкін. Ратификациялық грамоталармен алмасу немесе оларды тапсыру әдетте ресми рәсім арқылы жүргізіледі, содан кейін шартта көрсетілген тәртіпке сәйкес күшіне енеді. Халықаралық құқықтық құжаттар материалдық емес мәдени мұраны сақтауда мемлекеттерге нормативтік негіз ұсынып қана қоймай, оны құжаттауға, жандандыруға және ұрпаққа жеткізуге бағытталған нақты тетіктерді де қамтамасыз етеді. Бұл құжаттар мемлекетаралық ынтымақтастықты арттырып, Дүниежүзілік мәдени әртүрлілікті қорғаудың негізін қалайды. Конвенцияның ратификациялауы және Комитетке мүшелік етуін кестеде көрсеттік [Кесте 6-10].

Ожал Огуздың «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау бұл мұраның өнімділігін қорғау емес, осы мұраны құрайтын өнер мен көркемдік дәстүрді қорғау деп қабылдай аламыз», – деген тұжырымы осы Конвенцияны қабылдаған мемлекет қауымына МЕММ маңыздылығын түсіндіреді, әрі материалдық емес мәдени мұраны қорғауды халықтық біліммен бірге қорғау мәселесін көтерген [109; 110]. Эврим Өлчердің «Материалдық емес мәдени мұра мен тұрақты даму мақсаттары адамзаттың өткен мен болашағы арасында маңызды көпір орнатады» [111] деген пікірі тұрақты дамудың қазіргі мен болашақты қатар ойлайтын тұжырымдамасын және мәдени мұраны қорғаудағы ұрпақтар сабақтастығына бағытталған көзқарасты дәл сипаттайды. Ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалатын осындай МЕММ-ді қоғамдастықтар, топтар, жеке адамдар-шығармашылық өкілдер оларды қоршаған ортаға, олардың табиғатпен өзара іс-қимылына және тарихына байланысты үнемі жаңадан жасап отырады. Мұндай мұралар олардың бойында өзіндік ерекшелік пен сабақтастық сезімін қалыптастыру арқылы мәдени әртүрлілік пен адам шығармашылығын құрметтеуге ықпал етеді.

Африка мемлекеттерінен Конвенция қабылданғаннан кейін бір жыл өткенде 2004 жылы Алжир, Габон, Орталық Африка Республикасы, Маврикий ратификациялады. ЮНЕСКО-ға енген, бірақ МЕММ Конвенциясына қатысушы емес мемлекет – Сьерра-Леон. Мемлекет 2003 жылы Мәдени және табиғи ескерткіштерді қорғау конвенциясын ратификациялаған. Африка мемлекеттерінен ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясын алғашқы болып Алжир, Орталық Африка Республика, Габон, Маврикий мемлекеттері 2004 жылы ратификациялайды. Үкіметаралық Комитетке Алжир, Нигерия мемлекеттері 2006-2008, 2012-2016, 2024-2028 жылдар аралығында 3 реттен, ал Кот д'Ивуар, Эфиопия, Марокко, Уганда, Замбия мемлекеттері 2 реттен мүшелік қызметін атқарған [Кесте 7].

Кесте 6 – Африка мемлекеттерінің МЕММ қорғау туралы ЮНЕСКО конвенциясын ратификациялауы және Комитетке мүшелік етуі

Мемлекет	Ратификациялау күні, айы, жылы	Үкіметаралық комитетке мүшелік жылдар
1	2	3
Алжир	15 наурыз 2004 жыл	2006–2008 2014–2018 2024–2028
Ангола	27 шілде 2020 жыл	
Бенин	17 сәуір 2012 жыл	
Ботсвана	1 сәуір 2010 жыл	2020 - 2024
Буркина-Фасо	21 шілде 2006 жыл	2010 - 2014 2022 - 2026
Бурунди	25 тамыз 2006 жыл	
Кабо-Верде	6 қаңтар 2016 жыл	
Камерун	16 қазан 2012 жыл	
Орталық Африка Республикасы	7 желтоқсан 2004 жыл	2006 - 2010
Чад	17 маусым 2008 жыл	

6 – кестенің жалғасы

1	2	3
Комор аралдары	20 қараша 2013 жыл	
Конго	16 шілде 2012 жыл	2014 - 2018
Кот д'Ивуар	13 шілде 2006 жыл	2014 - 2018 2020 - 2024
Конго Демократиялық Республикасы	28 қыркүйек 2010 жыл	
Джибути	30 тамыз 2007 жыл	2018 - 2022
Экваторлық Гвинея	17 қазан 2010 жыл	
Эритрея	7 маусым 2010 жыл	
Эсватини	30 қазан 2012 жыл	
Эфиопия	24 ақпан 2006 жыл	2014 - 2018 2022 - 2026
Габон	18 маусым 2004 жыл	2006 - 2010
Гамбия	25 мамыр 2011 жыл	
Гана	20 қаңтар 2016 жыл	
Гвинея	20 ақпан 2008 жыл	
Гвинея-Бисау	7 наурыз 2016 жыл	
Кения	24 қазан 2007 жыл	2008 - 2012
Лесото	29 шілде 2008 жыл	
Ливия	10 қараша 2023 жыл	
Мадагаскар	31 наурыз 2006 жыыл	
Малави	16 наурыз 2010 жыл	
Мали	3 маусым 2005 жыл	2006 - 2010
Мавритания	15 қараша 2006 жыл	2022 - 2026
Маврикий	4 маусым 2004 жыл	2016 - 2020
Марокко	6 шілде 2006 жыл	2010 - 2014 2020 - 2024
Мозамбик	18 қазан 2007 жыл	
Намибия	19 қыркүйек 2007 жыл	2012 - 2016
Нигерия	27 сәуір 2007 жыл	2008 - 2012
Нигерия	21 қазан 2005 жыл	2006 - 2008 2012 - 2016 2024 - 2028
Руанда	21 қаңтар 2013 ж	2020 - 2024
Сан Том және Принсипи	25 шілде 2006 жыл	
Сенегал	5 қаңтар 2006 жыл	2006 - 2008 2016 - 2020
Сейшель аралдары	15 ақпан 2005 жыл	
Сомали	23 шілде 2020 жыл	
Оңтүстік Африка	24 қаңтар 2025 жыл	
Оңтүстік Судан	9 наурыз 2016 жыл	
Судан	19 маусым 2008 жыл	
Того	5 ақпан 2009 жыл	2018 - 2022
Тунис	24 шілде 2006 жыл	2012 - 2016
Уганда	13 мамыр 2009 жыл	2012 - 2016 2024 - 2028
Біріккен Танзания Республикасы	18 қазан 2011 жыл	
Замбия	10 мамыр 2006 жыл	2016 - 2020 2024 - 2028
Зимбабве	9 маусым 2006 жыл	2008 - 2010

Конвенцияға алғашқы болып Араб мемлекеттерінен Египет, Оман, Сирия, Біріккен Араб Әмірліктері қосылған. Біріккен Араб Әмірліктері – 2066-2010, 2024-2028 жылдары Үкіметаралық Комитетке мүше [Кесте 7]. Араб мемлекеттері аймағынан 2004 жылы 15 наурызда Алжир мемлекеті конвенцияны бірінші ратификациялады.

Кесте 7 – Араб мемлекеттерінің МЕММ қорғау туралы ЮНЕСКО конвенциясын ратификациялауы және Комитетке мүшелік етуі

Мемлекет	Ратификациялау күні, айы, жылы	Үкіметаралық комитетке мүшелік жылдар
Бахрейн	7 наурыз 2014 жыл	
Джибути	30 тамыз 2007 жыл	2018 - 2022
Египет	3 тамыз 2005 жыл	2012 - 2016
Ирак	6 қаңтар 2010 жыл	
Иордания	24 наурыз 2006 жыл	2008 - 2012
Кувейт	9 сәуір 2015 жыл	2018 - 2022
Ливан	8 қаңтар 2007 жыл	2016 - 2020
Ливия	10 қараша 2023 жыл	
Мальта	13 сәуір 2017 жыл	
Мавритания	15 қараша 2006 жыл	2022 - 2026
Марокко	6 шілде 2006 жыл	2010 - 2014 2020 - 2024
Оман	4 тамыз 2005 жыл	2008 - 2012
Палестина	8 желтоқсан 2011 жыл	2016 - 2020
Катар	1 қыркүйек 2008 жыл	
Сауд Арабиясы	10 қаңтар 2008 жыл	2020 - 2024
Сомали	23 шілде 2020 жыл	
Судан	19 маусым 2008 жыл	
Сирия Араб Республикасы	11 наурыз 2005 жыл	2006 - 2008
Тунис	24 шілде 2006 жыл	2012 - 2016
Біріккен Араб Әмірліктері	2 мамыр 2005 жыл	2006 - 2010 2024 - 2028
Йемен	8 қазан 2007 жыл	

ЮНЕСКО географиялық бөлінісі бойынша Азия және Тынық мұхиты мемлекеттері аймағына кіретін Қазақстан, конвенцияны «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 514-IV Заңымен ратификациялап, 2018-2022 жылдары комитетке мүше ретінде ретінде МЕММ қорғау саласында белсенді жұмыс жүргізуде [42-43; 62]. Орта Азия мемлекеттері ішінен МЕММ бағдарын алғаш болып 2006 жыл 6 қарашада Қырғызстан Республикасы қабылдаған [57; 93; 216].

Түркия Республикасы 2006 жылдың 19 қаңтарында қабылданған №5448 Заң арқылы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенцияға

қосылып, 2006 жылдың 27 наурызында аталған конвенцияны ратификациялады. Материалдық емес мәдени мұраны қорғау Конвенциясында мүше елдердің өтініштері негізінде мәдени мұра тізімдерін жасау көзделген. Түркия 2008 жылдан бастап өз мәдени мұра элементтерін аталған тізімдерге енгізу бойынша жұмыстар жүргізіп келеді. Қазіргі уақытта ЮНЕСКО-ның МЕММ тізіміне Түркиядан 32 элемент енгізілген [57].

Азия және Тынық мұхиты мемлекеттерінің ішінен алғашқылардың бірі болып, 2004 жылы Қытай, Жапония, Корея, Вьетнам мемлекеттері ратификациялады. Қытай мемлекеті МЕММ қорғаудан озық тәжірибе қалыптастыруы негізінде 2006-2008, 2010-2014, 2018-2022, 2024-2028 жылдар Үкіметаралық Комитетке мүше жылдары болып саналады. Жапония – 2006-2008, 2010-2014, 2022-2014, Оңтүстік Корея – 2008-2010, 2014-2018, 2020-2024 жылдар аралығында Комитетке мүшелік қызметті қоса атқарады [Кесте 8].

Кесте 8 – Азия және Тынық мұхиты мемлекеттерінің МЕММ қорғау туралы ЮНЕСКО конвенциясын ратификациялауы және Комитетке мүшелік етуі

Мемлекет	Ратификациялау күні, айы, жылы	Үкіметаралық комитетке мүшелік жылдар
1	2	3
Ауғанстан	30 наурыз 2009 жыл	2014 - 2018
Бангладеш	11 маусым 2009 жыл	2022 - 2026
Бутан	12 қазан 2005 жыл	
Бруней Даруссалам	12 тамыз 2011 жыл	
Камбоджа	13 маусым 2006 жыл	
Қытай	2 желтоқсан 2004 жыл	2006 - 2008 2010 – 2014 2018 - 2022 2024 - 2028
Кук аралдары	3 мамыр 2016 жыл	
Корей Халық Демократиялық Республикасы (Солтүстік Корея)	21 қараша 2008 жыл	
Фиджи	19 қаңтар 2010 жыл	
Үндістан	9 қыркүйек 2005 жыл	2006 - 2010 2014 - 2018 2022 - 2026
Индонезия	15 қазан 2007 жыл	2010 – 2014
Иран (Ислам Республикасы)	23 наурыз 2006 жыл	2010 – 2012
Жапония	15 маусым 2004 жыл	2006 - 2008 2010 – 2014 2018 - 2022
Кирибати	2 қаңтар 2018 жыл	
Қазақстан	28 желтоқсан 2011 жыл	2018 - 2022
Қырғызстан	6 қараша 2006 жыл	2012 – 2016

8 – кестенің жалғасы

1	2	3
Лаос Халықтық Демократиялық Республикасы	26 қараша 2009 жыл	
Малайзия	27 шілде 2013 жыл	2022 - 2026
Маршалл Аралдар	14 сәуір 2015 жыл	
Микронезия Федерация мемлекеттер	13 ақпан 2013 жыл	
Моңғолия	29 маусым 2005 жыл	2014 - 2018
Мьянма	7 мамыр 2014 жыл	
Науру	1 наурыз 2013 жыл	
Непал	15 маусым 2010 жыл	
Пәкістан	7 қазан 2005 жыл	
Палау	2 қараша 2011 жыл	
Папуа- Жаңа Гвинея	12 қыркүйек 2008 жыл	
Филиппин	18 тамыз 2006 жыл	2016 - 2020
Корея Республикасы (Оңтүстік Корея)	9 ақпан 2005 жыл	2008 – 2012 2014 - 2018 2020 – 2024
Самоа	13 қараша 2013 жыл	
Сингапур	22 ақпан 2018 жыл	
Саламон Аралдары	11 мамыр 2018 жыл	
Шри Ланка	21 сәуір 2008 жыл	2018 - 2022
Тәжікстан	17 тамыз 2010 жыл	
Тайланд	10 маусым 2016 жыл	
Тимор-Лесте (Шығыс Тимор)	31 қазан 2016 жыл	
Тонга	26 қаңтар 2010 жыл	
Түркия	27 наурыз 2006 жыл	2006 - 2010 2014 - 2018
Түрікменстан	25 қараша 2011 жыл	
Тувалу	12 мамыр 2017 жыл	
Өзбекстан	29 қаңтар 2008 жыл	2022 - 2026
Вануату	22 қыркүйек 2010 жыл	
Вьетнам	20 қыркүйек 2005 жыл	2006 - 2010 2022 - 2026

Еуропа және Солтүстік Америка мемлекеттері аймағынан конвенция қабылданғаннан кейін екі жыл өткенде 2005 жылдың 14 қаңтарында Латвия, 21 қаңтарында Литва, 3 ақпанында Беларусь, 28 шілдеде Хорватия, 23 қарашасында Исландия мемлекеттері ратификациялады. Ұлыбритания 2024 жылдың 12 сәуірінде Конвенцияны ратификациялап, 2024 жылдың 7 маусымында ресми түрде күшіне енгізді. Осылайша ол 183-ші қатысушы мемлекет болды. Мемлекеттер конвенцияны ратификациялағаннан кейін ратификациялауды растайтын ресми құжат яғни «ратификациялау грамоталары» тараптар арасында алмасылады немесе депозитарийге сақтауға тапсырылады. Үкіметаралық Комитетке Чехия – 2010-2014, 2020-2024, Мажарстан – 2006-2010, 2014-2018

жылдар, Испания – 2010-2014, 2024-2028 жылдары реттен мүшелік ету мүмкіндігін алған [Кесте 9].

Кесте 9 – Еуропа және Солтүстік Америка мемлекеттерінің МЕММ қорғау туралы ЮНЕСКО конвенциясын ратификациялауы және Комитетке мүшелік етуі

Мемлекет	Ратификациялау күні, айы, жылы	Үкіметаралық комитетке мүшелік жылдар
1	2	3
Албания	4 сәуір 2006 жыл	2010 – 2014
Андорра	8 қараша 2013 жыл	
Армения	18 мамыр 2006 жыл	2016 - 2020
Австрия	9 сәуір 2009 жыл	2016 - 2020
Әзербайжан	18 қаңтар 2007 жыл	2010 - 2014 2018 – 2022
Беларусь	3 ақпан 2005 жыл	2006 - 2010
Бельгия	24 наурыз 2006 жыл	2006 – 2008 2012 – 2016
Босния және Герцеговина	23 ақпан 2009 жыл	
Болгария	10 наурыз 2006 жыл	2006 - 2008 2014 - 2018
Хорватия	28 шілде 2005 жыл	2008 – 2012
Кипр	24 ақпан 2006 жыл	2008 – 2012 2016 - 2020
Чехия	18 ақпан 2009 жыл	2010 – 2014 2020 – 2024
Дания	30 қазан 2009 жыл	
Эстония	27 қаңтар 2006 жыл	2006 - 2010
Финляндия	21 ақпан 2013 жыл	
Франция	11 шілде 2006 жыл	2006 - 2008 2024 - 2028
Грузия	18 наурыз 2008 жыл	
Германия	10 сәуір 2013 жыл	2022 – 2026
Греция	3 қаңтар 2007 жыл	2012 – 2016
Мажарстан	17 наурыз 2006 жыл	2006 - 2010 2014 - 2018
Исландия	23 қараша 2005 жыл	
Ирландия	22 желтоқсан 2015 жыл	
Италия	30 қазан 2007 жыл	2008 – 2012
Латвия	14 қаңтар 2005 жыл	2012 – 2016
Литва	21 қаңтар 2005 жыл	
Люксембург	31 қаңтар 2006 жыл	
Мальта	13 сәуір 2017 жыл	

9 – кестенің жалғасы

1	2	3
Монако	4 маусым 2007 жыл	
Черногория	14 қыркүйек 2009 жыл	
Нидерланды	15 мамыр 2012 жыл	2018 - 2022
Солтүстік Македония	13 маусым 2006 жыл	
Норвегия	17 қаңтар 2007 жыл	
Польша	16 мамыр 2011 жыл	2018 - 2022
Португалия	21 мамыр 2008 жыл	
Молдова Республикасы	24 наурыз 2006 жыл	
Румыния	20 қаңтар 2006 жыл	2006 - 2008
Сан- Марино	17 қараша 2022 жыл	
Сербия	30 маусым 2010 жыл	
Словакия	24 наурыз 2006 жыл	2022 – 2026
Словения	18 қыркүйек 2008 жыл	
Испания	25 қазан 2006 жыл	2010 – 2014 2024 - 2028
Швеция	26 қаңтар 2011 жыл	2020 – 2024
Швейцария	16 шілде 2008 жыл	2020 – 2024
Украина	27 мамыр 2008 жыл	2024 - 2028
Ұлыбританияның Біріккен корольдігі және Солтүстік Ирландия	7 наурыз 2024 жыл	

Латын Америкасы және Кариб теңізі мемлекеттері арасынан МЕММ қорғау туралы ЮНЕСКО конвенциясын бірінші болып, 20 тамыз 2004 жылы Панама Республикасы ратификацияласа, соңғы 2017 жылы 5 қыркүйекте Суринам елі ратификациялады. Бразилия – 2006-2008, 2012-2016, 2020-2024, Перу – 2006-2010, 2012-2016, 2020-2024 жылдары Комитетке мүшелік қызметін атқарған. Контингенттен Панама мемлекеті 2003 жылғы МЕММ Конвенциясын алғаш болып 20 тамыз 2004 жылы ратификациялайды [Кесте 10].

Кесте 10 – Латын Америкасы және Кариб теңізі мемлекеттерінің МЕММ қорғау туралы ЮНЕСКО конвенциясын ратификациялауы және Комитетке мүшелік етуі

Мемлекет	Ратификациялау күні, айы, жылы	Үкіметаралық комитетке мүшелік жылдар
1	2	3
Антигуа және Барбуда	25 сәуір 2013 жыл	
Аргентина	8 тамыз 2006 жыл	
Багам аралдары	15 мамыр 2014 жыл	
Барбадос	2 қазан 2008 жыл	2024 - 2028
Белиз	4 желтоқсан 2007 жыл	

10 – кестенің жалғасы

1	2	3
Боливия (Көп ұлтты мемлекет)	28 ақпан 2006 жыл	2006 - 2008
Бразилия	1 наурыз 2006 жыл	2006 - 2008 2012 – 2016 2020 – 2024
Чили	10 желтоқсан 2008 жыл	
Колумбия	19 наурыз 2008 жыл	2016 - 2020
Коста-Рика	23 ақпан 2007 жыл	
Куба	29 мамыр 2007 жыл	2008 – 2012 2016 - 2020
Доминика	5 қыркүйек 2005 жыл	
Доминикан республикалары	2 қазан 2006 жыл	2024 - 2028
Эквадор	13 ақпан 2008 жыл	
Сальвадор	13 қыркүйек 2012 жыл	
Гренада	15 қаңтар 2009 жыл	2010 – 2014
Гватемала	25 қазан 2006 жыл	2016 - 2020
Гаити	17 қыркүйек 2009 жыл	2024 - 2028
Гондурас	24 шілде 2006 жыл	
Ямайка	27 қыркүйек 2010 жыл	2018 - 2022
Мексика	14 желтоқсан 2005 жыл	2006 - 2010
Никарагуа	14 ақпан 2006 жыл	2010 – 2014
Панама	20 тамыз 2004 жыл	2020 – 2024
Парагвай	14 қыркүйек 2006 жыл	2008 – 2012 2022 – 2026
Перу	23 қыркүйек 2005 жыл	2006 - 2010 2012 – 2016 2020 – 2024
Сент- Китс және Невис	15 сәуір 2016 жыл	
Сент- Люсия	1 ақпан 2007 жыл	2014 - 2018
Сент- Винсент және Гренадиндер	25 қыркүйек 2009 жыл	
Суринам	5 қыркүйек 2017 жыл	
Тринидад және Тобаго	22 шілде 2010 жыл	
Уругвай	18 қаңтар 2007 жыл	2012 – 2016
Венесуэла (Боливар Республикасы)	12 сәуір 2007 жыл	2008 – 2012

АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Израиль, Ресей Федерациясы сияқты бірқатар елдер ЮНЕСКО МЕММ тізімдеуіне қосылған жоқ. Бұл елдер Конвенцияны ратификацияламағанымен, ЮНЕСКО-ның басқа да мәдени

бағдарламаларына қатысады. Ресей Федерациясы ратификациялаудан тыс 2008 жылы Үкіметі 2009-2015 жылдарға арналған «Ресей халықтарының материалдық емес мәдени мұрасын сақтау және дамыту тұжырымдамасын» әзірлеген. Бұл құжат Ресей ғалымдарының ратификациялаудан тыс МЕММ тақырыбын зерттеуіне негіз болды [124; 125; 126].

Комитет бюросы – Комитеттің жұмысын үйлестіретін және оның іс-шараларының күн тәртібі мен өткізілу тәртібін айқындайтын құрылымдық орган. Ол Комитет жүктеген кез-келген қосымша міндеттерді орындауға құқылы. Операциялық нұсқаулықтың 49-тармағына сәйкес, Бюро 100 000 АҚШ долларына дейінгі халықаралық көмек көрсету жөніндегі өтініштерді бекіту өкілеттігіне ие. 50-тармаққа сәйкес, ол 100 000 доллардан асатын шұғыл өтініштерді қарастырып, бекітеді. Ерекше жағдайларда және U.6 шартына сүйене отырып, 32-тармаққа сәйкес Бюро белгілі бір мемлекетке немесе мемлекеттерге жеделдетілген тәртіппен Шұғыл қорғауды қажет ететін мұралар тізіміне номинация ұсынуды ұсына алады. Бюроның негізгі функциялары – үйлестіру, халықаралық көмекті бекіту, шұғыл жағдайларда жедел шешім қабылдау және қашықтан кеңесулер ұйымдастыру. Ереженің 12.3 бөліміне сәйкес қажет болған жағдайда, Төрағаның келісімімен Бюро хат алмасу арқылы, соның ішінде электрондық консультациялар жүргізу жолымен, кеңесулер өткізе алады [13].

Бағалау органы – Конвенцияның Операциялық нұсқауларының 27-тармағына сәйкес, Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитет өз құзыретінде Бағалау органын арнайы кеңесші механизм ретінде құрды. Оның мандаты – Конвенцияның негізгі тетіктерін іске асыруға байланысты мәселелерді сараптамалық тұрғыдан қарастыру және ұсынымдар дайындау. Бағалау органының құзыретіне мыналар жатады: МЕММ-ді шұғыл қорғауды қажет ететін тізімге және Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының өкілдік тізіміне енгізуге арналған номинацияларды қарастыру және бағалау, сонымен бірге элементтерді бір тізімнен екіншісіне көшіру, номинация аясын кеңейту немесе тарылту рәсімдері; Конвенцияның қағидаттары мен мақсаттарын ең дәйекті түрде бейнелейтін ұсынылған бағдарламалар, жобалар мен іс-шараларды талдау және оларды тиімді сақтау тәжірибелері тізіліміне енгізу жөнінде ұсынымдар жасау; МЕММ-ді шұғыл қорғау тізіміне номинациялармен бірге немесе элементті Репрезентативті тізімнен Шұғыл қорғау тізіміне көшіру барысында ұсынылатын халықаралық көмекке өтінімдерді бағалау. Бағалау органының мүшесінің өкілеттік мерзімі төрт жылдан аспайды. Сонымен бірге, 28-тармаққа сәйкес жыл сайын құрамның төрттен бірі жаңартылып отырады, бұл оның қызметінің сабақтастығы мен институционалдық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Директивалардың 39.3-тармағына сәйкес, Бағалау органы оң тәжірибені тиімді сақтау тәжірибелері тізіліміне енгізу жөнінде Комитетке ұсыным беруге құқылы. Ұйымдастырушылық тұрғыда Бағалау органы 12 мүшеден тұратын алқалы құрылым болып табылады. Олар Комитет тарапынан тағайындалады және Комитетке кірмейтін мемлекет-қатысушылардан МЕММ-нің әртүрлі

салаларындағы 6 сарапшыдан, аккредитацияланған үкіметтік емес ұйымдардың 6 өкілінен тұрады [Кесте 11-12].

Кесте 11 – 2025 жылғы циклге арналған Бағалау органының сарапшылары – Комитет мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің өкілдері

Сайлау тобы	**Сарапшының аты-жөні**	**Мемлекет**	**Өкілеттік мерзімі**
I	Эврим Өлчер Өзүнел	Түркия	2023-2026
II	Римвидас Лаужикас	Литва	2023-2026
III	Лусияна Гонсалвес де Карвалью	Бразилия	2025-2028
IV	Нандадева Билинда Деваге	Шри-Ланка	2025-2028
V(a)	Херберт Чимхунду	Зимбабве	2024-2027
V(b)	Нахла Абдалла Эмам	Мысыр	2022-2025

Құрамды жасақтау кезінде әділ географиялық өкілдік қағидаты және материалдық емес мәдени мұра салаларының тең қамтылуы ескеріледі, бұл Аккредитацияланған үкіметтік емес ұйымдарға да қатысты [Кесте 12].

Кесте 12 – Аккредитацияланған үкіметтік емес ұйымдар

Сайлау тобы	**Үкіметтік емес ұйымдар**	**Өкілеттік мерзімі**
I	Квебек тірі мұра кеңесі (Conseil Québécois du patrimoine vivant)	2024-2027
II	Чех этнологиялық қоғамы	2024-2027
III	Даниэль Рубин де ла Борболла орталығы	2022-2025
IV	«Айгине» мәдени-зерттеу орталығы	2022-2025
V(a)	Уганда мәдениетаралық қоры (Cross-Cultural Foundation of Uganda – CCFU)	2023-2026
V(a)	Сауд Арабиясының мәдени мұраны сақтау қоғамы (Saudi Heritage Preservation Society – SHPS)	2025-2028

Хатшылық – Конвенцияның институционалдық тетіктерінің бірі. Конвенцияның 10-бабына сәйкес, бұл функцияны ЮНЕСКО құрылымындағы «Тірі мұра» (Living Heritage Entity) бөлімі жүзеге асырады. Құрылым Конвенцияның тиімді орындалуын қамтамасыз ететін әкімшілік және үйлестіруші орган ретінде қызмет етеді. Оның негізгі міндеттеріне мыналар жатады: Конвенцияның барлық мүше мемлекеттерімен тұрақты байланыс орнату және олардың Конвенцияны іске асыру бойынша қызметін үйлестіру; ЮНЕСКО-ның мүше мемлекеттерінің барлығымен, оның ішінде Конвенцияға қатысушы болып табылмайтын мемлекеттермен де ынтымақтастықты дамыту, бұл материалдық емес мәдени мұраны қорғаудың жаһандық деңгейдегі ортақ міндет екенін көрсетеді; комитеттің және Бас Ассамблеяның жұмысына әдістемелік және техникалық қолдау көрсету, олардың шешімдерінің

орындалуын қамтамасыз ету; халықаралық ынтымақтастықты нығайту және материалдық емес мәдени мұраны қорғау саласында үздік тәжірибелерді алмасу үшін алаң құру.

Хатшылықтың қызметі ЮНЕСКО Бас директорының басшылығымен жүзеге асырылады және оның қызметтік басымдықтары мен ресурстық мүмкіндіктері Бас конференция қабылдайтын бағдарлама мен бюджетке сәйкес анықталады. Бұл жайт Хатшылықтың институционалдық қызметін саяси бейтараптықта ұстап, бүкіл ұйымның жалпы стратегиясымен үйлесімді болуын қамтамасыз етеді. «Тірі мұра» құрылымы Конвенцияның күнделікті жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін орталық буын болып табылады. Ол халықаралық деңгейде мемлекеттер арасындағы көпжақты ынтымақтастықты нығайтып қана қоймай, мәдениетаралық диалог пен мәдени әртүрлілікті қолдаудың әмбебап құралы ретінде қызмет етеді.

2003 жылғы Конвенцияның жоғары органы – Бас Ассамблея (БА) материалдық емес мұра нысандарын сақтау мен жаңғыртуға өз үлесін қосады. 4-баптың 2-тармағына сәйкес, БА екі жылда бір рет кезекті сессияға жиналады, алайда мына жағдайларда кезектен тыс сессия да өткізе алады: шешім қабылдау үшін жиналыстың міндеттілігі; материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитеттің (ҮАК) өтініші бойынша; қатысушы мемлекеттердің кемінде үштен бірінің өтініші бойынша [49; 176].

ЮНЕСКО МЕММ БА 7-ші сессиясына (2018 жыл 4-6 маусым) Конвенцияға қатысушы 177 мемлекет, 8-ші сессияға (2020 жыл 8-10 қыркүйек) – 140-тан астам ел; 9-шы сессияға (2022 жыл 5-7 шілде) – 180 мемлекет қатысты [22-26]. Қатысушы мемлекеттер санының өсуі «тірі мұраны» сақтаудың тек ұлттық емес, жаһандық деңгейдегі маңызын көрсетеді. ЮНЕСКО МЕММ БА 8-ші сессияға қатысушы елдер санының азаюы COVID-19 пандемиясының әсерімен байланысты, ол «тірі мұраға» да ықпал етті. Тиісінше, жедел әрекет етуді, мұра нысандарын сақтау мен жаңғыртудың жаңа құралдары мен әдістерін және оларды іске асыру тетіктерін қажет ететін жаңа сын-қатерлер пайда болды.

COVID-19 пандемиясы МЕММ айналып өтпеді, қазіргі халықаралық қоғамдастық алдындағы сын болды. Осыған байланысты 2003 жылғы Конвенцияға төтенше жағдайларда мұра нысандарын сақтау мен жаңғырту тәсілдерін бекіту және аталған сын-қатерлермен күресудің белгілі бір тетіктерін қарастыру қажеттігі қоса туындады.

МЕММ қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитет Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің өкілдерінен тұрады, Бас Ассамблеяда жиналады және материалдық емес мұраның әртүрлі салаларында құзыретті (6-баптың 7-тармағы). Өкілдер әділ географиялық бөлініс және әділ ротация қағидаттарына сәйкес төрт жыл мерзімге сайланады (6-баптың 1, 2-тармақтары).

Үкіметаралық комитеттің құзыреті 2003 жылғы Конвенцияның 7-бабында көзделген өкілеттіктердің кең ауқымын қамтиды: Конвенция мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу; үздік тәжірибе бойынша консультациялар беру және материалдық емес мұраны қорғау шаралары туралы ұсынымдар әзірлеу;

конвенцияны іске асыру жөніндегі операциялық нұсқаулықтарды дайындап, Бас Ассамблеяның бекітуіне ұсыну; халықаралық көмек көрсету және т.б. [90].

МЕММ-ді қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитеттің 19-шы сессиясы 2024 жылғы 2–6 желтоқсан аралығында Парагвай Республикасының Асунсьон қаласында өтті. Сессия жұмысында ЮНЕСКО Бас директоры Одри Азулэ: «Бүгінгі таңда Конвенцияға 700-ден астам қатысушы қосылды, бұл мұра ұғымының өзін қайта пайымдауға алып келді, өйткені енді біз материалдық пен материалдық емес мұраны, орындар мен дәстүрлерді бөліп қарастыра алмаймыз. Біздің зор жауапкершілігіміз – осы мұраны насихаттау, ол жай ғана фольклор да емес, уақытпен қатып қалған немесе бүгінгі шындықтан ажырап қалған дүние де емес, қайта – өміршең әрі сұранысқа ие құндылық», - деп атап өтті [1; 54].

Сессияны Парагвай Республикасының ЮНЕСКО жанындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Тұрақты өкілі, мәртебелі ханым Нэнси Овелар де Горостиага басқарды. Комитет жұмысының қорытындысы бойынша Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізіміне 2 жаңа элемент енгізілді. Адамзаттың репрезентативтік материалдық емес мәдени мұра тізіміне 58 элемент қосылды (оның ішінде 5-і кеңейтілген негізде). Ал 3 элемент бастапқыда енгізілген кезінен бері олардың өміршеңдігі артқанын мойындай отырып, Шұғыл қорғау тізімінен Репрезентативті тізімге ауыстырылды. Қорғаудың үздік тәжірибесі тізіліміне 3 бағдарлама енгізілді. Бұл сессияда Халықаралық ынтымақтастыққа ерекше назар аударылды. Алғаш рет Бруней-Даруссалам, Гана, Мьянма, Руанда және Сомали елдері өз элементтерін ұсынды. 62 мемлекеттің қатысуымен 16 көпұлтты элемент тіркелді. Мұнда Африка аймағы жоғары деңгейдегі қатысуды көрсетті. Барлық 44 мүше мемлекет мерзімдік есептерін ұсынды, бұл Конвенцияның маңызды жетістігі болып танылды.

Сессия шеңберінде Африка аймағындағы материалдық емес мәдени мұраны қорғаудың үрдістері, проблемалары мен даму перспективалары; 2024–2027 жылдарға арналған тізімдеу тетіктерін басқару; Конвенцияның 18-бабын кеңінен іске асыру, оның ішінде тәжірибе алмасуға бағытталған онлайн-платформаны қалыптастыру; әлеуметтік, экономикалық және экологиялық даму контекстінде, климаттың өзгеруі мен урбанизация жағдайында материалдық емес мәдени мұраның рөлі сынды маңызды мәселелер талқыланды. МЕММ үшін климаттық іс-қимылдарға арналған нұсқаулық жазба ұсынылды және аккредиттелген үкіметтік емес ұйымдардың Консультативтік рөлін күшейту және олардың өкілдігін аз қамтылған өңірлерде арттыру қажеттілігін атап өтті. Қорытынды шешім бойынша 2025 жылғы 8-13 желтоқсанда 20-шы сессияның өтетін орны Үндістанның Нью-Дели қаласында өтті [54].

2003 жылғы Конвенция шеңберінде ЮНЕСКО-ның іс-әрекеттеріне баға беру де маңызды. 2021 жылы ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы алты конвенциясына ішкі қадағалау қызметі жүргізген екінші бағалау 2003 жылғы Конвенцияға арналды. Бағалаудың мақсаты – ЮНЕСКО-ның осы Конвенция шеңберіндегі өзектілігі мен пәрмеңділігіне қатысты тұжырымдарды жинақтау, алынған сабақтар мен ұсынымдарды қалыптастыру болды [13, 14]. Сонымен

бірге, зерттеліп отырған халықаралық құжатта материалдық емес мұра нысандарын сақтау мен жаңғыртуға қатысты көптеген қажетті ережелердің жоқтығы байқалады. Бүгінгі күннің сын-қатерлеріне (қайтымсыз жаһандану үдерістері мен әлеуметтік трансформациялар) жедел әрекет ету әдістерін бекіту және оларды шешу жолдарын айқындау материалдық емес мәдени алуандықты сақтаудың және жүзеге асырудың тетігі бола алады.

БҰҰ-ның мәдени құқықтар саласындағы арнайы баяндамашысымен және өзге тиісті механизмдермен (Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар комитеті, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссары, Еуропалық адам құқықтары соты және мәдени мұраны қорғауға мүдделі барлық тараптар) қосымша ынтымақтастық мүмкіндіктерін ескеру қажет. Сондай-ақ халықаралық және ұлттық құқық бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында заңнама мен атқарушылық деңгейде тиімді ұлттық шараларды қабылдауға тиіс назар аударылуы керек.

МЕММ нысандары тұрақты дамуға, бейбітшілік пен қауіпсіздікке пәрменді үлес қосылмаса, жойылу шегіне жетуі мүмкін. «Тірі мұра» элементтерін сақтау және олардың санын арттыру қажеттігі бар, демек материалдық емес мұра мәселелерін жаһандық күн тәртібі ретінде қарастыру орынды. Бүгінгі таңда халықаралық қоғамдастықтың міндеті – жаңа сын-қатерлер жағдайында материалдық емес мұраны қорғау және жаңғырту жүйесін жетілдіру; мұндай сын-қатерлер көптеген елдердің барабар халықаралық-құқықтық бағасын және жедел жауап шараларын талап етеді.

Халықаралық құқықтық құжаттар – бұл мемлекеттер арасында келісілген ережелер мен міндеттемелер жиынтығы. ЮНЕСКО-ның 2003 жылғы «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясы» – осы саладағы басты халықаралық құжаттардың бірі. Мұндай құжаттар тек нормативтік негіз беріп қана қоймай, мұраны құжаттауға, жандандыруға, сақтауға және ұрпаққа жеткізуге бағытталған нақты тетіктерді ұсынады.

Мемлекет халықаралық конвенцияларға қосылған сәттен бастап, материалдық емес мәдени мұраны қорғауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға міндеттеледі. Бұл заңнамалық өзгерістер енгізуді, арнайы бағдарламалар қабылдауды және есеп беруді қажет етеді.

Конвенция аясында құрылған Материалдық емес мәдени мұра қоры (The Intangible Cultural Heritage Fund) мүше мемлекеттердің осы саладағы сақтау шараларын жүзеге асыруына қаржылық көмек көрсету мақсатында қызмет етеді. Конвенцияның 7-бабының (c) тармақшасына сәйкес, Комитеттің қор қызметінің құқықтық негізіне сай келесі міндет жүктеледі: Материалдық емес мәдени мұра қорының қаражатын пайдалану жоспарының жобасын әзірлеп, оны Бас Ассамблеяның бекітуіне ұсыну. Конвенцияның 25-бабының 4-тармағында: «Қор қаражатын пайдалану тәртібі Бас Ассамблея белгілеген нұсқаулықтар негізінде Комитет арқылы жүзеге асырылады», деп қор қаражатын пайдалануды реттеу Комитет міндеті екенін көрсетеді.

Қаржыландыру тетігі келесідей: Конвенцияны ратификациялаған мемлекеттер жыл сайын міндетті жарналар аударады. Бұл жарна ЮНЕСКО-ның

тұрақты бюджетіндегі әрбір мемлекеттің үлесінің 1%-ына тең. Қаржылық деректің көрінісі келесідей: 2018 жылы Материалдық емес мәдени мұра қорының жалпы кірісі 1 838 019 АҚШ долларын құрады [1, 57, 90].

Материалдық емес мәдени мұра қоры – мүше мемлекеттер үшін маңызды қаржылық құрал болып табылады. Қор қаражаты материалдық емес мәдени мұраларды сақтау, жандандыру, тарату және келер ұрпаққа жеткізу бағытында түрлі жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оның қызметі Конвенцияның қағидаттары мен Бас Ассамблея бекіткен нұсқаулықтарға сәйкес үйлестіріледі.

Конвенция аясында мүше мемлекеттер ЮНЕСКО-ның МЕММ-ны қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитетіне халықаралық көмек көрсету туралы өтінім жолдай алады. Бұл рәсім Конвенцияның 17, 18-баптарына, сондай-ақ Операциялық нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Өтінім беру мүмкіндігі келесідей қарастырылған: Халықаралық көмек көрсетуге өтінімдер мүше мемлекеттер тарапынан жеке немесе бірлескен түрде (екі немесе одан да көп мемлекеттермен бірге) ұсынылуы мүмкін. Өтінім Операциялық нұсқаулыққа қосымша ретінде бекітілген арнайы үлгі нысан бойынша Секретариатқа жолдануы тиіс. Өтінім тапсыру мерзімдеріне келетін болсақ, 1 қыркүйекке дейін – егер өтінім Конвенцияның 17-бабы бойынша *Шұғыл қорғауды қажет ететін мұралар тізіміне* енгізу мақсатында ұсыну керек (Комитет тарапынан бағалау жоспарланған күннен екі жыл бұрын). 1 қыркүйекке дейін – егер өтінім Конвенцияның 18-бабы бойынша *бағдарламалар, жобалар және іс-шаралар* бойынша ұсынылса (Комитет тарапынан бағалау жоспарланған күннен бір жыл бұрын). Мұндағы Секретариаттың рөлі ұсынылған өтінімнің толықтығын тексереді және қажет болған жағдайда қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

Өтінімді ұсынған мүше мемлекетке өтінімді бағалау мерзімі туралы ресми хабарлама жолдайды. Егер көмек сомасы 25 000 АҚШ долларынан асса, Секретариат өтінімді жан-жақты зерделеуге міндетті. Толық ресімделген өтінімдер Комитеттің тиісті органына бағалау және бекіту үшін ұсынылады. Аталған рәсім аясында «басқа көмек» дегеніміз – шұғыл көмек пен құжаттарды дайындауға көмектен өзге барлық көмек түрлерін білдіреді [90].

2007 жылғы 23 мамырда МЕММ-ді қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитет Қытайдың Сычуань провинциясының астанасы Чэнду қаласында өздерінің алғашқы кезектен тыс сессиясын өткізді. Жақсы ұйымдастырылған бұл жиын Чэндуді біраз уақытқа материалдық емес мұраның Дүниежүзілік астанасына айналдырған бірқатар іс-шаралармен қатар өтті. Сессия Конвенцияны жүзеге асыру үшін аса маңызды түрлі мәселелерді қарастырды. Олардың ішінде Конвенцияның екі тізімін қалыптастыру шарттарын әзірлеу болды, олар: Адамзаттың репрезентативтік материалдық емес мәдени мұра тізімі және Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізімі түзелуінің шарттары. Бұл тізімдерге қатысты кейбір мәселелер бойынша алдын ала талқылаулар жүргізілді. Атап айтқанда: екеуін қалай өзара үйлестіруге болады?, бір элемент екі тізімде қатар болуы мүмкін бе? жағдай талап еткенде немесе мүмкіндік бергенде элементті бір тізімнен екіншісіне ауыстыруға бола

ма?, енгізілген мұра объектілері тізімде тұрақты түрде қала ма, әлде белгілі бір мерзімге ғана енгізіле ме?, - деген сұрақтар шешімін табады.

ЮНЕСКО Чэнду сессиясында консультативтік көмек мәселесі де талқыланды. Комитет негізінен мамандандырылған жергілікті, ұлттық және халықаралық ҮЕМ-дың (Үкіметттік емес ұйымдар), сондай-ақ дәстүрді жеткізуші қауымдастықтарға тиесілі немесе оған кірмейтін жекелеген сарапшылардың кеңестері мен біліміне сүйенетіні күтілуде. Чэндуда Комитет бірқатар шарттарді қабылдады. Олар құзыретті ҮЕҰ-дарды аккредитациялауға мүмкіндік беріп қана қоймай, ҮЕҰ мен Комитет арасындағы ынтымақтастықты қайта қарауға жол ашады. Бұл шарттар ҮЕҰ-дан МЕММ саласындағы құзыреттілікті, Конвенция мақсаттары мен рухын толық қабылдауды, әсіресе жергілікті қауымдастықтар және топтармен ынтымақтастыққа қатысты адалдықты талап етеді. Алайда ҮЕҰ-дардың функциялары, сондай-ақ қауымдастықтар мен олардың өкілдерінің Конвенцияны жүзеге асырудағы әртүрлі қатысу тәсілдері Токиода өтетін келесі сессияда одан әрі талқылауды қажет етеді. Чэнду қаласында өткен сессияның күн тәртібінің тағы бір тармағы – «Адамзаттың ауызша және материалдық емес мұрасының жауһарлары» деп жарияланған өрнектердің, дәстүрлер мен мәдени кеңістіктердің Репрезентативтік тізімге енгізілуі болды. Кейбір мәселелер, атап айтқанда, Конвенцияны әлі ратификацияламаған мемлекет аумағындағы жауһарды тізімге енгізу кезінде туындайтын құқықтар мен міндеттемелерге қатысты сұрақтар өз түсіндірмесін тапты. Сонымен қатар, күн тәртібіндегі кейбір мәселелер Комитет сессияларына байқаушылардың қатысуына және Материалдық емес мәдени мұра қорының қаржылық ережелеріне қатысты болды. Комитет Конвенцияның 18-бабына ерекше мән берді. Аталған бап ұлттық, субөңірлік немесе өңірлік деңгейлерде мұраны қорғауға бағытталған бағдарламаларды, жобаларды және іс-шараларды іріктеу мен жүзеге асыруды көздейді және олар осы Конвенцияның қағидаттары мен мақсаттарын барынша бейнелеуі тиіс [89].

ЮНЕСКО МЕММ-нің ресми эмблемасы.

2008 жылғы 16-19 маусым аралығында Париждегі штаб-пәтерінде өткен Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің Бас Ассамблеясы барысында қабылданды. Эмблема ЮНЕСКО-ға мүше 101 мемлекеттің суретшілері ұсынған 1297 нұсқаның ішінен таңдалып алынды. Эмблема дизайнына арналған халықаралық конкурс 2007 жылғы қазан айында жарияланып, 2008 жылғы 17 наурызда аяқталды.
Конкурс барлық кәсіби графикалық дизайнерлерге, суретшілерге және материалдық емес мұра саласында жұмыс істейтін тұлғаларға ашық болды. Конкурсты ұйымдастыру және бақылау үшін Комитет арнайы көмекші орган құрды. Бұл орган құрамына Шериф Хазнадар – төраға (Франция), Антониу Рикарти – баяндамашы (Бразилия), Алжир, Болгария, Үндістан, Нигерия кірді.

Көмекші орган ұсынылған эмблема нұсқаларын бірнеше кезең бойынша қарап, 2008 жылғы 13 маусымда финалистерді анықтап, Комитетке ұсыныс әзірледі. 2008 жылғы 16 маусымда Комитет 3-ші кезектен тыс сессиясында осы

ұсыныстарды қарап, 7 финалистті Бас Ассамблеяның қарауына ұсынды. Нәтижесінде, 2008 жылғы 19 маусымда Бас Ассамблея Дадо Ковачевичтің эмблемасын ресми таңдап бекітті [Қосымша Б, Сурет Б.1]. 2-орын – Петра Сутила (Словения), 3-орын – Микеланджело Камарадо (Италия) алды. Жеңімпаз 15 000 АҚШ доллары көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болды. Драгутин Дадо Ковачевич жұмысының мазмұны Конвенцияның мақсаттары мен рухын – яғни тірі мұраны сақтау, оған құрметпен қарауды қалыптастыру, сондай-ақ оның маңыздылығын түсінуді арттыру сияқты міндеттерді ең жақсы бейнелейді, – деп түсіндірілді. «Эмблеманы пайдаланудың ерекше құқығы тек Бас Ассамблеяға, Комитетке және Хатшылыққа тиесілі. Бұл құқық эмблеманы кеңінен пайдалануға арналған операциялық нұсқаулық Бас Ассамблеямен ресми түрде мақұлданғанға дейін сақталады» делінген эмблеманы пайдалану құқығы бойынша Бас Ассамблея қабылдаған шешімде. Бұл мәселелер мемлекеттердің материалдық емес мәдени мұра мен Конвенцияға қатысты әртүрлі көзқарастарын, үміттері мен тәсілдерін көрсеткен пікірталастарға себеп болды. Бұл Хатшылыққа келесі сессияға Комитет талқылауына арналған жаңа жедел нұсқаулықтар пакетін қамтитын жұмыс құжаттарын дайындауға мүмкіндік береді. Эмблема материалдық емес мәдени мұраның бірегейлігін және оның жаһандық деңгейдегі маңызын бейнелейтін визуалды рәміз ретінде қабылданып отыр. Ол Конвенцияның қағидаттарын жаһандық аудиторияға жеткізуде маңызды роль атқарады. Өрнек үзілмей шырмалып бітеді. Қазақ ұғымында бұндай өрнек өмір жалғастығын, өркендеу идеясын бітпес, шексіздік символын береді. Жиналған спираль түрінде жалғасып кететін өрнек қазақ қоғамында өте ерте кезеңнен қолданыста болғанын көне артефактілер айғақтайды [181].

Қорыта айтқанда, мәдени мұраны сақтау ісін қоғамның және мемлекеттің үйлесімді дамуының негізгі шарттарының бірі ретінде қарастыруға толық негіз береді. Мәдени мұра – тек өткеннің естелігі емес, ол – ұлттың болашағына бағыт беретін, оның рухани тірегі саналатын баға жетпес қазына екені БҰҰ, ЮНЕСКО сияқты ірі Халықаралық ұйымның басты қағидаты. Бүгінгі күні мәдени мұраны сақтау мәселесі – тек мәдени саясаттың ғана емес, жалпыұлттық стратегиялық дамудың маңызды бөлігіне айналды. 2003 жылғы МЕММ Конвенциясының қалыптасуына ЮНЕСКО-ның Мәдени және табиғи мұраларды қорғауға бағытталған Конвенцияларының жүзеге асуы тарихи алғышарт болды.

ЮНЕСКО қызметінің ажырамас бағыты МЕММ – адамзат қоғамының дәстүрге негізделген мәдени іс-әрекет түрлерінің жиынтығы, ол қоғам мүшелерінде өзіндік ерекшелік пен сабақтастық сезімін қалыптастырады.

2 МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ

2.1 Материалдық емес мәдени мұраны дамытудағы Халықаралық ұйымдар ықпалдастығы және құжаттық қамтамасыз ету

БҰҰ, ЮНЕСКО халықаралық ұйымдары арасындағы мәдени ықпалдастықты жүзеге асыратын Халықаралық ұйым ИКОМОС/ICOMOS-тың алғышарты – 1931 жылы Халықаралық музейлер кеңесі шақырған мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру жөніндегі Афины конференциясы. «Дүниежүзілік мұра» термині Халықаралық қолданысқа алғаш рет 1931 жылғы Афины хартиясынан бастап енеді. 1964 жылы Венецияда өткен тарихи ескерткіштерді сақтау жөніндегі сәулетшілер мен мамандардың екінші конгресі 13 қарар қабылдады. «Венеция хартиясы» деп аталатын бірінші қарарда ескерткіштер мен тарихи орындарды сақтау және қалпына келтіру жөніндегі халықаралық хартия бекітілді. ЮНЕСКО ұсынған екінші қарар негізінде Венеция хартиясының доктриналарын жүзеге асыру негізгі миссиясы болып табылатын, Дүниежүзілік мұраны сақтау, қорғау ісінде қоса қызмет атқаратын Халықаралық ұйым – ИКОМОС ұйымы құрылды. ИКОМОС-қа әрбір мүше мемлекет – сирек кездесетін ерекшеліктерді қоспағанда, сәулет, ландшафттық дизайн, археология, қала құрылысы, инженерия, мәдени мұраны басқару, өнер тарихы, музей, архив және басқа да мәдени мұраны қорғау саласында біліктілікке ие. Штаб-пәтері Париж қаласында.

ИКОМОС өкілдік ұйымдарының желісі – *Ұлттық комитеттер.* Олар табиғатты қорғау қағидаттары, әдістері және саясаты туралы ақпарат жинау, бағалау және тарату үшін тұтас ұйымдар мен жеке тұлғаларды, Халықаралық сарапшы мамандарды біріктіреді. Қазіргі уақытта 9500-ен астам мүшесі бар 110-нан астам мемлекетте ИКОМОС-қа қатысушы Ұлттық комитеттер жұмыс жасайды. ИКОМОС іс-шараларына мемлекеттер өздерінің ұлттық комитеттері арқылы қатысады. Әрбір Ұлттық комитет жаңа мүшені қабылдау үшін өз бағдарламасы мен ережелерін әзірлеуге құқылы, бірақ бәрі ИКОМОС Жарғысының баптарына сәйкес жүзеге асырылады. Дүниежүзілік мұраны қорғау саласындағы мамандар ИКОМОС іс-шараларына өздерінің Ұлттық комитеттері арқылы қатысады. Сәулет, ландшафт дизайны, археология, қала құрылысы, инженерия, мәдени мұраны басқару, өнер тарихы, архив, музей және басқа салалардағы кеңестің әрбір мүшесі, сирек кездесетін ерекшеліктерді қоспағанда, мәдени мұраны қорғау саласында біліктілікке ие мамандар болып табылады.

Мәдени мұраның материалдық емес аспектілерін сақтау қажеттілігі ЮНЕСКО-ның басқа да құжаттарында, сондай-ақ «Мәдени құндылықтарды сақтау және қалпына келтіру ғылыми-зерттеу орталығы» (ICCROM), «Ескерткіштер мен тарихи орындарды сақтау жөніндегі халықаралық кеңес» (ICOMOS) құжаттарында баса айтылады.

ИКОМОС-тың 2008 жылғы «Орынның рухын сақтау туралы» атты Квебек декларациясында (Québec Declaration on the preservation of the spirit of place, 2008.) аумақты тұтас қабылдауда материалдық емес аспектілердің

маңыздылығын атап көрсетеді: «орынның рухы» – территорияға жеке сипат, мағына, эмоционалдылық және құпиялылық беретін материалдық және материалдық емес, физикалық яғни дене және рухани элементтер [29].

Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында: «Біз ғасырлар бойғы тарихымызды мақтан тұтамыз. Терең тамырлы тегіміз – халқымыздың мәдени кодының өзегі. Біз оны жан-жақты зерттеп, зерделеп, насихаттау үшін қажетті жағдай жасауымыз керек. Бұл – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Біз мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеуіміз қажет. Елімізді жаңғырту үшін «жұмсақ күштің» мүмкіндіктерін тиімді пайдаланған жөн. Сыртқы істер министрлігі жанындағы «KazAID» халықаралық даму агенттігі осы жұмысқа ұйытқы болуға тиіс. Көптеген мемлекетте мұндай ұйымдар ұлттық брендті, тарихты және мәдениетті насихаттайды. Сол арқылы мемлекеттің жағымды имиджін қалыптастыруға ықпал етеді. Сыртқы саяси бастамаларды жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасайды. Кәсіпкерлердің әлемдегі беделін арттыруға көмектеседі. Шын мәнінде, қазақтың мәдениеті сан түрлі саланы қамтиды. Халқымыздың ата-бабадан мирас болған мол мұрасы бар. Оны заман талабына сай жаңғыртып, жер жүзіне насихаттау керек», – деп атап өтті [34]. Мемлекет басшысының «ұлттық бренд» тақырыбын қозғауы МЕММ Ұлттық комиссиясы мен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы МЕММ комиссиясының «Ұлттық бренд» тізімін және ҚР МЕММ Ұлттық тізімін жасауына қозғау болды.

Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаев Мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзінде: «Мәдениет – ұлттың төлқұжаты. Жahан жұрты елімізді, ең алдымен, өнеріміз арқылы танып біледі. Біз – Ұлы далада тамыр жайған бірегей мәдениеттің заңды мұрагеріміз. Қазақ жерінен шыққан қайталанбас өнер иелерінің теңдессіз туындылары тұтас ұлтты тәрбиеледі. Қазір төл мәдениетіміз дүние жүзіне танылып жатыр. Рухани мұраларымыз цифрлық форматқа көшіріле бастады. Таяуда ұлтымыздың бір жарым мың ән-күйі мен фольклорлық мұрасы ең танымал халықаралық платформаларға салынды. Төл өнеріміз креативті индустрия арқылы барынша насихатталуда. Мәдениет дегеніміз – жай ғана ғимараттар мен мекемелер емес. Бұл – ұлттық сана-сезімді жahандық ауқымда нығайта түсетін мықты тұғыр» – деуі еліміздегі МЕММ қорғау жұмыстарына берген бағасы деуге болады [34].

2012 жылы ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы жанынан МЕММ қорғау жөніндегі Ұлттық комитет құрылды. Комитет ҚР Үкіметі бекіткен МЕММ тұжырымдамасы аясында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының ережесіне сәйкес оның жұмыс органы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі болып табылады. МЕММ қорғау жөніндегі ұлттық комитетпен қатар «Әлем жады», «Адам және биосфера», Биоэтика, Геопарктер, Дүниежүзілік мұра, ЮНЕСКО-ның гидрологиялық бағдарламасы, Білім беру жөніндегі және «ИКОМОС Қазақстан», барлығы 9 Ұлттық комитет жұмыс жасайды [129, с. 182–191; 173, б.14].

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тізбеге кіретін МЕММ элементтерін сақтауды және дамытуды қамтамасыз етеді және оларды құжаттамалық қамтамасыз етуді жүргізеді; материалдық емес мәдени мұра элементтерінің жағдайын бақылауды (мониторингті) жүзеге асырады; материалдық емес мәдени мұраларды қорғау және дамыту саласында кадрларды даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға ықпал етеді; Конвенцияны жүзеге асыру жөнінде ЮНЕСКО-ға есеп дайындап ұсынады.

ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы Қазақстан атынан ЮНЕСКО тізімдеріне жолданатын өтініштердің дайындалу және ұсынылу процесін үйлестіреді, Конвенцияның ұлттық және өңірлік деңгейде іске асуына халықаралық және ұлттық сарапшыларды қатыстыруға жәрдемдеседі; Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитетінің қызметін үйлестіреді.

ЮНЕСКО МЕММ-ді қорғау туралы конвенцияның халықаралық механизмдерін қатысушы елдер арасында таралуы мен осы бағыттағы зерттеуді қоса атқаратын Халықаралық деңгейдегі ресми ұйым Орталық Азияны зерттеу Халықаралық институты (МИЦАИ) 1995 жылдың 5 шілдесінен ЮНЕСКО-ның кең көлемді, көпкешенді ұйымы ретінде жұмыс жасайды.

ЮНЕСКО қамқорлығындағы Азия – Тынық мұхиты аймағындағы материалдық емес мәдени мұра жөніндегі Халықаралық ақпараттық және желілік орталық (ICHCAP) МЕММ-нің мемлекетаралық дамуын қамтамасыз ететін Халықаралық ұйымның бірі.

МЕММ-ді сақтау жұмысы ең алдымен оның элементтерін анықтап, жүйелі түрде құжаттаудан басталуы тиіс. Осыған байланысты ақпарат жинау, оны каталогтау, оқыту және тәжірибе алмасу үдерістерінде ұлттық әрі өңірлік деңгейде арнайы желілер құру қажеттілігі туындайды. Мұндай желілік ынтымақтастық МЕММ-ді қорғаудың барлық сатыларында тиімді тәсіл болып табылады.

Орталық Азия халықтары тіл, дін, музыка, би, ауызша дәстүрлер мен эпостар сияқты көптеген материалдық емес мәдени мұра элементтерінде ортақтық пен ұқсастыққа ие. Сондықтан мұраны тек ұлттық шеңберде емес, аймақтық деңгейде сақтау әрекеттері анағұрлым нәтижелі болмақ. Осыған орай, 2014 жылы 11-13 қыркүйекте Ташкент қаласында Орталық Азия субаймақтық кездесулер аясында өткен «Орталық Азияның материалдық емес мәдени мұрасының жасампаздық құндылығын сақтау: ауызша дәстүрлер мен эпостар мысалында» атты Халықаралық конференция аймақ елдері үшін тәжірибе алмасудың және МЕММ-ді бірлесіп қорғаудың маңызды алаңы болды. Орталық Азия мемлекеттері МЕММ Ұлттық комиссиясының сарапшылары өз мемлекеттеріндегі МЕММ Ұлттық тізімнің жасалуы, МЕММ қорғау тәжірибелерімен бөліскен баяндама жасады [30-31; 152].

2021 жылдың 15 наурызында Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитеті материалдық емес мәдени

мұра туралы ақпарат алмасу және тарату үшін құрылған Азия-Тынық мұхиты аймағы елдерінің «*ICH Links Intangible Cultural Heritage»* жобасының яғни халықаралық цифрлық платформасының серіктес ұйымы болды.

«*ICH Links Intangible Cultural Heritage»* платформасы МЕММ-нің мыңнан астам элементтері туралы ақпаратты кітаптарды, бейне және аудио материалдарды қамтиды және оны сақтау саласындағы ірі ғылыми мекемелер шығарған сараптамалық ақпаратты қосымша зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық платформада алдағы және өткен конференциялар, семинарлар мен іс-шаралар туралы жаңартылған ақпарат жарияланады [140].

Қазіргі жаһандану дәуірінде Дүниежүзілік кеңістікте біріздену (унификация) үдерістері жүріп жатыр. Бұл – ұлттық мәдени ерекшеліктердің жоғалуына, халықтардың тарихи жадысының әлсіреуіне алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, нарықтық экономика жағдайында мәдениет коммерцияландыруға ұшырап, қоғамда әмбебап стандарттарға негізделген тұтынушылық сана қалыптасып келеді. Мұндай жағдайда мәдениеттің шынайы құндылықтары екінші орынға ысырылып, нарықтық табыс пен пайда басты өлшемге айналуда. Мұның салдарынан мәдениетті жаңғыртудың сапасы төмендеп, қоғам үшін аса қажет тұрақтылық қамтамасыз етілмей келеді. Әлеуметтік және экономикалық реформалар кезеңінде бұл – өте маңызды мәселе. Себебі рухани тұрақтылықсыз қоғамның ілгері дамуы мүмкін емес. Мемлекеттің дәстүрлі мәдениетті қорғауға қолдау көрсетуі – стратегиялық қажеттілік. Бұл қолдау тек материалдық инфрақұрылымды дамытумен шектелмей, рухани мұраларды сақтау мен жандандыруға бағытталуы тиіс. Қазіргі жаһандану жағдайында рухани, яғни материалдық емес мәдениетті сақтау мен дамыту ерекше маңызға ие. Материалдық мәдениет тарихи мұраны қорғауды талап етсе, рухани мәдениет ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды сақтауға бағытталған. Жаһандану дәстүрлі құндылықтар мен өмір салтына үлкен әсер етуде. Сол себепті рухани мәдени мұраны сақтау мәселесі күн тәртібіндегі өзекті тақырыптардың біріне айналды. Дәстүрлі білім, тіл, ғұрыптар, қолөнер мен орындаушылық өнер – ұлттық бірегейліктің ғана емес, руханияттың да қайнар көзі.

Қазақстан 2004-2011 жылдары жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы елдің ұлттық мәдениеті мен тарихи мұрасын зерттеуге, қалпына келтіруге, дамытуға және насихаттауға бағытталды. Дегенмен, бұл салада кешенді әрі жүйелі тәсілді талап ететін бірқатар шешілмеген мәселелер бар. Сондықтан, 2013 жылы қабылданған «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту тұжырымдамасы» ұлттық мәдени мұраны жүйелі түрде зерттеуге, сақтауға және ілгерілетуге мүмкіндік берді. Қазақ халқының дәстүрлі өнері, фольклоры, ұлттық ойындары, қолөнері мен салт-дәстүрлері ғылыми тұрғыдан зерттеліп, халықаралық деңгейде мойындалды. Бұл – қазақ халқының мәдени мұрасының Дүниежүзілік деңгейде мойындалғанының айғағы. Алайда әлі де жоғалу қаупі төніп тұрған мұраларымыз бар. Сондықтан оларды сақтау мен дамыту үшін мемлекеттік деңгейде жүйелі жұмыстар атқарылуы тиіс. Қазіргі таңда материалдық емес

мұраны реттейтін құжаттар тек 2003 жылғы ЮНЕСКО Конвенциясы мен Қазақстан Республикасының 1996 жылғы «Мәдениет туралы» заңымен шектеліп отыр [39]. Елде материалдық емес мәдени мұраны қорғауға кепілдік беретін кешенді заңнамалық база әлі қалыптаспаған. Бұл – әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді сақтап, кеңінен насихаттау үшін арнайы «ҚР Материалдық емес мәдени мұрасы» атты заң қабылдау қажеттігін көрсетеді.

Париж қаласындағы (Франция) ЮНЕСКО және басқа да халықаралық ұйымдардың жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігі 2024 жылғы 5 наурызда Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комитеті ұсынған жоба алғаш рет ЮНЕСКО-ның халықаралық қорынан қаражат алды. Қазақстанға қолдау ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде Парагвай Республикасының ЮНЕСКО жанындағы Тұрақты өкілі Нэнси Овелар де Горостьяганың төрағалығымен Материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) қорғау жөніндегі үкіметаралық комитеттің он тоғызыншы сессиясы Бюросының бірінші отырысында өтті. Кездесу барысында ЮНЕСКО-ның МЕММ қорғау қорынан халықаралық көмек механизмі бойынша жобаларды қаржыландыруға төрт өтінім қарастырылып, қолдау тапты. Атап айтқанда, Қазақстанға 99,600 АҚШ доллары бөлінді, оны уәкілетті мемлекеттік орган МЕММ қорғау жөніндегі Ұлттық комитетпен бірлесіп қалыптастыратын МЕММ ұлттық тізімін одан әрі нақтылауды дайындау және бес облыстағы жергілікті қауымдастықтар үшін МЕММ қорғау туралы конвенцияны жүзеге асыруда әлеуетті арттыру үшін бөлінді. Бұл Қазақстанның ЮНЕСКО-ның халықаралық көмек тетігін алғаш рет қолдануы екендігін атап өту қажет. Сонымен қатар, Кот-Д'Ивуар, Мажарстан және Уганда ұсынған жобалар да қолдау тапты.

2025 жылдың 27 наурызында Парижде Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы Тұрақты өкілдігінің қолдауымен осы халықаралық ұйымның Париждегі бас пәтерінде Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әлихан Байменов пен Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Конвенция хатшылығының басшысы Фумико Охинатаның кездесуі өтті. Федерация президенті 2020 жылы Қазақстан, Қырғызстан және Түркияның бастамасымен «Тоғызқұмалақ / тогуз коргоол / мангала / гөчүрме дәстүрлі зияткерлік және стратегиялық ойыны» номинациясының Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының Репрезентативтік тізіміне енгізілуіне қолдау көрсеткені үшін ЮНЕСКО Хатшылығына алғысын білдірді. Көне ойынның тарихы мен қазіргі таңдағы маңызы туралы айта келе, ол тоғызқұмалақ халқымыздың мәдени мұрасының маңызды бөлігі екенін, оның даналығы мен рухани құндылықтарын айшықтайтынын атап өтті. Кездесу барысында Ә. Байменов Хатшылыққа тоғызқұмалақ тақтасын сыйға тартып, ЮНЕСКО қызметкерлерін тоғызқұмалақ ойната ойын ережелерімен таныстырды. Бұл жанды мұра халықтар мен мәдениеттер арасындағы байланысты нығайтуға жағымды ықпал ететінің бір айғағы болды [19].

ЮНЕСКО тізіміне мәдени және табиғи мұралардың енуі, ЮНЕСКО көлемінде өтілетін мерейтойлардың бекуіне орай мемлекет үшін маңызы жоғары

іс-шаралар аясында МЕММ насихаттаудың кеңістігі ашыла түседі. ЮНЕСКО Бас конференциясының 43-ші сессиясында әр жылдың 22 қыркүйегі күні, күн мен түннің күзгі теңелуі күні «Көшпелілер мұрасы күні» деп қабылданды, Қазақстан бұл атаулы шараның тең авторы болуы Қазақстанның ЮНЕСКО орнын айғақтай түседі. Халықаралық атаулы күннің күн мен түннің күзгі теңелуіне туралып белгіленуі, түркі және шығыс халықтарының күнтізбелік білімінде орын алған «астрономиялық халықтық білім» МЕММ-нің «табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» типіне саяды. Қазақстан тең авторлық құқықтағы ЮНЕСКО-ның бұл бастамасы көшпелі мәдениет өркениетін, дәстүрін сақтауға, болашаққа жеткізуге, мәдениетаралық диалогты қарқынды дамытуға ықпал етеді. ЮНЕСКО-ның әрбір халықаралық басқосуы Дүниежүзілік мұра мен МЕММ мәселесін тең дәрежеде қарайтынының дәлелі.

МЕММ – ұлттық мұраның маңызды бөлігін құрай отырып адал құндылықтары бар бейбіт қоғам құруға негіз болады. Әр халықтың өз салт-дәстүрлері мен менталитетін сақтауы арқылы тұрақты даму сатысында болуы сол елдің ұлттық бірегейлігінің кепілі болады. Ұзақ уақыт бойы халықтың түсінігінде мұраларды қорғау – ол ескерткіштерді, мүсіндерді және көрнекті орындарды қорғау деп қабылданды. Бірақ мәдениет жай ғана нақты объектілер емес. ЮНЕСКО халықаралық ұйымы мұра туралы түсінігімізді кеңейтіп, дәстүрлер мен рухани мәдениетті сақтау үшін мемлекеттік саясатты өзгерту үшін қауымдастықтарды біріктіреді. Дүниежүзілік ғылымда этникалық мәдениеттің дәстүрлі «рухани мәдениет» бағытын «материалдық емес мәдени мұра» бағыты тұрғысынан қарастыруға терминологиялық өзгеріс 2000 жылдардың басында ғана қалыптаса бастады. Себебі, жаһандану үрдісінің кең етек жаюына байланысты әр этностың алдында өзіңнің дәстүрлі мәдени мұрасын сақтау, қорғау қажеттігі туындады. Жаһанданудың күшеюі жағдайында материалдық емес мәдени мұраның кейбір элементтерінің жойылып кету қаупі бар еді. Осы қауіпке қарсы ЮНЕСКО МЕММ-ді қорғауға, сақтауға көмектесуге атсалысып, дүниежүзіндегі қауымдастықтармен жұмыс істеуді Әлем елдері алдына маңызды мәселе ретінде күн тәртібіне шығарды.

Соңғы жылдары Қазақстанда елдің тарихи мұрасы мен мәдени әлеуеті негізінде қоғамды шоғырландыру және ұлттық бірегейлікті нығайту қажеттілігі төңірегінде пікірталастар күшейе түсті. Осы мақсатта бірқатар мемлекеттік бағдарламалар, соның ішінде ҚР мәдени саясатының ұзақ мерзімді тұжырымдамасы әзірленді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысымен мақұлданған «Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдаманың» «Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны дамытудың пайымы» деп аталатын 1-тарауында: «Қазақстан Республикасы халқының материалдық емес мәдени мұрасы ұлттық мәдениеттің аса маңызды құрамдас бөлігі, ұрпақтардың рухани байланысын нығайтатын ұлттық сана-сезімнің негізі бола отырып, Қазақстан мәдениетін қалыптастыруда басты роль атқарады», – делінген [43].

Тұжырымдама біздің мәдени ерекшелігіміз туралы мәселеде кез-келген мәдениеттің мазмұнының ұлттан тыс ерекшеліктеріне, әр түрлі тектегі формалар мен белгілердің этносаралық синтезіне, кез-келген халықтың мәдениетін органикалық дамытудың негізгі шарты ретінде мәдениетаралық өзара іс-қимылға ерекше назар аударуымызға негізделген. Қазақстанның мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаты осыған байланысты болуы тиіс: өзіндік этникалық мәдениеттерді дамытуға және қолдауға бағытталған іс-шараларды әзірлеу, сондай-ақ бірыңғай қазақстандық мәдениетке ауыртпалықсыз ықпалдасу және дамыту үшін жағдай жасау қажет.

МЕММ-ді қорғау, дамытудағы постконвенциялық құжаттардың маңызы.

МЕММ-ді, қорғау, сақтау, дамыту шараларында қатысушы елдер МЕММ-мен байланысты ЮНЕСКО Конвенцияларын басшылыққа ала отырып, өздерінің нормативтік құжаттарын қалыптастырады. ҚР отандық деңгейде материалдық және материалдық емес құндылықтары «Мәдениет туралы» Заңына сәйкес айқындалады [39].

МЕММ Конвенциясы бойынша әдеби шығармалар (роман, өлең, мақала т.б.), музыкалық шығармалар, кино, бейне және аудиовизуалды туындылар, сурет, мүсін, кескіндеме, графика, архитектуралық жобалар, компьютерлік бағдарламаларда (кейінірек енгізілді) ерекше қорғалатын туындылар болып табылады. Конвенцияның негізгі қағидаттары авторлық туындыларға «с» белгісі (авторлық құқық белгісі) – © – қорғауды қамтамасыз етудің ресми шарты. Қорғау құқығы құжаттық рәсімдеуді жүзеге асырумен бірге түрде туынды жасалған сәттен бастап күшіне енеді. Авторлық құқық автордың өмір бойы және одан кейінгі ең кемінде 25 жыл ішінде сақталады (кейін бұл мерзім ұлғайтылды). Сонымен қатар елде «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заң жұмыс істейді, ол халықаралық стандарттарға сай келеді. Қазақстан авторлық құқық Конвенциясын 1993 жылы бекітті. ЮНЕСКО Дүниежүзілік авторлық құқық туралы Конвенциясы Берн конвенциясына балама ретінде әзірленді. Берн конвенциясына кірмейтін мемлекеттер (мысалы, АҚШ бастапқыда) осы құжат арқылы халықаралық авторлық қорғауға қосылды. Конвенцияның мақсаттары: авторлардың әдеби, көркем және ғылыми еңбектеріне халықаралық құқықтық қорғау беру; әр елде авторлық құқық нормаларын үйлестіру және өзара тану; әртүрлі құқықтық жүйелерге ие мемлекеттер арасында көпжақты келісімді қамтамасыз ету. Авторлық құқықтық актілер МЕММ құндылықтарын қалыптастырушылар (халық шеберлері туындысы, т.б.) құқығын сақтау үшін аса маңызды.

Ягеллон университеті профессоры Теодора Конаштың «Intangible cultural heritage projects – National policies and strategies. The creation of intangible cultural heritage inventories» атты мақаласында МЕММ жобаларын жүзеге асырудың Болгария, Польша, Румыния, Квебек мемлекеттерінің Ұлттық стратегиялық бағдарламаларын, МЕММ тізімдемелерін жасауды құжаттық қамтамасыз ету тәжірибесін талдаған [63, s.67-79].

МЕММ-нің ғылыми айналымға және әлемдік қолданысқа енуін Конвенцияны ратификациялаған елдердің экономика және қоғамдық қатынастарының тұрғысын негізге ала отырып, МЕММ-ді құқықтық регламенттеу саясатын салыстырмалы-нормативтік зерттеу маңызды. Әртүрлі тәжірибелерді салыстырмалы нормативтік зерттеулер жүргізу негізгінде әртүрлі нормативтік жүйелердің адамзат үшін өте маңызды мәселелерді түсіндіруге ықпалын көруге болады. Нормативтік қатынастардың немесе нормативтік регламенттік құжаттар корпусының қалыптасуына өзі жұмыс істейтін елдің мәдениеті, қоғамдық санасы әсер етеді. Салыстырмалы нормативтік зерттеулер арқылы алынған білімді жинау зерттеушіге өз мәдениетін тереңірек түсінуге қызмет ете алады.

2003 жылғы ЮНЕСКО Конвенциясын ұлттық деңгейде жүзеге асырудың әртүрлі әдістерін салыстыруға болады. Мұндай салыстыру Конвенцияға қатысушы елдер арасында Қазақстан Республикасы сияқты Заң қабылдамай, Тұжырымдаманы басты нормативтік құжат деп қабылдаған елдер үшін МЕММ-ді басқаруға қатысты өзіндік құрал бола алады [42-43].

МЕММ құқықтық регламеттеу, яғни реттеу әртүрлі мемлекеттер арасындағы ұқсастық, айырмашылық, қашықтық, қайшылықтылықты салыстырмалы зерттеуге нақты тәжірибелік нормативтік құжат, нормативтік сілтеме болады. МЕММ нормативтік музеология, нормативтік ескерткіштану тұрғысынан реттеуді қарастырғанда шетелдік ғалымдардың нормативтік антропология бағытында салыстырма зерттеудің теориясына ден қойдық. Пьер Легранд: «құқықтық реттеуді зерттеу азаматтық құқық контекст рөлі ережелердің, қағидаттардың немесе институттардың өзінен әлдеқайда маңызды» деп санайды. Осылайша, салыстырмалы құқықтық зерттеулер қашықтық пен айырмашылықтың нақты тәжірибесі болуы керек [64, s.36-38]. Салыстырмалы нормативтік зерттеулерге сыни көзбен қарау идеяларын Г. Самуэль «герменевтикалық шеңбер» деп атаған [65, p.60]. Сондай-ақ, П. Легранд және Фукаульт МЕММ-ді нормативтік қағидаттар арқылы түсіндіру мен үйлестіруді «функционализм қағидаттары» деген терминмен негіздейді. (сыртқы негіз, түсіндірме, үйлестіру) және сыни философия қағидаттары (арқылы) ең негізгі эпистемалық және әдіснамалық болжамдары бойынша бір-бірінен ерекшеленбейді. Функционалистік теория мен «герменевтикалық» көзқарас бір-бірін толықтырады. МЕММ нормативтік құжатына «компаративист құқықтық құжат» деп қарауға болады, ол мәдени, әлеуметтанулық, тарихи, антропологиялық, лингвистикалық, психологиялық және экономикалық сілтемелерді қамтитын полисемиялық мағыналарды, яғни дәстүрлі ұғыммен түсіндірсек пәнаралық байланысты қоса қамтиды.

МЕММ Конценциясын тарату, оны әлем елдерінің ратификациялауын қамтамасыз ету шарасы ЮНЕСКО алдына халық мәдениетіндегі ғасырлар бойына қалыптасқан тарихи тамырлар мен заманауи тенденциялар қосылған әртүрлілік/алуантүрліліктің көрінісінің кірігуіне орай күрделенуі, оны ілгерілетуге көзделген жаңа Конвенциялар қабылдау мәселесін тудырды. Осылайша ЮНЕСКО постконвенциялық құжат – 2005 жылы «Мәдени өзін-өзі

білдіру нысандарының алуантүрлілігін қорғау және ілгерілету туралы» атты жаңа Конвенция қабылдайды. Бұл 2003 жылғы Конвенцияның заңды жалғасы іспетті маңызды халықаралық құжат. Ол қазіргі әлемдегі мәдени әртүрлілікті сақтау, оны дамыту және халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында жасалған. 2005 жылғы Конвенцияның негізгі мақсаттары мен одан күтілетін нәтиже келесідей: мәдени өрнектердің алуан түрлілігін қорғау және ілгерілету – бұл әр халықтың өз мәдениетін еркін білдіруге және дамытуға құқығы бар екенін мойындайды; мемлекеттердің мәдени саясат жүргізу құқығын растау – әрбір ел өз аумағында мәдениетті сақтау мен қолдауға бағытталған саясат жүргізе алады; халықаралық мәдени алмасуды қолдау – мәдени өнімдер мен қызметтердің жаһандық айналымына әділетті қатысуға мүмкіндік береді; дамушы елдерге қолдау көрсету – мәдени секторды дамыту үшін техникалық және қаржылық көмек көрсету тетіктері қарастырылған.

Конвенцияда қарастырылған маңызды ұғымдар: мәдени әртүрлілік – адамзаттың бірегейлігі мен байлығының негізі ретінде қарастырылады; әдени мазмұн мен қызметтер – тек экономикалық емес, мәдени құндылықтар ретінде бағаланады; қоғамның барлық мүшелерінің қатысуы – мәдени өмірге қатысу құқығы қамтамасыз етіледі.

Мәдениет пен шығармашылық индустрияны халықаралық деңгейде дамытуға, авторлық құқықты қорғауға, мәдени дербестікті сақтауға көмектесуде, жаһандану жағдайында ұсақ мәдениеттердің жоғалып кетпеуіне жол бермеуде Конвенцияның маңызы зор. Қазақстан да бұл конвенцияға қосылған елдердің бірі. Бұл еліміздің мәдени саясатына халықаралық деңгейде танылған қағидаларды енгізуге мүмкіндік береді [14].

2005 жылы сондай-ақ, «Қоғам үшін мәдени мұраның маңызы туралы» негіздемелік конвенциясы қабылданды. Мәдени мұра үшін тағы бір үлкен маңызы бар құжат «Фару конвенциясы» деген атпен танымал ЮНЕСКО Еуропа Кеңесінің «Қоғам үшін мәдени мұраның маңызы туралы» Негіздемелік конвенциясы (Council of Europe Framework Convention on the Value of Cultural Heritage for Society (Faro Convention), CETS No. 199, Faro, 2005. CETS – Council of Europe Treaty Series) мәдени мұраны қоғам дамуының әлеуметтік және демократиялық ресурсы ретінде тану арқылы материалдық емес мәдени мұраны қорғау мен насихаттауға да ғылыми негіз қалайды. Конвенцияда әрбір адамның мәдени құндылықтарға қатысу құқығы бекітіліп, дәстүрлер, ауыз әдебиеті, ұлттық мерекелер мен қолөнер сияқты МЕММ қоғамның бірлігі мен мәдени әртүрліліктің тірегі ретінде бағаланады. Осы тұрғыдан алғанда, құжат МЕММ-ді жандандыруды, оны қазіргі заманғы қоғамдық өмірге енгізуді және тұрақты дамудың құрамдас бөлігі ретінде қарастыруды көздейді.

Конвенция мәдени мұраның мәнін адам құқықтары мен демократиялық құндылықтар аясында қарастырып, оның қоғам мен қауымдастықтар өміріндегі ролін терең түсінуге жол ашады. Конвенция мәдени мұраның құндылығы нысандар мен орындардың өзінен емес, адамдардың оларға берген мағынасы мен атқарған функциясынан туындайтынын айқындайды. Рамалық құжат ретінде ол мемлекеттерге ортақ мақсаттар мен бағыттар ұсынып, әрбір қатысушы елдің өз

тәжірибесі мен құқықтық-институционалдық жүйесіне сәйкес еркін тәсілдермен жүзеге асыруына мүмкіндік береді. 2005 жылы қабылданып, 2011 жылдан бастап күшіне енген бұл конвенция қазіргі таңда Еуропаның көптеген мемлекеттерінде ратификацияланып, мәдени мұраны демократиялық қоғамның ажырамас бөлігі ретінде қарастырудың ғылыми-идеологиялық негізіне айналды [21].

2.2 ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау, сақтау ісіндегі құрамдас тізім жүйесі

МЕММ элементтерін халықаралық тізімге енгізудің артықшылығы – оны жаһандық деңгейде мойындату. Бұл өз кезегінде халықаралық қолдауға ие болуға, қаржыландыру көздеріне қол жеткізуге, туризмді дамытуға, ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді. ЮНЕСКО-ның МЕММ қорғау туралы конвенциясының халықаралық механизмдерінде Қазақстанның белсенділік танытуы халықаралық ынтмақтастықтың тиімді платформасына айналуының стратегиялық, мәдени және әлеуметтік аспектілерде МЕММ-ді сақтау мен таратуда маңыздылығы артуда. Бұл Қазақстанның жаһандық мәдениетаралық диалогқа белсенділігі мен мәдени байлығының артуына зор үлес қосады.

Мәдени мұраны қорғаудың халықаралық механизміне Қазақстанның қатысуы бай мәдени мұрасы бар ел ретіндегі беделін Дүниежүзілік қауымдастықтар алдында арттырып қана қоймай, ЮНЕСКО аясындағы жобаларға қатысуға қолайлы жағдайлар туғызады. Бұл басқа мемлекеттермен және қауымдастықтармен тәжірибе алмасуға, көршілес елдермен мәдени байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді. Мәселен, ортақ көшпелі өркениеті бар, мәдени мұралары ұқсас елдер ЮНЕСКО тізіміне трансмемлекеттік номинациялар ретінде ұсынуына болады. Ұлттық элементтердің ЮНЕСКО тізіміне енуі Қазақстанның мәртебесін көтеріп, мақтаншына айналады.

ЮНЕСКО МЕММ алуантүрлілігі мен ортақтығына ерекше мән береді. Мысалы, бірқатар елдерге ортақ Жерорта теңізі диетасы – Испания, Грекия, Португалия және Марокко елдері бөлісетін мәдени дәстүр. Бұл мұра тек тағам әзірлеу шеберлігін ғана емес, сонымен қатар қонақжайлық, бірге отырып тамақтану дәстүрі сияқты әлеуметтік құндылықтарды да қамтиды. Сонымен қатар, дәстүрлі мал шаруашылығы мен балық аулау әдістері де осы диетаның бір бөлігі ретінде табиғатты қорғау мәдениетімен тығыз байланысты [57]. Көптеген қолөнер дәстүрлері де ЮНЕСКО тарапынан мойындалды. Мысалы, Жапониядағы жібек матасын өндірудің «юки-цумуги» деп аталатын техникасы МЕММ ретінде танылған. Бұл технологияда жібек жіптер жібек құртының бос немесе бұзылған пілләсінен алынады, яғни өнеркәсіптік өндіріс үшін жарамсыз шикізат қайта өңделеді. Бұл әдіс – жергілікті қауымдастықтарды қолдау мен экологиялық тұрақтылықтың нақты мысалы.

МЕММ-нің ең көрнекі әрі әсерлі формаларының бірі – музыка мен би. Мысалы, Перудағы «Қайшы биі» (danza de las tijeras) осы мұраның айрықша үлгісі болып табылады. Бұл – жарыс сипатындағы ритуалды би, онда әр биші оң қолында қайшы пішіндес екі жылтыр металл таяқша ұстайды. Бұл дәстүр тек орындаушылық өнер ғана емес, сонымен қатар мәдени сәйкестік пен рухани

сенімдердің көрінісі болып табылады [57]. Сонымен қатар, акушерлік тәжірибе де материалдық емес мәдени мұраға жатады. Бұл тәжірибе Того, Қырғызстан, Кипр және Германия сияқты елдерде кең тараған. Акушерлер жүктілік кезінде және босанғаннан кейін әйелдерге қолдау көрсетеді, олардың білімі ғылыми негізделген тәжірибе мен дәстүрлі дағдылардың үйлесіміне сүйенеді. Бұл қызмет түрі тек дәстүрлі медициналық көмекпен шектелмей, мәдени терминология, салт-дәстүр, рәсімдер арқылы да қоғам өміріне әсер етеді [216].

Латын Америкасындағы Аймақтық орталық «Crespial en Latinoamerica» сайты арқылы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау бойынша жұмыс жаңалықтарын жариялап, өз тәжірибелерін медиааланда бөліседі [76]. Африкадағы Аймақтық орталық, Азия-Тынық мұхит аймағы халықаралық оқу орталығы, Азия-Тынық мұхит аймағындағы халықаралық ақпараттық және желілік орталығы, Араб мемлекеттерінің халықаралық орталығы, Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы аймақтық орталық т.б. Конвенцияға қатысушы елдердегі МЕММ-ді қорғау ұйымдарының жұмыстары да орталықтан ақпараттандырылады [95-99]. ЮНЕСКО ҚР тұрақты өкілдігі, ЮНЕСКО-ның Алматы қаласындағы Аймақтық Бюросы ҚР МЕММ жұмыстарын ақпараттық ілгерілетуді қоса қамтиды [19; 94].

ЮНЕСКО Комитетінде тізімделген элементтердің барлығы тұтынушылар үшін қолжетімді. Тізімделу бағаны онлайн-каталог, онлайн-база ретінде жұмыс жасайды. Кез-келген тұтынушы тізімге енген элементтің видео-аудио түсірілімі, фотосуретті тіркелімі, элементті Комитет тізіміне алу жөніндегі Комитет шешімдері және қауымдастық келісімімен таныса алады. Халықаралық қорғауға алынған мұра https://ich.unesco.org/en/home ресми сайтының негізгі бетіндегі «Browse the Lists of Intangible Cultural Heritage and the Register of good safeguarding practices» тізімделу бағаны арқылы да, Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің ЮНЕСКО-дағы интернет филиал-парақшасы арқылы да ашылады. Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің ЮНЕСКО МЕММ интернет-филиал парақшасына 5 контингентке топтасқан «Browse by country» бағаны арқылы да өте алады [57]. ЮНЕСКО МЕММ қатысушы мемлекеттер мен тұтынушылар тізімделген барлық элементтер мен олардың санатын, типін, тақырыптық өзара байланысын көрсететін «Материалдық емес мәдени мұраға өту» интерфейстері арқылы тұжырымдамалық, көрнекі және интерактивті навигацияны көре алады.

2003 жылғы Конвенцияның алғашқы тізім жүйесі 2008 жылы, ал үш құрамдас тізім жүйесі 2009 жылы іске қосылып, Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне (бұдан әрі – «Репрезентативтік тізім»), Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізіміне (бұдан әрі – «Шұғыл қорғау тізімі») және МЕММ қорғаудың үздік тәжірибелері тізіліміне (бұдан әрі – «Үздік тізілім») алғашқы жазбалар енгізілді. Бұл жүйе бүкіл әлемдегі ұлттық билік органдары мен қауымдастықтардың «тірі мұраның» әртүрлілігі мен маңыздылығы туралы, сондай-ақ оны сақтау қажеттілігі мен халықаралық ынтымақтастықты жандандыру жөнінде хабардар болуын арттыруға ықпал етті. Сонымен қатар, жүйе енгізілгеннен кейінгі онжылдықта

әртүрлі мүдделі тараптар осы үш тетіктің қызметіне қатысты көптеген күрделі мәселелерді анықтады. Тізімдер жасау тетіктерінің ниеттері мен мақсаттарын жан-жақты талдау қажеттілігі Комитет тарапынан алғаш рет 2017 жылы, Вьетнамның бір элементті Шұғыл қорғау тізімінен Репрезентативтік тізімге ауыстыру туралы өтініші қаралған кезде анық тұжырымдалды. Комитет алғаш рет тізімдер тетіктерінің мақсаттары мен міндеттерін кешенді талдаудың маңызын атап өтті. Осыған сәйкес, бір тізімнен екіншісіне элементтерді ауыстыру рәсімдері мен шарттарын, сондай-ақ Конвенция аясында құрылған тізімдер мен тіркелімнің сипаты мен ролін зерделеу үшін ашық құрамдағы үкіметаралық жұмыс тобы шақырылды (Шешім 12.COM 14) [57].

Қорғаудың үздік тәжірибелер тізіліміне ұсыныстарды іріктеу шарттары. Ұсынылған бағдарламалар, жобалар мен іс-шаралардың ішінен Комитет төмендегі барлық шарттарге сай келетіндерін іріктейді:

G.1 Бағдарлама, жоба немесе іс-шара Конвенцияның 2.3-бабында анықталған «қорғауды қамтамасыз ету» шараларын қамтиды және Конвенцияның қағидаттары мен мақсаттарын бейнелейді.

G.2 Бағдарлама, жоба немесе іс-шара тиісті материалдық емес мәдени мұраның өміршеңдігін қамтамасыз етуге жәрдемдесудегі тиімділігін көрсетті.

G.3 Бағдарлама, жоба немесе іс-шара мүдделі қауымдастықтардың, топтардың немесе, қажет болғанда, жеке тұлғалардың қатысуымен және олардан еркін, алдын ала, тұрақты және саналы келісім алынған түрде (ұсыну сәтінде) іске асырылып жатыр немесе іске асырылған.

G.4 Ұсынушы мемлекет(тер), іске асырушы орган(дар), сондай-ақ мүдделі қауымдастық, топ немесе, тиісті жағдайларда, жеке тұлғалар олардың бағдарламасы, жобасы немесе іс-шарасы іріктелген жағдайда іс-әрекеттерін үйлестіруге және үздік тәжірибені таратуда ынтымақтасуға дайын. Бұл бастамалар жағдайға қарай жергілікті, субөңірлік, өңірлік немесе халықаралық деңгейлерде қорғау қызметіне шабыт көзі бола алады.

Бүгінгі таңда ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларына қатысты екі тізім және бір тізілім бар:

Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұралар тізімі (The List of Intangible Cultural Heritage in Need of Urgent Safeguarding/LUS). Бұл тізімге енгізілген элементтер жойылып кету қаупінде тұрған мәдени мұралар болып табылады. Тізімді ЮНЕСКО-ның өзі жасайды. Тізімге ену арқылы мүше мемлекеттер халықаралық қолдау мен техникалық көмек ала отырып, мұра элементтерін сақтау бойынша жедел және тиімді шаралар қабылдай алады. Тізім бірегей салт-дәстүрлерді қорғауға және сақтауға халықаралық қауымдастықты жұмылдыруға ықпал етеді.

Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізімі (Representative List of the Intangible Cultural Heritage of Humanity/RL). Бұл тізім әртүрлі халықтардың мәдени әртүрлілігін, бірегей дәстүрлерін және рухани құндылықтарын көрсететін элементтерді біріктіреді. Тізім мәдени мұраның маңызын кең жұртшылыққа жеткізуге, оны қорғауға деген жаһандық қызығушылықты арттыруға бағытталған.

Материалдық емес мәдени мұраны сақтау саласындағы үздік тәжірибелер тізілімі (Register of Best Safeguarding Practices/RP). Бұл тізілім Конвенцияның қағидаттары мен мақсаттарына толық сәйкес келетін, өз тиімділігін дәлелдеген үздік немесе озық тәжірибелерді қамтиды. Озық үлгілер халықаралық деңгейде таратылып, басқа елдерге үлгі ретінде ұсынылады.

ЮНЕСКО МЕММ сайтының бір мемлекет парақшасында, сол мемлекетке тиесілі мұра атауымен бірге енген тізімі LUS, RL, RP немесе Art18 қыстартуымен қоса беріледі. Art18 айырым белгісі 2003 жылғы Конвенцияның 18-ші пунктімен байланысты.

МЕММ-ді халықаралық деңгейде қорғау мен танымал етудің тиімді тетіктерінің бірі – осы ЮНЕСКО тізімдері болып табылады. Бұл механизмдер арқылы біз ұлттың рухани байлығын сақтап, келер ұрпаққа аманат ете аламыз. Халықаралық құқықтық құжаттар МЕММ-ді сақтауда мемлекеттерге нормативтік негіз ұсынып қана қоймай, оны құжаттауға, жандандыруға және ұрпаққа жеткізуге бағытталған нақты тетіктерді де қамтамасыз етеді. Бұл құжаттар мемлекетаралық ынтымақтастықты арттырып, Дүниежүзілік мәдени әртүрлілікті қорғаудың негізін қалайды.

ЮНЕСКО МЕММ қорғауға алынған ескеркіштерінің сандық көрсеткіші Конвенциясын ратификациялаған мемлекеттердің МЕММ ескерткіштерінің алдын ала тізімге алынуын, негізгі тізімге өту құжаттарының қорғалуының іске асуымен байланысты. ЮНЕСКО тарапынан МЕММ қорғауға алынуы 2008 жылдан бастап жүзеге асты. 2008 жылы ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясын мойындаған мемлекеттерден 90 мұра РТ санаты тізімі бойынша қабылданды. ЮНЕСКО МЕММ қорғауға алынуын үш санат/бағытқа бөліп қабылдау, бекітуді 2009 жылдан бастайды.

Қазіргі таңда ЮНЕСКО базасы тізіміндегі 849 МЕММ қазіргі жағдайда 100% деп есептесек, жылдар бойындағы үлестік салмағы келесідей: 2008 – 90 (10.6%), 2009 – 82 (9.7%), 2010 – 47 (5.5%), 2011 – 31 (3.7%), 2012 – 31 (3.7%), 2013 – 30 (3.5%), 2014 – 36 (4.2%), 2015 – 27 (3.2%), 2016 – 39 (4.6%), 2017 – 42 (4.9%), 2018 – 38 (4.5%), 2019 – 40 (4.7%), 2020 – 32 (3.8%), 2021 – 47 (5.5%), 2022 – 47 (5.5%), 2023 – 55 (6.5%), 2024 – 66 (7.8%), 2025 – 69 (8.1%) [57].

ЮНЕСКО МЕММ тізіміне 2008 жылы – 90, 2009 жылы – 82, 2010 – 47, 2011 жылы – 31, 2012 жылы – 31, 2013 жылы – 30, 2014 жылы – 36, 2015 жылы – 27, 2016 жылы – 39, 2017 жылы – 42, 2018 жылы – 38, 2019 жылы – 40, 2020 жылы – 32, 2021 жылы – 47, 2022 жылы – 47, 2023 жылы – 55, 2024 жылы – 66, 2025 жылы – 69 мұра бекітілді.[57; Кесте 13]. Салыстырмалы түрде Орталық Азия мемлекеттерінің ЮНЕСКО МЕММ статистикалық көрсеткіші келесідей: Өзбекстан – 18 (соның ішінде 1 шұғыл қорғау – 2025 жыл, Қобыз жасау және ойнау өнері); Қырғызстан – 16 (соның ішінде 1 шұғыл қорғау – 2012 жыл, Ала киіз бен шырдақ, қырғыздың дәстүрлі киіз кілемдерінің өнері; 1 үздік тәжірибе – 2021: Көшпелілер ойындары, мұраны қайта ашу, әртүрлілікті тойлау); Тәжікстан – 13; Түркіменстан – 10. [57].

МЕММ-нің ЮНЕСКО-дағы статистикалық көрсеткіші жылдар бойынша да, мемлекет бойынша да белгілі бір мемлекеттің қосымша тапсырыс,

сұранысының орындалуына орай өзгеріп отырады. Жоғарыда атап өткеніміздей 2016 жылы Наурыз мейрамы мемлекетаралық мұра болып бекігеннен кейін, 2024 жылы Моңғолия мемлекетінің Наурыз мейрамын енгізуге сұранысының қанағаттандырылуына байланысты 2024 жылғы мұралар тізіміне ауыстырылды.

Кесте 13 – ЮНЕСКО МЕММ-ді қорғауға алудың статистикалық көрсеткіші

Жылдар	**ШҚТ**	**РТ**	**ҮТ**	**Барлығы**
2008	-	90	-	90
2009	9	70	3	82
2010	4	43	-	47
2011	8	18	5	31
2012	4	25	2	31
2013	4	25	1	30
2014	3	32	1	36
2015	5	22	-	27
2016	4	30	5	39
2017	6	34	2	42
2018	7	30	1	38
2019	5	33	2	40
2020	3	26	3	32
2021	4	39	4	47
2022	5	38	4	47
2023	6	45	4	55
2024	2	61	3	66
2025	11	55	3	69
Барлығы	**90**	**716**	**43**	**849**

2024 жылдың қараша айындағы статистикалық есеп бойынша барлығы 5 аймақтың, 150 мемлекетінен 788 мұра халықаралық қорғауға алынған [56]. 2025 жылғы 8–13 желтоқсан аралығында Үндістанның Нью-Дели қаласында өткен ЮНЕСКО МЕММ Үкіметаралық комитетінің 20-шы сессиясында шұғыл қорғауды қажет ететін 11 мұра, репрезентативтік тізімге 55 мұра, үздік тәжірибелер тізіліміне 3 мұра қабылданып, 2025 жылдың желтоқсан айындағы жағдай бойынша 5 аймақтың, 157 мемлекетінен жалпы 849 элемент қорғауға алу мүмкіндігіне қол жеткізді. Қазіргі таңда ЮНЕСКО қорғауында шұғыл қорғауды қажет ететін МЕММ тізімі – 90; Адамзаттың МЕММ-нің репрезентативтік тізімі – 716; МЕММ-ді сақтау саласындағы үздік тәжірибелер тізілімі – 43.

м

2.3 Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұраларды сақтау

Конвенцияның Шұғыл қорғауды қажет ететін МЕММ тізімі деп аталатын 17-бабына сәйкес қажетті қорғау шараларын қабылдау мақсатында Комитет шұғыл қорғауды қажет ететін МЕММ тізімін жасайды, жаңартады және жариялайды, сондай-ақ мұндай мұраларды Тізімге мүше мемлекеттің сұранысы бойынша енгізеді. Комитет осы Тізімді жасау, жаңарту және жариялау өлшемшарттарын әзірлейді және оларды Бас Ассамблеяның бекітуіне ұсынады. Ерекше шұғыл жағдайларда, оның нақты өлшемшарттарын Комитеттің ұсынысы

бойынша Бас Ассамблея бекітеді, Комитет тиісті мүше мемлекетпен консультациялар жүргізе отырып, мұра нысанын 1-тармақта аталған Тізімге енгізе алады.

Қатысушы мемлекеттер ұсынатын номинациялық құжатта шұғыл қорғау тізіміне енгізуге ұсынылған элементтің төмендегідей шарттарге яғни элементтің осы тізімге енгізілуі үшін мүше мемлекет (мемлекеттер), ал ерекше жағдайларда номинаторлар, Комитет бекіткен форматтағы құжаттарда келесі алты шарттың (U.1–U.6) барлығына сәйкестікті дәлелдеуі қажет:

U.1. Элемент Конвенцияның 2-бабында анықталғандай, материалдық емес мәдени мұра болып табылады.

Y.2. а) Элемент мүдделі қауымдастықтар мен мемлекеттің күш-жігеріне қарамастан, жойылып кету қаупі бар және шұғыл қорғауды қажет етеді; немесе, б) Элемент аса шұғыл қорғауды қажет етеді, себебі елеулі қауіп-қатерге ұшыраған және жедел шараларсыз жойылып кетуі мүмкін.

U.3. Мүдделі қауымдастықтар, топтар немесе жекелеген тұлғалардың элементті қолданыста ұстауы мен ұрпаққа беруін қамтамасыз ететін қорғау шаралары әзірленуде.

U.4. Номинация үдерісіне мүдделі қауымдастықтар, топтар немесе жекелеген тұлғалар мүмкіндігінше кеңінен қатысып, еркін, алдын ала және саналы келісім берген.

U.5. Элемент оны ұсынған мемлекет (немесе мемлекеттер) аумағында ресми түрде тіркелген материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілген.

U.6. Ерекше шұғыл жағдайларда, элементті тізімге енгізу мәселесі бойынша тиісті мүше мемлекеттермен Конвенцияның 17(3)-бабына сәйкес кеңесулер жүргізілген.

Жоғарыда аталған шарттар материалдық емес мәдени мұра элементтерін халықаралық деңгейде қорғау мен насихаттауға бағытталған. Бұл талаптар мүше мемлекеттер үшін нақты бағдар болып табылады және ұлттық мұраны жаһандық деңгейде танымал етуге жол ашады.

Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізімі ICH-01, ICH-01 (ұзарту), ICH-01 (қысқарту) және ICH-01RL-ден USL-ге дейінгі нысандарды толтыруға арналған нұсқаулық негізінде бекітіледі.

Осы жердегі қысқартылған сөздерге түсініктеме берсек, ICH-01 – негізгі нысан (шұғыл қорғауға ұсыныс беру үшін), ICH-01 (Extension) – Тізімде болу мерзімін ұзарту үшін нысан ICH-01 (Reduction) – Элементтің ауқымын қысқарту үшін нысан, ICH-01 RL to USL – Элементті Өкілдік тізімнен (Representative List – RL) Шұғыл қорғау тізіміне (Urgent Safeguarding List – USL) ауыстыру үшін деген мағынаны білдіреді.

Формасы және тапсыру мерзімі. Мемлекет–тараптар ұсынысты тиісті https://ich.unesco.org/en/forms үлгідегі ICH-01 формасын толтырып, Конвенция веб-сайтында жарияланған нұсқасы арқылы номинациялық файл ұсынулары тиіс. Ағымдағы жыл бойынша есептесек, Шұғыл қорғау тізіміне (соның ішінде ұзарту мен қысқарту) номинацияларды тапсырылудың соңғы мерзімі – 31 наурыз 2026 жыл, Комитеттің 22-ші сессиясында қаралу үшін

(қараша/желтоқсан 2027). Шұғыл қорғау тізіміне (ұзарту, қысқарту) номинацияларды тапсыру соңғы мерзімі – 31 наурыз 2027 жыл, Комитеттің 23-ші сессиясында қаралу үшін (қараша/желтоқсан 2028).

Репрезентативтік тізімнен (Representative List) Шұғыл қорғау тізіміне (Urgent Safeguarding List) көшіру туралы өтініштердің соңғы мерзімі – 31 қаңтар 2026 жыл, Комитеттің 21-ші сессиясында қаралу үшін (қараша/желтоқсан 2026). Өтінішті тапсырудың соңғы мерзімі – 31 қаңтар 2027 жыл, Комитеттің 22-ші сессиясында қаралу уақыты (қараша/желтоқсан 2027). Номинациялық файлдар GMT (Greenwich Mean Time) бойынша 17:00-ге дейін қабылданады; егер көрсетілген күн демалыс күнге сәйкес келсе келесі жұмыс күні 17:00 GMT-ге дейін.

Шұғыл қорғау тізіміне енгізу өзі материалдық емес мәдени мұра қорының қаржылық көмегін автоматты түрде қамтамасыз етпейді. Егер Мемлекет–тараптар ұсыныс берген уақытта қаржылық көмек сұрағысы келсе, ICH-04 формасын толтырып, екі форманы бірге тапсыра алады. Нөмірленген, қол қойылған түпнұсқаны «Living Heritage Entity, Culture Sector, UNESCO» мекен-жайына, электронды форматта ich-nominations@unesco.org мекен-жайына жіберу керек.

Форманы дайындау стиліне келетін болсақ, номинациялық файлдар ЮНЕСКО-ның жұмыс тілдері яғни ағылшын немесе француз тілдерінде дайындалуы тиіс. Егер басқа шарт көрсетілмесе, әр бөлімге міндетті түрде жауап берілуі керек. Талап бойынша минималды және максималды сөз саны сақталуы тиіс. Көпұлтты номинациялар үшін сөз саны шектері икемдірек: екі елдік номинацияда – 50 % қосымша, үш ел үшін – 100 % қосымша, әр қосымша ел үшін – 50 % қосымша (инвентарь бөлімінен басқа). Форманы Arial, өлшемі 11 қарпімен дайындау қажет; арнайы таңбалар қолданылса – стандартты Unicode қарпін қолдану керек. Номинацияның түпнұсқалық қол қойылған көшірмесі A4 немесе letter форматында, ашық түрде, тек бір жаққа басылған болуы тиіс (байламалы емес). Әр номинация бірегей және түпнұсқа құжат болуы керек; бұрын жарияланған материал қолданылса – оны тиісті сілтеме, дереккөзмен көрсету қажет.

Номинациялар мен олардың қосымша құжаттары тек операциялық нұсқаулықта көрсетілген мақсатты өлшемшарттарға сәйкестік тұрғысынан бағаланады. Конвенция тізімдеріне енгізу – бұл мұраны сол мемлекеттің меншігі, бірегей басым құқық немесе зияткерлік меншік екенін білдірмейді.

Мемлекет–тараптар арасындағы, қауымдастықтар, топтар мен жеке тұлғалар арасындағы өзара құрмет – Конвенцияның негізгі қағидасы. Номинацияларда басқа мемлекеттердегі әрекеттерді бағалау немесе мәдени әртүрлілікке қатынасты зиян келтіретін өрнектерден сақ болу этикеті назарда ұсталалы. Әр номинациялық файлдың мазмұнына жауапкершілік – оны жіберген Мемлекет–тараптарда. Комитет немесе ЮНЕСКО номинацияда қолданылған атаулар арқылы ешқандай пікір білдірмейді – мысалы, елдің құқықтық мәртебесі, шекаралары, қай оқиға тарихта болғаны жөнінде.

Номинацияның негізгі бөлімдері.

A. Мемлекет-тараптарға тиесілі көпұлтты номинация болса келісілген тәртіппен елдер тізімделеді.

B. Нысанның атауы. Келісілген қауымдастық тілінде (жергілікті тілде) және ағылшын тілінде. Ұзарту немесе қысқарту өтінішінде ағылшын тіліндегі қазіргі тіркелген атауы мен өзгертілгісі келетін атауды көрсету керек.

C. Қатысты қауымдастықтар, топтар және жеке тұлғалар. Номинацияланған элементпен байланысты қауымдастықтарды, топтарды немесе жеке тұлғаларды анық көрсету қажет. Элементтің ұсыну кезіндегі күйі, оның негізгі ерекшеліктері, қалай қолданылып жатқаны, тарихы мен шығу тегі қысқаша беріледі. Ұзарту/қысқарту үшін енгізілетін өзгерістер туралы туралы жалпы ақпарат мәліметтер беріледі.

Репрезентативтік тізімнен шұғыл қорғау тізіміне көшу үшін бұрынғы мәліметті жаңартып, шұғыл қорғау қажеттігін негіздеу қажет.

Шұғыл қорғау қажеттілігі. Элементтің өміршеңдігі оның қаншалықты жиі қолданылатыны, таратылуының дәстүрлі жолдары, орындаушылары мен көрермендерінің саны, әрі тұрақтылығы көрсетіледі. Қауіпті факторлар элементтің жалғасуына, таратылуына кедергі келтіретін нақты қауіптерді сипаттау. Қауымдастықтардың пікірі мен куәліктері ағылшын және француз тілдерінде ұсынылады. Аудиовизуалдық материалдар техникалық талаптарға сай болуы керек.

Қорғау жоспары. Осы бөлімде бағалаушы орган мен Комитетке жоспардың іске асыру мүмкіндігі мен жеткіліктілігі бағалана алатындай ақпарат берілуі тиіс. Олар: Орта мерзімді әсерлер мен күтілетін нәтижелер; жоспардағы негізгі іс-шаралар, логикалық тәртіппен сипатталған; іс-шаралардың кестесі; бюджет (мүмкін болса АҚШ долларымен), қолдағы ресурстарды көрсету; қауымдастықтардың толық қатысу механизмдері; мемлекет(тер) тарапынан қолдаудың кепілдігі; ауапты органдардың байланыс деректері, адам ресурстары; Халықаралық көмек сұралатын болса – қаржылық (financial) немесе қызмет (service) түрлері, қосымша ICH-04 формасын тапсыру.

Қауымдастықтың қатысуы мен келісімі. Номинацияларды дайындау кезінде жергілікті және аймақтық билік органдары, қауымдастықтар, ЗТБ, ғылыми институттар, сараптама орталықтары және т.б. қатысуы ұсынылады. Келісім куәлігі – жазбаша, аудиовизуалдық немесе басқа форматта болуы мүмкін. Қауымдастық мүшелері басқа тілде сөйлесе, келісім олардың тілінде және ағылшын, француз тілінде берілуі тиіс. Ұзарту өтінішінде жаңадан қосылатын қауымдастықтардың келісімі мен бастапқы номинациядағы қауымдастық өкілдерінің келісімі болуы керек. Қысқарту өтінішінде қысқартылатын қауымдастықтардың келісімі қажет.

Номинацияланған элементті инвентарьға енгізу номинациядан бұрын толық аяқталған болуы міндетті емес. Инвентарьларды жаңарту жиілігі, толықтыру және қайта қарау барысы сипатталуы тиіс. Құжаттық дәлелдер яғни элемент атауы, сипаттамасы, қауымдастықтар, орналасқан жері және т.б. қосымшада көрсетіледі. Инвентарь онлайн болса URL сілтемелер беріледі, қажет болса басып шығарылған үзінділер қосылады.

Хат алмасу мен қол қою. Номинацияны Мемлекет-Тарап атынан өкілетті тұлға қол қоюы керек. Көпұлтты номинацияда – әр мемлекет үшін өкілетті тұлға қол қоюы керек. Ұзарту өтініші үшін – барлық қатысушы мемлекеттердің қолдары қойылған қолдау хаттары ICH-01 (Extension) формасының орнына берілуі мүмкін.

Аудиовизуалдық қосымша құжаттама. Ұлттық номинация үшін – он жаңа фотосурет; көпұлтты номинация болса әр елден 3 фотосуретке дейін; видео 5–10 минут, көпұлтты номинация үшін 15 минутқа дейін, ағылшын, француз тілінде дыбыс жолы немесе субтитр.

Ұзарту: ұлттық жағдайда 3 фотосуретке дейін; көпұлтты жаңа қосылатын мемлекеттер үшін әр елден 2 фотосуретке дейін; қажет болса жаңа 5–10 минут видео.

Қысқарту: бастапқыда жіберілген фотолар мен видеодағы өзгерістер туралы анықтамалар.

Көшіру (Transfer): элементтің қазіргі күйін бейнелейтін 3 фото, қажет болса 5–10 минут видео.

Қауымдастық пікірін көрсету (Section 1 / Section 2): аудиовизуалды материалдар 10 минуттан аспауы, қатысушылардың аты-жөні көрсетілуі керек.

Келісім көрсету (Section 3 / Section 4): аудиовизуалды материалдар 10 минуттан аспауы, қатысушылардың аты-жөні көрсетілуі керек.

Әр фотоға қысқаша 40 сөзден аспайтын ақпараттық аннотацияның болуы, автор, жыл және құқық иесі туралы мәліметтер беру талап етіледі.

Ұсынылатын видеоларға қауымдастықтардың өз тілдерінде сөйлеуіне мүмкіндік беру ұсынылады. Әр фото мен видеода бірегей идентификатор, атауы, тіл, автор, құрылу жылы және құқық иесі көрсетілуі тиіс.

Шұғыл қорғау тәжірибелерінен.

Аргентина мен Уругвайда бандонеон атты аспап – дәстүрлі музыканың ажырамас бөлігі саналады. Бұл аспап концертинаға ұқсас, әрі танго биіне тән ырғақты және сезімге толы әуендерге ерекше сипат береді. Бандонеон – тек музыкалық аспап қана емес, ол осы елдердің мәдени бірегейлігінің символына айналған. Алайда бүгінде бұл дәстүрге қауіп төніп отыр. Қазіргі таңда бандонеонда шебер ойнай алатын музыканттар саны өте аз, олардың көбі – жасы алпыстан асқан ардагер орындаушылар. Бандонеонды баптай алатын және жөндей алатын аспап шеберлері (лютье) де өте аз қалған. Осы мәдени мұраны сақтап қалу мақсатында ЮНЕСКО бірнеше маңызды бастамаларды іске асырды: Бандонеон аспаптарының, орындаушылардың және аспап шеберлерінің арнайы тізімін құруға көмектесті. Бұл құжаттандыру – мұраны жүйелі түрде сақтау мен оны болашақ ұрпаққа жеткізудің алғашқы қадамы болды. Жастарға арналған бандонеон мектебінің құрылуын қолдады, мұнда жастарға тегін сабақтар беріледі. Бандонеонда ойнауды үйретететін заманауи әдістемелердің жасалуына қолдау көрсетті. Бұл әдістемелер білім беру процесін жеңілдетіп, дәстүрлі музыкалық тәжірибені жаңа буынға тиімді жеткізуге мүмкіндік береді [57].

Шұғыл қорғауды қажет ететін мұралар қатарында қырғыздардың шырдақ дайындауы, өзбектердің қобыз тартуы, түріктердің зәйтүн ағашын өсіру, зәйтүн майын дәстүрлі дайындауы бар [213; 215].

2025 жылы Өзбекстан Республикасы өзінің құрамындағы Қарақалпақстан Республикасында жасалып, ойналатын қобыз – доға пішінді және жылқының қылынан жасалған екі ішекті дәстүрлі ішекті аспапты «Қобыз жасау және ойнау өнері» деген атаумен шұғыл қорғауды қажет ететін мұра ретінде ЮНЕСКО тізіміне енгізді. Ұсынушы тарап: «Қобызды үйде балалар көбінесе ата-аналарынан үйренеді. Шебер-шәкірт дәстүрінде оқушылар көбінесе шағын топтарда немесе жеке сабақтар арқылы шебер аспап жасаушылар мен орындаушылардан тікелей үйренеді. Бұл әдістер кейде мәдени іс-шаралармен, шеберлік сабақтарымен және жазбалармен қолдау табады. Қобыз тиісті қауымдастықтар арасындағы бірлікке және ортақ мұраға ықпал етеді», – деген. Қарақалпақ қобызы тұт немесе өрік ағашы сияқты жергілікті ағаш діңінен ойып жасалады. Қобыздың тасымалданатындай етіп жасалуы, оның көшпелі өмір салтымен байланысын көрсетеді. Қарақалпақ жыршылары қобызбен көмейге салып ән айтудың белгілі бір түрін қолдана отырып, эпостық жырларды орындайды. Өзбекстан мемлекетінің қарақалпақ қобызын жасайтын дәстүрлі шеберлердің сиреп кетуіне алаңдаушылығы ЮНЕСКО-ның оң қолдауына ие болды [215].

«Шұғыл қорғау» тізіміне енгізуден Моңғолия тәжірибесі және бұл мұралардың қазақ халқының мәдениетіне ұқсас тұстары өзіне назар аудартады. Моңғолия МЕММ 17 номинацияны ЮНЕСКО қорғауына алып, соның ішінде 6 номинация «Моңғолдың қасиетті жерлерге табынудың дәстүрлі әдет-ғұрыптары» (2017), «Түйелерді идіру рәсімі» (2015), «Моңғол каллиграфиясы» (2013), «Лимбе ұзақ халық әнін айту техникасы – кең тыныс алу» (2011), «Моңғол Биелге, моңғол дәстүрлі халық биі» (2009), «Моңғол Туулы, моңғол эпосы» (2009) «Шұғыл қорғау» тізіміне енгізген. Шұғыл қорғауға алынған Моңғолдың қасиетті жерлерге табынудың дәстүрлі әдет-ғұрыптарының қазақ халқының әулиелік орындар мен қасиетті жерлерге табынуының ортақтығы көп. Соның бірі қасиетті орынға шүберек байлау, тілек матасын қалдыру, шырақ жағу. Номинация құжатында қасиетті орында шырақ жағу рәсімін ежелгі шамандық дінмен байланыстырған. Моңғолдардың қасиетті жерлерге табыну дәстүрлері көшпелі өмір салтының мекені болып табылатын мәдени кеңістікте дамыды, бұл табиғатпен және қоршаған ортамен тығыз үйлесімділікпен сипатталады. Бұл дәстүрлер аспанның, жердің, таулардың және табиғи ортаның көрінбейтін Құдайларының бар екеніне сенуге негізделген. Жергілікті ақсақалдар жастарға рәсімге қалай қатысу және оны өткізу кезінде өзін қалай ұстау керектігін үйретеді. Құдайға құлшылық ету рәсімдері қауымдастық пен ынтымақтастық сезімін қалыптастырады және адамдар мен қоршаған ортаның өзара тәуелділігі туралы хабардарлықты арттырады. Қасиетті жерге табыну XX ғасырдағы Моңғолиядағы коммунистік режим кезінде тыйым салынған дәстүрлердің бірі болды.

Мұраны ұсыну құжатында Моңғолия үкіметі мен халық белсенді түрде қайта жандандырып жатқанымен, оның өміршеңдігіне әлі де қауіп төніп тұрғаны, бірнеше қиындықтар бар екені, жаһандану мен урбанизацияның жедел дамуы, малшылардың қасиетті орындардан қалаларға ағылуы, қасиетті орынға қатысты көне дәстүрді білетін дерек кісілер санының күрт азаюы, қасиетті орындарда тау-кен компанияларының жұмысының орын алуы айтылады. Сондай-ақ, жергілікті монғолдардың әлі де дәстүрді жандандыруға және онымен байланысты білімді таратуға құлшыныс танытуы, соңғы жылдары көптеген ғибадатханалар қалпына келтіріліп, жергілікті жерлерде ғибадат ету дәстүрлерін жүргізуге қолайлы жағдайлар жасалуы айтылады. Моңғолия үкіметі қасиетті орындарда жиындар өткізіп, онда монғол күресі, құс салу өнерлерін жарыс өткізу арқылы ұлттық құндылықтарды қоса насихаттайды [214].

Қазақ халқы мен моңғол халқының қасиетті жерлерге табынуының ортақ дәстүрлері киелілігімен ел тарихынан орын алған жерлер, ел тарихында, адамзат өмірінде маңызды із қалдырған атақты тұлғалармен байланысты жерлерге, әулиелер жерленген орынға сырық қадау, шүберек байлау, белгі қалдыру, шырақ жағу ғұрыптарынан көрінеді. Ғылымда «заттық антропология» деп аталатын белгі қалдыру, зиярат етушілердің осы жерге келгендігін білдіретін ақпарат ретінде қызмет етеді. Қазақ халқында әулие деп танылған тұлғалардың қабіріне зиярат ету сенімі қазақ жерінің барлық өңірінде кең тараған. Соның ішінде Абай облысындағы Қоңыр әулиенің тарихи мәдени құндылығы мен қасиетті жер танымындағы аймақтық ерекшелігі дәстүрлі медицинадағы «су терапиясы» мен «тас терапиясы» осы диссертацияның ғылыми апробациясына енді [186, б.1202]. Алматы облысында «Әлмерек баба музей-кесенесі» әулиелік орнында тәжірибелік бақылау жүзеге асты [188]. Қасиетті орынға зиярат ету МЕММ келесідей екі типіне сәйкес келеді: (c) әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар; (d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар. Қазақ халқының қасиетті орынға зиярат ету мәдениетін де «шұғыл қорғау» санатына алу арқылы қазақ халқының ұлттық кодының айрықша үлгісін қорғау тәжірибесін енгізуге болады.

Тарихи дәуірлердегі ерте көшпелілердің мұрасы, Орхон-Енисей түркі-монғол әлемінің мұрагері моңғол халқы сақтап отырған қобыз саз аспабымен «Түйелерді идіру рәсімі» мұрасын Моңғолия мемлекеті 2015 жылы ЮНЕСКО-да «шұғыл қорғау» желісінде рәсімдеген. Моңғол түйешілері інгенді жаңа туған ботаны қабылдауға немесе жетім ботаны қабылдауға «төйгелеу» үшін идіру рәсімін орындайды. Ботаны енесінің жанына желіге байлап, қобыз тартып, ән салып, әуенді інгеннің мінез-құлқына байланысты өзгертіп отырады, ботаны қабылдауға саздың көмегімен баяу көндіреді. Рәсімді орындау ымырт кезінде өтеді және түйелерді ұстауда үлкен шеберлікпен қатар, ән-саз шеберлігін де талап етеді. Түйешілер арасында саз аспапта тартуды меңгергендер болмаса кәсіби музыканттарды шақыратын тәжірибе барын да айта кетеді. Сазды әуенмен інген идіру рәсімі көшпелі отбасылар мен олардың қауымдастығы арасында әлеуметтік байланыстарды орнату және сақтаудың символикалық құралы ретінде қызмет етеді. Бұл халықтың білім ата-аналар мен ақсақалдардан жастарға

отбасында үйрету арқылы беріледі. Алайда, әлеуметтік және мәдени ортадағы өзгерістер оның өміршеңдігіне кері әсерін тигізді. Моңғолия Үкіметі мұраны құжаттауда жаңа ұрпақтар өздерінің дәстүрлі мал шаруашылығымен байланысын жоғалтқан сайын, мәдениет иелерінің саны тез азайып бара жатқанын көрсеткен. Әрі бүгінгі таңда көлік құралы ретінде түйелерге қарағанда мотоциклдерге артықшылық берілетінін, қалалық орталықтарға көшудің артуынан жас малшылардың санын азайып кеткендігіне алаңдаушылық білдіріп, бұл мұраны шұғыл қорғауға алуды ұсынған [214].

Түркі-монғол әлеміндегі «жеріген енесін телу» ғұрпының көшпелі мал шаруашылығымен байланыстыхалықтық білімнің ортақтығы, айырмашылығы да бар. Қазақ халқының «телу» ғұрпы, домбыра, фольклорлық жырмен орындалуында. Қазақтың халық күйі «Нар идірген» күйінің шығу тарихы көптен сүт бермеген нарды домбырада күй тартып идірумен байланысты. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі төлді енесіне алдыру, төлінен жеріген малды иіту рәсімі «төйгелеу» жырын айту жойылу қаупіндегі мұра екені анық. М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институты мамандары «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен жүзеге асырған «Ұлы даланың көне сарындары» антологиясында «малды телу», «төйгелеу» жырларын малдың төлімен байланысты мұра болғандықтан тұрмыс-салт жырының «балалар фольклоры» тобына енгізген [203, б.79-80]. «Төйгелеу» ғұрпы отандық тәжірибеде Ұлттық тізімде малшылардың төрт түлік малды өсірудің халықтық білімі аясында, тұрмыс-салт жырының жеке бір түрі немесе жеке фольклорлық мұра ретінде 2013 жылғы Ұлттық тізімде де, 2024 Ұлттық тізімде де орын алмаған [Қосымша А., Кесте А.1; Кесте А.2]. Қазақ халқында «төйгелеу» жыры енесі өз төлінен жерісе соны алғызу, жетім қалған төлді басқа саулыққа алғызу, төлі өлген саулыққа бөтен төлді алғызу үшін орындалады. Төл телуде айтылатын: «Төйге, төйге, төйге, ала ғой, қайым ала ғой, бауырыңа сала ғой, таласы жоқ басқаның, өзіңнен шыққан бала ғой...» деп келетін жырды білмесе, «төйге, төйге» немесе «түбәй, түбәй» деп айта береді [157, 5 т., б.423-424]. «Төйгелеу» шұғыл қорғауды қажет ететін мұра ретінде Ұлттық тізімге енуі болашақтағы жұмыс еншісінде.

Шұғыл қорғау тізіміне енгізу арқылы МЕММ қорғау ісінде тағы да Түркия мемлекетінің озық тәжірибесіне жүгінеміз. 2017 жылы Түркия ЮНЕСКО Ұлттық комиссиясы «Құстілі ауылы» (Kuşköy) атанған ауыл тұрғындарының «ысқырып сөйлесу мәдениетін» халықаралық қорғауға алады. Ауыл тұрғындары ысқыру тілін ата-бабасынан табиғатпен етене өмір сүру нәтижесінде ұрпақтан ұрпаққа мұра еткен, әрі сөздерді модельдеу және айту үшін қолданылатын қарым-қатынас әдісі. Ысқырып сөйлесу тәжірибесі жергілікті тұрғындардың таулы аймақтың тік жартасты шатқалдарында, кедір-бұдырлы жер бедерінің үстінде, бір-біріне қатынас жолдарының күрделі болуына орай ақпаратты қашықтықтан, дыбыс арқылы алмасуы нәтижесінде қалыптасқан. Құстілі ауылының тұрғындары негізінен өмірінің көп бөлігін далада ауылшаруашылығымен айналысумен өткізеді.

Ысқырып сөйлесуді өздерінің мәдени ерекшелігінің негізгі көрінісі деп санайды, бұл сол өңірде тұлғааралық қарым-қатынас пен ынтымақтастықты

нығайту құралына айналған. Жергілікті тұрғындар ысқырып сөйлесудің маңыздылығын білсе де, технологиялық даму мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістер құс тілімен сөйлесе алатындар санының және оны қолданылатын аймақтардың азаюына әкелді. Құс тілімен сөйлесудің жойылуына әкелетін негізгі қауіптердің бірі – ұялы телефондарды пайдалану. Жаңа ұрпақтың ысқырық тіліне деген қызығушылығы айтарлықтай төмендегені, бұл элементтің біртіндеп табиғи ортасынан ажырап, жасанды тәжірибеге айналу қаупі тудындаған. Өңірдегі отбасында ысқырық тілі ата-ана мен бала қарым-қатынасы аясында ұрпақтан-ұрпаққа ресми және бейресми әдістер арқылы беріледі. Түркия Ұлттық комиссиясы мұндай қауіптерге қарамастан, қауымдастықтар бұл тілдік тәжірибені оның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ұлттық және халықаралық деңгейде белсенді түрде насихаттап келеді. Ысқырып сөйлесу шеберлігін сақтап қалу мақсатында «Құстілі фестивалін» өткізу дәстүрге айналған [213]. Салыстырмалы түрде қазақ халқының ырым-тиымдар тиымдар жүйесінде ысқыруға желді шақырасың, - деп тиым салған [157, 2 т., б.406].

2022 жылы Түркия тарапынан «Ахлаттың дәстүрлі тас жұмыстары» ЮНЕСКО-ның шұғыл қорғалуына алынады. Дәстүрлі тас қашау өнерін игерген жергілікті тасшылар Ахлат тасын Түркиядағы Немрут тауының етегінен алып, өңдеп, ою, қашау, бедерлеуді қолдану арқылы үйлер, мешіттер, кесенелер мен көпірлер сияқты сәулет жұмыстарынан басқа, құлпытастарда, жазуларда, субұрқақтарда және басқа да артефактілерді жасауға қолданады. Тасшылар табиғатты дәстүрлі пайдалану білімдерін ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріп келеді. Бірақ соңғы онжылдықтарда Ахлаттағы демографиялық өзгерістер, халық санының күрт азаюы мен ірі қалаларға көшуге байланысты жаңа шәкірттерді табу қиындығы туындаған және аймақта заманауи құрылыс техникасы мен материалдарының кеңінен қолданылуы оның өміршеңдігіне елеулі қауіптер төндірген. Осы өзгерістерге алаңдаушылық білдірген Түркия Ұлттық комиссиясы бұл мұраны ЮНЕСКО-ға ұсынған [213]. Қазақ пен тұрік халқының тас қашау өнерінде сәйлеттік өнер тұрғысынан ортақ мәдениетінің болуы оғыздық дәстүрдің тарихи тамырымен байланысты [204-206].

Дәстүрлі бақташылық кәсіп те табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен дағдылар жүйесіндегі халықтық біліммен астасады. 2023 жылы Түркия «Зәйтүн өсіруге қатысты дәстүрлі білім, әдістер және тәжірибелер» номинациясын ЮНЕСКО-да бекітуге қол жеткізді. Мұраның шұғыл қорғауға алынуына зәйтүн өсіру, оның майын тас диірмендер арқылы алу әдісіне, заманауи технологиялардың енуі, дәстүрлі бақташылардың орнын, кәсіби жұмысшылардың басуы себеп болған [213].

«Украина халқының борщы» – шұғыл қорғауға алынған мұра. Борщтың қызылша, қаймақ қосылған түрінің украина халқына тиесілігін «қорғау» шарасына алуы, ұлттық кодты сақтаудағы патриоттық қадам [57].

ЮНЕСКО-ның бұл бастамалары – МЕММ-ны тірілту мен жандандырудың жарқын үлгісі. Осындай шетел тәжірибелері мәдени мұраны сақтау тек құжаттаумен шектелмей, оны тірі тәжірибе ретінде қайта жаңғырту қажеттігін көреміз.

2.4 Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативті құндылықтарын қорғау

Адамзаттың МЕММ-нің репрезентативтік тізімі – Дүниежүзілік мәдени мұраның әртүрлілігі мен мәдени байлығын көрсететін тәжірибелер, дәстүрлер, рәсімдер, білім мен дағдыларды қамтитыды. Негізгі мақсаты – МЕММ-ның маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыру, оның халықаралық деңгейде таралуын қамтамасыз ету. Тізімнің құндылығы оның мәдени дәстүрлерді сақтау мен таратылуына, халықтардың ұлттық және мәдени сәйкестігін нығайтып, мәдениетаралық диалог пен өзара түсіністікті дамытуға ықпал етуінде. Тізімге элементтерді енгізу олардың статусын арттырып, болашақ ұрпаққа жеткізуге көмектеседі. Мәдени туризмді дамыту, қаржылық қолдау алу және білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін мүмкіндіктер ашады. Мұндай статус жергілікті қауымдастықтардың мәдени тәжірибелерін сақтау процесіне тартылуына және мұраны қорғаудағы белсенді қатысушыларға айналдырады. Тізімге әлем елдері элементтер ұсынылып, адамзаттық МЕММ-ның алуантүрлілігін көрсетеді. РТ ЮНЕСКО МЕММ ең ауқымды бөлігін қамтиды.

Адамзаттың МЕММ-нің репрезентативтік тізіміне элементті енгізу үшін мүше мемлекет (немесе мемлекеттер) ЮНЕСКО Комитеті белгілеген форматқа сәйкес номинациялық құжаттарда келесі бес шартдің (R.1–R.5) барлығына сай келетінін дәлелдеуі тиіс:

R.1. Ұсынылып отырған элемент Конвенцияның 2-бабында белгіленгендей, материалдық емес мәдени мұра болып табылады.

R.2. Элементті тізімге енгізу материалдық емес мәдени мұраның маңыздылығын айқындауға, көпшілікке танытуға және мәдени әртүрлілікті дәріптей отырып, адам шығармашылығын мойындауға ықпал етеді.

R.3. Ұсынылған элементті сақтау және оның рөлін арттыруға бағытталған қорғау шаралары әзірленуде.

R.4. Элементке қатысты номинация үдерісіне мүдделі қауымдастықтар, топтар немесе жекелеген тұлғалар мүмкіндігінше кеңінен қатысып, олардың еркін, алдын ала және саналы келісімімен ұсынылған.

R.5. Элемент ұсынылған мемлекет (немесе мемлекеттер) аумағында ресми тіркелген материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілген.

Өтінім беру тәртібі. Егер қандай да бір мұра элементі екі немесе одан да көп мемлекеттердің аумағында орналасқан болса, мемлекеттер-мүше елдер оны бірлесіп, көпұлтты өтінім түрінде ұсынуға шақырылады. Өтінімдерін ұсыну барысында мемлекеттер-мүше елдер осы Операциялық нұсқаулыққа қоса берілген арнайы өтінім нысанын пайдалануы және мүдделі қауымдастықтарды, топтарды және, қажет болған жағдайда, жеке тұлғаларды оның дайындалуына тартуы тиіс. Мүше мемлекет Комитет тарапынан өтінім қарастырылғанға дейін кез- келген уақытта өз өтінімін қайтарып ала алады.

Өтінімдерді қарау. Өтінімдерді қарау Комитеттің ережелерінің 21-бабына сәйкес құрылған Комитеттің қосалқы органы арқылы жүзеге асырылады. Осы қосалқы органның өтінімді қарастыруы – оның қойылған шарттарге сәйкестігін бағалауды қамтиды. Мұндай қараудың қорытындысы бойынша дайындалған

есептер Комитетке ұсынылатын ұсынымдарды қамтиды – элементті Тізімге енгізу не енгізуден бас тарту жөнінде.

Комитеттің бағалауы және шешімі. Қосалқы орган барлық өтінім құжаттарын қарап шығып, олардың нәтижелері туралы шолу және есепті Комитетке ұсынады. Бағалау жұмыстары аяқталғаннан кейін Комитет элементті репрезентативті тізімге енгізу немесе енгізбеу туралы шешім қабылдайды. Комитет элементтің тізімге енгізілуі қажет емес деп шешсе, осы элемент бойынша өтінім төрт жыл өтпейінше қайта ұсынылa алмайды.

Элементті репрезентатитвті тізімнен алып тастау. Егер Комитет элементтің Тізімге енгізілу шарттарының біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келмейтінін анықтаса, ол репрезентатитвті тізімнен алынып тасталуы мүмкін.

Элементті бір тізімнен екіншісіне көшіру. Элементті бір уақытта репрезентативті тізімге де, Шұғыл қорғауды қажет ететін мұра тізіміне де енгізуге болмайды. Мемлекет элементті бір тізімнен екіншісіне көшіру туралы өтінішпен жүгіне алады. Мұндай өтініште элементтің оны көшіру көзделіп отырған Тізімнің барлық шарттарыне сай екені дәлелденуі тиіс және өтінім беру тәртібі мен мерзіміне сәйкес ұсынылуы қажет.

Репрезентативті тізімді жаңарту және жариялау. Тізімге элементтерді енгізу туралы өтінім құжаттарымен және оларды қарау нәтижелері бойынша есептермен Хатшылықта танысуға болады; мүмкіндігінше, оларға кең онлайн қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Комитеттің өтініші бойынша Хатшылық жыл сайын жаңартылған репрезентатитвті тізімді негізінен Конвенцияның веб-сайтында жариялайды. Баспа нұсқасы екі жылда бір рет, Бас Ассамблеяның сессиясы шеңберінде жарық көреді.

График – рәсімдер бойынша шолу. Фаза 1: Дайындау және ұсыну. Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі – Хатшылыққа ұсынылуы. Бұл мерзімнен кейін алынған өтінімдер келесі циклде қаралатын болады. Хатшылықтың барлық өтінімдерді тіркеу мен қабылданғанын растауды қоса алғанда, өңдеу мерзімі. Егер өтінім толық емес деп танылса, мүше мемлекетке оны толықтыру ұсынылады. Мүше мемлекет тарапынан өтінімді соңғы рәсімдеу үшін қажет қосымша ақпаратты Хатшылыққа ұсынудың соңғы мерзімі. Толық емес күйінде қалған өтінімдер келесі циклде қайта толықтырылып ұсынылуы мүмкін.

Фаза 2: Қарастыру. Қосалқы орган тарапынан қарау. Хатшылық өтінім берген мемлекеттерге олардың өтінімдерін қарау нәтижелері туралы қосалқы органның есептерін жолдайды. Хатшылық өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша есептерді Комитет мүшелеріне де жолдайды. Мүше мемлекеттер өтінім құжаттарымен және оларды қарау нәтижелері туралы есептермен Конвенцияның веб-сайтында таныса алады.

Фаза 3: Бағалау. Конвенцияның 31.1-бабына сәйкес, Комитет осы Операциялық нұсқаулықты Бас ассамблея қабылдағаннан кейін күшіне енгенге дейін «Адамзаттың ауызша және МЕММ-ның жауһарлары» деп танылған элементтерді енгізеді. Мұндай енгізу осы элементтер орналасқан барлық мемлекеттерге яғни бұл мемлекеттердің Конвенцияға қатысушы болуына немесе

болмауына қарамастан қатысты қолданылады. Конвенцияға қатыспайтын, бірақ аумағында мұндай жауһарлар орналасқан мемлекеттер осы элементтерге қатысты Конвенцияда көзделген барлық құқықтар мен міндеттемелерді өз жазбаша келісімі негізінде және бұл құқықтар мен міндеттемелердің бір-бірінен ажыратылмайтынын түсіну негізінде орындайды және пайдаланады. Конвенцияға қатыспайтын, бірақ аумағында «жауһар» деп танылған элементтер орналасқан мемлекеттерге осы Операциялық нұсқаулықтың қабылданғаны туралы Бас директор хабарлайды. Бұл нұсқаулыққа сәйкес, аталған элементтер кейінірек 16.2-бапқа сәйкес Тізімге енгізілетін элементтермен теңестіріледі, оларды қадағалау, бір тізімнен екіншісіне ауыстыру, Тізімнен шығару кезінде бірдей құқықтық нормалар қолданылады.

Конвенцияға қатыспайтын мемлекет өзінің жазбаша келісімін Конвенцияның депозитарийі ретіндегі Бас директорға жібереді. Бұл келісім оның аумағындағы жауһарлар Конвенцияның толық құқықтық режиміне бағынатынын білдіреді. Конвенцияға қатыспайтын мемлекет жоғарыда аталған бір жыл ішінде жазбаша келісім бермесе, Комитет бұл мемлекеттің аумағындағы элементтерді Өкілдік тізімнен алып тастауға құқылы. Мемлекет ешқандай жауап қайтармаса, өз ниетін білдіруден бас тартса немесе бір жыл ішінде келісімін нақты білдірмесе, бұл үнсіздік немесе жауаптың болмауы келісім беруден бас тарту ретінде қарастырылады және 39-тармақтың ережелері қолданылады, егер мұндай жауап бермеуге кедергі келтірген нақты себептер болмаса.

Тізімге енгізілген және «жауһар» деп танылған элемент бір мезгілде Конвенцияға қатысушы және қатыспайтын мемлекеттердің аумағында орналасса, бұл элемент Конвенцияның толық құқықтық режиміне бағынады. Бұл жағдайда Комитеттің өкілеттігімен Бас директор қатыспайтын мемлекетке Конвенцияда көзделген міндеттемелерді қабылдауды ұсынады. Егер бұл мемлекет жазбаша келісім бермесе, Комитет бұл мемлекетке элементке зиян келтіретін кез келген әрекеттерден бас тартуды ұсынуға құқылы. Комитет осыған байланысты қабылданған шаралар туралы Бас Ассамблеяға осы Операциялық нұсқаулықта қарастырылған талаптар мен рәсімдерге сәйкес есеп береді. Конвенцияның қағидалары мен мақсаттарын ең жақсы бейнелейтін бағдарламалар, жобалар мен іс-шаралар

*Ұсыну және іріктеу тәртібі***.** Конвенцияға қатысушы мемлекеттерге МЕММ сақтау бойынша ұлттық, субөңірлік немесе өңірлік бағдарламалар, жобалар мен іс-шараларды Комитетке ұсыну ұсынылады. Бұл іс-шаралар Конвенцияның қағидалары мен мақсаттарын айқын бейнелеуі тиіс. Мұндай бағдарламаларды іріктеу және танымал ету кезінде Комитет дамушы елдердің қажеттіліктеріне және әділетті географиялық теңгерім қағидатына ерекше назар аударады. Бұл бағдарламалар, жобалар мен іс-шаралар Комитетке ұсыну сәтінде жоспарлау, іске асыру немесе аяқтау сатысында болуы мүмкін. Қатысушы мемлекеттер ұсыныстарды жеке немесе бірлесіп ұсына алады. Комитет субөңірлік, өңірлік немесе географиялық тұрғыдан бөлінген аймақтардағы мемлекеттердің бірлескен бастамаларын қолдайды.

Мемлекеттер мұндай ұсыныстарды әзірлеу кезінде халықаралық көмекке қатысты Конвенцияның 20-24-баптарына сәйкес көмек сұрай алады. Ұсыныстар осы Операциялық нұсқаулыққа қосымшада берілген формат бойынша әзірленіп, Комитет оларды бағалауы тиіс жылдың 1 наурызына дейін ұсынылуы тиіс. Ұсыныстарды алдын ала қарау Комитет өз сессиясында құратын жұмыс тобы арқылы жүзеге асырылады. Бұл жұмыс тобы ұсыныстардың маңыздылығы жөнінде пікірін білдіріп, қысқаша ұсым дайындайды. Комитет қандай да бір бағдарламаны, жобаны немесе іс-шараны таңдау немесе таңдамау туралы шешім қабылдайды. Комитет әр сессиясында Конвенцияның 19-бабында қарастырылған халықаралық ынтымақтастық жөніндегі және/немесе нақты басым бағыттарға арналған ұсыныстар бойынша тікелей үндеу жасауға құқылы.

*Іріктеу шарттары***.** Комитет өзіне ұсынылған бағдарламалар, жобалар немесе іс-шаралардың ішінен келесі барлық шарттарге толық сәйкес келетіндерін іріктеп алады:

(a) Бағдарлама, жоба немесе іс-шара Конвенцияның 2.3-бабында берілген анықтамаға сәйкес сақтауға бағытталған.

(b). Бағдарлама, жоба немесе іс-шара материалдық емес мәдени мұраны сақтау бойынша өңірлік, субөңірлік және/немесе халықаралық деңгейде күш-жігерді үйлестіруге жәрдемдеседі.

(c). Бағдарлама, жоба немесе іс-шара Конвенцияның қағидалары мен мақсаттарын бейнелейді.

(d). Егер бағдарлама, жоба немесе іс-шара аяқталған болса, ол материалдық емес мәдени мұраның өміршеңдігін қамтамасыз етуге нақты үлес қосқанын дәлелдеген. Егер бағдарлама, жоба немесе іс-шара әлі жүзеге асырылып жатса немесе жоспарлануда болса, онда оның осы мұраның өміршеңдігін қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосатынына негізді сенім бар.

(e). Бағдарлама, жоба немесе іс-шара мүдделі қауымдастықтардың, топтардың немесе, тиісті жағдайларда, жеке тұлғалардың қатысуымен және олардың еркін, алдын ала және саналы келісімімен жүзеге асырылған немесе жүзеге асырылатын болады.

(f). Бағдарлама, жоба немесе іс-шара әр нақты жағдайға байланысты субөңірлік, өңірлік немесе халықаралық деңгейде сақтау шараларын жүзеге асырудың үлгісі бола алады.

(g). Ұсынысты енгізген қатысушы мемлекет(тер), орындаушы органдар, сондай-ақ мүдделі қауымдастықтар, топтар немесе, тиісті жағдайларда, жеке тұлғалар – егер олардың бағдарламасы, жобасы немесе іс-шарасы іріктелсе – озық тәжірибе үлгілерін таратуға белсенді түрде қатысуға дайын.

(h). Бағдарлама, жоба немесе іс-шара нәтижелерін бағалауға болатын іс-әрекеттерді қамтиды.

(i). Бағдарлама, жоба немесе іс-шара даму үстіндегі елдердің нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Қолдау және тарату. Комитет МЕММ-ны сақтау бойынша тиімді халықаралық ынтымақтастық тәжірибелерін зерттеуді, құжаттауды, жариялауды және таратуды қолдайды. Бұл тәжірибелер мемлекеттер тарапынан көмекпен

немесе онсыз іске асырылған іріктелген бағдарламалар, жобалар және іс-шаралар аясында әзірленген шараларға қатысты болуы мүмкін. Комитет Конвенцияның қағидалары мен мақсаттарын ең жақсы бейнелейтін қызмет түрлері ретінде іріктелген бағдарламалар, жобалар және іс-шаралардың тізілімін жүргізеді, жаңартады және жариялайды. Комитет қатысушы мемлекеттерді осындай бағдарламалар, жобалар және іс-шараларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға шақырады. Іріктелген бағдарламалар, жобалар және іс-шаралар тізілімінен бөлек, Комитет оларды жүзеге асыру барысында қолданылған немесе қолданылатын шаралар, әдістер және жинақталған тәжірибе туралы ақпаратты жинайды және ұсынады (бар болса). Комитет іріктелген бағдарламалар, жобалар мен іс-шаралар құрамында қамтылған сақтау шараларының тиімділігін зерттеуді және бағалауды ынталандырады, сондай-ақ мұндай зерттеулер мен бағалауларда халықаралық ынтымақтастықты қолдайды. Осы және басқа сақтау бағдарламаларын, жобаларын және іс-шараларын жүзеге асыру барысында жинақталған тәжірибе мен алынған сабақтар негізінде, Комитет озық тәжірибе бойынша басшылық қағидаларды және МЕММ-ны сақтау шараларына қатысты ұсынымдарды әзірлейді (Конвенцияның 7(b)-бабы).

Әзербайжан мемлекетінен 24 элемент қорғауға алынған. Ас-тағам мәдениетін жеке ұлттық номинацияға халықаралық базаға енгізу арқылы Әзербайжан мемлекеті халықаралық туризмдегі ролін арттыра түсті. 2022 жылы РТ желісінде «Шай мәдениеті, қонақжайлылықтың және әлеуметтік өзара әрекеттесудің символы» номинациясы Түркия мен Әзербайжан мемлекетіне ортақ бекіген. Әзербайжан және Түркия мемлекеттері үшін «шай, қайнату, дайындау, өсіру мәдениетін» қонақжайлылықты, әлеуметтік байланыстарды орнататын және сақтайтын, сондай-ақ қауымдастықтар өміріндегі маңызды сәттерді атап өту үшін қолданылатын әлеуметтік тәжірибе, құндылық. Шәй ішу мәдениетінің әзербайжан және түрік халқы үшін маңыздылығын дәлелдеп, дайындаған құжаттары ЮНЕСКО комиссиясы тарапынан жоғары бағаланды. Шай мен оны қайнату әдістерінің бірнеше түрі болғанымен, екі елдегі қауымдастықтар негізінен қара шай өсіру және тұтыну басым. Әзербайжан мемлекетті шәй өсіру тарихында көк шәй өсірумен де айналысады [202, s.53-62]. Әзербайжан және түріктердің жергілікті ұсталар қолынан және кәсіби шеберханалардан шыққан әртүрлі шәйнектерді пайдаланып қайнатады. Шәй жаңа қайнатылған және ыстық күйінде, шыныдан, фарфордан, фаянстан немесе күмістен жасалған алмұрт пішінді шыны ыдыста беріледі. Шәй мәдениетінде екі елде де тәттілер, қант, лимон тілімдері, тосап және кептірілген жемістер қосып ұсыну қалыптасқан. Әзербайжанның кейбір аймақтарында шайға даршын, зімбір және тимьян сияқты жергілікті дәмдеуіштер мен шөптерді қосады. Екі елде де шай мәдениеті күнделікті өмірдің маңызды бөлігі болып табылады, мәдени бірегейлік сезімін береді [202, s.182-213]. Шай мәдениеті шай өсірушілер мен оны жинаушылар, шәйді өңдеп, тазартушылар, шайхана иелері, шай ішетін тағамдар мен құралдар, ыдыс-аяқтарын жасаушылар мен шәй ішетін тәттілерді дайындайтын шебер-аспаздар кіретіндерін, екі мемлекетке арналған құнды құжатта атап көрсетті [200, 188 p.]. «Түрік шәйі», «әзер шайы» ұлттық бренд

болуымен қатар, шетелдерге экспортталатын отандық өнімге айналған. Әзербайжанның шәй мәдениетінің халықаралық аренаға шығу құрметіне орай дәстүрлі шәй ыдысына Баку қаласында ескерткіш орнатқан. Этнограф-ғалым Маммедова Илхамэ «Әзербайжанның шәй мәдениеті (тарихи-этнографиялық талдау)» атты еңбегінде шәй өсіру тарихын, шәйханалардың қалыптасуын фольклорлық мұралардағы деректер, миниатюралар мен бейнелеу өнеріндегі деректер арқылы талдаған [202, s.93-95, 151-181]. ЮНЕСКО қорғауындағы мұраға арналған бұндай жарияланымдар мұраның ұлттық бренд ретінде насихатталуына зор ықпалын тигізеді.

Ұлтаралық мұра ретінде бекіген «нан пісіріп, оны алмасу мәдениеті» жеке номинация ретінде Әзербайжан мемлекетінде жалғасын тапты. Әзербайжан Ұлттық комиссиясы 2024 жылы ЮНЕСКО-ға «Әзербайжандағы тандыр шеберлігі және нан пісіру» номинациясын РТ желісінде бекітудің оң шешімін алған. Ас-тағам мәдениетіндегі нан өнімінің ұлттық құндылықта алатын ролін халықаралық базаға енгізу – халықтар арасындағы әлеуметтік қатынастарды реттеуде маңызды орын алатын «нан алмасу» тәжірибесін әлемге таныту. Таңдыр – әзірбайжан халқының нан, ет және құс етін пісіру үшін қолданылатын дәстүрлі қыш пеші. Бүгінгі таңда әзербайжан шеберлері екі түрлі, яғни жер асты тандыр пештерін жасайды. Таңдырда пісірілген нан ұзақ өмір сүрудің кілті және әзербайжан халқының тағамының ажырамас бөлігі болып табылады. Әзербайжан тандыр нанының ерекшелігі оның ұзақ уақыт бойына сақтап, бірнеше күн бойы жеуге болатындығында. Тандыр нан пісіру, оны алмасу мәдениеті халық арасындағы ынтымақтастықты нығайтады, дәстүрлерді, сенімдерді, рәсімдерді біріктіреді. Тандыр мен туралы тараған ауызша фольклордың болуы оның халық мәдениетіндегі алатын орнын айғақтайды. Таңдырда нан пісіру шеберлігі туралы халықтық білім отбасыларда бақылау және тәжірибе арқылы, ауызша қарым-қатынас және нұсқаулық арқылы да беріледі. Бір отбасында әйелдер де, ерлер де нан пісіру пісіру процесіне қатыса алады. Ата-аналар тандыр мен нан туралы білімдерін, сенімдерін, нанмен байланысты әңгімелерді балалармен бөлісіп, нанға құрметпен қарауды үйретеді. Таңдырда нан пісіру – әлеуметтік байланыстарды нығайтатын және отбасылық және көршілермен байланыстарды орнататын рәсім. Әзербайжан дәстүрінде нан отбасына береке әкелді деп, нан пісірген уақытта алдымен балалар мен қонақтарға ұсынады. Сондай-ақ, таңдырда пісірілген нан, отбасылық экономикада күнкөріс көзі болып табылады [209]. Тандырда нан пісіру Орта Азия халықтарының МЕММ ортақ құндылығы саналады.

БҰҰ және ЮНЕСКО МЕММ дін мен ұлттық құндылықтың байланысты дамуын қолдауы да қорғауға, тізімдеуге алудан көрінеді. «Ифтар/Эфтар/Ифтар/Ифтор және оның әлеуметтік-мәдени дәстүрлері» номинациясы РТ желісінде 2023 жылы Әзербайжан, Иран (Араб Республикасы), Түркия, Өзбекстан мемлекеттеріне ортақ бекиді. Ислам күнтізбесінің тоғызыншы айына сәйкес келетін Рамазандағы таң атқаннан күн батқанға дейін ораза ұстаудың қиындықтарының күнделікті аяқталуын білдіретін шараның ұсынушы мемлекеттердегі ерекшелігі жергілікті халықтың ұлттық

құндылықтарымен қабысып өтуінде. Ұсынушылар Рамазан айында кешкі намаздан кейін, ұлттық саз әуендерін тыңдау, ертегі айту, ұлттық ойындар ойнау, дәстүрлі және жергілікті тағамдарды дайындау, оны ұсыну, неке қию рәсімдері сияқты іс-шаралар өткізілетінін әлемге таныстыра алды. Рәсімдік дастархан басына жиылу отбасылық, қоғамдық байланыстарды нығайтады, қайырымдылықты, ынтымақтастықты, әлеуметтік алмасуды насихаттайды. Ифтарға қатысты рәсімдерді Рамазан айында ораза ұстамайтын адамдар да орындайды. Білім мен дағдылар әдетте отбасыларда ауызша оқыту, бақылау, қатысу арқылы беріледі, балаларға, жастарға көбінесе ифтарға қойылатын дәстүрлі тағамдардың компоненттерін дайындау тапсырылады. Ифтар барысында ата-аналар оразаның пайдасы, оның әлеуметтік құндылықтары мен функциялары туралы білімдерін де таратады. Ифтарды көбінесе үкіметтік емес ұйымдар, қайырымдылық ұйымдары, теледидар, радио, баспасөз және әлеуметтік желілер арқылы қолдайтынын айтады [209; 213; 215; 219]. ЮНЕСКО номинациясын алған «ифтар мәдениеті» қазақы ұғымда – «ауызашар». ҚР МЕММ Ұлттық тізімінде діни мерекелер аясында орындалатын ғұрыптық дастархан, ғұрыптық ас мәзірлері орын алмаған. 2024 жылғы жаңа Ұлттық тізімде «МЕММ-нің тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары» типі бойынша I-10 реттік санымен «Жарапазан – рамазан айында ересектер мен балалардың айтылатын өлеңі» атауымен фольклорлық мұра ретінде енді. Ал, неке қию рәсімінде орындалатын «неке жыры» ҚР МЕММ Ұлттық тізімінде II-12 реттік санмен бекіген «Үйленуге байланысты салт-дәстүрлер» құрамында қарастырылады [Қосымша А, Кесте А.2]. Қазіргі таңда «неке жыры» оңтүстік өңірде ішінара сақталған «жойылу қаупінде мұра» саналады [180].

Ас-тағам мәдениетін қорғауға алу – ұлттың рухани тұтастығын, ұлттық құндылықты сақтаудың бірден бір жолы. ЮНЕСКО саясаты ұлттық тағам жүйесін халықтың тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымының көрінісі ретінде маңыздылығына көңіл бөледі. Тәжікстан «Ош палауын» Адамзаттың МЕММ репрезентативті тізіміне енгізу арқылы тәжік палауы мен өзбек палауы сырттай ұқсас болғанымен, олардың айырмашылықтары бар екенін, қолданылатын дәмдеуіштер, күріш пен етті өңдеу әдісі, пісіру реттілігі, сондай-ақ палаудың мерекелік және әлеуметтік мәні әр халықта әртүрлі болатынын халықаралық деңгейде дәлелдеді [104; 169, с.23]. Бұл қадам Тәжікстанның ұлттық ас-тағам мәдениетін айқындауға бағытталған маңызды әрекет болып саналады. Бұл мысалдар ас-тағам мәдениетін қорғаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Егер ұлттық тағам дер кезінде құжатталып, халықаралық деңгейде мойындалмаса, ол өзге елдің брендіне айналып кетуі мүмкін. Сондықтан Тәжікстанның тәжірибесі басқа елдерге, соның ішінде Қазақстанға да, ұлттық ас мұрасын жүйелі түрде қорғау қажет екенін аңғартады.

Ресей федерациясы – 2003 жылғы Конвенцияның қатысушысы болып табылмайтын мемлекет. 2008 жылы Ресей Федерациясының Сібір өңірінен «Семеиск мәдени кеңістігі және ауызша мәдениеті» және «Олонхо, якут батырлық эпосы» атты екі фольклорлық мұрасы Адамзаттың МЕММ

репрезентативті тізіміне кірген [57]. Ресей Федерациясы МЕММ-ін Конвенциясы арқылы қорғауға қатыспағанымен, МЕММ Ресей ғылыми ортасында кең қолданыста, қорғалуы Ұлттық деңгейде.

Болгарияның халықаралық базаға енгізген мұралары фольклоклорлық тұрғыда бір-бірімен тығыз байланысты. «Болгариядағы волынка және волынка ойнау: білім мен дағдыларды беру» номинациясын 2025 жылы РТ желісінде бекіді. Болгар халқының фольклорлық мұраларын музыкалық сүйемелдеуде волынка дәстүрлі аспабының маңызы зор. Волынка – былғары теріге қамыстан салынған түтік арқылы әуен шығаратын дәстүрлі музыкалық үрмелі аспап. Волынка халық билерін де сүйемелдейді, мерекелер мен жиындарды қоса алғанда, әлеуметтік және мәдени іс-шараларда ойналады. Онымен жеке немесе ансамбль құрамында ойнауға болады және кейде ән айтумен бірге қолданады. Волынка жасау және ойнау туралы білім отбасында және қауымдастықтар арқылы, көбінесе бақылау және қатысып, тыңдау арқылы беріледі. Болгар халқында бұл тәжірибе негізінен әкелерінен ұлдарына берілсе, қазір оған әйелдер мен қыздар бірге қатысады. Бүгінде волынка тартуды үйрету қоғамдық орталықтарда, музыка мектептерінде және университеттерде де өтеді. Топ жетекшілері, мұғалімдер, шебер қолөнершілер дәстүрді оқытуда және сақтауда маңызды рөл атқарады. Болгарияның фольклорлық фестивальдер, байқаулар мен жиындар өткізу тәжірибесі дағдыларды бөлісу, дамыту үшін көбірек мүмкіндіктер береді. Волынка – дәстүрлі болгар мәдениетінде күнделікті өмір мен мерекелік, атаулы күндердің маңызды құрамдас бөліг. Болгарияда волынкада ойнауды шығармашылық топтар, мамандандырылған клубтар арқылы білім алмасу негізінде қоса насихаттау дамыған [210; 60, p.13-16].

Хорватия, Кипр, Франция, Греция, Италия, Словения, Испания, Швейцария, Андорра, Австрия, Бельгия, Ирландия, Люксембург, барлығы 13 мемлекетке ортақ мұра «Құрғақ тастан құрылыс өнері, білімі және техникасы» дәстүрлі халықтық білімі, табиғатты игерудің дәстүрлі технологиясы 2024 жылы РТ желісіне енгізген. Құрғақ тастан құрылыс тұрғызу байланыстырушы материалды пайдаланбай тас қалау тәжірибесін білдіреді. Еуропаның әртүрлі елдерінде қолданылатын бұл өнер геометрия мен физиканы туа біткеннен түсінуді, пайдаланылатын шикізатты өңдеу дағдыларын қажет етеді. Құрғақ тастан қаланған құрылыстың ұзақ мерзімді тұрақтылығын, оның жергілікті жер бедері мен климатқа бейімделуін қамтамасыз ету үшін тастарды мұқият таңдау және оны мұқият қиюластыру арқылы жүзеге асырылады. Құрылымдарға үйлер, көпірлер, бағаналар, аркалар, қабірлер, сарайлар, жолдар, күмбезді жерүйлер, діни құрылыстар және бекіністер кіреді. Құрғақ тастан жасалған құрылыстардың жергілікті ландшафттармен үйлескен көрінісі француз халқының мақтанышы. Еуропалықтардың құрғақ тас қалауы жергілікті, аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейлердегі ынтымақтастық арқылы мәдени әртүрлілікке өзара құрметті нығайтады, себебі құрғақ тас қалауды үйрену үшін басқа аймақ тұрғындары арнайы сапар шегеді, экотуризм нысанына айналған [211].

Қазақ халқында да табиғи тасты өңдеп, оны құрғақ қалау технологиясы тарихи дәуірлерден орын алған. Құрғақ қалау тұрмыстық ғимараттарда,

шаруашылық құрылыстарында, құдықтарда, жерлеу орындарында қолданылды. Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Абай облыстары тас құдықтардың қабырғасындағы құрғақ тас қалау арқылы шегенделген құдықтар табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен дағдылардың нәтижесі, бүгінгі күні ашық аспан асты ескерткіші [184, б.270-290; 187, б.95-100]. Сондай-ақ, Абай облысындағы тас қора, тас зират типтері құрғақ тас қалау әдісімен жасалған [186, б.1208, 1213-1215]. Қазақтың тас қашау өнері ҚР МЕММ Ұлттық тізімінен орын алмағанымен, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе облыстарындағы құрғақ тастан қаланған сәулеттік өнер туындыларының негізгі дені «Республикалық маңызы бар тарихи-мәдени мұралар» тізіміне енген [187]. Қазақ жерінің батысында тасты құрғақ қалаумен тұрғызған сәулеттік ескерткіштер сандықтас, төртқұлақ, күмбездердің көрнекті түрлері кездеседі. Белгілі этнограф ғалым С. Әжіғалидың [204, с.214-310; 205 б.102-401], Р.Бекназаровтың [206, б.44-49, 207, с. 116-121] қазақтың тас қашау өнеріне қатысты зерттеулері, осы көне кәсіпті болашақта «шұғыл қорғауға алуға» негіз болады. Қазақтың тас қашау өнеріндегі тас зираттармен құлпытастардың бір қолдан шыққан үйлесімділігі МЕММ бағытталған тақырыптық конференцияда талқыланды [149, б.218-273]. Зерттеу барысында құрғақ тас қалаудың жергілікті үлгілері құжатталып, мақала негізінде ғылыми айналымға енгізілді [186, б. 1208, 1213-1215; 187, б.95-100].

МЕММ этнотуризмді дамытуда жергілікті халықтың әлемдік брендке айналған кәсіптік өнімінің ЮНЕСКО-ға енуі маңызды орын алады. Франция мемлекеті қазіргі таңда МЕММ 30 элементін ЮНЕСКО тізіміне енгізген. Францияның ұлттық брендіне айналған иіссу дайындау кәсібін «Пай-де-Грасстағы парфюмерияға қатысты дағдылар: парфюмерия өсімдіктерін өсіру, табиғи шикізатты тану және өңдеу, сондай-ақ парфюмерия композициясы өнері» атауымен 2018 жылы РТ санатына бекіткен. Пай-де-Грасс парфюмерия өсімдіктерін, табиғи шикізаттарын «тірі экспонат», ал жұпар иіс беретін өсімдік плантациясы ашық аспан асты «тірі музейі» деп санауға болады. Француз халқының маусымдық еңбекке негізделген дәстүрлі ботаникалық білімі, дәстүрлі топырақтану, бау-бақша өсіру мәдениетімен тығыз байланысты, өсімдік сығындысын алып, оны өңдеп хош иісті өнімдер алып, оны қолдану халықтар арасындағы әлеуметтік қатынастырды реттейді. Франция мемлекеті ұсыныс құжаттарында бұл кәсіппен айналысу адамдардың есте сақтау қабілеті мен шығармашылығын арттыратынын айтады [211].

«Механикалық сағат жасау шеберлігі және көркем механика» атауымен әлемдік брендке айналған көркем дыбыс шығаратын, көркем қозғалыстарды тудыратын технология сағатшылардың шығармашылығына, қол еңбегіне негізделгендіктен 2020 жылы Швейцария, Франция мемлекеттері бірлесіп халықаралық қорғауға бекіткен [220; 211]. Қорғауға алынған бұл механикалық сағаттар тек Еуропа елдерінің ғана емес, әлем елдерінің арасында кең таралуымен, жоғары сұраныспен танымал.

Жылқы малын «тірі ескерткіш» ретінде және онымен байланысты мұраларды қорғауға алу ЮНЕСКО-ға ұсыныс білдірген мемлекеттер тарапынан оң шешімін алып келеді. «Ахалтеке жылқы өсіру өнері және жылқыларды

безендіру дәстүрлері» атауымен Түркіменстан өздерінің жылқы тұқымын 2023 жылы халықаралық қорғауға қол жеткізген. Қорғау номинациясына ахалтеке жылқысына ат қою, жылқы сұлулық байқаулары, ат жарыстары, шабандоздық ойындар, жылқы әшекейлері, жылқы ер-тұрмандары, жабулар дайындауы, күту, жылқы азығын дайындау, жаттықтыру өнері, үйлену тойындағы күйеу жігіт пен қалыңдықтың ахалтеке жылқысына мініп келу дәстүрлері енеді. Ахалтеке жылқыларын өсіру мен күтуге қатысты білім, дағдылар ресми және бейресми оқыту арқылы беріледі, оның барысында жас жылқы өсірушілер жылқылармен қалай байланыс орнатуды, оларды қалай күтуді, азықтандыруды, жылқыларға міну және оларды жаттықтыруды үйренеді. Жоғары оқу орындары мен ат спортын жаттықтыру орталықтары да ахалтеке жылқыларының білімі мен дағдыларын ресми түрде беруге үлес қосады. Ахалтеке жылқылары Түркіменстанның тарихи және мәдени ерекшелігінің маңызды бөлігі болып табылады, ал онымен байланысты дәстүрлер әлеуметтік келісімге және жалпы тірі мұраның маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыруға ықпал етеді [218]. Үй жануарларын «ұлттық құндылық» ретінде қорғауға алу тәжірибесіне Түркіменстан 2025 жылы «Түрікмен алабайын өсіру өнері» номинациясын ЮНЕСКО-ның РТ желісіне қосты [218]. Бұл номинациялар ЮНЕСКО-ның мәдени алуантүрлілікті қолдау қағидатын айғақтайды.

РТ желісінде 2022 жылы «Липиззан жылқы өсіру дәстүрлері» мұрасы мемлекетаралық құндылық ретінде Австрия, Босния және Герцеговина, Хорватия, Венгрия, Италия, Румыния, Словакия, Словения мемлекеттеріне ортақ бекіген. Липиззан жылқысы бастапқыда Венадағы Габсбург императорлық сарайы үшін өсірілген, бүгінде ол ауылдық жерлердегі қауымдастықтардың күнделікті мәдени және әлеуметтік өмірінде ерекше рөл атқарады. Липиззан жылқыларын карнавал шерулеріне, мерекелерге қатыстыру дәстүрге айналған. Оларды терапиялық шабандоздықта, туризмде қолдану мәдени демалыстың, этноспорттың маңызды бөлігіне айналған. Жылқы зауыттарында жұмыс істейтін атбапкерлер, қолөнершілер, ат спорты топтары, әскерилер, қауымдастықтар, фермаға келушілердің негізгі дені осы мұраны жеткізушілер. Липиззиан жылқысын өсіруге қатысты халықтық білімдер практикалық тәжірибе, семинарлар мен тренингтер, мерекелік және спорттық іс-шаралар кезінде беріледі. Липиззан жылқысын өсіру тәжірибесі ұсынушы мемлекеттердің жергілікті бастауыш мектептердің, барлық ауылшаруашылық және кәсіптік мектептердің, ауылшаруашылық және ветеринарлық университеттердің оқу бағдарламаларының бөлігі болып табылады. Ұсынушы мемлекеттер липиззан жылқы өсірудің 450 жылдан астам тарихы барын негіздеген [57; 212].

ЮНЕСКО-ның «жылқы мен адам» арасындағы ежелгі қарым-қатынасқа негізделген көне халықтық білімді қолдауы 2018 жылы Қазақстан ұсынған «Қазақ жылқышыларының көктемгі мерекелік салт-дәстүрлері» номинациясын тіркеуінен көрінеді. Айғыр қосу, бие байлау, құлын айыру, жылқы баптау, құлын алуға қатысты білімдер арқылы жылқышылардың маусымдық дәстүрлерін сақтау – қазақтың дәстүрлі өмір құндылығы. Қымыз ұсыну арқылы қазақтың қонақжайлылығын таныту осы мұраны қорғаудың басты мақсаты. ЮНЕСКО-ға

ұсыну құжатына үш аптаға дейін созылатын «қымызмұрындық» аясындағы алғашқы қымызды бөлісу рәсімдерін, қазіргі жылқышылардың бұл рәсімді осы күнге бейімдегенін тіркеген [57; 62; 121].

ЮНЕСКО-ға енген элемент екі немесе бірнеше мемлекетке ортақ мұра болған жағдайда, сол мемлекеттердегі халықтық атауы, мемлекеттерге бекіту ретімен беріледі. Мысалы, «Traditional intelligence and strategy game: Togyzqumalaq, Toguz Korgool, Mangala/Göçürme» немесе «Дәстүрлі интеллектуалды және стратегиялық ойыны: Тоғызқұмалақ, Тоғыз Коргоол, Мангала/Гөчүрме» элементіндегі Togyzqumalaq/ Тоғызқұмалақ – Қазақстан; Toguz Korgool/ Тоғыз Коргоол – Қырғызстан, Mangala/Göçürme – Түркия тарапынан ұсынылған атау [57; 62].

2016 жылы ЮНЕСКО-ға «Flatbread making and sharing culture: Lavash, Katyrma, Jupka, Yufka» / «Жұқа нан пісіру және алмасу мәдениеті: Лаваш, Қатырма, Юпка, Юфка» деген атаумен Қазақстан тарапынан «Қатырма» нан пісіру мәдениеті бекіген [57; 62; 169, с.83]. Алайда, «қатырма нан» қазақ жерінің оңтүстігіндегі жергілікті жерде қолданылатын, аймақтық ерекшелікті білдіретін атау. «Қатырма» 5 томдық этнографиялық энциклопедияның 4-ші томында «Нан» мақаласында қазақтың ас-тағам мәдениетінде мақсатта бөлісетін жұқа нан қатарына жеті шелпекті атайды [153, б. 470-473]. Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде де «қатырма» нан Жамбыл, Түркістан облыстары қазақтарының аймақтық нан атауы ретінде енген [157, б.403]. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «қаттама» нанды аймақтық нан деп көрсеткен [158, б.166]. Бұл номинацияда лаваш, юпка, юфка нан түрлерінің атаулары Әзербайжан, Иран, Қырғызстан, Түркия мемлекеттері тарапынан ұсынылған.

2022 жылы ЮНЕСКО Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Түркіменстан, Өзбекстанға ортақ бекіткен «Telling tradition of Nasreddin Hodja/ Molla Nesreddin/ Molla Ependi/ Apendi/ Afendi Kozhanasyr Anecdotes» немесе «Насреддин Һоджаның мұраларын айту/ Молла Несреддин/ Молла Епенди/ Әпенди/ Әфенди Қожанасыр анекдоттары» элементтің Қазақстанға тиесілі атауы «Әпенді Қожанасыр мұраларын айту» болады. Ұсынылған атау «Бабалар сөзі» жинағына сәйкес «Қожанасыр қалжыңдары», «Қожанасыр әңгімелері» немесе «Қожанасырдың күлдіргі әнгімелері» болуы керек еді [183 б.626-636].

ЮНЕСКО-ның мемлекетаралық тізіміне енген Қожанасырмен байланысты 323 хикая «Бабалар сөзі» жинағының 98 томына енген. Қожанасыр қалжыңын мұра еткен халықтар оны өз тілдерінде атайды. Қожанасырдың көптеген түркі халықтарының, кейбір Кавказ, Еуропа, Азия елдерінің фольклорында Молла Насреддин, Қожа Насреддин, Насреддин әпенді, т.б. жанама есімдермен кең тарағаны белгілі. Араб елдерінде Қожанасыр аналогы Жұқаға (Жоһаға) қатысты әңгімелерден көрінеді. Сондықтан «Бабалар сөзі» жинағында бөлім атауы «Қожанасыр мен Жұқа әңгімелері» деп берілген [156].

«Қорқыт Ата эпикалық мәдениет, халық фольклоры мен музыкасы» атты Қазақстан, Әзербайжан, Түркиямен ортақ мемлекетаралық мұраға Қорқыттың күйлері қоса енеді [62; 209; 213]. ЮНЕСКО ақпараттық порталы Қорқыттың

музыкалық шығармаларда негізгі интонациялар табиғат дыбыстары арқылы қобыз деп аталатын музыкалық аспапты пайдаланып тартылатынын, қобыз арқылы қасқырдың ұлығанын немесе аққудың даусын имитациялауға болатынын насихаттайды. Қорғауға алынған Қорқыт Ата мұралары батырлық, диалог, физикалық және рухани саулық пен бірлік, сондай-ақ табиғатқа құрмет сияқты әлеуметтік, мәдени және моральдық құндылықтарды қамтиды және түркі тілдес қауымдастықтардың тарихы мен мәдениеті туралы терең білімді қамтиды. Қорқыт Атаның бұрыннан белгілі он екі эпикалық дастаны, кейін табылған он үшінші дастанды қоса алғанда, әр дастанда аңызға айналған тұлға және дана тұлға. Қорқыт Ата мұра етіп қалдырған музыкалық шығармалардың барлығы олармен бірге жүретін эпикалық жырлармен өзара байланысты. Ол тиісті қауымдастықпен әртүрлі жағдайларда – отбасылық іс-шаралардан бастап ұлттық және халықаралық фестивальдерге дейін – жүзеге асырылады және қолдау табады, сондықтан қоғамда терең тамыр жайып, ұрпақтар арасындағы байланыстырушы ретінде қызмет етеді [175]. Қазақстанның Ұлттық комитеті, бұл номинацияға Қорқыт Ата жерленген Қармақшы және Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы Тереңөзек, Қазалы елді мекеніндегі жергілікті тұрғындар арасындағы Қорқыттың күйін тарта білетін, кәсіби емес қобызшылардың мәліметін жинауды ұйымдастырған және оны ЮНЕСКО-ға құжаттар құрамына ұсынған [62].

Қазақстанның басқа мемлекеттермен бірігіп қорғайтын МЕММ мұралары қатарындағы «Қырғыз, қазақ және қарақалпақ киіз үйлерін жасаудағы дәстүрлі білім мен дағдылар (көшпелі түркілер баспаналары)» атты мұрасы алғаш 2014 жылы тек Қырғызстанмен бірлікте бекіген. 2025 жылы Өзбекстан Республикасының қарақалпақ халқының киіз үй жасау, тігу мәдениетінің қырғыз, қазақтармен ұқсастығын негізге ала отырып, ұсыныс беруі нәтижесінде үш мемлекетке ортақ мұра болып қайта бекіді.

2015 жылы ЮНЕСКО мақұлдаған «Айтыш/Айтыс, импровизация өнері» мұрасы Қырғызстанмен бірге қорғау міндетін алуы. Айтыс – суырып салмалық өнерінің ғасырлар бойына қалыптасқан қыз бен жігіт айтысы, жұмбақ айтыс, қайым айтыс сияқты түрлері қырғыз халқымен ортақ [57; 62].

Наурыз мерекесі Қазақстан және осы мерекені мұрат еткен басқа түркі және шығыс мемлекеттерімен қатар 2016 жылы 30 қарашада Эфиопия, Аддис-Абеба да өткен ЮНЕСКО-ның 11-сессиясында материалдық емес мұралардың (МЕМ) репрезентативті тізіміне енген. 2024 жылы Моңғолия мемлекетінің сұраныс беруіне орай ЮНЕСКО-ға қайта тіркеліп, әлемнің 13 мемлекетіне бекіді. Наурыз мерекесі «(c) әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар» типі бойынша Ауғанстан (Nawrouz), Әзербайжан (Novruz), Индия (Nowrouz), Иран Ислам Республикасы (Nowrouz), Ирак (Nawrouz), Қазақстан (Nauryz), Қырғызстан (Nooruz), Өзбекстан (Nowruz), Пакистан (Navruz), Тәжікстан (Nevruz), Түркия (Nevruz), Түркіменстан (Nowruz), Моңғолия (Navruz) мемлекеттерімен ортақ мұра болып бекітілген [57; 62].

Президент Қ-Ж.Тоқаев V-ші Ұлттық Құрылтайда: «Қазір Қазақстан материалдық емес мәдени мұралар тізіміне өз нысандарын белсенді түрде енгізіп

жатқан 25 елдің қатарына кіреді. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Төл тарихымызды зерделеу, өнеріміз бен мәдениетімізді өркендету үшін әлі де көп жұмыс істелуге тиіс. Бұл шаралар алдағы уақытта да жалғаса береді», - деп мемлекетіміздің МЕММ ЮНЕСКО-ға ендірудегі саясатына оң баға берді [46].

Қазақстан өзінің ЮНЕСКО-дағы 14 МЕММ-інің осы РТ ұсыну арқылы оң шешімін алған. Бүгінде Қазақстанның ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комитеттің жанында құрылған МЕММ қорғау жөніндегі Ұлттық комиссиясының жұмыс жасауымен Қазақстан тарапынан 14 мұра «Адамзаттың МЕММ-ның репрезентативті тізіміне» енгізілген, соның ішінде ұлтаралық (мемлекетаралық, басқа мемлекеттермен ортақ) – 8, ұлттық (жеке) – 6. [62; 173, б.12; 221; Кесте 14].

Кесте 14 – ЮНЕСКО-ның Адамзаттың МЕММ-ның репрезентативті тізіміне Қазақстаннан енген ұлтаралық мұралар

ЮНЕСКО тізіміндегі атауы	**файл номері**	**Енгу жылы**	**Мемлекеттер**	**Мұра бекіген Үкіметаралық комитет сессиялары өткен орны**
1	**2**	**3**	**4**	**5**
Traditional knowledge and skills in making Kyrgyz and Kazakh yurts (Turkic nomadic dwellings) / Қырғыз, қазақ және қарақалпақ киіз үйлерін жасаудағы дәстүрлі білім мен дағдылар (көшпелі түркілер баспаналары)	00998 02284	2014 /2025	Қырғызстан Қазақстан Өзбекстан (Қарақалпақстан)	27 қараша 2014 жыл. Франция, Париж. 9-сессия / 8-13 желтоқсан 2025 жы. Үндістан, Нью-Дели. 20-сессия.
Aitysh/Aitys, art of improvisation / Айтыш/Айтыс, импровизация өнері	00997	2015	Қырғызстан, Қазақстан	2015 жыл 2 желтоқсан. Намибия, Виндхук. 10-сессия
Flatbread making and sharing culture: Lavash, Katyrma, Jupka, Yufka / Жұқа нан пісіру және алмасу мәдениеті: Лаваш, Қатырма, Юпка, Юфка	01181	2016	Әзербайжан, Иран, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия	2016 жыл 30 қыркүйек Эфиопия, Аддис-Абеба. 11-сессия
Nawrouz, Novruz, Nowrouz, Nowrouz, Nawrouz, Nauryz, Nooruz, Nowruz, Navruz, Nevruz, Nowruz, Navruz / Навруз, Новруз, Новруз, Новруз, Навруз, Наурыз, Нооруз, Навруз, Навруз, Невруз, Навруз, Навруз	02097	2016/ 2024	Ауғанстан, Әзербайжан, Индия, Иран (Ислам Республикасы), Ирак, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Пәкістан, Тәжікстан, Түркіменстан, Түркия, Моңғолия	2016 жыл 30 қараша Эфиопия, Аддис-Абеба 11-сессия 2024 жыл Асуньсьон, Парагвай 19-сессия

14 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Heritage of Dede Qorqud/Korkyt Ata/Dede Korkut, epic culture, folk tales and music / Деде Қорқұд мұрасы/Қорқыт Ата/Деде Коркут, эпикалық мәдениет, халық фольклоры мен музыкасы	01399	2018	Әзербайжан, Қазақстан, Түркия	2018 жыл 26 қараша - 1 желтоқсан. Маврикий Республикасы Порт-Луи 13-сессия
Traditional intelligence and strategy game: Togyzqumalaq, Toguz Korgool, Mangala/Göçürme / Дәстүрлі интеллектуалды және стратегиялық ойыны: Тоғызқұмалақ, Тоғыз Коргоол, Мангала/Гөчүрме	01597	2020	Қазақстан Қырғызстан, Түркия	2020 жыл 2 желтоқсан Франция, Париж 15-сессия (онлайн)
Falconry, a living human heritage / Сұңқармен аң аулау, адамзаттың тірі мұрасы	01708	2021	Біріккен Араб Әмірліктері, Австрия, Белгия, Чехия, Польша, Ирландия, Нидерланды, Хорватия, Словакия, Франция, Германия, Венгрия, Италия, Қазақстан, Корейя, Моңғолия, Кыргызстан, Марокко, Пәкістан, Португалия, Катар, Сауд Арабиясы, Испания, Сирия	13 - 18 желтоқсан 2021 жыл Шри-Ланка 16-сессия (онлайн)
Telling tradition of Nasreddin Hodja/ Molla Nesreddin/ Molla Ependi/ Apendi/ Afendi Kozhanasyr Anecdotes / Насреддин Һоджаның мұраларын айту/ Молла Несреддин/ Молла Епенди/ Әпенді/ Әфенди Қожанасыр анекдоттары	01705	2022 Жыл	Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Түркіменстан, Өзбекстан	28 қараша - 3 желтоқсан 2022 жыл. Марокко, Рабат 17-сессия

ЮНЕСКО МЕММ РТ тізіміне енуге 2026 жылдың қаралуына ұлтаралық мұра ретінде «Дәстүрлі киіз басу», «Кестелеу өнері: Қашташылық өнері / Қашидадүзи / Біз кесте, беделкесте» атты элементтерінің ұсынуына Қазақстанның қатысуы арқылы қорғауға алынған мұралар қатары, оларды қорғаудың белсенділігі өсе түседі. Ал, 2026 жылы қаралатын «Салбурын салт аттылар фестивалі: тазы және бүркіт» номинациясының қазіргі таңда қорғауға алынған 6 ұлттық мұраның қатарын толықтырады [57; Кесте 15].

Кесте 15 – МЕММ-нің ЮНЕСКО-ның Адамзаттың МЕММ-ның репрезентативті тізіміне Қазақстаннан енген ұлттық мұралар

Қазақстан МЕММ элементінің ЮНЕСКО тізіміндегі атауы	**Номинациялық файл номері**	**Енген уақыты**	**Ұсынылған, бекітілген мемлекеттер**	**Мұра бекіген Үкіметаралық комитет сессиялары, өткен орны**
Kazakh traditional art of Dombra Kuy / Қазақтың дәстүрлі домбырамен күй тарту өнері	00996	2014 жыл	Қазақстан	2014 жыл 27 қараша Франция, Париж. 9-сессия
Kuresi in Kazakhstan / Қазақша күрес/қазақ күресі	01085	2016 жыл	Қазақстан	2016 жыл 2 желтоқсан Эфиопия, Аддис-Абеба 11-сессия
Kazakh traditional Assyk games / Қазақтың дәстүрлі асық ойындары	01086	2017 жыл	Қазақстан	4-9 желтоқсан 2017 жыл. Корея Республикасы, Чеджу аралы 12-сессия
Traditional spring festive rites of the Kazakh horse breeders/ Қазақ жылқышыларының көктемгі мерекелік салт-дәстүрлері	01402	2018 жыл	Қазақстан	2018 жыл 26 қараша-1 желтоқсан. Маврикий Республикасы, Порт-Луи 13-сессия
Orteke, traditional performing art in Kazakhstan: dance, puppet and music / Ортеке, Қазақстандағы дәстүрлі орындаушылық өнер: би, қуыршақ және музыка	01878	2022 жыл	Қазақстан	28 қараша - 3 желтоқсан 2022 жыл. Марокко, Рабат. 17-сессия
Betashar, traditional wedding ritual Беташар: дәстүрлі үйлену салты	01746	2024 жыл	Қазақстан	2024 жыл Асуньсьон, Парагвай 19-сессия

2014 жылы алғашқы болып ЮНЕСКО-ға енген мұралардың қатарындағы «Қазақтың дәстүрлі домбырамен күй тарту өнері» домбырада тартылатын барлық күйлерді, қазақтың аймақтық ерекшелікке қарай қалыптасқан күй мектептерін, «Ақсақ құлан», «Нар идірген» сияқты тарихи аңыздармен байланысты күйлерді де қамтиды. «Қазақтың дәстүрлі домбырамен күй тарту өнері (Kazakh traditional art of Dombra Kuy)» атаумен домбырады күй тарту ЮНЕСКО қорғауына алынуына орай, 2018 жылдан бастап шілде айының

алғашқы демалысы «Ұлттық домбыра күні» болып белгіленді. 2013 жылғы Ұлттық тізімде «Қазақтың дәстүрлі домбыра күй өнері» атаумен 5-ші, 2024 жылғы Ұлттық тізімде «Домбырамен күй тарту өнері: Шығыс Қазақстан күй мектебі; Арқа күй мектебі; Жетісу күй мектебі; Қаратау күй мектебі; Сыр бойы күй мектебі; Маңғыстау күй мектебі; Батыс Қазақстан күй мектебі» атаумен I-8-ші, «Домбыра жасау өнері» V-2 реттік санмен енген [Қосымша А, Кесте А.1-А2].

Қазақстан тарыпынан ЮНЕСКО мақұлдаған «Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативті тізіміне» енген мұралардың кейбірінің атаулары түзетуді талап етеді. Мысалы, 2016 жылы «Қазақша күрес» немесе «қазақ күресі» ұлттық ойынының атауы ЮНЕСКО тізіміне «Kuresi in Kazakhstan» деген атаумен енген. ЮНЕСКО-ғы енген атауы тікелей аударғанда «Қазақстандағы күрес» деген мағына береді.

2.5 Материалдық емес м»дени мұраны қорғаудағы үздік тәжірибелерді дамыту

2008 жылы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы ЮНЕСКО конвенциясы (2003 ж.) күшіне енгеннен кейін, МЕММ-ді қорғаудың үздік (озық) тәжірибелер тізілімі құрылды. Бұл тізілім мәдени дәстүрлерді сақтау тәжірибесін кеңінен таратуға арналған маңызды құрал ретінде бағаланды.

Тізілімнің мақсаты – мәдени мұраны сақтауға бағытталған үздік бағдарламалар мен жобалардың үлгілерін жинақтап, тіркейді. Ол тиімді әдістер мен стратегияларды бөлісуге арналған платформа ретінде түрлі елдер мен мәдени қауымдастықтардың тиімді тәжірибелері бейімдеп қолдануына мүмкіндік береді. Тізілім дәстүрлерді сақтай отырып, олардың заманауи жағдайларға бейімделуін, өміршеңдігін қамтамасыз етеді.

ЮНЕСКО МЕММ қорғаудың үздік тәжірибелер тізімінде материалдық емес мәдени мұра элементтерін сақтау мен ұрпақтан-ұрпаққа табыстауға бағытталған табысты бағдармалар, жобалар мен бастамалар топтастырылады. Репрезентативтік тізімнен айырмашылығы – ол мәдени дәстүрлерді паш етеді, дәріптейді, ал үздік тәжірибелер тізілімі оларды қорғаудың ең тиімді тәсілдерін жинақтап, басқа мемлекеттер мен қауымдастықтардың өз шараларында қолдануына мүмкіндік береді. Тізілім құрылғаннан бері оған түрлі елдерден ондаған үздік тәжірибе үлгілері енгізілді. Олардың қатарында халық ауызекі әдебиеті үлгілерін цифрлық технологияларды пайдалана отырып құжаттау, жойылып бара жатқан қолөнер, кәсіп түрлерін жаңғыртуға арналған білім беру бағдарламаларын құру, оны ұрпаққа жеткізу, табыстау және басқа да көптеген қолданбалы тәжірибелер көрініс тапқан.

Тізілімнің құндылығы – халықаралық тәжірибе алмасу мен мәдени мұраны сақтаудың тиімді стратегияларын әзірлеуге ықпал етеді. Тізімге енген жобаларды: әсіресе білім беру бағдарламалары мен дәстүрлі қолөнер шеберлерін қолдаудан бастап, заманауи технологияларды пайдалануға дейінгі заңнамалық бастамаларды әзірлеуге, халық ауыз әдебиетін сақтау мен қорғаудың әртүрлі шараларын жүзеге асырады. Бұл үлгілер тек мәдени бірегейлікті нығайтып қана қоймай, салт-дәстүрді, ұлттық мәдениет үлгілерін қазіргі заманға сай бейімдейді.

Тізілім халықаралық ынтымақтастық тұрғысынан маңызды. Себебі ол бүкіл әлем бойынша сарапшылардың ұйымдар мен қауымдастықтардың байланыс орнату, жұмыс істеу алаңын ұсынады. Мемлекеттер онда көрсетілген тәжірибелерді зерттеп, сәтті мысалдарды өзіне бейімдеп, материалдық емес мұраны қорғау жөніндегі бастамаларын дамытуға мүмкіндік алады. Бұл тек дәстүрлерді сақтауға ғана емес, оларды қазіргі өмірге интеграциялауға, болашақ ұрпақ үшін олардың өміршеңдігі мен қажеттілігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. 2020 жылы ЮНЕСКО МЕММ үздік тәжірибелер тізілімінің статусын Репрезентативтік тізіммен теңестіру туралы шешім қабылдады.

Материалдық емес мәдени мұраны қорғаудың үздік тәжірибелері тізілімі қатысушы мемлекеттерге, қауымдастықтарға және басқа да мүдделі тараптарға рухани мұра элементтерін, практикалары мен білімдерін болашақ ұрпаққа жеткізуде кездесетін қиындықтарды еңсеруге және қорғау бойынша табысты тәжірибелер алмасуға мүмкіндік береді. Бұл әдістер мен тәсілдердің пайдасын, бейімдеуге келетін үлгі мен тәжірибе ретінде қарастыру қажет.

Қорғауға арналған бағдарламалар, жобалар мен іс-шараларды іріктеу және ілгерлету кезінде Комитет дамушы елдердің қажеттіліктері мен географиялық орналасу ортасына ерекше мән береді. Ұсынылған бағдарламалар, жобалар немесе іс-шаралардың ішінен төмендегі талаптардың барлығына сай келетіндері іріктеледі (ЖН I.3):

Бағдарлама жоба немесе іс-шара:

– МЕММ-ді қорғаумен тікелей байланысты болу (Конвенцияның 2.3-бабында көрсетілген;

– материалдық емес мәдени мұраны өңірлік, субөңірлік жіне немесе халықаралық деңгейде қорғау шараларын үйлестіру;

– конвенция қағидаттары мен мақсаттарына сәйкес келуі;

– материалдық емес мәдени мұраның өміршеңдігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосатынын дәлелдеу;

– мүдделі қауымдастықтар, топтар немесе қажет болған жағдайда жеке тұлғалар белсенді әрі ерікті түрде қатыстырылып, іске асырылған немесе іске асырылып жатқаны туралы алдын-ала құлағдар етілу арқылы келісім алу;

– субөңірлік, өңірлік немесе халықаралық деңгейдегі қорғау шараларын жүзеге асыруға үлгі бола алу (Әртүрлі жағдайға байланысты);

– ұсыныс беруші қатысушы мемлекет (тер), атқарушы органдар, сондай-ақ мүдделі қауымдастықтар, топтар немесе жеке тұлғалар, егер олардың бағдарламасы, жобасы немесе іс-шарасы іріктеліп алынса, үздік тәжірибені таратуға бірлесе қатысуға дайын болу;

– нәтижесін бағалай алатын шараларды ғана қабылдау.

Осылайша МЕММ-ді қорғаудың үздік тәжірибелері тізілімі мәдени дәстүрлерді сақтау жөніндегі тиімді стратегияларды әзірлеу мен таратуды көздейтін халықаралық ынтымақтастықтың маңызды құралына айналған. Ол МЕММ қорғаудың сәтті мысалдарын тіркеумен ғана шектелмей, оларды қазіргі заманауи ортаға бейімдеп, болашақ ұрпаққа жеткізуге де жауапкершілік алады. Реестрге енгізілген жобалар әртүрлі деңгейдегі іс-шараларды үйлестіруге, білім

беру бастамаларын қолдауға және озық технологияларды енгізуге көмектеседі. Дамушы елдерді қоса алғанда, барлық өңірлер үшін бірдей жағдай жасайды. Осылайша, тізілім жаһандық ынтымақтастықты нығайтуға, материалдық емес мәдени мұраны қорғау үшін инновациялық шешімдер іздеуге және мәдени бірегейлікті бекітуге үлес қосып, қауымдастықтар мен мемлекеттер арасындағы байланысты жандандырады [49; 164].

Конвенцияға қатысушы мемлекеттер ұсынған кандидатураларды бағалау және бұл мәдени тәжірибелер мен көріністерді Конвенция тізімдеріне енгізу-енгізбеу жөнінде шешім қабылдау үшін Комитет жыл сайын жиналады.

Номинациялық досьелерді Конвенция Хатшылығы рәсімнің номинацияға қатысты Оперативтік нұсқаулықтың 54-тармағына сәйкес өз веб-сайтында жариялайды. Сонымен қатар, номинацияларда қамтылған ақпарат ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін Комитеттің жұмыс құжаттарында да көрсетіледі.

Әрбір номинацияның мазмұны үшін ерекше жауапкершілік оны ұсынған мемлекетке жүктеледі. Мемлекеттер ұсынған мәтіндер мен құжаттарда қолданылған атаулар Комитеттің немесе ЮНЕСКО-ның а) кез келген елдің, аумақтың, қаланың немесе өңірдің құқықтық мәртебесіне, б) олардың билік органдарының құқықтық жағдайына, в) олардың шекараларының айқындалуына немесе г) нақты тарихи оқиғаларға қатысты қандай да бір пікір білдіреді дегенді білдірмейді.

2025 жылдың желтоқсан айы жағдайында үздік тәжірибелер тізімінде 5 аймақ, 35 елден 42 элемент бар. Енгізу жылдары бойынша статистика: 2025 - 3; 2024 – 3; 2023 – 4; 2022 – 4; 2021 – 4; 2020 –3; 2019 – 2; 2018 – 1; 2017 – 2; 2016 – 5; 2014 – 1; 2013 – 1; 2012 – 2; 2011– 5; 2009 – 3.

Іріктеу шарттары. Конвенцияның 18-бабында Үкіметаралық комитет мемлекеттер-қатысушылар ұсынған бастамалардың ішінен материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі бағдарламаларды, жобаларды және іс-шараларды мерзімді түрде іріктейтіні көзделген. Бұл бастамалар Конвенцияның қағидаттары мен мақсаттарын ең тиімді түрде көрсететін үлгілер болып саналады. Іріктелгеннен кейін Комитет оларды қорғаудың үздік тәжірибелері ретінде ілгерілетіп, кеңінен тарату үшін олардың жүзеге асырылуын сүйемелдейді. Бұл үздік тәжірибелер тізілімі алдыңғы қатарлы тәжірибемен алмасуға арналған платформаға әрі мемлекеттер, қауымдастықтар мен МЕММ қорғауға мүдделі барлық тараптар үшін маңызды. Түрлі географиялық аймақтардағы МЕММ әртүрлі түрлеріне қатысты өзінің тиімділігін дәлелдеген қорғау шаралары туралы толық ақпарат мүдделі тараптардың сұранысын қанағаттандырады. Өздерінің тиімді қорғау шараларымен бөліскісі келетін мемлекеттер мен қауымдастықтарға ЮНЕСКО-ға ІСН-03 нысанын толтырып ұсыну ұсынылады. Бұл нысанды ЮНЕСКО-ның ресми сайтынан жүктеп алуға болады. Ұсыныстар Конвенцияның 2.3-бабында айтылған кез келген қорғау шараларын және кез келген деңгейде – ұлттық, субөңірлік, өңірлік немесе халықаралық деңгейде қамтуы мүмкін. Ұсыныста мемлекеттерден өз бастамасын неге қарастыруға және қорғаудың үздік тәжірибелер тізіліміне

енгізуге болатындығын сипаттап, түсіндіру талап етіледі. Комитетке мемлекеттер ұсынған бағдарламалар, жобалар немесе іс-шаралардың ішінен тек мынадай өлшемдерге барынша сәйкес келетіндері ғана іріктеледі:

Шарт 1. Бағдарлама, жоба немесе іс-шара Конвенцияның 2.3-бабында анықталғандай, қорғауды қамтамасыз етеді.

Шарт 2. Бағдарлама, жоба немесе іс-шара материалдық емес мәдени мұраны сақтау жөніндегі күш-жігерді өңірлік, субөңірлік және/немесе халықаралық деңгейде үйлестіруге ықпал етеді.

Шарт 3. Бағдарлама, жоба немесе іс-шара Конвенцияның қағидаттары мен мақсаттарын бейнелейді.

Шарт 4. Бағдарлама, жоба немесе іс-шара аяқталған болса, олар тиісті материалдық емес мәдени мұраны сақтауға ықпал етуде өзінің тиімділігін дәлелдеген. Егер олар әлі де жүзеге асырылу кезеңінде болса немесе жоспарланса, олардың осы мұраны сақтауға елеулі үлес қосатынына негізді үміт бар.

Шарт 5. Бағдарлама, жоба немесе іс-шара мүдделі қауымдастықтардың, топтардың немесе, қажет болған жағдайда, жекелеген тұлғалардың қатысуымен және олардың ерікті, алдын ала және саналы келісімі негізінде іске асырылған немесе іске асырылатын болады.

Шарт 6. Бағдарлама, жоба немесе іс-шара жағдайға байланысты субөңірлік, өңірлік немесе халықаралық деңгейде қорғау іс-шаралары үшін үлгі бола алады.

Шарт 7. Ұсынушы мемлекет(тер), мемлекет-қатысушы(лар), іске асырушы орган(дар), сондай-ақ мүдделі қауымдастық, топ немесе қажет болған жағдайда жеке тұлғалар, олардың бағдарламасы, жобасы немесе іс-шарасы іріктелген жағдайда, үздік тәжірибені таратуға ынтымақтасуға дайын.

Шарт 8. Бағдарлама, жоба немесе іс-шара нәтижелері бағалануға болатын тәжірибені қамтиды.

Шарт 9. Бағдарлама, жоба немесе іс-шара ең алдымен дамушы елдердің нақты қажеттіліктеріне сәйкес келеді.

2009 жылы Абу-Дабиде (Біріккен Араб Әмірліктері) өткен өзінің 4-ші сессиясында ҮК мұраны қорғаудың үздік тәжірибелерінің тізілімін құрып, екі ұлттық және бір субөңірлік бағдарламаны іріктеді. Бұл жарияланымда жергілікті қауымдастықтың қатысуын ескере отырып, алғашқы үш таңдалған тәжірибе сипатталады және оларды тиімді қорғау шаралары деп тануға негіз болған себептер түсіндіріледі. ЮНЕСКО-ның осы жарияланымдар сериясы – мұраны қорғау туралы ақпаратты кеңінен таратуға бағытталған көптеген жобалардың бірі ғана. Тізілімге енгізу үшін Комитет іріктеген өтінімдер саны артқан сайын ол тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Қазіргі уақытта Комитет осы тізілімге енгізу үшін іріктелген қорғау шараларын ұсынған мемлекеттерге түрлі ақпараттық материалдарды – жазбаша нұсқаулықтар мен әдістемелерден бастап көрмелік қолдауға дейін – әзірлеуде жәрдем көрсетуде. Бұл материалдар аталған шараларды басқа контекстерде тиімді қолданудың нақты үлгілерін көрсетуге арналған. 2003 жылғы Конвенция

негізінде құрылған және халықаралық қауымдастыққа ынтымақтастық мүмкіндіктерін ұсынатын тетіктердің арасында бұл тізілім ең практикалық әрі пайдалы құралдардың бірі болады деп күтілуде. ЮНЕСКО Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің осы тізілімге ұсыныстар енгізіп, музейлермен ынтымақтастықта жүзеге асырылатын тиімді қорғау әдістері туралы хабарлауын күтеді, ол идеялар мен тәжірибе алмасудың шынайы алаңына айналады.

Мұраларды рәсімдеудегі ашықтық. Әрбір тізімделуге кандидат МЕММ ескерткіші құжатының мазмұны үшін жауапкершілік ұсынушы мүдделі мемлекеттерге жүктеледі. Қатысушы мемлекеттер ұсынатын мәтіндер мен құжаттарда қолданылған белгілер ЮНЕСКО немесе Комитеттің тарапынан келесідей пікір білдіруді білдірмейді: а) кез келген елдің, аумақтың, қаланың немесе ауданның құқықтық мәртебесіне қатысты; б) ұсынушы мемлекеттің билік органдарының құқықтық мәртебесіне қатысты; в) ұсынушы мемлекеттің шекараларын немесе шекараларын делимитациялауға; г) ұсынушы мемлекет тарихындағы нақты тарихи оқиғаларға қатысты тұжырым, ой-пікір. Қатысушы мемлекеттер ұсынған кандидатуралар файлдарын 2003 жылғы Конвенцияның Хатшылығы кандидатуралар рәсіміне қатысты Операциялық директиваның 54-тармағына сәйкес өзінің веб-сайтында жариялайды. Номинацияларға енгізілген ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету жұмыс құжаттарында көрсетіледі.

МЕММ қорғаудың үздік тәжірибесіне Болгария тарапынан 2016 жылы «Копривштицадағы фольклор фестивалі: мұраны ұсыну және беру тәжірибелерінің жүйесі», 2017 жылы «Болгар Читалиште (Қоғамдық мәдени орталығы): материалдық емес мәдени мұраның өміршеңдігін қорғаудағы практикалық тәжірибе» атты мұралары енген. Копривштицадағы фольклор фестиваліне қатысушылар тамыз айында музыканттар урбанизация әсерінен жойылып бара жатқан дәстүрлерді қорғау үшін, фольклормен қатар, ән-би, ұлттық ойын түрлерімен бөлісу үшін бас қосады. Жергілікті қажеттілігін көрген кезде пайда болды. Копривштица муниципалитеті Мәдениет министрлігінің, Болгария ұлттық теледидарының, Болгария ұлттық радиосының, Этнология және фольклортану институтының және Этнографиялық музейдің, Өнертану институтының және қоғамдық орталықтардың көмегімен ұйымдастыратын фестиваль тірі мұраны қорғаудың маңыздылығы туралы хабардарлықты арттырады және оның адамдар өміріндегі рөлін насихаттайды, оны болашақтағы сабақтастық үшін құжаттайды және беруді ынталандырады. Фестиваль аясында Этнографиялық музей жанындағы Этнология және фольклортану институтының ғалымдары мұраларды құжаттап, ғылыми айналымға ендіреді. Болгария этнофольклорист, антрополог, музеолог ғалымдары болгар халқының ауызша мұрасын сақтаудың озық тәжірибесін теориялық-практикалық тұрғыда танытуды МЕММ Ұлттық тізімделу базасының қалыптасуымен, ЮНЕСКО-да қорғалуымен ұштастырудан да озық тәжірибе қалыптастырған. «Болгар Читалиште» қоғамдық мәдени орталығының болгар халқының МЕММ насихаттау ісіндегі тәжірибесін де ЮНЕСКО үздік деп таныған. Читалиштелердің тиімділігі олардың мүшелерінің санының жылдар бойы артуымен және барлық жастағы халық топтарының белсенді қатысуынан

көрінеді [100-103]. Н.Вуковтың болгар тілінде жазылған «Срещата на устнотото слово с печатната страница: Употреби на фолклора в българския периодичен печат от 60-те и 70-те години на XIX век» кітабында болгар халқының ауызша мұрасының 1860 және 1870 жылдардағы болгар мерзімді басылымдарындағы фольклордың қолданылуын талдауы ЮНЕСКО-ға енген фолклорлық мұраны қорғаудың үздік тәжірибесін теориялық негіздейді [100]. Фестивальдер МЕММ зерттеуші ғалымдар үшін «тәжірибелік зерттеу алаңы» болады [154, б.121]

Орта Азия елдерінен Қырғызстан мемлекеті тарапынан 2019 жылы «Көшпелілер ойындары, мұраны қайта ашу, әртүрлілікті тойлау» үздік тәжірибе тізіліміне енуі көшпелілер ойынын үлгі тұтатын түркі мемлекеттері арасында ғана емес, олимпиадалық ойынмен пара-пар деп санаған басқа да мемлекеттер арасында жоғары қарқын алды [216]. Украинаның соғыс жағдайында «Кобза және дөңгелек лира дәстүрін қорғау бағдарламасын» үздік тәжірибеге енгізуін, шұғыл қорғаумен де байланыстыруға болады [57].

ЮНЕСКО МЕММ үш құрамдас тізіміне мұраларды енгізу, мұраның қорғалуын сараптау тәжірибелік зерттеуді, одан алынған деректерді камералық, лабораториялық өңдеуді қажет етеді. Түркия мемлекеті басқа тізім бағандарын қоспағанда ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұра тізіміне 22 (соның ішінде 20 мәдени, 2 – мәдени-табиғи), МЕММ тізіміне 32 элементті бекітіп, ескерткіштерді қорғаудан үздік тәжірибе қалыптастырғандықтан, әрі жұмыстың тәжірибелік зерттеуі Түркия мемлекетінде өткендіктен бұл мемлекет тәжірибесі салыстырмалы қарастыруда басымдық берілді. Сондай-ақ, Болгария, Әзербайжан мемлекеттері мұраларының тізімделуі тәжірибелік зерттеу алаңында талданды [188]. Өзгерген немесе жойылу қаупіндегі рухани немесе МЕММ-дың жаһандық өзгерістерге сезімтал және осал нысандарын анықтау, оны «шұғыл қорғауды қажет ететін мұра» ішкі тізіліміне алу ЮНЕСКО атқарып отырған маңызды қадам. Шұғыл қорғау тізілімінің мақсаты Дүниежүзілік мұра тізіміндегі «ішкі тізім» мақсатымен сәйкес келеді.

Қорыта айтқанда, 2003 жылғы 17 қазандағы ЮНЕСКО конвенциясы – МЕММ нысандарын қорғау жөніндегі іргелі халықаралық-құқықтық құжат, жаһандық деңгейде маңызға ие. Көптеген халықтар үшін МЕММ олардың өзіндік болмысын айқындайтын негізгі қайнар көз болып табылады. МЕММ дәстүрлі халық музыкасы, билері, мерекелері, ауызша дәстүрлері мен тілдері сияқты көріністері жылдам өзгеру, кейбір нұсқалары жоғалу қаупіне ұшырап отырғандығын ЮНЕСКО жіті назарға алу қарқыны жыл сайын артып келеді.

Бүгінде МЕММ сақтау мәселесіне ЮНЕСКО артқан назардың себебі – ұлттар мен Дүниежүзілік өркениет үдерістерінің нәтижесі. Бұл үдерістер жаһандану, урбанизация, мәдени үдерістердің стандартталуы мен жаппай таралу жағдайында халықтардың этникалық бірегейлігін сақтау, жеке тұлғаның қазіргі рухани кеңістікке сіңісуінің гуманизация жолдарын іздеу, оның шығармашылық әлеуетін, моральдық-гуманистік құндылықтарын қорғау мәселелерін қамтиды.

3 МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ ДАМЫТУДАҒЫ МУЗЕЙ МЕН ТУРИСТІК ДЕСТИНАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ

3.1 Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасы Ұлттық тізімін қалыптасуындағы Ұлттық музей мен Ұлттық Комитет ықпалы

МЕММ сақтау, қорғау, дамыту ісінің басты бағытының бірі қатысушы мемлекеттердің Ұлттық тізім қалыптастыруы. Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі (Астана қ.) ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі шешімен ҚР МЕММ-ді үйлестіруші мекемесі болып табылады. ҚР Ұлттық музейі ҚР МЕММ Ұлттық тізімін жасақтау ісін ҚР МЕММ жөніндегі Ұлттық Комитеттімен бірге жүзеге асырады, бұл бірлескен жұмыс тағы да музей қызметінің көпкешенділігін айғақтайды.

Қазақстанның МЕММ-ны қорғау жөніндегі Ұлттық комитетінің негізгі функцияларына Конвенцияның мақсаттарына жетуге ықпал ету, Тұжырымдаманы дайындау мен іске асыруға қатысу, материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөнінде шаралар қабылдау үшін ұсынымдар әзірлеу, осы саладағы озық халықаралық тәжірибеге қатысты консультациялар беру, ЮНЕСКО тізімдеріне және МЕММ-ның Ұлттық тізбесіне элементтерді қосуға өтінім берген бастамашыл топтар мен қоғамдастықтардың өтініштерін қарау жатады. Өз қызметі аясында Ұлттық МЕММ-ны қорғауға осындай мұраны жасаумен, сақтаумен және жеткізумен айналысатын қоғамдастықтардың, топтардың және кейбір жағдайларда жеке адамдардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етеді.

ҚР МЕММ Ұлттық комитеті МЕММ элементтерінің Ұлттық тізбесін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) материалдық емес мәдени мұра элементтерінің Ұлттық тізбесін (бұдан әрі – Ұлттық тізбе) жүргізу тәртібін анықтайды. «Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» құжат ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №368 бұйрығымен бекітіліп, ҚР Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 желтоқсанда №12594 құқықтық күші бар ресми құжат ретінде тіркелді [44].

МЕММ элементтерінің Ұлттық тізбесін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) материалдық емес мәдени мұра элементтерінің Ұлттық тізбесін (бұдан әрі – Ұлттық тізбе) жүргізу тәртібін анықтайды. Ұлттық тізбені жасау келесідей талап бойынша жүзеге асырылды:

– ұлттық тізбе материалдық емес мәдени мұраның өміршеңдігін, оны құжаттандыру, зерттеу, сақтау, қорғау және насихаттауды қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі;

– мәдениет саласындағы уәкілетті орган Ұлттық тізбені қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, қағаз және электронды нұсқада, осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес үлгі бойынша жүргізеді;

– ұлттық тізбе уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады;

– мәдени құндылықтарды зерделеумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар элементтің анықталуына қарай қажетті мәліметтері бар хатты уәкілетті органға жолдайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық тізбесі халқымыздың материалдық емес мәдени мұрасының объектілерін қорғау, зерттеу және танымал ету шараларын қабылдау мақсатында бүкіл ел бойынша есепке алу мақсатында жасалады.

Элементтер туралы мәліметтер мыналарды қамтиды:

1) элементтің толық атауы;

2) осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген элементтің түрі;

3) элементтің сипаттамасы (қандай да бір этносқа тиесілігі, сондай-ақ жанры, пайда болу тарихы, МЕММ-ді сақтаушылар және тағы басқа сипаттайтын мәліметтер);

4) элементтің таралған жері (облыс, қала, аудан, ауыл);

5) фотосуреттер, элементті көрсету немесе тыңдау қажет болған жағдайда, видео немесе аудиоматериалдар;

6) элементтің сақталу деңгейі;

7) элемент туралы деректер (ғылыми материалдар, сайт және өзге деректер).

Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының Ұлттық тізімі уәкілетті орган ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығымен бекітіледі, бұйрыққа өзгеріс енгізумен тізім толықтырылып отырады.

Қазақстанның МЕММ Ұлттық тізімінің жасақталуы қазіргі таңда қазақ халқының МЕММ элементтерінің сақталу деңгейін, жойылу қаупін және мұрагерлердің нақты санын анықтауға мүмкіндік береді. ҚР МЕММ Ұлттық тізіміне 2013 жылы – 45, ал 2024 жылы – 79 элемент бекітілді [45; 47, Қосымша А, Кесте А.1-А.2].

2013 жылы 45 атаумен бекітілген Ұлттық тізімнің әрине кемшілік тұстарының болғаны, 2024 жылы Ұлттық тізімді қайта жасауды, қайта толықтыруды күн тәртібіне қойды. Мысалы, 2013 жылғы Ұлттық тізімде «(b) орындаушылық өнерлер» санатына бекітілген «көмейге салып жыр айту», Ұлттық тізімге «көмей» деп енген, дұрысы «(a) материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары» санатына қоса енуі керек еді. Себебі, «көмейге салу» орындаушылық өнердің бір әдісі болғанымен, мұнда жыр, дастан, толғау, терме, бәйіт, өсиетнамалар айтылады. Көмейге салып жыр айту, Сыр өңірінің «жыраулық мектебі» ретінде танылған өнер екені баршамызға мәлім. МЕММ кейбір элементтері екі типтің шартына қоса жауап береді.

Ұлттық тізімде «(c) әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар» санаты бойынша «бесік тойы; қырқынан шығару; тұсау кесу; ашамайға мінгізу» салттарын «шілдехана» категориясына топтастырып, бір атаумен енгізген. Бұл салт-жоралардың барлығы баланың баланың өсу кезеңдерімен байланысты болғанымен, «шілдехана» баланың шыр етіп дүниеге келуімен байланысты

жоралғы. Осы санатқа «қоштасу; сыңсу; беташар; тойбастар; жар-жар» деп үйлену дәстүріндегі тұрмыс-салт жырларын «беташар» деп ішкі топтастыруға жіктеген. Алайда, қоштасу, сыңсу, жар-жар айту, «қыз ұзату тойында», яғни беташар рәсімі атқырылатын «келін түсіру» тойында орындалады. Осы «үйленумен байланысты тұрмыс-салт жырларын» ішкі топтастыруды жаңадан қабылданатын Ұлттық тізімде атауын қайта қарастыру кезек күттірмейтін мәселе. Сондай-ақ, «естірту; көңіл айту; көрісу; жоқтау; арыздасу» фольклоры ішкі топтастыруда «жоқтау» деп аталған, ал «араздасу» марқұмның тірі кезінде ағайын-туысымен қоштасуы. Жаңа Ұлттық тізімге «өлікті жерлеумен байланысты фольклор» немесе марқұмды жерлеу, аза тұтумен байланысты қолданылатын дәстүрлі атаулар жүйесімен сәйкестендіру қажет болды. Ұлттық тізімде қолөнер типтерінің барлық түріне басымдық берілген [143]. 2024 жылғы екінші толықтырылған Ұлттық тізімді жасауға Ұлттық музей, МЕММ Ұлттық комитет, ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі жанындағы МЕММ комиссиясы мүшелерінің далалық зерттеулері кезінде құжатталған мұралар енді [155; 168].

Ұлттық тізім жасау жойылу қаупіндегі және түбегейлі өзгеріске енген мұраларды құжаттау, тіркеу арқылы қорғау шараларын күшейтеді. МЕММ түгендеу барысында «Неке жыры» тұрмыс-салт фольклоры, бақсылық сарын, арбау, магиялық фольклордың негізгі дені шұғыл қорғауды қажет ететін мұра екені анықталды [179; 180; 183]. Сондай-ақ табиғат пен ғаламға қатысты білімдер жүйесіндегі табиғатпен етене өмір сүру арқылы халықтық білімді сақтау, табиғатты дәстүрлі игеру жүйесі құжатталды [185-187]. Қазақтың құдық шегендеу өнері табиғатпен байланысты халықтық білім, табиғатты дәстүрлі пайдалану, әрі дәстүрлі ретінде тіркеліп, құжатталды, бұл мұраны алдағы жылдары Ұлттық тізімге енгізу мақсатында далалық құжаттау нәтижелерін ғылыми айналымға енгізілді. Қазақтың құдық шегендеу өнері алғашқы далалық тіркеу және камералық өңдеу барысында «шұғыл қорғауды қажет ететін мұра» ретінде құжатталды [184; 187].

2013 жылғы Ұлттық тізімде «Қымызды дайындау дәстүрі», «Шұбатты дайындау дәстүрі», «Қазақ ұлттық тағамдары» деген атаумен қазақ халқының тағам жүйесі барлығы үш элементке біріктірілген еді. Ал, 2024 жылғы Ұлттық тізімге жұмыс тобының ұсынуымен «Ет асу және табақ тарту: бас тарту; сыбаға; бас табақ; қос табақ; сый табақ»; «Шай мәдениеті, шайға байланысты ғұрыптар: қазақы шәй; ақ (сүтті) шәй; шашу шай; тәтті шәй; келін шәй; көңіл шәй», «Қазақтың ғұрыптық дастархан жаю дәстүрлері: бастаңғы; тоқымқағар; ерулік; қарулық; отқа шақыру; үй көрсету», «Нан пісіру мәдениеті: бауырсақ, тапа нан (таба нан), көмбе нан, қазан жаппай, қаттама, шелпек» мұра атаулары жеке элемент ретінде бекітілді [Қосымша А, Кесте А.1-А.2].

«Қазақы ит тұқымы тазы мен төбет ұстау, күзетке, мал бағуға, аңшылыққа баулу», «Адай жылқысын өсіру және баптау», «ат баптау» мұралары «табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» типіне жаңа мұра ретінде енді, әрі үй жануарларын өсіру мәдениеті Ұлттық тізімге алғаш қосылған тәжірибе болды [Қосымша А, Кесте А.2].

МЕММ саласындағы мамандардың далалық зерттеуі барысында түгендеу, тіркеу, құжаттау кезінде мәдени және әлеуметтік антропология ғылымының әдістемесін игеруі де маңызды [154]. 2024 жылғы жаңа Ұлттық тізімге толықтырулар мен өзгерістер енгізу ісінде ҚР Ұлттық Музейінің «МЕММ музейлік экспедициялық зерттеу» мақсатындағы Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды облыстары бағытындағы жұмысы мен оның жарияланымдарының маңызы зор [148; 155; 168]. Жаңа Ұлттық тізімге енген мұралардың атауын нақтылауға 5 томдық этнографиялық энциклопедия, 2 томдық «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» академиялық басылымдары, музейлік құндылықтарды каталогтаған музейлік басылымдар негізге алынады [150; 153; 159; 160; 161].

Ұлттық тізімнің жасақталуының өзектілігі ұлттық құндылықтар өскелең ұрпақтың санасында сақталуы үшін дәстүрлер күнделікті тұрмыс-тіршіліктің бір бөлігі ретінде өмір сүруі қажеттігін айғақтайты. Отбасылық дәстүрлер, тұрмыс-салт жырлары күнделікті өмірде қолданылған жағдайда ғана өз өміршеңдігін сақтайды. «Неке жыры» фольклорын айту тұрмыс-салт жыры ретінде қазіргі таңда аймақтық ерекшелік ретінде сақталып, жойылу қаупіндегі мұра екені анықталды [183]. Ал тұрмыстан шығып қалған кейбір дәстүрлер жас ұрпақ жадынан өшіп кету қаупінде тұр. Осыған байланысты МЕММ-ді сақтау мен дамыту – мемлекет пен қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

Конвенцияны ратификациялаған мемлекеттер МЕММ дамыту, сақтау, қорғау мақсатында Ұлттық тізім қалыптастырады. Ұлттық тізім жасау, МЕММ базасының негізгі қазығы. Жасалған Ұлттық тізім қажеттілігіне қарай толықтырылып, өзгеріске еніп отырады. Қолданыстағы Ұлттық тізімге дәстүрлі шаруашылықтан қазақтың түйе өсіру, қой-ешкі өсіру, бидай, сұлы егу, күріш егу, тары егу, мақта өсіру, бау-бақша өсіру, балық аулау кәсібі, сабын қайнату сияқты дәстүрлі мәдениеттегі ерекшеліктері, сүт тағамдарын дайындау, көже ашыту сияқты тағам жүйесі, жіп есу, арқан есу, жіп байлау элементтері жеке мұра ретінде енбеген. Шұғыл қорғауды қажет ететін дәстүрлі тас қашау өнері, аймақтық мәдениет апорт алмасын өсіру, Мұғалжар жылқысын өсіру мәдениеттерін де енгізу алдағы уақыттағы түзету мен енгізуде жүзе асады.

Бақсылық сарын, неке жыры аймақтық фольклор ретінде ғана ішінара сақталып, қазіргі таңда жойылу қаупінде. Ал ау-жар, аушадияр фольклоры жергілікті қазақтар арасында кең қолданыста жойылған, оның нұсқаларын Қытайдан қоныс аударған қандастарымыз арасында сақталған. Сондай-ақ Қытайда тұратын қазақтар арасында сақталып қалғанымен, бұл күні жойылып кетуіне қауіп төнуде. Ау-жар, аушадияр ҚР МЕММ Ұлттық тізімінде «үйлену дәстүрлері» тобына енген. Алдағы уақытта ҚР МЕММ Ұлттық тізіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізгенде осы мұралар «шұғыл қорғауды қажет ететін» санатқа енуі қажет.

Қазақтардың қасиетті орынға зиярат ету мәдениетін Ұлттық тізімнің репрезентативті санатына енгізіп, болашақта Моңғолия мемлекетімен ортақ мұра ретінде қайта ұсынуға болады. Жетісу қазақтарының мерзімдік қонысқа көшу мәдениетін Ұлттық тізімге енгізіп, «шұғыл қорғауға» алуға болады.

Қорыта айтқанда, Ұлттық тізім жасақтау МЕММ ұлттық базасын құрайды, Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің Ұлттық тізімін құру арқылы МЕММ дамытудың басым бағыттының негізгі діңгегі қызметін атқарады. Ұлттық тізімі бұл мұраның ЮНЕСКО-да тізімделуіне жолдама беруге негіз болады.

3.2 Материалдық емес мәдени мұраны музейлендірудің әлеуметтік, қоғамдық маңызы

ҚР «Мәдениет туралы» Заңына 2015 жылдың 28 қазанында өзгерістер мен түзетулер енгізілуіне орай, «мұражай», «мұражайларға», «мұражайлардың» деген сөздер «музей», «музейлерге», «музейлердің» деген сөздерімен ауыстырылған. ҚР «Мәдениет туралы» Заңына сәйкес МЕММ-ға қатысты та «музейлендіру» сөзі қолданылады [39].

2003 жылғы МЕММ Конвенциясын қабылдау негізінде қол қойылған келісім-шарт музейтану саласында жаңа жетістіктерге жол ашты. Өйткені аталған келісім-шарттың нысанасы болып табылатын «Материалдық емес мәдени мұра» негізінен этнография, өнертану, мәдениеттану бағытындағы музейлердің қызметіне музейлік этнография, музейлік антропология, музейлік фольклортану, музейлік ескерткіштану бағытындағы жаңа міндетті қоса жүктеді. Әсіресе, «этномузей», «экомузей», «тірі музей» санатындағы музейлермен қатар, тарихи немесе кешенді музейлер қызметіне де МЕММ музейлендіру әдісінің қосылуы кең тарады. 2003 жылғы Конвенция ресми қолданысқа енгеннен кейін жарық көрген музейлік анықтамалық, сөздіктер «материалдық емес мәдени мұра» терминін, оның типтерін, бағыттарын айналып өтпейді. Бұл қазіргі таңда МЕММ музейтану саласының ажырамас бағыты екенін дәлелдейді [122; 172; 178].

МЕММ-ді дамытуға ден қойған ғалымдар мен музейтанушылар арасында оның терминологиясы, анықтамасы, оны дамытуды бір ізге түсіруге орай түрлі пікір-сауалдар қалыптасты. МЕММ тек тұрақты дамыған өзгеріссіз жеткен дәстүрлі туындыларды қамтуы қажет пе, әлде жойылып келіп қайта құрылған немесе өзгеріп жеткен, алғашқы, бастапқы қалпын жоғалтқан, қазіргі өзгерген сипаттағы мұралар қоса енеді ме?, жаңа заманауи контекстер МЕММ қорғау мақсатына қызмет ете ала ма?, – деген сауалдар туындайды.

Тарихи-мәдени немесе табиғи объектілерді олардың тарихи-мәдени, ғылыми және көркемдік құндылықтарын барынша сақтап, айқындау мақсатында музейлік объектілерге айналдыру музей қызметінің бір бағыты [163; 166-167]. Музейлендірудің мәні – жылжымайтын ескерткіштерді (архитектуралық құрылыстар мен ансамбльдер, табиғи кешендер, өнеркәсіптік нысандар және т.б.), материалдық емес мұра объектілерін (дәстүрлі өндірістер, фольклор, өмір салты және т.б.), сондай-ақ мәдени-тарихи ортаны барлық құрамдас бөліктерімен және олардың арасындағы өзара байланыстарымен бірге сақтап, насихаттауға бағытталған музейлік нысанға айналдыруда жатыр. Әлем музейлері кеңістігінде МЕММ қауымдастық ортасында насихаттау, музейлік ғимаратта экспозициялау арқылы дамыту, насихаттау, сондай-ақ тарихи-мәдени

және табиғат ескерткіштерімен бірге кешінде сақтау, насихаттауда әртүрлі тәжірибелер қалыптасқан.

Коллекция жинау барысында жылжымалы заттар тұрмыстық ортадан алынып, музейлік ортаға көшіріледі. Ал музейлендіру кезінде музейлік орта тікелей объектінің өзінде және оның айналасында жасалады – ол объектіні көзге көрінбейтін әйнек сферасы секілді қоршап, оны материалдық және рухани тұрғыда сақтауға, оның құндылығын ашуға және оны қазіргі мәдени кеңістікке қосуға жағдай жасайды. Кең мағынада музейлендіру дегеніміз – кез келген объектіні, соның ішінде музейлік маңызы бар жылжымалы заттарды да музейлік күйге көшіру үдерісі. Музейлендіру термині дәстүрлі түрде негізінен жылжымайтын ескерткіштерге, ортақ (орталық) мәдени кеңістік объектілеріне және МЕММ нысандарына қатысты қатар қолданылады. Мұндай объектілерді музейлендіру нәтижесінде ансамбльдік музейлер мен орталық (немесе «орта») музейлер пайда болады. Бұл музейлердің үлес салмағының тұрақты түрде артуы – қазіргі музей әлемінің дамуындағы маңызды үрдістердің бірі болып табылады.

«Материалдық емес мәдени мұра» және «музей» деген екі негізгі ұғымнан бастап, қарастырылып отырған мұраның неліктен және қалай қорғалуы және оның музейлендірілуі, осыған байланысты проблемалары, шешу жолдары мәселелерін ғылыми ортада талқылауға айналдырып және оны жүзеге асыруда озық тәжірибе қалыптастырған мемлекеттер қатарында Түркия, Қытай мемлекеттерін атауға болады.

Профессор Ожал Огуз «ЮНЕСКО Материалдық емес мәдени мұра конвенциясы» туралы жазған мақаласында «Материалдық емес мәдени мұра» ұғымын талдайды. Бұл ұғым тілдегі «дәлдік» және «абстрактілі» ұғым мағынасы тұрғысынан қабылдауға оғаш болғанымен Түркия фольклортанушыларын ұғымды қабылдаумен қатар «музейлендіруді» қоса дамыту мәселесін алға тартады. МЕММ тарату, ғылыми зерттеу нысанына айналдырумен қатар, оған музейлендірудің қосылуы, ЮНЕСКО тұжырымдамасын қабылдауды бірнеше бағытта қатар дамытуды көздеген. «Музей – материалдық мәдени мұралар қойылған орын ретінде жобаланған мекеме. Материалдық емес мәдени мұраны қалай музейлендіреміз, қайдан табамыз?», – деген сұрақтар туындаған [107, s.247-253]. Бұл ізденіс теориялық және практикалық зерттеуді біріктіріп жүргізу арқылы жүзеге асқан.

2002 жылы 12-13 қарашада Түркия, Анкара қаласында, Гази университетінде өткен «Түркиядағы фольклорлық музейтану және мәселелері» симпозиумы МЕММ-ді сақтау және музейлендіруді ғылыми ортада талқылауға арналған алғашқы қадам болды. Бұл ғылыми-практикалық дискурста әртүрлі елдердегі осы екі негізгі тұжырымдама бойынша қадамдары мен тәжірибелері талқыланды. Белгілі бір елдің немесе топтың көзқарасын ұсынудың орнына, мұнда негізгі мақсат әртүрлі қоғамдардың тақырыпқа деген көзқарастарын көрсету және осылайша материалдық емес нәрсенің не екенін, оны не үшін және қалай қорғау керектігін және неліктен музейлендіру керек екенін түсіндіру.

МЕММ-ді музейлендіру ұғымының мазмұны дәстүрдің табиғи трансляциясының тетіктерін жоғалтқан МЕММ компоненттерін, оларды

барынша сақтау және өзектендіру мақсатында музей көрмесінің объектілеріне айналдыру ретінде анықталды. Нәтижесінде этникалық мәдениетті сақтаудың негізі ретінде материалдық емес мұраны таныстыру, тарату және көрсету тәсілдері анықталды.

МЕММ-ді музейлендірудің теориялық және методологиялық мәселелері қазіргі уақытта өте маңызды зерттеу объектісі болып табылады. Материалдық емес мәдени мұра – халықтың мәдениетіндегі дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, тілін, музыкалық және би өнерлерін, әртүрлі ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді қамтитын мұра ретінде қоғамдық өмірде маңызды роль атқарады, бірақ олар дәстүрлі музейлерде жиі сақтала алмайды, себебі олар көрнекі немесе физикалық түрде, музей тілімен айтқанда «экспонат» түрінде бейнеленбейді.

МЕММ-ді музейлендіру – МЕММ-ді консервациялау, жойылған түрлерін қайта жаңғырту – мәдениетті реконструкциялау, музейлік нысанда сақтау ісін жүзеге асырудың тетіктерін жолға қою, әрбір тірі құндылыққа «мұра» деп қарау, этноортада сақтау, өмір сүруіне, дамытуға жағдай жасау ЮНЕСКО алдына қойған басты міндет болды.

Кез-келген мәдени топтың МЕММ-ді қорғауда XXI ғасырда қарқын алған жаһандану үдесіндегі әсер етуші күштермен өз бетінше күресуі мүмкін емес. Осы тұста жаһандану фактілерін мұралардың өзгеріске енуінен қорғауға «айғақ» ретінде пайдалана отырып, оған төтеп беретін жаһандық ұйымның қажеттілігі туындайды. Бұл ЮНЕСКО сияқты күшті және оның барлық мүшелері қабылдайтын жаһандық формацияның іске қосылуымен мүмкін болатынына Әлем елдері мойынсұнды. Кейбір пікірталастарға қарамастан ЮНЕСКО-ның әлемнің барлық елдерін қамтитын Конвенция жасай алуы шын мәнінде үлкен жетістік болды.

Конвенцияны қабылдаушы мемлекеттердің белсенділігі біркелкі емес. Кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, МЕММ-ді қорғау туралы келісімді қолдайтын және жүзеге асыруға тырысатын елдердің көпшілігі дамушы елдер. Кейбір елдер отаршылдықтан жаңа ғана азат етілген елдер, бірақ саяси отар болудан азат болса да олардың экономикалық тәуелділігі жалғасуда. Мысалы, Зимбабве, Замибия тағы басқа да Орталық және Оңтүстік Африка елдерінің материалдық емес мәдениет мұрасын қорғауға белсенділігі басым.

АҚШ-тың әлі күнге дейін бұл келісімге қол қоймағанын және әртүрлі себептермен оған қарсы екені белгілі. АҚШ Үкіметінің Конвенцияны саяси мағынада қабылдамауы толығымен жаһандық құрылымдарды құрайтын коммерциялық ұйымдардың ықпалы мен олардың көзқарастарымен байланысты болуы ықтимал. АҚШ фольклор, мұратанушы ғалымдарының зерттеулері өз елдеріндегі ғылыми және фольклорлық теориялар тұрғысынан өзекті болғанымен, өз мемлекеттерінде МЕММ ресми құжаттамағандықтан өз елдеріндегі «тірі мұраны» Халықаралық қорғауға ұсынуға ықпалды емес. Ал, МЕММ-ді қорғау белсенділігі басым елдерде МЕММ-ді музейде көрсету белсенділігі де жоғары.

ЮНЕСКО-ның ұсынысында ең алдымен мәдени мұраны құжаттау қажеттігі қамтылған. Құжаттаманың бұл түрі негізінен мәдени идеологиялық

әдіс болғанымен, кейбір қауіптерді де бар. Анықталған және құжатталған мәдени мұралар ешқандай авторлық құқық нормаларына бағынбайтын болса, оларды өз мүдделері үшін пайдаланғысы келетін коммерциялық ұйымдар мен топтардың пайдалануына барынша ашық болатыны анық. Бұған жол бермеу үшін осы құжаттамамен бір мезгілде авторлық құқық пен меншікке қатысты жаңа нормалар жасалуы керек және осы жаңа нормаларды мәдени және табиғи құндылықтарды қорғау туралы Заңға қосу арқылы қарастырылып отырған заңды жаңарту қажет екенін ұсынды.

МЕММ-нің кейбір түрлерінің мұрагерлерінің, сақтаушыларының азаюы, кей түрлерінің жойылу қаупінде болуы, кейбір түрлерінің жойылып кетуінің басты себебі – осы мұраларды жасаған, қалыптастырған «мұра иесінің» өскен және өнерін қалыптастырған ортасының, өзнің алысатын дәстүрі және дәстүрдің өмір сүру мүмкіндігін табатын әлеуметтік және экономикалық контекстердің өзгеріске енуі, яғни қоғамның өзгеруі. Бұл қазіргі таңда барлық Әлем елдеріне тән құбылыс. Мысалы, Түркия мемлекетінде меддаһ дәстүрінің және осы дәстүрді орындайтын өнерпаздардың жойылып кету қаупінің туындауының басты себебі, әлеуметтік-экономикалық құрылымдағы өзгерістер нәтижесінде бұл дәстүр орындалатын ортаның және бұл дәстүрге сұраныстың азайып, аяқталуы және осыған байланысты ешқандай сақтық шараларының қабылданбауымен байланысты.

Меддаһ (түрікше *meddah*) – түріктің кәсіби импровизатор әңгімешісі, әңгіме айтудың шебері. Меддаһтар діни-тұрмыстық тақырыптағы тарихи әңгімелер мен батырлық эпостан алынған аңыздарды құлпыртып, жаңғыртып, қызықты етіп орындайтын болған. Олар салтанатты жиын-тойларда, діни мейрамдар кезінде шайханаларда және тағыда басқа қоғамдық орындарда өнер көрсеткен. XVII ғасырдан мен XIX ғасырдың алғашқы жартысына дейін Стамбул қаласында Меддаһтардың топтық ұйымы жұмыс істеді. XIX ғасырдың 2-жартысында бұл ұйым жабылып қалды. Мұраны жеткізуші, сақтап қалушы «тірі мұраның» өмір сүруі арқылы Меддаһ Стамбулдың кейбір аудандарында әлі де кездеседі [109; 110].

Мәдениет – тарихи ескерткіштер мен музейлерді, өміршең дәстүрлерді және заманауи өнер түрлерін қамтитын күрделі құбылыс. Ол қоғамның әлеуметтік-рухани құрылымын байытып, инклюзивті, инновациялық және орнықты қауымдастықтардың қалыптасуына ықпал етеді.

Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау мен сақтау, сондай-ақ шығармашылық пен мәдени индустрияларды қолдау – қазіргі өркениеттің алдында тұрған маңызды шарттарының бірі. Қазіргі замандағы жер шарының әртүрлі контингенттерінде климаттың өзгеруі, цифрлық алшақтық, төтенше жағдайлар, қақтығыстар, соғыстар, аштық пен теңсіздіктің жойылмауы саяси аренада өршіп тұрған жағдайда мұраларды жаһандық сын-қатерлерден қорғауды еңсеру мәселесінің өзектілігі арта түседі.

Музейлендірудің жекелеген мәселелеріне арналған музей мамандарының еңбектерінде және музейлік анықтамалықтарда музейлендірудің басты мақсаты ретінде тарих пен мәдениет ескерткіштерін «сақтау және оларды мәдени үгіт-

насихат жүйесінде ұтымды пайдалану» деп көрсетеді. Сонымен қатар музей қызметінің «ұлттық мұраның жылжымалы бөлігін сақтау, зерттеу және пайдалану», жылжымайтын ескерткіш нысандарды сақтау, қорғау (ашық аспан асты музейлері, қорық-музейлер) ісіне бағытталуы әлі де басым процесс. Ал, музей қызметінің анықтамасынан материалдық емес мұраны музейлендіруге қатысты сала қалыптасып, даму үстінде.

Қазақстанның жанды мұрасын сақтау, музейлендіру ісінде пәнаралық зерттеу, музейлік далалық зерттеумен ұштастыра отырып ғылыми нәтиже беру, әрі ЮНЕСКО қорғауындағы мұраларды музейлік зерттеу бүгінгі ғылымның өскелең талабы. ЮНЕСКО көзқарасына сәйкес, мәдени өлшемсіз даму тұрақты бола алмайды. Адамға бағдарланған, өзара құрмет пен мәдениеттер арасындағы ашық диалогқа негізделген даму ғана берік бейбітшілікке қол жеткізудің кепілі болып табылады.

Музейлер қазіргі кезеңде тек материалдық мәдени құндылықтарды сақтап, көрсететін мекемелермен шектелмей, материалдық емес мәдени мұраны насихаттау мен ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз етудің де маңызды тетігіне айналуда. Олар дәстүрлерді, ауызша тарихты, шеберлік пен қолөнерді кеңінен таныстырып, мәдени әртүрлілікті жандандыруға және әлеуметтік бірлікті нығайтуға ықпал етеді. ЮНЕСКО аясындағы бастамалар музейлердің мәдени мұраны қорғау мен ілгерілетудегі рөлін күшейтіп, креативті экономиканың дамуына, мәдениетаралық диалогтың жануына және тұрақты даму мақсаттарының жүзеге асуына негіз қалайды [82, 83].

Мұра және музей – оны сақтау мен жеткізудің оңтайлы мәдени нысаны ретінде елеулі өзгерістерге ұшырап жатыр. Бұл өзгерістердің басты үрдістерінің бірі – жаһандық кеңею. XXI ғасырда «мұра» санатына материалдық және материалдық емес мұралар жатады, бұл үдеріс қазіргі кезде қарқынды дамуда. Сол сияқты жаһандық трансформация музей саласына да әсер етуде: музейлер саны үздіксіз өсіп, шынайы және әлеуетті аудитория тарапынан қызығушылық артып, олардың географиясы кеңеюде, қызмет ету нысандары мен түрлері де өзгеруде. Фактілер мен білімнің эмпирикалық көбеюі оларды теориялық тұрғыда ұғынумен қатар әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың негізгі қозғаушы күштері болып табылады. Сол себепті мұраны зерттеудің жаңа түрлері мен формаларын талдайтын ғылыми ізденістер айқын өзектілікке ие және тарих, мәдениеттану мен музейтану салаларына елеулі үлес қосады.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап музейлер тек жылжымалы экспонаттарды ғана емес, жылжымайтын және материалдық емес мұра объектілерін де белсенді түрде музейлендірумен айналыса бастады. Алайда, осы уақыт аралығында музейтану саласы өз зерттеу пәні ретінде тек жылжымалы музейлік нысандармен шектеліп келді. Бұл жағдай музейтану ғылымының шеңберін тарылтумен қатар, музейлердің нақты тәжірибесі мен ғылыми тұжырымдамалар арасында теориялық алшақтық туғызды [122, С.90-115].

1960-1980 жылдар – музеологияның ғылыми пән ретінде қалыптасу кезеңі болып есептеледі. Осы кезеңде негізгі теориялық еңбектер жарық көріп, музейтануға тән арнайы кәсіби тіл қалыптасты және халықаралық деңгейде

танылған терминологиялық жүйе жасалды. Бірақ дәл осы уақытта «музейлендіру» (музеефикация) ұғымының ресми түрде музейтану терминологиясына енбей қалуы – ғылым мен тәжірибе арасындағы сәйкессіздікті көрсетеді. Бұл, әсіресе Батыс ғылымындағы музей мен жылжымайтын мұраны қарама-қарсы қою дәстүрімен тығыз байланысты.

«Музейлендіру» термині алғаш рет 1920 жылдары Ф.И. Шмидттің еңбектерінде қолданылса да, кең көлемде таралуы КСРО-да музей-қорықтар құрылған кезеңге яғни 1950 жылдардың соңына сәйкес келеді. Бірақ бұл терминнің нақты ғылыми сараптамасы мен теориялық өңделуі тек 1960–1970 жылдары басталып, оны ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру саласының мамандары жүргізді. Ал музейтанушылар бұл мәселені тек эпизодтық түрде ғана қозғады.

Жаңа ғасырда жаһандану үдерістерінің дамуы, әлеуметтік саланың жедел өзгерістері, сондай-ақ техногендік факторлардың адам тіршілік ететін ортаға деструктивті әсері салдарынан қоғам мен жеке тұлғаның өзін-өзі тануы мен дамуының сабақтастығын қамтамасыз ететін құндылықтарды сақтау мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Мәдени мұра – қазіргі мәдениетте сақталып қалған өткен дәуірдің заттық шынайылықтары мен рухани құндылықтарының жиынтығы, әрі сол мәдениеттің дамуына негіз болатын бастау көзі. Бұрын тек жария етіліп келген мұраны пайдалану көзқарасынан оның мазмұндық және практикалық тұрғыдан игерілуіне көшу – қазіргі әлеуметтік-мәдени дамудың басты бағыттарының бірі.

МЕММ-ді музей арқылы игеру – құндылықтарды сақтап қалудың әмбебап тәсілі. Бұл процесс арқылы белгілі бір мәдени форма физикалық тұрғыдан жойылып кеткен жағдайда да, өзінің өміршеңдігін жоғалтпауға көмектеседі. Қоғам игерген мәдени форма рухани болмысына ие болып, уақыт пен кеңістікке сәйкес жаңа мәдени пішінде қайта өмір сүре алады. Қоғам дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету және адамның рухани әлеуетін жетілдіру мақсатында тарихи-мәдени мұраны сақтау мен оны оңтайлы пайдалану бүкіл Дүниежүзілік қауымдастықтың жіті назарындағы маңызды мәселеге айналуда.

Қазіргі таңда музейлендіру мәселесі бір формада болса да, кез келген музейдің алдында туындайтын жағдайға айналып отыр. Бұл үрдістің XXI ғасырда да сақталып қана қоймай, одан әрі белсенді бола түсетініне сеніммен қарауға болады. Аталған үрдістің дамуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі – адамзат қауымдастығының жаһандану үдерістеріне қарсы тұру үшін қоғамдық жадыны бекіту қажеттілігі. Бұл қажеттілік жылжымалы және жылжымайтын тарихи мұралар арқылы, сондай-ақ тірі дәстүрлер, тарихи қалыптасқан ландшафттар, өмір салты секілді мәдени мұра формалары арқылы жүзеге асады.

Адамның өмір сүру ортасындағы осы мұра элементтерінің болуы тұлғаның әлеуметтенуі мен инкультурациялануына (мәдениетке сіңісуіне) жағдай жасайды. Алайда қазіргі шындықтың тез өзгеретін сипатына байланысты бұл құрылымдық элементтерді табиғи күйінде сақтап қалу өте күрделі мәселеге айналды. Сол себепті оларды толық немесе жартылай тұрмыстық ортадан

шығарып алып, кездейсоқ өзгерістерге ұшырамайтын, арнайы жасалған, консервациялайтын (болашаққа сақтап жеткізетін) ортада сақтау қажеттілігі туындайды.

Музейлендіру қазіргі заманғы музей тәжірибесінің ажырамас бөлігіне айналды, ал бұл мәселелер халықаралық музей қауымдастығының назарында тұр. Дегенмен, осыған қарамастан, музейлендіру музейтану ғылымының құрылымында әлі де лайықты орнын тапқан жоқ. Музейлендіруге дәстүрлі коллекция жинау қызметі сияқты музей қызметінің маңызды бағыты ретінде тану көзқарасы басым екені анық. Сақтау ортасының ең оңтайлы нұсқасы – музей кеңістігі болып табылады. Музейлендіру ұғымының музей саласындағы орны мен маңызын қайта бағалауды қажет ететінін көрсетеді. Қазіргі таңда музейтану ғылымы материалдық және материалдық емес мұраны да өз зерттеу аясында жүйелі түрде қамтуы тиіс. Бұл бағыт музейлердің нақты тәжірибесіне сәйкес келетін ғылыми негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Материалдық емес мәдени мұраның музейлендірілуі – оның сақталуын және ұрпақтан-ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді. Бұл процесс тек қана мәдени құндылықтарды сақтау ғана емес, сонымен қатар қоғамның мәдени өзіндік ерекшеліктерін, дәстүрлерін және тарихын таныстыруды қамтиды. Музейлер осы мұраны халыққа ұсыну арқылы оның маңыздылығын арттырады және оның адам өміріндегі ролін түсінуге мүмкіндік береді.

МЕММ-нің музейлендірілуі тәжірибесін зерттеу – бұл мәдениеттану, антропология және музейтану салаларына қатысты зерттеулердің қиылысы. Теориялық мәселелер арасында бірнеше маңызды аспектілер бар. МЕММ-нің анықтамасы мен классификациясы музей мамандары үшін де қиындық туғызады. Музейлер мен зерттеушілер МЕММ-нің қай аспектілерін жинақтау және көрсету қажеттігін шешу үшін нақты шарттарға мұқтаж.

МЕММ-ді сақтау үшін оның ұрпақтан ұрпаққа берілу механизмі маңызды. Бұл мұраны тірі мәдениет ретінде қарастыру керек. Музейлер мен мәдени ұйымдар осы мұраны жаңартатын, жандандыратын және көрсету әдістерін қарастыруы тиіс. Мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін қандай да бір құндылық иесін немесе мұраны сақтаушының өзін тірі мұра, тірі ескерткіш ретінде сақтау қажет.

МЕММ-нің көрсетілімі мен интерпретациясы тек музейлік экспозициялармен шектелмейді. Оның мәні мен контексті көрермендерге дұрыс жеткізілуі қажет. Музейдің ұстанатын стратегиясы мен интерпретациялық тәсілі маңызды роль атқарады. МЕММ-ді музейлендірудің өзектілігі – қазіргі қоғамда өте маңызды мәселелердің бірі. Бұл үрдіске халықтың дәстүрлері, тілдері, ұрыптары, ауыз әдебиеті, әндер мен билер, қолөнер, кәсіп, фольклор, діни рәсімдер және тағы басқа мәдени элементтерін сақтау, қорғаумен қатар, дамыту, насихаттау да жатады. МЕММ қоғамның өзіндік мәдениетті, тарихи және этникалық ерекшеліктерін сақтау мен дамытуда маңызды рөл атқарады.

Музей саласында МЕММ-ді дамытудың методологиялық аспектілеріне келетін болсақ, зерттеу кезінде бірнеше маңызды әдіснамалық қағидалар қарастырылады. МЕММ-ді музейлік зерттеу барысында этнографиялық

әдістерді қолдану аса маңызды. Бұл әдіс халықтың күнделікті өмірін, дәстүрлерін, әлеуметтік құрылымын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Мұнда интервьюлер, бақылау, әңгімелесу, тарихты жинау сияқты әдістер пайдаланылады.

Музейлік МЕММ әр түрлі ғылым салаларымен, мысалы, антропология, социология, тарих, лингвистика, музыка және өнертану сияқты салалармен байланысты болып келеді. Сондықтан музейлік зерттеу кезінде көпсалалы тәсілді қолдану маңызды. МЕММ-ді музей ғылымында жеке элемент ретінде ғана емес, қоғам мен оның мәдениетінің кең контекстінде зерттеу қажет. Мұның ішінде, әр халықтың өзіндік дүниетанымы, дүниеге көзқарасы, әлеуметтік қатынастар мен тарихи тәжірибесі маңызды рөл атқарады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде мәдени мұраның сақталуы үлкен маңызға ие. МЕММ-нің ғаламдық деңгейде танылуы, сондай-ақ оның жоғалу қаупі мен болашағы музейлік зерттеуде аса маңызды. Әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайлар да оның сақталуына ықпал етеді. МЕММ-ді сақтау мәселесі мемлекеттік және қоғамдық қолдауды талап етеді. Бұл зерттеулерде мәдени мұраны қорғаудың құқықтық аспектілері, оның сақталуы мен жаңғыруы үшін жүргізілетін шаралар қарастырылады.

Заманауи технологиялар, әсіресе цифрландыру және мәліметтер базаларын құру, материалдық емес мәдени мұраны сақтау мен таратуға үлкен ықпал етеді. Мысалы, ауызша дәстүрлерді цифрлау, әндер мен билерді электронды түрде сақтау, тілдерді зерттеу үшін түрлі платформалар мен қосымшалар пайдаланылады. МЕММ-нің өзектілігі мен оның сақталуы қоғамдық және ғылыми тұрғыдан маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Оның әдіснамалық аспектілерін зерттеу барысында әртүрлі зерттеу тәсілдері мен әдістерін қолдану арқылы біз бұл құндылықтарды дұрыс түсініп, бағалап, болашақ ұрпаққа жеткізу жолдарын іздестіруіміз керек.

МЕММ-ді құқықтық реттеу, сақтау немесе қорғаудың құқықтық реттеу құжаттарын қалыптастыру этнология ғылымында «нормативті этнология» немесе «құқықтық этнология» деп аталатын бағытпен тісіндіріледі. МЕММ-ге қатысты музейлік зерттеулер нормативті құжаттарды басшылыққа алады [42-47; 63-66]. МЕММ тұрғысынан нақты бір аймақта зерттеу жүргізіп, тіркеу жасау маңызды, әрі оның аймақтық ерекшелігін айғақтайды, басқа өңірмен салыстырмалы сараптау жасауға мүмкіндік береді.

МЕММ-ді музейлендіруде бірнеше методологиялық әдістер қолданылады, олар музейлердің жұмысын жаңартуға және мәдени құндылықтарды тұтастай көрсетуге мүмкіндік береді. МЕММ-ді көрсету үшін интерактивті технологияларды қолдану – бұл музейлерде көрермендермен белсенді байланыс орнатудың тиімді әдісі. Оларға виртуалды шындық, мультимедиялық құралдар және сандық архивтер арқылы бұл мұралармен танысу мүмкіндігін беру. Қытай, Ішкі Моңғолия Ұлттық музейінің «Материалдық емес мәдени мұра» залы моңғол ән-биін, моңғол киіз үйін құру, моңғол дәстүрлі көлігі арбаны жасау, жинау әдісін, су көлігі қайық жасау, аңшылық дәстүрлерін технологиялардың көмегімен қоса көрсетеді.

МЕММ-ді музейлендірудің бір әдісі ретінде дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды немесе халықтық өнерлерді күнделікті өмірде қолданатын адамдармен ұйымдастырылған шеберлік сыныптар немесе тәжірибелік сабақтар арқылы көрсетуі маңызды. Әзербайжан Ұлттық кілем музейінде кілем тоқымашылары кілем өрмегінде тоқу дәстүрін көрсету, үйрету арқыла музейдің «тірі экспонаты», музейдің «тірі мұрасы» ролін қоса атқарады.

МЕММ-ді сандық түрде тіркеу, мысалы, аудио- және бейнемазмұндар арқылы, оның сақталуына, зерттелуіне және таралуына мүмкіндік береді. Сонымен бірге МЕММ-ді цифрландыру және оған жеке тұлғалардың, зерттеу мекемелері мен туристік қауымдастықтардың кеңінен қол жеткізуін қамтамасыз ету мәдени бірегейлікті сақтауға, ұлттық жадыны қалыптастыруға және еліміздің мәдени және этникалық әртүрлілігі туралы білімді таратуға ықпал етеді.

МЕММ танытатын музейлер білім орталығын құру, білімді тарату, жүзеге асыру, оны түсіндіретін музеографиялық өнімнің барлық түрін (баспа, баспасөз, аудио-видео т.б.) тарату арқылы қоғамдық білім беру, халық шығармашылығын тасымалдаушы қауымдастықтың өмір сүру ортасын қалыптастыру, әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты, мәдениеттерді жақындастыру, мәдениетаралық диалог қалыптастыру қызметін қоса атқарады.

МЕММ дамытуға бағытталған музейлер міндетіне әр қоғамдағы, әр топтағы орны мен ролін, түгендеу, құжаттауды түсіндіруге бағытталған шараларды жүзеге асыру арқылы нысанның Ұлттық және ЮНЕСКО-да тізімделуге енуін таныту да жатады. МЕММ-ді музейлендіру мәселесі қазіргі заманғы мәдениеттану мен музейтанудың маңызды ғылыми бағыттарының бірі болып табылады. Бұл ұғым тек мәдени құндылықтарды сақтау мен көрсету үдерісімен ғана шектелмей, қоғамның тарихи-мәдени тәжірибесін жүйелеу, оны ғылыми тұрғыдан түсіндіру және келер ұрпаққа жеткізу міндетін де қамтиды.

МЕММ-ге жататын халық ауыз әдебиеті, дәстүрлі музыка мен би өнері, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, мерекелік рәсімдер, қолөнер және басқа да рухани-мәдени құбылыстарды музейлендіру барысында оны «қатып қалған» экспонатқа айналдырмай, өміршеңдігін сақтап жеткізу зерттеушілердің алдында бірқатар теориялық-методологиялық қиындықтар туындайды. МЕММ-ді насихаттау қызметін қоса атқаратын музейлердің басты міндеті – мұраның тек деректік мазмұнын ғана емес, сонымен бірге оның әлеуметтік қызметін, мәдени мағынасын, қоғамдағы рөлін де айқындап көрсету. Бұл ретте жаңа музейлік әдістемелер мен тәсілдер қолданылады: заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану, мультимедиалық және интерактивті экспозициялар құру, жергілікті қауымдастықтармен ынтымақтастық орнату, мұраны тасымалдаушы шеберлерді тарту сияқты амалдар кеңінен енгізілуде. МЕММ-ді музейлендіру тек мәдени феноменді сақтап қою емес, сонымен бірге оны әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікке енгізу, қоғамды мәдени әртүрлілікті құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау құралы ретінде де қарастырылады.

Дәстүрлі музейтану негізінен материалдық артефактілерді жинау мен сақтау ісіне бағдарланған болса, қазіргі таңда музейлер «тірі мұраны» сақтаудың

әлеуметтік агенттері ретінде қарастырылады. Бұл үрдіс, ең алдымен, қатысымдық және қауымдастыққа негізделген әдіснамалар арқылы жүзеге асып, мәдени тәжірибелерді түгендеу ісін жаңа сапалық деңгейге көтереді. Түгендеу енді тек техникалық сипаттағы құжаттандыру шарасы ғана емес, мұра тасымалдаушыларын тікелей қатыстыруға, олардың көзқарасы мен тәжірибесін ғылыми айналымға енгізуге бағытталған дағдыны (рефлексивті), көпқырлы процесс ретінде бағаланады.

ЮНЕСКО қамқорлығындағы Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы МЕММ-ді қорғау жөніндегі Өңірлік орталықтың (София, Болгария) жылдық жұмыс жоспары шеңберінде, Түркия Республикасының Мәдениет және туризм министрлігімен, Түркия Ұлттық ЮНЕСКО комиссиясымен және Дәстүрлі өнер қауымдастығымен бірлесіп, жыл сайын МЕММ-ді қорғау туралы Конвенция аясында қамқоршылықпен өткізілетін музейлердің МЕММ-ді қорғаудағы ғылыми-тәжірибелік рөлін күшейтуге бағытталған бірнеше іс-шаралары бар. Солардың бірі: «Community-Based Inventorying: Living Heritage and Museums» (Қауымдастыққа негізделген түгендеу: Тірі мұра және музейлер) деп аталатын семинар. Семинар барысында жүргізілетін ғылыми талқылаулар, кейс-стадилер және далалық зерттеу тәжірибесін қосу музей мамандарына Конвенция ұстанымдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [106 s 7; 109, s 57; 110 s 119]. Бұл орайда түгендеу, тіркеу, құжаттау үдерісінің этикалық өлшемдері – ерікті, алдын ала және толық хабардар келісім қағидаттарын ұстану, сондай-ақ материалдық емес мәдени мұраның динамикалық әрі эволюциялық табиғатын құрметтеу мәселелері. Семинарға қатысушылар қауымдастыққа негізделген түгендеуді жүргізудің жаңа стратегиялары мен әдістемелік дағдыларын меңгереді. Сонымен бірге, халықаралық стандарттар мен жергілікті қажеттіліктерді үйлестіре отырып, материалдық емес мәдени мұраны қорғау жоспарларын әзірлеудің ғылыми негізделген жолдарын қарастырады. Жалпы алғанда, бұл ғылыми-тәжірибелік іс-шара музейлердің инклюзивті, этикалық және ынтымақтастыққа негізделген мұра жұмысын дамытудағы жаңа парадигмасын айқындауға мүмкіндік береді.

Музейлендірудің теориялық-методологиялық мәселелерін шешу – мәдени мұраның тұтастығын сақтау, тарихи жадты жаңғырту және мәдени сабақтастықты қамтамасыз етудің маңызды алғышарты болып табылады.

3.3 Материалдық емес мәдени мұраны музейде көрсету шешімдері, түрлері

МЕММ сақтауды музей ісінде көрсетуде экспонат қызметін этнографиялық коллекция қамтамасыз етеді. Этнографиялық коллекциялардың жасалу технологиясын, қолданыс аясын *«тасымалдаушы, дерек кісі, өнер иесі»* арқылы көрсету, интерактив арқылы көрсету, шебер-сыныптар, шеберхана жұмыстары, музей ішілік білім беру жүйесі арқылы көрсету музей ісінде қазіргі таңда дәстүрлі әдіс түріне өткен. МЕММ-ді дамытуда этникалық мәдениет реконструкциясын іске қосудың маңызы зор, бұл бағыттың мақсаты ролдік ойын және ғылыми эксперимент әдістерін қолдана отырып, таңдалған нысанның

дәстүрлі, тарихи сипатын терең насихаттау. Этникалық мәдениет реконструкциясының этнотуризм ісін дамытуда атқаратын ролі зор.

Конвенцияға қатысушы елдердің МЕММ дамыту саясатында МЕММ музейлендіру, музей аясында насихаттау, музейлік мекемелерде, мәдени бағыттағы ұйымдар, қоғамдар қызметінде материалдық және МЕММ-ларын тарихи модельдеу нәтижесінде құндылықтарды жаңғырту ісінің маңызы ерекше. МЕММ музейде көрсетуге қолданылатын атаулар жүйесіне музей ісіне енген жаңа терминологиялар, анықтамалар мен түсініктемелер әдістемелік басшылыққа алынады [122; 178; 113, s.162-163].

Материалдық мәдени мұралармен қатар МЕММ-ді жандандыру, нысанның жұмыс істеуін қалпына келтіру және өздігінен өсуіне жағдай жасауға, яғни *ревитализациялау* (латын, *re* – қайталау әрекеті және *vita* - өмір) ісіне мән беріледі. Табиғат және тарихи-мәдени ортада өзінің табиғи болмысын сақтап қалған, материалдық және МЕММ жиынтығының дәстүрлі түрлерін сақтап отырған, олардың қызметін ылғи жандандырып, өзекті мәселе ретінде көрсетуге бағытталған музей түрін әлемдік тәжірибеде «*тірі музей»,* ал оның музейішілік көрсетілімдерін *«тірі экспозиция»* деп атау қалыптасқан. МЕММ насихаттаудағы бұл бағыт отандық тәжірибеде *«этноауыл»* ретіндегі музейлер жұмысынан көрінеді.

Тірі музейлер өзінің аймағында ландшафты тарихи қоныстар мен қатар ұлттық құндылықтар немесе этностық мәдениет сипатында әлеуметтік-тұрмыстық нысандағы қызмет көрсету сервистерін қамтамасыз ететін қонақ үйлер, мейрамханалар, офистер, ас үйлер, мәдени алаңдар, шаруашылық алаңдарды қамтиды. Тірі музейлер тарихи мәдени ескерткіштер мен қатар ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптарды насихаттап, оларды дамытуға бағытталған. Тірі музей әлемдік музеологияда *«жанды музей», «пайдалы музей», «экомузей»* деген ұғыммен де танымал, оның мақсаты жергілікті тұрғындарды мәдени-тынығу және ағартушылық қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, олардың қоршаған ортамен байланысын арттыру мақсатын көздейді. МЕММ бағытындағы музейлер жергілікті тұрғындарды әлеуметтік, экономикалық, экологиялық мәселелерді шешуге белсене қатыстыруды ұйымдастыру арқылы, тұрғындарды өздері тұрған өңірдегі қоршаған ортамен тығыз байланыста болуын қамтамасыз етеді. Тірі музейлер ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарды сақтауды табиғат ескерткіштері ортасында насихаттауға, адам мен табиғат арасындағы байланыс орнатуға белсене қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған музейлер жүйесін құрайды.

Музейлік модернизация ісінде турнирлер мен МЕММ реконструкциясын жасау ісі, оны тірі музейлер экспозициясында жүзеге асыру ісі өзекті болып табылады. Тірі музейлерде белгілі бір тарихи кезеңдегі адамдардың тұрмыстық жағдайын қайта жаңғырту арқылы *тірі тарих* (ағыл. *living history)* экспозицияланады. Тірі тарих арқылы немесе тарихи шайқастар, әскери өнер арқылы, әскери құралдарды, қорғаныс киімдерін жасау, қару-жарақтарды жасау ісін жүзеге асыратын қолөнер шеберлері, ұсталардың еңбегінің өнімі, нәтижесі көрінеді. Музей мамандары қайта жаңғыртуды ұйымдастыру барысында барлық

элементтер, яғни адамдардың киетін киімдерінен бастап, азық-түліктеріне дейін ескеріледі. Қазіргі заманда өзінің дамуында жаңа көзқарастарды жүзеге асыру жолына түскен музейлер, дәстүрлі міндеттер мен мақсаттары көлемінен шығып, қоғам мен қоршаған орта өміріне қызу араласып, өз аясын кешенді бағдарламаларды жүзеге асырумен кеңейту керек. Қазіргі қоғамдағы музей тұтынушыларының өскелең талабы мәдени құндылықтарды сақтап, насихаттайтын музейлердің болуы өздерін қанағаттандырмайтындығын, дәстүрлі музейлермен қатар адам дамуы индексіне әсер ететін, таным көкжиегін кеңейтетін музейлерді қоса қабат дамыту керектігін дәлелдеді [122; 178].

Музеологиядағы жаңа әдістерде ашық аспан асты музейлерінде, этномузейлерде, музейлік іс-шаралар аясында далалық шайқастарды реконструкциялау ісі *турнир* деп аталып, оны көрсету топтық экскурсияға негізделеді немесе музейлік мерекелік шараларда, мәдени фестивальдарда көрсетіледі. Бұл бағыттың мақсаты белгілі бір тарихи кезеңнің әскери тарихын зерттеу және оны тәжірибеде қолдану болып табылады. Украинаның «Полтава соғыс даласы» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы қару-жарақ, соғыс өнерін реконструкциялап, экспозициялық қойылым көрсетуден жақсы тәжірибе қалыптастырған еді, қазіргі соғыс жағдайында «турнир» өткізу тоқтап тұрғанымен жаңа музеологияда озық тәжірибелер қатарында. Чехияның Славкове (Аустерлиц) қаласының тарихи музейі әскери киім, Ресейдің Уфа және Орал-Жайық әскери-патриоттық клубы, Ресей тарихи реконструкция клубы, «Царицыно» қорық-музейі, «Бородино» мемлекеттік әскери-тарихи қорық-музейі топтық экскурсияға «соғыс өнерін» көрсету арқылы қару-жарақ соғудағы ұсталық өнерді, әскердің қорғаныс киімін дайындауды халық қолөнерінің туындысы ретінде қоса насихаттайды [178].

Түркия, Бурса тарихы Панорама музейінде тірі экспозициялық қойылым ретінде «түрік әскері» шеруін әскердің жігерін қайрайтын үрмелі, соқпалы музыкалық аспаптарды қолдана отырып, «музыкалық театрландырылған әскери шеру» көрсету тәжірибесі жолға қойылған. «Турнир» тірі экспозицияның қайсы түрі болса да яғни қойылымы топтық экскурсияға және демалыс күндеріне бағытталған [200]. Отандық тәжірибеде Алматы облысына қарасты «Nomad» этноорталығында қазақ жауынгерінің қорғаныс киімін киіп, қашықтықтан садақ ату және қоян-қолтық соғысу өнерінде қылыштасу, найза түйреу өнерін «турнир», «тірі экспозиция» түрінде ғана емес, келушілердің әскер ретінде рольдік ойынға қатысып, белсенді сезінуін ұйымдастырады. Көкпар, құсбегілік, ат ойындары көрсетілімі ҚР МЕММ дамыту саясатына сәйкес келеді [Қосымша Б., Сурет Б.10]. 2021 жыл, қараша айында «Ұлық Ұлыс - Алтын Орда» атты Халықаралық конференция аясында Сарайшық қорық-музейінде құрылған «Этноауыл» бір күндік ашық аспан асты экспозициясында көрсетілген қазақтың әскери өнері, қоян-қолтық ұрыстағы қылыштасу, садақ ату, салт аттылар, түйелер «тірі экспозициясы» МЕММ-ді музейлік көрсету әдістеріне саяды [Қосымша Б., Сурет Б.11].

Музей ісінде тарихи оқиғалар мен МЕММ-ді реконструкциялауда тарихи дәстүрлерді, ұлттық салт-дәстүрлерді, қолөнер шеберлерінің әдіс-тәсілдерін

адамдар көмегімен көрсету ісі *имитация* (лат., *imitatio* – ұқсау, еліктеу) ұғымымен түсіндіріледі. Имитацияны, яғни *«тірі экспозицияны қалыптастыру»* ісі тарихи-өлкетану, тарихи-этнографиялық музейлер бағытына сәйкес келеді. Мысалы, қолөнер жәрмеңкесін, шеберлік-сыныптарын, ұлттық киімдер сән шеруін, т.б. ұйымдастыру. Ұлттық Орталық музейде «Орталық Азия шеберлері» жәрмеңкесін өткізу, «Наурыз», «Тәуелсіздік күні» мерекелері қарсаңында «қолөнершілер фестивалі» немесе «қолөнершілердің шеберлік-сыныптарын» өткізу жыл сайынғы дәстүрлі шараға айналған. Қолөнер жәрмеңкесі аясында, сондай-ақ 18 мамыр Халықаралық музейлер күніне орай өтетін «Музей түні» іс-шарасындағы «Ұлттық киімдер сән шеруін» де «тірі экспозиция» деп қарауға болады. Музейлік ұлттық киімдер сән шерулері, көрсетілімдері МЕММ -нің «қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар» типін, соның ішінде тігіншілік өнерді насихаттауға да жұмыс жасайды.

Астана қаласы «Өнер музейі» ұлттық саз аспаптар, ұлттық киімдер экспозициясын, Б.Сарыбаев атындағы зертхана жұмысын қоса қамтиды. Саз аспаптарында ойнап көруге, үйренуге және саз аспаптарды шеберханада жасауға тапсырыс алуға бағытталған жұмыс арқылы қоғаммен байланыс жасауы оң шешімін табуда.

Жаһандану – қоғамның дамуының негізгі аспектілерінің бірі, сондықтан да ұлттық мәдениетті сақтау мәселесі барған сайын өзекті болуда. МЕММ-ді қорғаудың ЮНЕСКО Конвенцияларын ратификациялау арқылы әлем елдері мен Қазақстанның Халықаралық мәдени жобаны жүзеге асыруға қатысуы мәдени мұраның дәстүрлі қалпын сақтау ісіне кері әсер ететін жағымсыз әлеуметтік құбылыстардың алдын алу және оларды еңсерудің тиімді құралы болып табылады. Сондай-ақ, ол патриоттық және азаматтық қасиеттерді қалыптастыруға, руханилық пен адамгершілікке ұстанымдарды, отбасылық және қоғамдық қарым-қатынастарды тұрақтандыру мен үйлестіруге ықпал етеді. МЕММ көмегімен дәстүрлі аймақтардың әлеуметтік және экономикалық әлеуетін қалпына келтіру және дамыту, МЕММ-ді сақтау, қорғау, оны насихаттауда «тірі мұра» қызметін атқару арқылы халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуге болады. «Тірі музей» немесе «этномузей» бағытындағы МЕММ музейлері арқылы мүмкіндігі шектеулі адамдарды бейімдеу және МЕММ арқылы инклюзивті білім беруді дамыту мәселелерін де шешуге болады.

«Тірі музей», «экомузей», «пайдалы музей» бағытындағы музейлік қызметтер, топтық экскурсиялар жергілікті тұрғындарды әлеуметтік, экономикалық, экологиялық мәселелерді шешуге белсене қатыстыруын қамтамасыз ету арқылы, тұрғындарды өздері тұрған өңірдегі қоршаған ортамен тығыз байланыста болуын, табиғат ескерткіштері мен ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарды сақтап, насихаттауға белсене қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған музейлер жүйесін құрайды. МЕММ дамытуға бағытталған бұл музейлік қызмет «адам мен табиғат» арасындағы байланысты, табиғатпен етене өмір сүру салтын дамытуды қоса қамтамасыз етеді. Бұл бағыттың мазмұны:

1) *Тірі музей*/*экомузей* – табиғат және тарихи-мәдени ортада өзінің табиғи болмысын сақтап қалған, материалдық және материалдық емес мәдениеттер

жиынтығының дәстүрлі түрлерін сақтап отырған, оладың қызметін ылғи жандандырып, өзекті мәселе ретінде көрсетуге бағытталған музейлік тип. Тірі музейлер өзінің аймағында ландшафты тарихи қоныстар мен қатар әлеуметтік-тұрмыстық нысандағы қызмет көрсету сервистерін қамтамасыз ететін қонақ үйлер, мейрамханалар, офистер, т.б. қамтиды. Тірі музейлер тарихи мәдени ескерткіштер мен қатар ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптарды насихаттап, оларды дамытуға бағытталған.

2) Шетелдік музеологияда *«пайдалы музей»* деген ұғыммен танымал, оның мақсаты жергілікті тұрғындарды мәдени-тыныңу және ағартушылық қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, олардың қоршаған ортамен байланысын арттыру мақсатын көздейді.

Музей мамандары қайта жаңғыртуды ұйымдастыру барысында барлық элементтер, яғни адамдардың киетін киімдерінен бастап, азық-түліктеріне дейін ескеріледі. Қазіргі заманда өзінің дамуында жаңа көзқарастарды жүзеге асыру жолына түскен музейлер дәстүрлі міндеттер мен мақсаттары көлемінен шығып, қоғам мен қоршаған орта өміріне қызу араласып, өз аясын кешенді бағдарламаларды жүзеге асырумен кеңейту керек. Қазіргі қоғамдағы музей тұтынушыларының өскелең талабы мәдени құндылықтарды сақтап, насихаттайтын музейлердің болуы өздерін қағаттандырмайтындығын, дәстүрлі музейлермен қатар адам дамуы индексіне әсер ететін, таным көкжиегін кеңейтетін музейлерді қоса қабат дамыту керектігін дәлелдеді.

Қазіргі заманғы музейлік әлем жаңа идеялар мен көзқарастарды, технологияларды, терминдер мен түсініктерді игеруге бағытталған. МЕММ құндылықтарын сақтау және интерпретациялауда, оларды өздерінің қалыптасқан ортасында сақтау арқылы *«тірі музей», «ортадағы музей»* жасау түсінігі қазіргі таңдағы музейлік ғылымда кеңінен кіріккен. МЕММ-ді музейде көрсетуді «тірі өмір сүріп отырған зат өнер үшін өте пайдалы» деп қабылдау қажет. Қазіргі заманғы музеология ғылымының тенденциясында «тірі музей» идеясын насихаттау экомузейлерден, музей-қорықтардан да көрініс табуда. Әсіресе музейлердің туристік маршрут бағдарына кіруі үшін және оның *«музей – адам – табиғат – қоғам»* шеңберінде танылуы үшін дәстүрлі музей контектіне МЕММ қосылуы көптеген мемлекеттердің музейлерінде орнығып алды, яғни көптеген мемлекеттер дәстүрлі мен МЕММ жаңалығын қосып алудан тәжірибе қалыптастырып үлгірді. Музей әлемі морфологиясындағы өзгерістер, музейдің әлеуметтік мәдени өміріндегі түсініктердің кеңеюі және тереңдеуі *«музей-мектеп», «музей-клуб», «музей-кітапхана», «музей-институт»* сияқты қызықты «симбиоздар» тенденциясы аясында да МЕММ элементтері мен қағидаттарын насихаттауды қосып алуда. Музейлік мектеп, музейлік клуб, музейлік кітапхалар да өз бағыты мен қызметіне сай тірі музей, реконструкция жасау арқылы тарихи дәуірлер қойнауында ұмыт қалған дүниелерді қайта тірілтеді, осындай жолмен мәселені көрнекті көрсете алады.

МЕММ-ге кандидат немесе тіркелген мұраны таныту, насихаттаудың бір жолы медиация (фр. *mediation*) – музейлік түсіндіру әдісі арқылы жүзеге асады. XV ғасырдағы латын тіліндегі *mediatio*, *de mediare* сөзінен шыққан, испан

тілінде: *mediación*; неміс тілінде: *vermittlung*; итальян тілінде: *mediazione*; португал тілінде: *mediação*. Терминді әр мемлекет өз тіліндегі атаумен қолданады. Медиация әлемдік музеологияда музей мен музейді қолданушылар байланыстыратын, музейлік мұра арқылы кез-келген жастағы тұтынушы үздіксіз білім жетілдіру мен рухани өсуіне қол жеткізуге бағытталған әрекет ретінде анықталады. Музей контексінде медиация музейге келушілер, музейді онлайн тұтынушылар мен музей ұсынатын мұра арасында байланыс жүзеге асыратын делдал, медиатор қызметін атқарады. МЕММ түсіндіру ұсынылатын мұраның болмысы, бейнесі, құрылымы, материалы, қалыптасу ортасы, қолданыс ортасы, жасалу технологиясы толық қамтылады.

Этимологиялық тұрғыдан алғанда, «медиация» сөзінде «орталық» деген мағынаны білдіретін «media» сөзінен қалыптасқан. Көптеген халықтық тілінде кездесетін бұл түбір сөз (ағылшын тілінде: *med*, испан тілінде: *medio*, неміс тілінде: *mitte*) бізге медиацияның орта позицияда болу идеясымен байланысты екенін білдіреді. Музейлендірілген, сақталған мұра халықпен байланыстыратын медиатор рөлін қоса атқарады. Бұл ұстаным «музейлік коммуникация» бағыты атқаратын қызметке де сәйкес келеді.

МЕММ-ді дамытудағы музей қызметінде ақпараттық технологияларды енгізу, цифрландыру жүйесін қолдану қазіргі таңда кең қалыптасқан әдіс, шешім. 2003 жылғы Конвенцияға қосылған мемлекеттердің ЮНЕСКО онлайн платформасы арқылы мұраларын ақпараттандыру МЕММ-ді цифрландыру, қорғау, сақтауды виртуалды форматта насихаттаудың озық үлгісі [59; 62; 209-220]. ЮНЕСКО платформасы МЕММ-ге маманданған музейлерге виртуалды ақпараттық база қызметін қоса атқарады. Музей қызметінде ЮНЕСКО-ға енген МЕММ виртуалды кеңістікте орналасқан, компьютерлік технологиялар көмегімен жүзеге асыру «виртуалды экспозиция» деп аталады. Қабырғалық мультимедиялық технологиялар қолдану «мультимедиялық галерея» ретінде жұмыс жасайды.

Музей қызметіндегі модернизация мәселелері қазіргі таңда өзекті мәселе болып саналады, қазіргі таңдағы музейлік басылымдар, музейлік зерттеулердің негізгі дені осы сұрақты шешу жолдарына арналған. Соңғы онжылдықта осы мәселеге қатысты ойды білдіруге мүмкіндік беретін жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бағытталған музейлерді реформалау тәжірибесі жинақталған. Музейлік модернизация мәдениет пен қоғам дамуына негізделген музейлерді қалыптастырумен тікелей байланысты. Қазіргі таңдағы музейлер халыққа нақты білім беретін, көпшілікпен үздіксіз байланыс жасайтын мәдени және шығармашылық орталықтар бола отырып, олар күнделікті өзгеріп тұратын мәселелер мен қажеттіліктерге бейімделе алатын институционалдық құрылымға айналуы тиіс. Модернизациялау – заман талаптарына сай әр түрлі жақсартуларды, жетілдірулерді енгізуді білдіреді. Қазіргі кезде музейлер әр түрлі білім деңгейіндегі, әр түрлі жастағы және көптеген арнайы мамандарға кәсіби қызмет ететін, көпфункциялы мәдени кешенге айналуы, МЕММ музейлерін құрудан немесе музей ішінде МЕММ залын, экспозициясын құрудан, МЕММ арқылы музейлік білім таратудан да көрінеді [59].

Әзербайжан Ұлттық кілем музейінде кілем тоқу, ши тоқу, өрмек құрудың дәстүрлі технологиясын виртуалды ақпараттық технология көмегімен көрсетудің бір үлгісі экспозициядағы әрбір экспонатқа қосымша мәтіндік және суреттік түсініктеме беретін, экспонаттар жайлы толық мәлімет алуға мүмкіндік беретін электронды терминал-қондырғы, мультимедиалық қондырғылар, интерактивті қондырғылар «виртуалды көрме» қызметін ауыстырады. Бұл мультимедиялық және презентациялық техниканың қарқынды дамуын арнайы арт-инсталяциялардан көруге болады [195; 209].

Анкара МЕММ музейінде білім беру, ағартушылық жұмыстарын оңтайлы жүргізу үшін «дәстүрлі қонақ бөлмесі» қабырғалық мультимедиялық технологиямен жабдықталған, дәріс бөлмесі қызметін қоса атқарады. Музейдің «Қаракөз» көлеңке театры залының дыбыс акустикалық, жарық беру технологияларымен жабдықталуы, қорғауға алынған ұлттық құндылықты сапалы жеткізуге қызмет етеді [199; 113, s.162-664].

Отандық тәжірибеде музей ғимаратында ақпараттық технологияны МЕММ арқылы таныту мақсатына қабылдауға болатын тәжірибенің бірі деп Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейіндегі қобыз экспозициялық залында қобыз күйінің әуені, домбыра экспозициялық залында домбыра күйі естілетін дыбыстық фонды және осы мекемемен бірге Алматы қаласы музейлер бірлестіктігіне қарайтын «Алатау» дәстүрлі өнер театры, «Мультимедиалық дәстүрлі музыка орталығы» саз аспаптарды көрсету технологиясын айтуға болады [208].

3.4 Материалдық емес мәдени мұраның туристік-рекреациондық қызметте көрсетілуі

МЕММ-нің ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, қоғамның мәдениетін, құндылықтарын, тілін, өнерін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын қамтитын элементтерінің туристік-рекреациялық қызметте көрсетілуі мәдени туризм мен демалыс индустриясы үшін маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Мәдени мұраны құру (бірқатар мәдени практикаларды мұра ретінде мойындау) және оны сақтау, сөзсіз, қатысушы қауымдастықтар ішіндегі айқын және айқын емес иерархияны қиындатады, бірақ бір мезгілде өзара әрекеттесуге жақсы мүмкіндіктер ұсынады.

Өзара әрекеттесу процесінде қауымдастықтың кейбір мүшелерінің алдыңғы мәртебесі өзгеруі мүмкін. Мысалы, олардың мәдени тәжірибесін пайдалану немесе мәдени мұраны қорғау мен насихаттау іс-әрекеттері барысында ұйымдастырушылық немесе әкімшілік таланттарын ашу арқылы жаңа сатыға көтерілуі мүмкін. Осылайша, мәдени мұраға ие қауымдастықтардың белсенді рөлі, сонымен қатар, оның насихатталуы мен тұрақты дамуына ықпал ететін практикаларды қамтуы тиіс. Туризм, сөзсіз, осындай практикалардың бірі және мәдени мұраға әсер ететін фактор. Ол оның сақталуы мен дамуына ықпал етуі мүмкін немесе керісінше, мәдени мұраның деконструктуациясына немесе коммерциялануына әкелуі мүмкін. Туризмде материалдық және материалдық

емес мәдени мұралар көбінесе туристік активтер (ресурстар мен өнімдер) ретінде қарастырылады.

Туристік қызмет барысында мұра объектілері әдетте көрсетілім нүктелері ретінде қызмет атқарады. Белгілі бір элементтерін сақтап, қолданатын адамдар кәсіби орындаушылар, мәдени көріністер немесе әлеуметтік тәжірибелер олардың күнделікті өмірінің бір бөлігі болып табылады.

Соңғы жылдары ЮНЕСКО мәдени мұраның туризммен байланысын зерттеуге үлкен көңіл бөлді. ЮНЕСКО үшін маңыздысы, мәдени мұраға қатысты мүдделі қауымдастықтар, топтар мен жеке тұлғалар туризмнен негізгі пайда алушылар болуы және оның басқаруында басты рөл атқаруы керек. Мемлекет тарапынан қабылданатын заңнамалық және әкімшілік шаралар «туризм мұраның өміршеңдігіне, әлеуметтік функцияларына және мәдени маңызына ешқандай қауіп төндірмеуі және төмендетпеуі керек», сондай-ақ мәдени мұраға қатысты қауымдастықтардың қазіргі өмірінің дамуына кедергі келтірмеуі немесе олардың репутациясына қауіп төндірмеуі керек. Мұра иеленушілері мен топтарының білімдері мен дағдыларын заңсыз иемдену немесе теріс пайдалану, сондай-ақ мәдени мұраның өміршеңдігіне қауіп төндіретін артық коммерцияландыру болмауы тиіс. Бұл түсінік қазіргі заманғы тұрақты туризм қозғалысының негізінде жатыр, ол қауымдастықтардың туризм саласындағы бағдарламаларды әзірлеу және іске асыруда белсенді қатысуын қолдайды.

Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ) тұрақты туризмді табиғи ресурстарды сақтау; жергілікті халықтың мәдениетіне және құндылықтарына құрметпен қарау; жергілікті экономиканы дамыту және әділ табыс табу деген «экология–қоғам–экономика» триадасының теңдігі ретінде қарастырады.

МЕММ тұрғысынан, туристік бағыттарды дамытуда МЕММ саласындағы белсенді кәсіби мамандармен ынтымақтастық өте маңызды, себебі олар туристерді тартуға қабілетті жобаларды іске асыруда негізгі роль атқарушы болып табылады және туристік өнімнің мазмұны мен дамуына жауап бере алады. МЕММ осындай өзара әрекеттесуді ұйымдастыру үшін жақсы мүмкіндіктер ұсынады. Алайда, өзара әрекеттесу туралы сөз болғанда, бұл қауымдастық мүшелерінің барлық туристік жобалар мен бағдарламаларды жоспарлау мен іске асырудың барлық кезеңдерінде еркін және хабардар қатысуын білдіреді. МЕММ иеленуші қауымдастықтар жыныс, жас, әлеуметтік және ұлты тұрғысынан да, әртүрлі кәсіби құзыреттер мен қатысу мүмкіндіктерін орындау тұрғысынан да біркелкі емес. Мысалы, олардың арасында дәстүрлі білімдер мен дағдыларды, тәжірибелерді иеленушілер, билік өкілдері, жергілікті интеллигенция, жергілікті бизнес өкілдері, жастар ұйымдары және басқалар болуы мүмкін. Олардың туризмге қатысты өз мүдделері мен қалаулары бар, табиғи және мәдени ортаға әсер ету мүмкіндіктері мен шектеулерін жақсы түсінеді, сондықтан олардың тәжірибесі мен қатысуы МЕММ-ді пайдалану бойынша маркетингтік стратегия жасау және оның негізінде сәйкес туристік өнімдер әзірлеу кезінде алмастырылмайды.

Жоғарыда айтылғандар соңғы 10 жылда ДТҰ жүргізген туризм зерттеулеріндегі негізгі тенденцияларға жақсы сәйкес келеді және бір бөлігін

ДТҰ 1999 жылы қабылдаған Туризм жөніндегі Жаһандық этикалық кодексінде көрсетілген. Атап айтқанда, осы кодекстің 5-бабында «жергілікті тұрғындар туристік қызметке тең құқықты негізде қатысуы және экономикалық, әлеуметтік және мәдени игіліктерді алуына қатысуы керек, соның ішінде тікелей және жанама жұмыс орындарын құру түрінде», - деп көрсетілген [5].

ДТҰ-ның 2012 жылғы туризм мен МЕММ арасындағы өзара қарым-қатынастарға арналған жарияланымында МЕММ-ге байланысты туризмнің дамуының негізгі мәселелері, тәуекелдері мен мүмкіндіктері зерттеледі, сондай-ақ МЕММ негізінде туристік өнімдерді дамыту мен маркетинг жасау бойынша практикалық қадамдар ұсынылады. Бұл жинақта МЕММ-нің алты негізгі категориясына қатысты туризмді дамыту жөніндегі үздік жобалар келтірілген: қолөнер және халық шығармашылығы; гастрономия; әлеуметтік тәжірибелер, ғұрыптар мен мерекелер; музыка және орындаушылық өнер; ауызша дәстүрлер; табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар [8].

Туризмде МЕММ-ді пайдалану түрлерінің бірі ретінде жергілікті және аймақтық фестивальдар ұйымдастыруды атауға болады. Аталған ДТҰ жарияланымында тұрақты туризмнің бір табысты тәжірибесі ретінде Сербия, Босния және Герцеговина шекарасындағы Козара таулы аймағындағы этнофестиваль аталады [8]. Тек 2010 жылы фестивальге 8 еуропалық елден 400 қатысушы келген, сондай-ақ 10 000-нан астам көрермен болған, олардың бір-екі үштен бірі туристер болды. Тағы 1000 адам осы аймақты басқа уақытта барған. Жергілікті тұрғындар фестивальді ұйымдастыру және өткізу процесіне белсенді қатысады. Олардың көпшілігі ауыл туризмі, тұрақты даму, заңнама, маркетинг және фандрайзинг саласында арнайы оқу курстарынан өткен. Олардың бір бөлігі жаңа мамандықтар меңгеріп, алған дағдылары мен туристік бағыттың дамуы арқасында жергілікті қауымдастық ішіндегі әлеуметтік рөлдерін өзгерткен. Фестиваль барысында жергілікті ауылдық базарларда экологиялық таза өнімдер мен қолөнершілердің бұйымдары белсенді түрде сатылды.

Фестиваль, осылайша, жергілікті өнімдерді алға жылжытуға ықпал етеді, тұтынушыларды тартып, фестиваль емес уақытта да тарту арқылы, ауылдық кәсіпкерліктің дамуына және жергілікті тұрғындардың әлеуметтік-мәдени мотивациясын арттыруға көмектеседі. Балқандық тәжірибе, сөзсіз, Беларуссияның бірқатар аймақтары үшін үлгілі болды. Беларуссияда осындай фестивальдарды ұйымдастыруға алғашқы қадамдар жасалуда. Беларусь пен Балкан тәжірибесінің айырмашылығы – бізде әкімшілік ресурстар барынша пайдаланылады және негізінен мемлекеттік қаржыландыру жүзеге асырылады. Сонымен қатар, тәжірибе көрсеткендей, жергілікті тұрғындар мұндай оқиғаларды басқаруға жеткілікті түрде тартылмайды. Кейде олардың тікелей пайдаланылуы немесе көрермен ретінде қатысуы кездеседі, бірақ қатысушы ретінде емес. Фестивальдан пайда көретіндер көбінесе мұрагерлер емес, үшінші тұлғалар, бұл қолайсыз жағдай.

Франциядағы Petites Cités de Caractère («Ерекшеліктері бар кішігірім қалалар») жобасы шағын қалалық қауымдастықтардың мәдени мұрасын жергілікті даму құралы ретінде пайдалану арқылы олардың әлеуметтік-

экономикалық әлеуетін нығайтуды көздейді. Бұл бастама тек сәулеттік және табиғи мұраға ғана емес, сонымен қатар дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, фольклор, жергілікті мерекелер, қолөнер сияқты МЕММ типтеріне да ерекше назар аударады. Мұндай көзқарас аймақтық бірегейлікті сақтауға, ұжымдық жадты нығайтуға және жергілікті қоғамдастықтардың мәдени өзіндік ерекшелігін жаңа буынға жеткізуге мүмкіндік береді. Жобаның негізгі қағидаттары – мәдени құқықтарды сақтау, орнықты даму және тұрақты туризмді қамтамасыз ету. Бұл қағидаттар материалдық емес мәдени мұраны жергілікті қауымдастықтардың күнделікті өміріне енгізіп, оны әлеуметтік бірлік пен экономикалық өркендеудің тірек ресурсына айналдырады. Осы тұрғыдан алғанда, «Petites Cités de Caractère» мәдени мұраны тек қорғау нысаны ретінде емес, демократиялық құндылықтарды нығайтатын, азаматтардың шығармашылық әлеуетін ашатын және жергілікті дамуды қамтамасыз ететін стратегиялық құрал ретінде қарастырады.

Үлгілі тәжірибелердің бірі – жергілікті қауымдастық пен туристік ұйымдардың өзара әрекеттесу жобасы – «Руна Тупари» жобасы, Эквадордың Котакачи аймағындағы бірнеше ауылдық қауымдастық фермерлері жүзеге асырады, бұл Котакачи ауылдық және үнді ұйымдары одағының (UNORCAC) бастамасы. Туристерге үй жағдайында, шағын жергілікті фермерлік шаруашылықтарда тұру ұсынылады, олар өздеріне келген туристерге тұрғын үй мен тамақ ұсынады. Жергілікті фермерлер мен жер иелері осы мақсаттар үшін қонақ үйлер салған, олар үшін дәстүрлі материалдар мен әдістерді пайдаланып, дәстүрлі материалдар мен әдістерді қолдану, осылайша жергілікті құрылыс технологияларын сақтауға ықпал етеді. Фермерлер келушілерге жергілікті тайпалар отбасының дәстүрлі өмір салтын, оның ішінде үй бақшасына күтім жасау мен ас әзірлеу әдістерін үйретеді. «Руна Тупари» туристік агенттігі сондай-ақ аймаққа турлар ұйымдастырып, жергілікті қауымдастықтардың МЕММ-мен таныстыруды ұсынады. Агенттікте жергілікті тұрғындар жұмыс істейді, олардың шамамен 25-і экскурсиялар жүргізу, этноботаника негіздері, құстарды бақылау және ағылшын тілі бойынша оқу курстарынан өткен. Эквадордың Туризм министрлігі дайындаудан өткен гидтерге лицензия беруді жолға қойған.

2012 жылы ДТҰ бастаған және өткізген зерттеу негізінде МЕММ саласындағы туристік жобаларды ұйымдастыру мен іске асыруға арналған әдістемелік тәсілдер әзірленді. Оларды шартты түрде 4 негізгі фактор ретінде ұсынуға болады, оларды осы қызметке енгізу және ескеру қажет:

Бірінші фактор – МЕММ саласындағы туризмді жоспарлау мен дамытуда барлық мүдделі тараптар (МЕММ қауымдастықтарының өкілдері, медиаторлар (аудармашылар мен делдалдар), сондай-ақ сыртқы ойыншылар (мысалы, туристік компаниялар) екі концепцияны (туризм мен МЕММ) жақсы түсініп, олардың арасындағы байланыстарды толық түсінуі тиіс. Басқару, өнім әзірлеу, маркетинг және бизнес-стратегияда әртүрлі көзқарастарды ескеріп, кері байланысты есепке алу өте маңызды.

Екінші фактор – туристік өнімдерді әзірлеу мен жасауға қатысты. Арнайы туристік өнімдер жасау көбінесе халықтың МЕММ-ге тікелей әсерін шектеу

үшін қажет болады. Мұндай өнімдерге мыналар кіреді: МЕММ көрсету үшін мәдени алаңдар (кеңістік); нарықтық тартымдылығын арттыру үшін қолөнер бұйымдары мен арт-өнімдер жиынтығы; қажылық жолдары сияқты тарихи желілерді қайта жандандыру немесе бұрынғы схемаларды пайдалану; жаңа фестивальдер мен ірі іс-шараларды ұйымдастыру немесе ескі мерекелерді қайта жаңғырту.

Үшінші фактор – МЕММ-нің бастапқы контекстін сақтау. Туристік араласулар МЕММ элементтерінің тіршілігіне қауіп төндірмеуі керек. МЕММ өнімдері арасында коммерциялық тұрғыдан өміршең болатын, бірақ тым көп сұранысқа ие болуына жол бермейтін қолайлы баланс табу қажет. Сонымен қатар, МЕММ иеленуші қауымдастықпен тығыз ынтымақтастық арқылы ғана жүзеге асырылатын өзгерістердің шектеулерін белгілеу өте маңызды. Барлық туристік активтер (мұра объектілері мен арнайы туристік өнімдер) барлық мүдделі тараптардың қатысуымен ғана өзгеруі мүмкін. Сондай-ақ, «туристік кеңістікке» қарағанда, жергілікті мәдени және табиғи кеңістік сақтықпен пайдалану қажет.

Төртінші фактор – туристік активтерді пайдалану, ол мақсатты әрі тұрақты болуы тиіс. Осы процестің барлық қатысушылары өз әлеуетін үнемі арттырып, қосымша білім алу және кеңес алу қажет, бұл МЕММ-нің тек табыс көзі ретінде қарастырылмай, оған байланысты қауымдастықтар үшін маңызды ынталандырушы және біріктіруші фактор ретінде әрекет етуін қамтамасыз етеді. МЕММ иелерінің адам құқықтары мен интеллектуалдық құқықтарын қорғауға бағытталған барлық мүмкіндіктерді жүзеге асырып, насихаттау қажет. Барлық өзгерістер мен туризмнің МЕММ-ге әсерінен туындайтын тәуекелдерді құжаттау өте маңызды. Осылайша, тек МЕММ элементтерін жасаушылар мен мұраны жеткізушілердің өзара әрекеттесу және серіктестік орнату ғана МЕММ саласындағы туристік жобалардың тұрақты болашағын анықтауға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сонымен бірге оның қорғауын, жалғастырылуын және «тірі мұраның» ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз берілуін қамтамасыз етеді.

Мәдени туризм де пәнаралық ұғым болып табылады және бүкіл тарихи процесте қоғам жасаған және ұрпақтан ұрпаққа берілетін барлық материалдық және рухани құндылықтарды қамтиды. Мәдени мұраға мәдениет пен мінез-құлыққа әсер ететін мәдениеттер, нанымдар, діни және ғылыми дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, рәсімдер, өнер, қолөнер, музыка, саяси және идеологиялық сенімдер, мәдениет пен мінез-құлыққа, тарихқа, табиғи ортаға байланысты тәжірибелерге, тілге, спортқа, тамақ пен сусынға, дәстүрлі киімге жатады. Осыған байланысты мәдени мұра белгілі бір қоғамның ойлары мен өмір салтын түсіндіретін заттар мен дәстүрлерді көрсетеді.

Әлемдегі қарқынды әлеуметтік, экономикалық, мәдени және қауымдық өзгерістерге байланысты қоғамдар күн өткен сайын жергілікті құндылықтарын жоғалтуда. Технологияның дамуымен адамдар арасындағы қарым-қатынастар мен коммуникациялар ең төменгі деңгейге дейін төмендейді, ал мәдени құндылықтар болашақ ұрпаққа аз беріледі. Бұл жағдай «мәдени құндылықтарды қорғау» идеясын тудырды. Конвенция жаһандану салдарынан жойылып кеткен

мәдениеттерді қорғау идеясымен пайда болды және сонымен бірге музейлендіруді бастады. Осы келісім арқылы МЕММ музейлері келушілерге әртүрлі көрме әдістерін қолдану арқылы білім алуға және тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беретін музей түрлерінің біріне айналды. Бұл жерде біз Түркиядағы алғашқы қолданбалы мәдениет музейі Бейпазары қаласындағы МЕММ музейі мысалында рекреациялық іс-шараларға қатысу әлеуетінде роль атқаратын материалдық емес мәдени мұраны сақтау, көрсету және болашақ ұрпаққа беру маңыздылығын атап өтеміз. Музей мен туризм қызметі бір-бірімен өте тығыз. Ішкі және сыртқы туризмде танылған «Бурса 1001 түн» ертегі айту фестивалінің өтуіне Бурса қаласы музейлер бірлестігі жауапты қызмет атқарады.

Түркиядағы МЕММ бағытындағы музейлердің барлығы дерлік туризм бағдарламасына енген. Олар: Анкараның материалдық емес мәдени мұра музейі (2013) және Кахраманмараш Дулкадироглу муниципалитетінің материалдық емес мәдени мұра музейі (2019). МЕММ-ге қарасты музейлерге Бейпазары тірі музейі (2007), Юние тірі мәдени мұра музейі (2009), Бурса тірі мәдениет музейі (2018), Адыяман университетінің тірі мәдени қазыналар музейі (2018), Невшехир Қажы Бекташ Вели университетінің NEVÜ Каппадокия тірі мұра музейі (2019) және Бойабат тірі мәдени мұра музейі (2020) кіреді. Ал, Анкара Қажы Байрам Вели университетінің Түрік халық білімін қолдану және зерттеу орталығындағы МЕММ музейі (2005) мамандықтың оқу-әдістемелік лабораториясы ретінде музей мен туризмді бірге дамытуға маман даярлауға жұмыс жасайды [188; 213].

ЮНЕСКО бұл Конвенция арқылы «адамсыз қорғаудан – адаммен және адамзат үшін қорғауға» бағытталған жаңа тәсілге көшкен. Конвенция мәдени мұраны тірі күйінде сақтау, оны өндіруші және жеткізуші тұлғаларға ерекше мән беруді көздейді. Профессор Метин Экиджи, Конвенция жаңа ұрпақ пен кеңістіктердің материалдық емес мәдени мұраны қорғауда маңызды роль атқаратындығын, соның негізінде музейлер мәдени құндылықтарды анықтайтын, оларды зерттейтін, бағалайтын, сақтайтын, танытатын және ғылыми негізде оқытатын мекемелер ретінде алдыңғы қатарға шығатындығын айтады [114, s.53-59].

Гази университетінің Түрік халық білімін қолдану және зерттеу орталығы (THBMER) 2004 жылдың 4-6 наурыз аралығында өткізген «Материалдық емес мәдени мұраны музейлендіру» атты симпозиумы Түркияда МЕММ-нің музейлендірілуіне жасалған маңызды қадам болып саналады. Бұл талқылау МЕММ мен музей ісінің қатар аталатын салаға айналғанын көрсетеді (ICOM, 2020). [115, s.100, 116, s. 157] 2003 жылғы Конвенцияда музей ұғымы қайта қаралып, жаңартылды. Халықаралық музейлер кеңесі (ICOM) 2007 жылы музейдің жаңа анықтамасына «материалдық емес мұра» ұғымын енгізіп, музей ісіндегі «объект-нысан» көзқарасынан шығып, «субъект» (адам) орталықты жаңа тұжырымдаманы ұсынды. Жаңа анықтама бойынша музей – материалдық және материалдық емес мұраларды зерттейтін, жинайтын, сақтайтын, түсіндіретін және экспонат ретінде ұсынатын, қоғамға қызмет ететін коммерциялық емес, тұрақты мекеме. Көпшілік үшін ашық, қол жетімді және инклюзивті музейлер әртүрлілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Олар этикалық, кәсіби және

қауымдастықтардың қатысуымен әрекет етеді және қарым-қатынас жасайды, білім алу, ләззат алу, рефлексия және білім алмасу үшін әртүрлі тәжірибелерді ұсынады.

Туризмнің дамуымен материалдық емес мәдени мұраның жаңа форматта ұсынылуы, туристерге осы мұраларды жақынырақ таныстыруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, туристердің мәдениетті тереңірек түсінуіне, жергілікті халықтың дәстүрлерімен танысуына ықпал етеді. Сонымен қатар, МЕММ-нің сақталуы мен дамуы үшін тұрақты түрде қолдау көрсетілуі қажет.

МЕММ-нің туристік қызметке интеграциясының бір бағыты *фестивальдер* мен *мерекелер* арқылы жүзеге асырылады. Көптеген елдер мен аймақтар өздерінің ұлттық дәстүрлерін көрсету үшін түрлі фестивальдер мен мерекелер ұйымдастырады. Бұл шаралар туристерді тартудың маңызды әдісі болып табылады. Мысалы, қазақ халқының ән-күй дәстүрі, ұлттық би мен қолөнер үлгілерін көрсететін шаралар туристер үшін қызықты әрі білім беру сипатында болуы мүмкін.

Туристерге шеберханаларды, дәстүрлі өнер мен қолөнерді көрсету арқылы, жергілікті шеберлер өздерінің білімі мен тәжірибесін бөліседі. Бұл да МЕММ-ді сақтау мен дамытуға ықпал етеді.

Туристік маршруттық бағыттар – мәдениеттің ерекше көріністерін, тілдерді, салт-дәстүрлерді, аңыздарды және халық шығармашылығын қамтитын экскурсиялар мен сапарлар ұйымдастыру маңызды.

Туристерге жергілікті тұрғындардың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын үйрену мүмкіндігін беру, оларды қатыстыру және сол арқылы дәстүрлі өмір салтын көрсету МЕММ-ді сақтау мен тарату үшін тиімді әдіс.

БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гуттериш: «Туризм прогресс әкеледі. Жаһандық экономиканың ең ірі секторларының бірі ретінде оның мәдениеттерді жақындастыру, жаңа мүмкіндіктер жасау және тұрақты дамуға жәрдемдесу үшін орасан зор әлеуеті бар», – деп МЕММ-нің туристік-рекреациондық қызметте көрсетілуінің маңызы зор екенін нақтылаған.

БҰҰ бекіткен туризмнің қазіргі кездегі анықтамасы бойынша, туризм – бұл тұрақты тұратын жерінің шекарасынан тыс орын ауыстырумен байланысты болатын адамның физикалық дамуына, денсаулығының күшеюіне әсер ететін белсенді демалу. МЕММ-ді музейлендіруді дамытудағы тәжірибе туризмнің дамуымен тығыз байланысты.

Туризмнің негізгі түрлеріне ұлттық (ішкі) және халықаралық (сыртқы) туризм жатады. МЕММ-ді дамытуда ішкі де, сыртқы да туризмнің маңызы зор. МЕММ-ді дамыту, туризм арқылы насихаттауда қажеттіліктерге байланысты туризмнің келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

Емдік этномедициналық туризм. Туризмнің бұл түрінің негізінде әр түрлі ауруларды емдеуге деген қажеттілік жатыр. Емдік туризмнің адам ағзасына әсер ететін табиғи түрлерімен сипатталатын бірнеше түрлері бар, мысалы: климаттық емдеу, бальнеолық емдеу, теңіздік емдеу, батпақпен емдеу, жеміспен емдеу, сүтпен емдеу және т.б. Халықтық медицина арқылы МЕММ табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар типінің жергілікті халықтағы ерекшелігі

көрінеді. Қытай, Ішкі Моңғолия мемлекеті Ұлттық музейі Материалдық емес мәдениет мұрасы залының «дәстүрлі медицина» экспозициясында моңғол халқының ине салу, үгу, оташы халықтық білімін көрсеткен [197].

МЕММ туризммен келесідей түрлерімен бірге дамыту маңызды:

Рекреациондық туризм. Туризмнің бұл түрінің негізінде адамның табиғи және рухани күшінің қалпына келу қажеттілігі жатыр. Туризмнің бұл түрі алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Мәселен, рекреациондық туризм келесі бағдарламаларды қамти алады:

– *ойын-сауық* – көңіл-жадыратушы (театр, кино, карнавалдар, жәрмеңкелер, қала күндері, фестивальдар);

– *қызығушылық бойынша қызметтер* (аңшылық және балық аулау, көркем және музыкалық шығармашылық, коллекционерлер үшін турлар және т.б.);

– *жаттықтыратын* (туризм, спорттың басқа да түрлері, өнер, қолөнер және т.б.);

– *этникалық және тұрмыстық* (ұлттық мәдениет пен дәстүрлі емес тұрмысты зерттеумен байланысты);

– *туристтік-сауықтыру* (шомылу, тау шаңғысы, қозғалу және т.б. белсенді әдістерінің бағыттарын қоскқанда).

Осы аталған барлық бағыттарымен бірге рекреациондық туризм аясында МЕММ-ді насихаттаудың озық тәжірибесін Моңғолия мемлекеті қалыптастырған. Моңғолия, Баян-Өлгей аймағына «Наадам» Тәуелсіздік мерекесі аясында өтетін бәйге мен қысқы аңшылықтың ашылу салтанаты «Бүркіт тойына» әлемнің әр елінен туристер легі келеді.

Монғолияның дәстүрлі «Наадам» мерекесі – Моңғолия «Тәуелсіздік күнінің» халық арасында қалыптасқан атауы. Халық «Үкімет тойы» деп те атайды, бұлай аталу себебі Ұлттық мереке Монғолия мемлекетінің тарихындағы Хунну империясының орнауы, 1206 жылы Шыңғыс ханның Ұлы Моңғол мемлекетін құруы, 1921 жылы Халық революциясының жеңіске жетуі құрметін біріктіреді. Жыл сайын 11 шілдеде басталатын Ұлттық мерекеде Моңғолияның барлық аймағында бәйге, моңғол күресі, садақ атудан жарыс өтеді, жарыс соңы марапаттауға ұласады. Ұлан-Батор қаласында Наадам Баян-Өлгийдегі «Үкімет тойы» аясында Бәйгетөбеде Моңғолияның әр аймағынан моңғол, қазақ атбегілері ат баптау, бәйгеге ат қосу өнерін ортаға салады. Орталық алаңда моңғол және қазақ балуандары моңғол күресінен білек күшін сынға салуын халық болып қызықтайды. Орталық алаңда бәйгеден мәреге алғаш жеткен 5 атқа әндетіп, өлеңдетіп «мадақ айту» дәстүрі үлгі тұтарлық фольклорлық мұра. Оза шапқан ат мойнына тағылған алтын, күміс, қола медаль кейін кекілдікке тігіледі. Жаңа марапат алған бәйге атына иесі бұрынғы марапаттарын маңдайына таға келеді.

«Наадам» мерекесінде моңғол ас мәзіріндегі «хушыр» тағамы гастрономиялық туризмде танымал болған.

«Бәйгетөбедегі бәйге» аясында Мұзтау етегіндегі жазықтықта Дайынның Қағындағы «Қақ» жайлауында «Күндік» бәйгесіне ұласады. Күндік – «бір күндік той» деген мағынаны береді. Алыс жайлаудағы қазақтардың тойы арқылы ат шаптыру, бәйге беру, жыр айту, халықтық ән-би фестивалі түрінде өтетін той

арқылы «этнотуризм» бағытын қоса дамытады. «Бүркіт тойы» – 1 қазанда қансонарды салтанатты бастау. Жаз бойына түлекте отырған құстың күш жинап алғаннан кейінгі аң бүрудегі қабілетінің сынға түсуін көруге жан-жақтан туристер ағылады. Құсбегілер, айтыскерлер «бүркітке мадақ» айту арқылы Моңғолия қазақтарының фольклорлық мұрасын насихаттайды. Аңға түскен бүркіттің марапаттарын киіз үй төріне іліп қою арқылы «бүркітке мадақ» айту дәстүрін жалғастыра береді [188].

Спорттық туризм. Жарыстар немесе спорттық ойындарға қатысу мақсатындағы саяхатты МЕММ нысандарын насихаттауға қолдану тиімді болғандықтан көптеген мемлекеттердің бағдарламасына енген. МЕММ Ұлттық тізімдегі және ЮНЕСКО МЕММ тізіміндегі ұлттық ойындардың бірқатары «Көшпелілер ойыны» Халықаралық ұлттық ойындардың спорттық сипаттағы жарыстың сыртқы және ішкі туризмді дамытудағы орны ерекше.

Спорттық туризм арқылы МЕММ насихаттауда Қырғызстан Республикасы ЮНЕСКО Ұлттық комиссиясының екі тәжірибесін алдыға тартуға болады: біріншісі, 2017 жылы ЮНЕСКО МЕММ Адамзаттың репрезентативті тізіміне бекіген «Көкбөрі дәстүрлі ат ойыны» номинациясы, екіншісі 2021 жылы ЮНЕСКО МЕММ Озық тәжірибелі қорғау тізіміне бекіген «Көшпенділер ойындары, мұраны қайта ашу, әртүрлілікті дамыту» атты номинациясы. «Көкбөрі» ойыны ЮНЕСКО мандатына ие болумен қатар «Көшпелілер ойының» аясындағы Ұлттық спорт жарысы түріне қоса енген. Қырғызстан Республикасы ЮНЕСКО Ұлттық комиссиясы ұлттық ойындарды ЮНЕСКО-ның МЕММ құжаттау барысында ұлттық ойындардың олардың көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты екенін, әрі Кеңес дәуірінде дәстүрлі ойындардың көптеген элементтер жойылып кету қаупінде болғанын көрсеткен [216]. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін, Қырғызстандағы жергілікті қауымдастықтар дәстүрлі мәдениетін жандандыру және дамыту бойынша жұмыс істей бастады. Осыған байланысты, ел бойынша әртүрлі қауымдастықтардан келген дәстүрлі ойын мамандары мен білім иелері 2007 жылы дәстүрлі ойындардың қазіргі қиындықтары мен қорғау қажеттіліктерін талқылау үшін алғашқы ірі кездесуін өткізген. Қатысушылар көптеген қиындықтарды анықтап, оны еңсеру өте өзекті деп таныды: біріншісі – дәстүрлі ойындар туралы білімнің жоғалуы, екіншісі – жас ұрпақтың ойындарды ойнауға деген қызығушылығының болмауы. Ұзақ талқылаулар мен талқылаулардан кейін қатысушылар «Көшпелілер ойындары: Мұраны қайта ашу» бағдарламасын қалыптастырған бірнеше қорғау қажеттіліктерін анықтады. Дәстүрлі ойын мамандары елдің әртүрлі бөліктеріндегі дәстүрлі ойындарды құжаттауға және анықтауға басымдық беру қажеттілігі туралы келісімге келді. Қырғызстан Ұлттық Комиссиясы, дәстүрлі ойындар туралы білетін көптеген адамдар егде жастағы адамдар болғандықтан, дәстүрлі ойындар туралы білімдерін жоғалту қаупі барын ескеріп, олар білетін ақпаратты құжаттауға басымдық берді.

Қырғызстанның ЮНЕСКО МЕММ тізіміне 2017 жылы енген «Көкбөрі дәстүрлі ат ойыны» дәстүрлі ойнау тәжірибелерінің және ойынның өзінің синтезі. Бұл екі команда ат үстінде ойнайтын дәстүрлі ойын, онда ойыншылар

серке (қазіргі ойындарда жасанды мес-тұлыппен ауыстырылады) немесе «лақпен» маневр жасауға тырысады және оны қарсыластарының қақпасына салу арқылы ұпай жинайды. Көкпаршылар қауымдастығына жоғары лигадағы, жартылай кәсіби және әуесқой командаларға біріккен ойыншылар, сондай-ақ жалпы көпшілік кіреді. Ең тәжірибелі ойыншылар төреші қызметін атқарады, ал тағы бір санатқа ойынның әділдігін қамтамасыз ететін «ақсақалдар» кіреді. Бұл элемент мәдени және тарихи дәстүр мен рухани ерекшеліктің көрінісі болып табылады және онымен айналысатындардың әлеуметтік мәртебесіне қарамастан қауымдастықтарды біріктіруге, командалық жұмыс, жауапкершілік және құрмет мәдениетін қалыптастыруға қызмет етеді. Бұл элементке қатысты білім негізінен демонстрация арқылы, сондай-ақ мерекелік және әлеуметтік іс-шаралар кезінде табиғи түрде беріледі, ал тиісті қауымдастық білім мен дағдыларды беру, зерттеу және оқытуды ұйымдастыру арқылы оның өміршеңдігін қамтамасыз етуге белсенді қатысады [216]. 1998 жылы құрылған Қырғызстанның Ұлттық көкпар федерациясы іс-шараларды дамыту және ұйымдастыру арқылы осы элементті насихаттауда және қорғауда маңызды рөл атқарады [92]. Қазіргі таңда «Көкбөрі дәстүрлі ат ойыны» Қырғызстанның халықаралық ат спорты дәстүрлі ойыны ғана емес, спорттық туризмді дамытуда маңызды роль атқаруда.

Танымдық туризм. Бұл туризмнің негізі әртүрлі бағыттағы білімді кеңейту қажеттілігі болып табылады. Бұл туризм түріне экологиялық туризмді жатқызуға болады. Экотурлардың бағдарламалары қорғалатын табиғи аймақтарға қатысуды болжайды. МЕММ музейлендіру экологиялық туризммен бірге дамитын «этномузей» бағытынан көрінеді. МЕММ дамыту туризмнің келесідей бағыттарымен де тығыз байланысты: *іскерлік мақсаттағы туризм* (әртүрлі әріптестермен іскерлік қатынастарды орнату немесе қолдау мақсатындағы жол жүрулер); *конгрестік туризм (*әр түрлі шараларға қатысу мақсатындағы туристік сапарлар, соның ішінде: конференцияларға, симпозиумдарға, съездерге, конгрестерге және т.б.); *табынушылық (діни) туризм* (киелі жерлерге зиярат ету). Мысалы Қытай, Ішкі Моңғолия автономиялы аудан астанасы Хух-Хото қаласындағы 1580 жылы Алтын ханның әмірімен салынған Гуйхуа ғибадатханасының бірнеше алаңындағы моңғол халқының «от жағу/шырақ жағу», қасиетті орынға келгенінің айғағы ретінде «тілек тілеу матасын байлау» ғұрпы діні басқа туристер орындайтын ғұрыпқа айналған [197].

Халықаралық күшке ие құжат «Туризмнің жаһандық этикалық кодексі» Сантьяго (Чили) қаласында 1999 жылы 1 қазанда қабылданып, 2001 жылы мүше мемлекеттерді туризмге қатысты этикалық қағидаларды қолдануға шақыру мақсатында БҰҰ БА-да мақұлданды. Кодекс адам құқығы мен мәдени мұраны құрметтеу, қоршаған ортаны және осал қауымдастықтарды қорғау қағидаларын, инклюзивтілік, гендерлік теңдік және қол жетімділік сияқты түсініктерді қамтиды. «Бұл XXI ғасырдағы барлық қоғамдар іргелі деп қабылдаған адамгершілік құндылықтарды қамтитын әмбебап құжат», – деді Бас хатшы [60]. Бүгінгі күні 493 елден 67 компания мен қауымдастық міндеттемеге қол қойған. «Туризмнің жаһандық этикалық кодексі» әлем халықтарын бір-бірінің мәдени мұрасына, соның ішінде МЕММ құрметпен қарауға шақырады.

МЕММ-ді қорғауды дамытудағы туризмнің жауапты рөлін келесі шаралар арқылы күшейту маңызды саналады:

– жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейде материалдық емес мәдени мұраның маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыру және тануды қамтамасыз ету;

– жергілікті қауымдастықтардың, оның ішінде материалдық емес мәдени мұраны тасымалдаушылар мен сақтаушылардың, сондай-ақ байырғы халықтардың, әйелдер мен жастардың туризмді дамыту және олардың әл-ауқатын жақсарту туралы шешім қабылдау үшін әлеуетін күшейту;

– мәдени әртүрлілікті және адам шығармашылығын ілгерілету күш-жігерінде материалдық емес мәдени мұраның ескерілуін қамтамасыз ету үшін қауымдастықтар, туризм органдары және басқа да мүдделі тараптар арасындағы өзара әрекеттесу алаңдарын құру;

Келесі шаралар арқылы сандық технологияларға өту негізінде мәдени туризмге, соның ішінде МЕММ мәдени туризм арқылы дамытуға ықпал етеді:

– ғылыми зерттеулерді ілгерілететін, шамадан тыс жүктемелерді басқаруды және мәдени құндылықтарға, оның ішінде мүгедектер немесе арнайы қолжетімділік қажеттіліктері бар адамдарға әмбебап қолжетімділікті жақсартатын технологиялық стратегиялар мен бейімделген шешімдерді белсенді түрде жылжыту;

– мәдени мұраны қорғау, мұрағаттау, сақтау, ілгерілету және басқару, сондай-ақ туристік бағыттарға бәсекелестік артықшылықтар беру және әлеуметтік инклюзияға жәрдемдесу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;

– технологиялық инновациялар арқылы мәдени мұраны бейнелеу мен түсіндірудің маңыздылығын төмендетпей, мәдени орындарға келушілердің сұранысын арттыру;

– әлеуетті арттыру үшін смарт шешімдерді қолдануды алға жылжыту арқылы туризм мен мәдениетте сандық технологиялар арқылы жасалған мүмкіндіктерді белсенді түрде пайдалану.

МЕММ-нің туристік-рекреациялық қызмет пен туристік индустрияға енуі жергілікті экономикаға (қонақ үй, гастрономия бизнесі, көлік коммуникациясы, т.б.) кіріс әкеліп, мәдениет пен туризм саласының дамуына үлес қосады. Мәдени мұраны қорғау мен туристік даму түбегейлі қарама-қайшы құбылыстар емес, қайта өзара қолдау көрсететін қызмет түрлері ретінде қарастырылуы тиіс. Әсіресе Азияда туризм қарқынды дамып келе жатқан экономикалық қызмет болып табылады және ол тарихи аудандарды сақтауға күшті ынталандыру бере алады. Туризм әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің кездесіп, өзара түсінісуіне, белгілі бір аймақтың тарихын, мәдениетін және өнерін тереңірек бағалауға әрі құрметтеуге зор мүмкіндік туғызады. 1999 жылы ИКОМОС қабылдаған «Мәдени туризм хартиясында» көрсетілгендей, бұл экономикалық қызмет тиісті түрде басқарылуы тиіс, өйткені мәдени мұра нысандарының материалдық және материалдық емес қырлары мен олардың ортасы әлі де осал. Туризм саласының өкілдері мұраны сақтау мамандарымен бірлесіп, орнықты туризмді дамыту

жолдарын анықтап, мәдени мұра сияқты қалпына келтірілмейтін ресурстарды сарқып алмауды қамтамасыз етуі керек. БҰҰ ЮНЕСКО сарапшылары Р.Ньюлендс, Ф. Рэссинг әзірлеген Жібек жолы Халықаралық сауда жолын мұра еткен Қытай, Орта Азия мемлекеттеріне ортақ оқу құралын даярлап, онда осы аталған мемлекеттердің туризм нысанына енген мұраларын, МЕММ дамыту жолдарымен қоса қарастырады [168].

МЕММ музейлендіруді туризм индустриясы, туризм экономикасымен бірге дамытуды сыни талдауға Эврим Өлчер ұсынған тұжырымдар адамға терең ой салады. Ол: «Қазан қайнамайды, егер еңбегімен табыс таппаған болса: Инклюзивті экономикалық даму» атты тақырыпты МЕММ мен экономиканың байланысы ауыл шаруашылығы, қолөнер және туризм салалары арқылы қарастырады. Ал «Қол қазаны – ас қайнатпас: Азық-түлік қауіпсіздігі» атты тақырыпта мал өнімдерін өңдеу, табиғат өнімдерін дәстүрлі өндеу тәсілдері, бау-бақшада өсіру, оларды тағам және ас үй мәдениеті тұрақты даму мақсаттарымен байланыста талдайды. Ал, «Қонақ та көп, сауда да көп: Артық коммерциялану және туризм» атты тақырыппен шамадан тыс коммерциялану, шектен тыс туризм, артық мұраландыру, шамадан тыс кәсіпқойлану және контекстен ажырату сияқты қауіп аймақтары қарастырылып, туризм, коммерциялану және материалдық емес мәдени мұра арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігіне назар аударады. Дәстүрлі мұраны экономикалық туризм нысанына айналдыру трансформация үдерісін қарқындататынын айта отырып, «қауіпті аймақ» категориясын талдайды [111, s.148].

Қазіргі таңда туризмде шығармашылықтың және дәстүрлі мәдениетпен байланыстың артуы аясында «тұрақты туризм» мен «жауапты туризм» сияқты ұғымдардың маңызы артқан. Мәдени мұраны да қамтитын «тұрақты туризм» тәсілдерін дамыту және жүзеге асыру тұрғысынан ерекше мәнге ие екені атап өтіледі. Мәдени мұраны сақтау мен туризмнің тұрақтылығы арасында ажырамас байланыс бар және тәуекел аймақтары дұрыс басқарылмаған жағдайда екі жақты теріс әсерлер туындауы мүмкін.

3.5 Материалдық емес мәдени мұраны музей арқылы насихаттау және дамыту

Конвенцияға қатысушы мемлекеттер арасында МЕММ-ді дамытудың басым бағыты ретінде арнайы музей немесе музей экспозициясын құру тәжірибесі кең қолданысқа еніп келеді. Музей экспозициясы немесе арнайы зал немесе көрме мемлекеттердің ЮНЕСКО тарапынан қорғауға алынған мұрасы мен Ұлттық тізімге енген мұрасына қарай тақырыптық экспозициялық шешіммен құрылады.

Чэнду қаласындағы материалдық емес мәдени мұра музейі (Қытай).

Қытайдың Чэнду қаласындағы МЕММ музейі әлемдегі ең ірі әрі кешенді музейлердің бірі. Бұл музейдің институционалдық құрылымы сол елдің МЕММ сақтау және таныстыру жөніндегі ұлттық саясатына, сондай-ақ 2003 жылғы ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясының қағидаттарына сәйкес қалыптасқан. Музейдің қызметі МЕММ-ді жан-жақты көрсетуге мүмкіндік беретін бірнеше

негізгі бағыт бойынша ұйымдастырылған. Атап айтсақ, музейде ЮНЕСКО тізіміне енгізілген Қытайдың МЕММ элементтеріне арналған типологиялық, географиялық және тақырыптық қағидаттар бойынша ұйымдастырылған тұрақты экспозициялық залдар, дәстүрлі қолөнер түрлерін көрсететін демонстрациялық зертханалар мен шеберханалар, дәстүрлі технологияларды зерделеуге бағытталған ғылыми-зерттеу орталығы, әртүрлі дәстүрлі өнер түрлерін (мысалы, көлеңкелі қуыршақ театры, каллиграфия, дәстүрлі медицина және т.б.) тасымалдаушылардың қатысуымен көрсетуге арналған ашық алаңдар мен театрландырылған сахналар, дәстүрлі тағам мәдениетін көрсететін гастрономиялық аймақтар, ғылыми-зерттеу зертханалары, МЕММ сандық құжаттандыру орталығы бар.

Музейдің негізгі ерекшелігі – мемлекет тарапынан ресми түрде танылған МЕММ шеберлерінің ұзақ мерзімді резиденциялары жүйесінің болуы. Музейде антропологтарды, мәдениеттанушыларды және дәстүрлі технологиялар саласының мамандарын, тасымалдаушыларды біріктіретін зерттеу қызметі бар. Қызметтің басым бағыттары МЕММ бойынша кешенді дерекқорлар құру, гуманитарлық және техникалық ғылымдардың тоғысындағы қолөнер технологияларын зерттеу, Азия – Еуропа – Африка аймақтарын қамтитын халықаралық көрмелер ұйымдастыру, ЮНЕСКО және ICHCAP жобаларына қатысу болып табылады. Музейде сандық инфрақұрылым өте жоғары деңгейде, белсенді түрде салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға, рәсімдерге, мерекелерге, қолөнер үдерістеріне толық ену үшін VR-залдар, интерактивті мультимедиялық панельдер, сандық каталогтар мен онлайн-платформалар, шеберлердің МЕММ техникаларын сандық форматта сақтау және модельдеу технологиясы дамыған. Бұл жерде сандық форматқа көшіру көмекші қызмет емес, музей репрезентациясының тең құқықты формасы ретінде қарастырылып, қолжетімділікті кең ауқымда насихаттауға мүмкіндік береді. МЕММ жөніндегі ұлттық саясат пен креативтік индустриялар жүйесіндегі ролі бойынша Чэнду қаласындағы МЕММ музейі қаланың халықаралық туризм орталығы, креативтік индустриялар хабы, МЕММ алмасуының өңіраралық платформасы бойынша даму стратегиясына да айтарлықтай маңызы бар. Ол МЕММ-нің мәдени дипломатия, өңірлік даму, қолөнер экономикасы, ұлттық бірегейлік сияқты салалардың құрамдас элементіне айналу үдерісін айқын көрсетеді.[190].

Анкара Материалдық емес мәдени мұра музейлері (Түркия.)

Анкара Қажы Байрам Вели Түрік халық білімі кафедрасы оқытушыларының еңбегімен және Анкара Даму агенттігінің қаржылық қолдауы нәтижесінде Анкара қаласының «Ankara kalesi» деп аталатын тарихи ауданында 2013 жылдың 15 маусымында ашылған «Анкара Материалдық емес мәдени мұра музейі» – Түркияда осы бағытқа маманданған алғашқы музей болып табылады. Музейді құрған уақытта ұйымдастырушы Түрік халық білімі кафедрасы Гази университетінің құрамында болған. Музейді құрудың басшылығын профессор, Түрік халық білімі кафедрасының меңгерушісі, Түркия МЕММ Ұлттық Комиссиясы төрағасы, профессор Ожал Огуз атқарған.

Музей құрылымы түрік салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына, қолөнеріне, салт-жора, рәсімдеріне және гастрономиясына арналған экспозициялар, оқытуға, үйретуге бағытталған интерактивті залдар, ауызша мұра мен дәстүрлі музыканы құжаттандыру зертханалары, қауымдастықтармен жұмыс жүргізу үшін кеңістіктерден тұрады.

Музей коллекцияларды сақтаумен қатар, оларды музей кеңістігінде тәжірибелік деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұнда ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы көптеген мәдени құндылықтарды тәжірибелік форматта жандандырады.

Қарагөз-Хадживат, орта ойыны, меддаһ көрсетілімдері, ауылдық көріністік ойындар, балалар ойындары – музейде ұсынылатын ұлттық дәстүрлі ойын түрлерінің қатарында. Сондай-ақ Ыхламур баспа (Ihlamur Baskı) және Ебру (Ebru) сияқты қолданбалы өнер түрлері де музейдің тұрақты іс-шаралар жүйесіне кіреді. Келуші музей шеберханасында өзінің қалауына қарай ағаш қалыппен, табиғи бояумен түрік өрнектерін басып ала алады [Қосымша Б, Сурет Б4]. Бұдан бөлек, түрік халқыны тән ертегілер, халық әндері, хикаялар, бесік жырлары, халық әндері, дәстүрлі әңгіме-дүкен құру отырыстары, символдық түрде өткізілетін қына түні (kına gecesi) рәсімі, баланың алғаш тісі шыққандағы «тіс жарма» дәстүрі (diş hediği), ер баласын әскерге аттандыру, оған анасының дайындығы, қыз ұзатудағы қына рәсімі сияқты көптеген мәдени құндылықтар музей кеңістігінде сахналанып, келушілерге көрсетіледі.

Музейдің кеңістіктік логикасы тірі тәжірибелерді динамикалық репрезентациялау қағидатына негізделген тақырыптық залдар қолөнерге, музыкаға, гастрономияға, ауызша дәстүрге (türkü, masal, aşık geleneği) арналған сонымен қатар мамандандырылған шеберханалар қарастырылған (ahşap oyma – ағаш ою, bakır işçiliği – мыс өңдеу, kilim dokuma кілем тоқу), дәстүрлі билерді (halay, zeybek) және музыкалық орындаушылықтарды көрсетуге арналған сахна жұмыс істейді. Осыдан қарап, МЕММ сақтаудағы түрік моделінің ерекшелігі – оның көпфункционалдылығында екеніне көз жеткіземіз. Себебі музейдегі әрбір элемент бір мезетте экспозициялық, перформативтік және білім беру функцияларын қоса атқарады. Сонымен қатар аталмыш музей МЕММ тасымалдаушылармен және жергілікті қауымдастықтармен жұмыс бірлестікте жұмыстар атқарады.

Музей қолданатын іс-әрекеттік тәсілде (activity-based approach) тасымалдаушылар объект емес, керісінше, музейлік практиканың субъектілері ретінде қарастырылады. Олар қолөнершілермен тұрақты шеберлік сыныптары, халық музыканттары мен қиссашылардың ашық сабақтары, балалар мен жастарға арналған оқыту бағдарламалары, нақты дәстүрлерге арналған тақырыптық «апталықтар» (мысалы, Анадолы тағамдарының гастрономиялық апталығы). Мұнда негізгі назар дағдылардың атадан балаға трансмиссиясына аударылады. Конвенцияның негізіне толық сәйкес келеді .

Білім беру және зерттеу қызметіне келсек музей Анкарадағы бірқатар университеттермен оның ішінде Хажетепе және Гази университеттерімен, этнология және фольклор саласындағы ғылыми-зерттеу институттарымен

ынтымақтастық орната отырып, МЕММ бойынша оқыту бағдарламалары, дәрістер, құжаттандыру әдістемелері бойынша семинарлар, қолөнер технологиялары, музыкалық антропология және гастрономиялық мұра салаларында ғылыми зерттеулер сияқты іс-шараларды жүзеге асырады [114, s.55-60; 116, s.110-119]. Ал музейдің цифрландыру және құжаттандыру қызметіне келсек, қолөнер мен ауызша дәстүр бойынша цифрлық архив, шеберлік сыныптарының видеотекалары, қолөнер құралдары мен технологияларының 3D-модельдері жасалған.

Анкара Хажы Байрам Вели университеті Түрік Халық білімі кафедрасының МЕММ оқу-әдістемелік музейінде халық қолөнері, түрік малшысының жайлаудағы дәстүрлі үй интерьері, дәстүрлі түрік киімі арқылы тариғат пен ғаламға қатысты, қолөнерге қатысты білімдер мен дағдыларды насихаттайды.

Анкара Гөлбашы ауданы әкімдігінің «Гөлбашы материалдық емес мәдени мұра» музейін ашуы Түркия МЕММ Ұлттық комиссиясының жоспарлы жұмысының нәтижесі [107, s.111-115, 199].

Гөлджүк материалдық емес мәдени мұра музейі (Түркия).

Гөлджүк муниципалитеті құрған материалдық емес мәдени мұра музейі Түркиядағы жергілікті қоғамдастықтарға бағытталған ерекше музейлік модельдердің бірі болып табылады. Музейдің институционалдық миссиясы – аймақтың тірі мәдени тәжірибелерін құжаттандыру, көрнекі репрезентациялау, сондай-ақ олардың ұрпақтан-ұрпаққа трансмиссиясын қамтамасыз ету. Музей Мәрмәр теңізі аймағының дәстүрлі тәжірибелерін және өңірлік мәдени бірегейлікті нығайтуға бағытталған жергілікті мәдени стратегияның бір бөлігі ретінде Ходжаелі провинциясындағы Гөлджүк муниципалитеті тарапынан негізі қаланған. Бұл мекеме Түркиядағы муниципалдық деңгейде құрылған МЕММ музейлерінің алғашқы үлгілерінің бірі болып саналады. Музей сондай-ақ МЕММ-ді сақтауды тікелей орталық биліктің бақылауынсыз, жергілікті өзін-өзі басқару деңгейінде де тиімді жүзеге асыруға болатынының айқын көрінісі. Музей кеңістігі мультимедиялық таныстырылымдарға бейімделген дәстүрлі «түрік үйінің» құрылымдық моделіне негізделе отырып ұйымдастырылған.

Мұнда өңірдің қолөнеріне арналған тақырыптық бөлмелер, дәстүрлі тұрмысты көрсететін экспозициялар (ас үй, қонақ бөлме, шеберхана), музыкалық практикаларды көрсетуге арналған кеңістік, балалар мен жастарға арналған интерактивті аймақтар бар. Осылайша, музей жекелеген экспонаттардың жиынтығын ғана емес, тұтас мәдени ортаны құрастырады.

Музей Мәрмәр теңізі аймағына тән ағаш ою, дәстүрлі жиһаз жасау, тоқыма өнері, мыс өңдеу, декоративтік-қолданбалы өнер түрлеріне айрықша назар аудара отырып, шеберханалар күнделікті жұмыс істеп, музейді үзіліссіз тәжірибелік алаңға айналдырады. Мұндағы қызметкерлер тасымалдаушылармен жүргізілетін сұхбаттар, әдет-ғұрыптар мен қолөнер үдерістерін бейнедеректеу, жергілікті фольклорды жинақтау сияқты далалық фиксация жұмыстарын жүргізеді. Жиналған материалдар мультимедиялық стендтерге орналастырылған.

Гөлджүк музейі – Түркиядағы коммунитарлық (community-based) тәсілдің ең көрнекті үлгілерінің бірі. Музей ЮНЕСКО-ның халықаралық тәсілдеріне толық сәйкес келетін тұрақты жергілікті қолөнер экономикасының катализаторы ретінде әрекет етеді.

Мәдени саясат және өңірлік даму саласындағы рөлі бойынша Гөлджүк музейінің маңызы зор. Себебі ол 2003 жылғы Конвенцияны жергілікті деңгейде іске асыру үлгісін, муниципалитеттердің МЕММ-ді сақтауға қатысуының тиімді нұсқасын, МЕММ-ді өңірдің тұрақты дамуына кіріктіру тетігін, музей қызметін креативтік қолөнер индустрияларымен сабақтастыру тәжірибесін көрсететін түркі дүниесіндегі бірден бір музей. Музей Ходжаелі аймағының мәдени брендингіне айналып, Түркиядағы ұлттық МЕММ бағдарламаларына белсенді қатысады. Бұл музей МЕММ-нің шағын қала деңгейінде аумақтық бірегейліктің және тұрақты дамудың негізіне айнала алатынын айқын дәлелдеді [106].

Қарагөз музейі (Түркия, Бурса).

Бурсадағы Қарагөз музейі (Karagöz Müzesi) Түркияның материалдық емес мәдени мұрасының маңызды институционалдық нысандарының бірі ретінде қарастырылады. Ол дәстүрлі көлеңкелі театр өнерінің – Қарагөз бен Хадживат туралы халықтық драмалық дәстүрдің – жүйелі сақталуына, зерттелуіне және қоғамға қолжетімді болуына бағытталған мәдени-білім беру орталығы қызметін атқарады. Музей Түркия мәдени кеңістігіндегі көлеңкелі театр дәстүрін репрезентациялау мақсатында құрылған және Бурса қаласының тарихи-мәдени ландшафтымен тығыз байланысты. Оның құрылымдық моделі экспозициялық кеңістік – Қарагөз театрының тарихи эволюциясын, кейіпкерлер жүйесін, материалдық компоненттерін (қайың терісінен жасалған фигуралар, сахналық элементтер, шеберлердің құралдары) жан-жақты көрсетеді; шеберлік сыныптары мен зертханалары – дәстүрлі фигура жасау техникасы, орындаушылық стилімен таныстыратын тәжірибелік сабақтар жүргізу; тірі мұра орталығы – жергілікті орындаушылар мен шеберлердің қатысуымен тұрақты қойылымдар ұйымдастыру сияқты үш негізгі функцияны біріктіреді. Осылайша қауымдастықтың мұрадағы белсенді субъект ретіндегі рөлін сақтайды. Қарагөз музейі көлеңкелі театрды тек тарихи ескерткіш ретінде емес, тірі әлеуметтік тәжірибе ретінде қарастырады. Бұл тәсіл Конвенциясының қағидаттарына сәйкес келеді. Ол дегеніміз мұраны ұсынуда қатысымдық модель (community-based approach) үстемдік етеді; орындаушылар – мұраның тірі тасымалдаушылары – музейлік практиканың ажырамас бөлігі; репертуар мен орындау стилдері динамикалық өзгерістерге ашық, бұл дәстүрдің заманауи қалалық мәдениетпен үйлесуіне мүмкіндік береді.

Музей өз қызметін жүйелі білім беру бағдарламаларымен толықтырады. Мектеп оқушыларына арналған интерактивті экскурсиялар, театр антропологиясы, дәстүрлі орындаушылық, материалдық емес мәдени мұраларды зерттеу бойынша семинарлар, Қарагөз театрының аймақтық ерекшеліктері, оның Османдық кезеңдегі эволюциясы және қазіргі трансформациялары жөніндегі ғылыми-зерттеу жобаларын іске асырады.

Ертегі айту өнерінің барлық бағытын қамтитын Бурсадағы Қарагөз музейі Түркияда МЕММ-ді институционализациялаудың локалды моделі ретінде қарастырылады. Модельдің негізгі ерекшеліктері: муниципалдық билік пен жергілікті қауымдастықтың серіктестігі; мәдени мұраны қалалық туризм мен креативті индустриялармен интеграциялау; дәстүрлі театрды қазіргі заманғы мәдени коммуникация арналарымен (фестивальдер, анимациялық бағдарламалар, мәдени іс-шаралар) ұштастыру.

Қарагөз музейі Бурса қаласының мәдени бірегейлігін қалыптастыруда стратегиялық маңызға ие. Ол көлеңкелі театрдың материалдық және материалдық емес аспектілерін кешенді түрде біріктіре отырып, МЕММ-нің өміршеңдігін қамтамасыз етуде, ұрпақаралық мәдени трансмиссияны қолдауда және Түркияның театралдық мұрасын халықаралық деңгейде танытуды күшейтуде маңызды институционалдық роль атқарады [198; Қосымша Б, Сурет Б.2, Б.3].

Гөлбашы материалдық емес мәдени мұра музейі (Түркия, Гөлбашы)

Гөлбашы муниципалитеті мен Анкара Қажы Байрам Вели университетінің Түрік фольклорын қолданбалы зерттеу орталығының (THBMER) ынтымақтастығы арқылы жүзеге асырылған «Гөлбашы материалдық емес мәдени мұра музейі» Гөлбашының бай материалдық емес мәдени мұрасын сақтау және болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында жоспарланып, жүзеге асырылды. Музей аймақтың мәдени туризмге деген қызығушылығын арттырып, мәдени байлықтарын көпшілікке таныстыруды мақсат етеді. Осы музейді ашу аясында Гөлбашы ауданының 54 ауданында 203 ақпарат берушімен ұзақ мерзімді далалық зерттеу жүргізілді. Мәліметтерді, құжаттарды және фольклорлық бұйымдарды Анкара Хажы Байрам Вели университетінің түрік фольклоры бөлімінің оқытушылары, сонымен қатар фольклортану ғылымының докторантура, магистратура және бакалавриат деңгейінде білімін алған және тиісті жинау әдістері бойынша арнайы курстардан өткен зерттеушілер мен құрастырушылар жинап, алынған деректер музейдегі қолданбалы үлгілерге айналдырылды.

Музейде адамның туғаннан өлгенге дейінгі өміріндегі әртүрлі тәжірибелерге назар аударады. Қырқынан шығару, тіс жару, сүндетке отырғызу, сарбаздарды шығарып салу, қына түні, үйлену тойы, дәстүрлі жиындар, аспаздық мәдениет, қолөнер бұйымдары, ауызша әңгімелер, дәстүрлі балалар ойындары сияқты элементтер келушілерге интерактивті түрде ұсынылады.

Гөлбашы тұрғындарының материалдық емес мәдени мұрасын сақтауға мүмкіндік беру үшін қала орталығындағы мәдени кеңістік ретінде жобаланған мұражайды Гөлбашы бай материалдық емес мәдени мұрасын болашақ ұрпаққа жеткізуді жеңілдететін мекеме деп санауға болады. Мәдени мұраны келешек ұрпаққа жеткізуге бағытталған бұл музей келушілерге тек тамашалап, көруші ғана емес, сонымен қатар қатысушы болу мүмкіндігін ұсынады [191].

Ішкі Моңғолия Ұлттық музейі (Хух-Хото)

Ішкі Моңғолия Ұлттық музейі – Қытайдың солтүстігіндегі Ішкі Моңғолия автономиялық аймағының орталығы Хух-Хото қаласында орналасқан. Ішкі Моңғолия МЕММ-і Қытайдың дәстүрлі мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады және адамзат өркениетінің шоғырланған көрінісі әрі бүкіл адамзатқа ортақ ең құнды рухани игіліктердің бірі. Қытай мемлекеті құрамындағы ішкі моңғолдардың МЕММ-ның озық үлгілерін зерттеу, ұғыну және терең түсіндіру елдің ұзақ мерзімді дамуына қуатты рухани негіз қалап, ұлттық өркендеудің маңызды тірегіне айналуының бір негізі осы музейдегі «Ішкі Моңғолияның ұлттық материалдық емес мәдени мұрасы» атты этнографиялық залы.

Музей 1957 жылы Ішкі Моңғолия автономиялық ауданының құрылғанына он жыл толуына орай Хух-Хото қаласында ашылған. Музей қорында этностық тарихқа қатысты 44 мыңнан астам жәдігер жинақталған. Олардың арасында Қытайда сирек сақталған аса құнды артефактілер де бар, әсіресе хунну, сяньби, қидандар, моңғолдар және солтүстік өңірдің басқа да тайпаларына қатысты материалдық мұра үлгілері айрықша орын алады. Бұл материалдар ежелгі көшпелілер өркениетінің эволюциясын, этномәдени байланыстарды және өңірдің тарихи динамикасын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Ішкі Моңғолия Ұлттық музейі Қытайдың солтүстік өңіріндегі жетекші музейлік институттардың бірі ретінде аймақтың этномәдени тарихын, археологиялық мұраның этнографиялық интерпретациясын және түрлі этностардың дәстүрлі мәдениетін жүйелі түрде көрсетуге бағытталған ғылыми-ағартушылық орталық болып табылады. Қытайдың МЕММ Конвенциясына қосылуына орай этнография залы МЕММ залына реэкспозицияланған.

Музей МЕММ-ге арналған зал экспозициялары мен ғылыми бағдарламалары Ішкі Моңғолиядағы мәдени көптүрлілікті, этностардың тарихи сабақтастығын және дәстүрлі мәдениеттің заманауи контексте сақталуын жан-жақты көрсетуге бағытталған. Дәстүрлі қолөнер, музыкалық-орындаушылық өнер, көшпелі мәдениет элементтері және этностық ритуалдық практикалар өңірдің мәдени болмысын танытатын маңызды компоненттер ретінде ұсынылады. Бұл музейді тек тарихи артефактілерді сақтайтын орын ғана емес, сонымен қатар материалдық мәдени мұраны жандандыру, интерпретациялау және көпшілікке жеткізу платформасына айналдырады. Ішкі Моңғолия МЕММ экспозицияның ерекшелігі моңғол дәстүрлі үйі – киіз үй құру, жығу, уақытша баспана – аңшылардың қайың қосы, дәстүрлі көлік – арба жасау, дәстүрлі су көлігі – қайық жасау, дәстүрлі медицинада – үгу, ота жасау, ине салу, дәстүрлі ойын – моңғол күресін экспозициялайды. Моңғол әскерінің соғыс өнерін насихаттау арқылы басқа мемлекеттердің МЕММ музейлендіру ісіндегі ерекшелігін көрсетеді.

Ішкі Моңғолия автономиялық ауданы Қытайдың солтүстігіндегі шекаралық аймақта орналасқан ерекше мәдени-ландшафттық кеңістік. Бұл кең байтақ өңірді мекендейтін түрлі этностар ғасырлар бойы қалыптасқан бай тарихы мен мәдени дәстүрін сақтап келеді. Олардың зеректік, еңбекқорлық және жасампаздық қабілеттерінің арқасында аймаққа тән материалдық емес мәдени

мұраның сан алуан нысандары, сондай-ақ түрлі мәдени тәжірибелер мен өрнектер қалыптасқан. Мұның барлығы жалпыадамзаттық мәдени қазынаның маңызды құрамдас бөлігі болып, қытай өркениетінің сабақтастығына куәлік етеді. Бүгінде Ішкі Моңғолияда материалдық емес мәдени мұраның Ұлттық тізіміне енгізілген 98 жоба (106 қорғалатын нысан) бар. Ұсынылған көрмеде Ішкі Моңғолияның МЕММ-нің 68 түрі көрсетіліп, дәстүрлі мәдениеттің мәні мен өңірдің әрбір этностық тобы қытай өркениетінің алуан түрлі, бірақ тұтас құрылымын қалыптастыруға қосқан үлесі тереңірек ашылады. Бұл мұраны келер ұрпаққа жеткізу, оны дамыту және байыту – адамзаттың құнды мәдени игілігін сақтау үшін, сондай-ақ қытай халқының ортақ біртұтас қауымдастығы сезімін нығайту, негізгі құндылықтарды орнықтыру және жеке тұлғаның жан-жақты дамуын, халықтың жоғары сапалы өмірін қамтамасыз ету үшін айрықша маңызды міндет. Музей Ішкі Моңғолия моңғол халқының МЕММ-ін насихаттаудың озық үлгісін қалыптастырған. Ішкі Моңғолия Ұлттық музейі Қытайдың солтүстік өңіріндегі этномәдени мұраны сақтау, зерттеу және трансляциялау міндеттерін атқаратын ірі ғылыми-институционалдық орталық ретінде мәдениеттануға және музейтануға байланысты зерттеулерде маңызды зор. Бұл музейде МЕММ-ді цифрландырудың, ақпараттық-технологияның озық үлгілерін қолданумен қатар, сахналық көрініс, фотоколлаж, макет, манекендер арқылы көрсету қатар қолданылады [197, Қосымша Б., Сурет Б.5].

Әзербайжан Ұлттық кілем музейі (Баку)

2010 жылы «Traditional art of Azerbaijani carpet weaving in the Republic of Azerbaijan» (Әзірбайжан Республикасындағы әзірбайжан кілем тоқуының дәстүрлі өнері) деген атаумен Адамзаттың МЕММ репрезентативті тізіміне кірген [57; 209] бұл номинацияның ЮНЕСКО қорғауына алынуына орай Әзербайжан Ұлттық кілем тоқу өнері музейі қызметі ЮНЕСКО МЕММ бағытын қоса дамыту сатысына өтті.

Бакудегі ең маңызды мәдени орындардың бірі болып саналатын Әзербайжан Ұлттық кілем музейі әлемдегі ұлттық кілемдер мен қолөнер үлгілерінің коллекциясын сақтайтын ірі музей. Музейді құрудың бастамашысы көрнекті ғалым және кілемші, кілем тоқу ғылымының негізін салушы, суретші әрі педагог, «Әзербайжан кілемі» іргелі еңбегінің авторы Летиф Керимов болды. 1967 жылы негізі қаланып, бастапқыда Жұма мешітінде ашылған. Кейін ол бірнеше орыннан көшіп, қазіргі заманауи ғимаратқа 2014 жылы көшірілді. Музейдің қазіргі ғимараты оралған кілем пішінінде салынған. Бұл австриялық сәулетші Франц Янцтың жобасы. Музейдегі ұлттық кілемдері коллекциясы (XVII–XX ғғ.), әртүрлі аймақтық мектептердің үлгілерін қамтиды. Сонымен қатар мұнда тігіншілік, металл өнері, керамика, әшекей бұйымдар, ұлттық киімдер мен кестелер сияқты 10 000-нан астам экспонат бар.

Әзербайжан Ұлттық кілем музейі – тек тарихи коллекцияларды ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениет пен қолөнерді зерттеу, сақтау және насихаттау орталығы. Ол Әзербайжан кілем тоқыма өнерінің әлемдік маңызын көрсетеді. Әзербайжан кілемі – әзербайжанның көптеген кілем тоқу аймақтарына тән өрнектері тығыз консистенциялы және қадалы немесе түксіз әртүрлі мөлшердегі

қолдан тоқылған дәстүрлі тоқыма бұйымы. Кілем тоқу – ауызша және тәжірибе арқылы берілетін отбасылық дәстүр [Қосымша Б., Сурет Б.6].

2004 жылы музейдің қатысуымен «Әзербайжан кілемін қорғау және дамыту туралы» заң дайындалып, қабылданды. Заңда кілем тоқу өнерін сақтау және дамыту, оның ішінде Әзірбайжан кілемдерінің тізімін жасау, халық шығармашылығын мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету, ғылыми-әдістемелік кадрларды даярлау жөніндегі негізгі міндеттер көрсетілген. Музей ерекшелігі МЕММ музейлендіру талабына сәйкес «тірі экспозиция» ретінде кілем тоқымашысы станокта дәстүрлі кілем тоқуды шеберлік сыныптары арқылы экспозициялайды яғни музейге келушілердің әзербайжан кілемін тоқып көру мүмкіндігін қамтамасыз етеді [195; 196].

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі МЕММ залы (Астана)

Музейдің «Материалдық емес мәдени мұра» залы Этнография залымен қатар, этнографиялық қор негізінде қалыптасқан. Зал экспозициясы тақырыптық негізге құралған. Тақырыптық экспозицияда қазақ халқының XIX-XX ғасырлардағы зергерлік әшекейлері, кілем түрлері, дәстүрлі киім үлгілері, киізден жасалған үй бұйымдары ұсынылған. Халқымыздың ұлттық әшекейлері зергерлік өнер шеберлерінің баға жетпес үздік туындылары, кілем тоқу өнері және киіз бұйымдары – сырмақ пен текемет экспозицияланған. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген бұл қолөнер туындысы түрлері халықтың этникалық ерекшелігі мен дүниетанымын айшықтайды. Ұлттық киімдің озық үлгілері қойылған. Қазақтың халықтық болмысын, ою-өрнек әшекейінің әр алуан үлгісін экспозициялық ұлттық киімнен көріп тануға болады. Сонымен бірге, экспозицияда үй жиһаздары (сандық, кебеже, асадал, т.б.) мен тұрмыстық бұйымдардың озық үлгілері көрсетілген. Экспозицияда аса құнды қолөнер бұйымдары, оның ішінде киіз бұйымдары, кілемдер мен сырмақтар ерекше орын алады. Залдың басты мақсаты – ҚР МЕММ дамыту саясатын кеңінен таныстырып, халқымыздың мәдени байлығын дәріптеу. Ұлттық музейдің МЕММ залылын жабдықтаудағы ең басты миссиясы – Қазақстан тарапынан ЮНЕСКО-ға енген МЕММ құндылықтарын, қазақтың дәстүрлі мәдениетін тұрақты түрде көрсетіп, болашақ ұрпаққа жеткізу. Ұлттық мұраны сақтау және таныстыру – халықтың тарихи жадын жаңғыртып, мәдени мұраның сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Ұлттық музейде ЮНЕСКО-ға енген ҚР МЕММ элементтері ақпараттық технология көмегімен көрсетіледі. Айтыс, домбырамен күй тарту өнері, қаттама нан пісіру мұралары деректі жазбасы келушілерге танымдық-ақпараттық білім берумен бөліседі. МЕММ залының Ұлттық музейдің этнография залынан айырмашылығы МЕММ экспозициясы экскурсия мәтіні, экскурсия бағдарламасы ҚР МЕММ Ұлттық тізімін насихаттауды қоса қамтитындығында. МЕММ залы – отандық форматтағы, осы бағыттағы алғашқы музейлік тұрақты экспозициялық үлгі. Ұлттық музейдегі дәстүрлі мәдениетке негізделген сауда лавкаларының, ортағасырлық қолөнершілер лавкаларының реконструкциясының музейлік этносалон ретінде жұмыс жасауы да МЕММ насихаттау ісімен ұласады [192]. Экскурсиялық мәтін МЕММ залының негізін

құрайтын этнографиялық мұралардың тарихи тамырын, тарихи дәуірлердегі келіп жеткен маңызын қоса түсіндіреді [163, б.55-70]. ҚР МЕММ-сын құжаттау, біріздендіру, түгендеуге бағытталған музейлік далалық экспедициялық зерттеу нәтижесінде жарық көрген музееографиялық ғылыми еңбектерді қоса насихаттау арқылы музейге келушілерге үздіксіз білім беру бағдары қоса жүзеге асады [148; 168].

Ұлттық музеймен (Астана қ.) қатар, Ұлттық орталық музей (Алматы қ.), Ұлттық өнер музейі (Алматы қ.) ҚР МЕММ Ұлттық тізімін насихаттауда музейлік ғылыми талқылаулар өткізу, музеографиялық өнімдерді ғылыми айналымға ендіруден өзіндік тәжірибе қалыптастырған [188; 193, 194]. Жеке авторлық көрме, жеке галереялық қызмет, фототіркеулерді көрнекті, әрі ғылыми-танымдық музейлік тілмен түсіндіру, ашық аспан асты ескерткіштерін қалыптастырған халық білімді айғақтайтын этнографиялық эекспедициялық көрмелер қызметі арқылы да МЕММ насихаттаудың маңызы зор [188-189].

Қорыта айтқанда, ЮНЕСКО 2003 жылғы Конвенцияның іске қосылуы небәрі 23 жыл болса да, әлемнің бірнеше мемлекеттерінде МЕММ насихаттауға бағытталған мамандандырылған музейлердің немесе тақырыптық экспозия, көрмелердің ашылуы, музей қызметінің бәсекеге қабілеттілігін, ескерткіштерді қорғау, сақтау ісіндегі қызметінің көпкешенділігін, МЕММ алуантүрлігін музейлік қызметте таныта алатындығын айғақтайды. Музейлік бір тәжірибенің жолға қойылуы, осы тақырыптағы басқа музейлер қызметінің қосылуына жол ашады, үлгі болады. Мәдени мұраны музей арқылы және туризм бағыты арқылы игеру қоғамдағы адамдарды біріктіруге ықпал етеді. Оны қаншалықты деңгейде меңгеру мен тиімді қолдану – қоғамның мәдени дамуының басты көрсеткіштерінің бірі болып саналады. МЕММ термині қазіргі таңда музейлік ескерткіштану, музейлік этнография бағытына толық орнықты.

МЕММ-нің туристік-рекреациялық қызметке енгізілуі туристік индустрияның жаңа мүмкіндіктерін ашады, әрі мәдени мұраның маңыздылығын кеңінен танытуға мүмкіндік береді.

Конвенцияға қатысушы мемлекеттер МЕММ-ді қорғау, сақтаудағы қызметін музей арқылы көрсету жолына түсе отырып, өз мәдени ерекшелігіне қарай музейлік және туристік қызметінде де өзіндік тәжірибе қалыптастырады. МЕММ-ді музейлендірудегі озық тәжірибелер оны жинау, жүйелеу, құжаттау, көрсету, насихаттау ісі мамандандырылған музейлер мен арнайы музейішілік экспозиция құрудан, жасаудан, әрі туристік дестинациядан көрінеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

ЮНЕСКО қалыптастырған жаңа ғылыми көзқараста материалдық және рухани мәдени бағыт, дәстүрлі шаруашылық пен кәсіп бірге МЕММ деп аталады. Материалдық мәдениет физикалық нысандар арқылы көрінсе, рухани мәдениет қоғамның рухани құндылықтарының негізін құрайды. Жаһандану үдерістері мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты көптеген халықтардың МЕММ-сы жойылып кету қаупіне ұшырауда. Осы тұрғыда ЮНЕСКО шешуші роль атқарады. Қазақстанның ЮНЕСКО Халықаралық ұйымынының Дүниежүзілік мұра және МЕММ ескерткіштері мен рухани құндылықтарының енгізуі еліміздің Дүниежүзілік геосаяси аренадығы орны мен маңызының ерекше екенін айғақтайды. Мемлекет дамуының басты басым бағыты ретінде мәдениетті дамыту маңызды, өйткені болашақта адамдар мен өркениеттердің қақтығыстары мен бөлінуінің негізгі басты көзі мәдениет болады. Мәдени мұраны сақтау – мемлекеттің мәдениет саясатының және үкіметтің жетекші міндеттерінің бірі. Мәдени мұраларды қорғауға негізделген Конвенцияға қосылған мемлекеттер – «бәрі ұмытылғанда, қалатыны мәдениет» ұғымын өзіне ұстаным еткен мемлекеттер.

ЮНЕСКО-ның 1972 жылғы Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенциясы Дүниежүзілік қауымдастық назарын мәдени және табиғи құндылықтарды сақтау ісіне аударып, жаһандық деңгейде қорғау жүйесін қалыптастырды. Кейінірек, 2003 жылы қабылданып, 2006 жылдан бастап күшіне енген «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенция» алғаш рет материалдық емес мұраны қорғаудың халықаралық құқықтық механизмін бекітті. ЮНЕСКО Конвенцияларын ратификациялау Қазақстан үшін маңызды қадам болды. Қазақстанның Әлемдік Мұра тізімінде – 6, Биосфрералық резерват тізімінде – 15, МЕММ тізімінде – 14 мұраның қорғауға енгізуі Қазақстан тарихындағы маңызды кезең болып, материалдық емес мұраның өзіндік құндылық ретінде сақталуына мүмкіндік берді. Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайда әр отырысында Қазақстан мұраларын ЮНЕСКО-ға енгізуді көтеруі мұраларды Халықаралық тізімге енгізіп қорғау мемлекетіміздің мәдени-саяси ұстанымының бірі екенін дәлелдейді.

2003 жылы ЮНЕСКО мемлекеттерді біріктіріп, Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенцияны қабылдауға қадамы мәдени мұра туралы түсінікті кеңейтіп, мемлекеттік саясатты өзгертуге ықпал етті – енді ол дәстүрлер мен «тірі» мәдениетті де қамтиды. Бұл құжат мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын мойындайды. МЕММ мәселесіне, атап айтқанда, оны музейлерде сақтау және ұсынуға арналған отандық тәжірибеде және шетелдік бірқатар зерттеулерге қарамастан, бұл құбылысты отандық ғылымда кәсіби тұрғыда немесе музейлік этнографиялық ескерткіштану тұрғысынан зерттеуге талпынған алғашқы қадам екенін атап өткен жөн.

ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау Конвенциясы, МЕММ қорғау туралы Конвенциясы, Дүниежүзілік маңызы бар мәдени мұраларды қорғау туралы шешімдері, Қарарлары осы диссертациялық

жұмыстың негізін құрады. ЮНЕСКО-ға қатысушы елдердің МЕММ дамыту ісіндегі нормативтік құқықтық құжаттар пакетін қабылдау тәжірибесін талдау арқылы қатысушы елдердің бұл Конвенцияны қабылдаудағы ұстанымын айқындайды. Отандық тәжірибелерді шетелдік озық тәжірибелермен салыстырмалы-сараптауға МЕММ музей экспозициясында көрсетілу шешімдері талданды. Шетелдік нормативтік базалардың да, отандық нормативтік базалардың да атқаратын қызметі МЕММ қорғау, сақтау, насихаттау ісін құқықтық реттеуге неізделген. МЕММ Халықаралық құбылысының отандық және шетелдік музейлердегі халықаралық музеология негізінен практикалық тұрғыдан қарастырылды.

Диссертацияның ғылыми аппаратына негіз болған шетелдік және отандық зерттеулер, МЕММ зерттеуге ден қойған ғалымдар МЕММ сақтау және дамытуды ұсыну тәжірибесіне қатысты нақты аспектілерді талдаудан бастауы заңдылық. Алайда музейтанушы ғалымдар тарапынан МЕММ үдерістерінің маңызды рөлі көп жағдайда мұқият талдаудан өткен жоқ, тек музеографиялық өнім ретінде жарияланды. Сондықтан, бірқатар ғылыми жетістіктерге қарамастан, зерттеулер МЕММ мәнін және оны сақтау мен ұсынудағы музейлердің рөлін жүйелі түрде түсінуді қамтамасыз етпейді. МЕММ мәселесінің отандық музейлердегі қазіргі жағдайы МЕММ және болашаққа немесе осы күнгі кең қолданысқа ұсынудың кешенді әдіснамалық моделін әзірлеуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан отандық музейлік тәжірибеде МЕММ «музейлік этнографиялық ескерткіштану» бағытында «тірі музей», «жанды мұра», «тірі экспонат» түрінде қоса дамытуды белсенді енгізген дұрыс.

Музейлік ғылыми зерттеулер дәстүрлі ұстанымнан шығып, пәнаралық-технологиялық мақсатты зерттеулерге ұласуы қажет. МЕММ насихаттауды этнотуризм, экотуризмге негізделген туристік дестинация ісінде дамыту аса маңызды.

Музейде МЕММ сақтау музейдің дәстүрлі қызметіндегідей экспонаттық, заттық сақтау емес, өйткені музей белгілі бір материалдық емес құбылыстың моделін жасайды және халыққа береді. Бұл тұрғыда музей мәдени құбылыстарды таңдайтын, зерттейтін және халыққа жеткізетін күрделі кодтау механизмі ретінде әрекет етеді.

Музей көрмесі мәдени бейнелеудің кеңістіктік формаларының моделін білдіреді және бір жағынан музей қызметінің нәтижесі, ал екінші жағынан музей жасаған шындық моделі мен келушілердің кездесу орны болып табылады. Музейдегі МЕММ түпнұсқа контекст, яғни қоршаған орта, зерттеу контексті, яғни музей коллекциясы, көрме контексті, яғни музейлік МЕММ шынайы моделі (тірі экспозиция), келуші контексті, яғни МЕММ-ді келушінің қабылдауы. Осылайша, музейдегі әрбір МЕММ нысаны бір уақытта төрт контекстпен байланысты, оны түсіндірудің динамикалық өрісін жасайды.

Музей педагогикасы бейнелеудің уақытша (процессуалдық) формаларын беру формасын білдіреді. Музей педагогикасы МЕММ шындық моделін келушінің тіліне аударуға немесе келуші технологиялар, цифрландыру арқылы өз тіліне қабылдауына немесе келушінің белгілі бір мәдени тілді меңгеруіне

ықпал етуге қызмет етеді. Музей коммуникациясының дәстүрлі формаларынан бастап, музей коммуникациясының дәстүрлі емес формаларын МЕММ музейде көрсету Дүниежүзілік музей кеңістігінде орныгып алған үдеріс деп санасақ болады. Мәдени тілдердің бірінде жасалған құбылыс ретінде қарастырылатын МЕММ шетел тілдерін оқыту, үйрену қағидаттарына негізделген сақтау және халыққа ұсынудың әдіснамалық моделін жасауға мүмкіндік береді. Музейде МЕММ сақтау мен халыққа ұсынудың әдіснамалық негізі, жалпы педагогикалық әдістер жиынтығынан басқа, лингводидактика, кәсіптік тіл, музейлік тіл болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың алға қойылған мақсат пен міндеттеріне сай келесідей ғылыми зерттеулер жасалды:

– Қазақстанның ЮНЕСКО-ның Мәдени және табиғи мұраны сақтау конвенциясын ратификациялау негізінде мәдениет және табиғи мұраның ең құнды нысандарын дүниежүзілік ескерткіштер қатарына енгізу тәжірибесінің трансшекаралық, мемлекетаралық, мәдениетаралық ықпалдастықты қалыптастырудағы ролін айғақталды;

– Қазақстанның ЮНЕСКО Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенциясын ратификациялау негізінде Материалдық емес мәдени мұра Ұлттық тізімін қалыптастыруының алғышарттары мен жүзеге асыру жолдарының отандық тәжірибесін шетелдік тәжірибелермен салыстырмалы талданды;

– Қазақстанның Материалдық емес мәдени мұраларын ЮНЕСКО-ға енгізу және шет елдермен бірге «мемлекетаралық» ортақ мұраны қорғау тәжірибесі талданды;

– МЕММ-ді талдауға негізделген басылым, жарияланымдарды жинау, жүйелеу;

– «материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары» типіне енетін ескерткіштердің сақталуы мен қорғалуына талдау жасалды;

– «орындаушылық өнер» типіне жататын ескерткіштердің сақталуының дәстүрлі жүйесі мен қазіргі заманғы трансформациялануын ғылыми зерделеу жасалды;

– «әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар» типі бойынша Ұлттық тізімге және ЮНЕСКО-ға енген ескерткіштердің сақталуына қазіргі заманғы қоғамның әсерін талданды, осы типтегі жойылу қаупіндегі ескерткіштер сараланды;

– «табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» типі бойынша табиғатпен етене өмір сүру нәтижесінде игерілген құндылықтардың қорғалуының қамтамасыз етілуін талдау, табиғаттанумен байланысты халықтық білімдер жүйесіндегі шұғыл қорғауды қажет ететін мұраларды, табиғат өнімдерін тұрмыста, шаруашылық мақсатта және этномедицинада пайдалануды сақтау жолдарын талдау жасалды;

– «дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар» жүйесін игерген қолөнершілердің дәстүрлі білімді тасымалдаушы топ ретіндегі ролін айғақтайтын мұралардың қорғауға алынуы сараланды;

– Қазақстанның МЕММ Ұлттық тізімінің жасалуы мен жүзеге асуының негізгі жолдарын талданды.

МЕММ пәнаралық зерттеліп, бір жағынан мәдени метажүйенің кіші жүйесі ретінде, ал екінші жағынан музей қызметінің жүйелік элементі ретінде музей коммуникациясында маңызды рөл атқаратын түрде ұсынылды. Осылайша, музейлік МЕММ теориясының одан әрі дамуы, музей коммуникациясы теориясы егжей-тегжейлі қарастырылды. МЕММ музейлік бағыты, МЕММ музейде сақтау және халыққа ұсыну формаларын модельдеу функциясына қатысты саралау одан диссертациялық жұмыстан кейінде постдиссертациялық жұмыс ретінде жалғасын табады. МЕММ бағытындағы кешенді зерттеу халықтану, мәдени мұра, туризм, білім беру, экономика, қала жоспарлау, жергілікті басқару салаларынан бөлек қоршаған орта, табиғат, азық-түлік сияқты жаһандық дағдарыстармен байланысты екені ғылымға жаңа серпіліс әкелуі қажет.

Диссертациялық жұмыстың нәтижесі ретінде қорытынды ұсыным:

Қазақстан Республикасының Үкіметі, МЕММ-ді қорғауды жүзе асыруға құзырлы органдар, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі келесідей мәселелердің шешімін табуы маңызды:

– ҚР МЕММ қорғау Заңын халықтың талқылауына ұсыну, қабылдау шараларын жүзеге асыру;

– Қазақстанның ЮНЕСКО Ұлттық комиссиясының ғылыми-ақпараттық базасын толық қамтитын интернет-порталы, сайтының жұмыс жасауын іске қосу;

– ҚР МЕММ Ұлттық комиссиясының жұмыс тобы болашақтағы ЮНЕСКО МЕММ қорғауға ұсынылатын мұралары қатарында «Шұғыл қорғауды қажет ететін мұра», «МЕММ қорғаудың үздік тәжірибелер тізілімі» санатына ұсынатын мұраны таңдап, құжаттауын іске қосу;

– ҚР МЕММ Ұлттық тізіміне толықтырулар мен өзгерістер енгізу кезінде ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясына сай «Шұғыл қорғауды қажет ететін мұралар тізімі», «Адамзаттың МЕММ репрезентативті тізімі», «Үздік тәжірибелер тізілімі» санаттарына жіктеліп тізімдеуді жүзеге асыру;

– ҚР МЕММ Ұлттық комиссиясы ЮНЕСКО МЕММ енген басқа мемлекеттермен ортақ мұраның кейбір үлгілерін анықтап, мемлекетаралық мұра ретінде қайта рәсімдеуге құжаттар пакетін ұсыну;

– МЕММ санаттары мен типтерінің әрқайсысын жеке диссертациялық зерттеу тақырыбына айналуына негіз қалау;

– дәстүрлі тарихи, өнер бағытындағы музейлерде «тірі экспозиция» немесе «тірі экспонат» танымындағы «өнер тасымалдаушы» дерек кісінің шеберлік сыныптарын жүргізуді музей бағдарламасына енгізу;

– МЕММ-нің туризм бағытында жұмыс жасайтын «Этноауыл» музейін қалыптастыру;

– ҚР ЖОО гуманитарлық білім беру бағдарламаларына «Материалдық емес мәдени мұра» пәнін енгізу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 UNESCO (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization). Director-General, Khaled El-Enany https://www.unesco.org/en/director-general 04.11.2024.

2 Convention for the Protection of Cultural Property in the Event of Armed Conflict with Regulations for the Execution of the Convention https://www.unesco.org/en/legal-affairs/convention-protection-cultural-property-event-armed-conflict-regulations-execution-convention 10.01.2025.

3 Заключительный акт межправительственной конференции о защите культурных ценности в случае вооруженного конфликта. Гаага, 1954. ЮНЕСКО, 1954. – 83 с. https://www.unesco.org/en/heritage-armed-conflicts/1954-convention#:~:text=Now%20widely%20referred%20as%20the,as%20during%20an%20armed%20conflict 03.02.2025.

4 Второй протокол 1999 г. к Гаагской Конвенции от защите культурных ценности в случаю вооруженного конфликта 1954 года. Гаага, 26 марта 1999 года. ЮНЕСКО, 1999. – 21 с.
https://www.un.org/ru/documents/treaty/hague_conv_2nd_prot-1999 10.02.2025.

5 Практические рекомендации по защите культурных ценностей в случае вооруженного конфликта (Выдержки из Отчета совещания экспертов, Женева, 5-6 октября 2000 г.). ЮНЕСКО, 2000. – 34 с.

6 Юридические и практические меры против незаконного оборота культурных ценностей. ЮНЕСКО, 2017. – 44 с.

7 Рекомендации по имплементации Конвенции о защите культурных ценностей в период вооруженных конфликтов и протоколов к ней. ЮНЕСКО, 2012. – 24 с.

8 Recommendations on Harmonisation of the Domestic Legislation of the CIS Member-Nations in the Field of the Protection of Cultural Property in the Event of Armed Conflict, 1956. – 19 с.

9 Irji Thoman. Protection of cultural property during international armed conflicts: legal and organizational framework. /Ch. Swinarski (éd.) Etudes et essais sur le droit international humanitaire et sur les principes de la Croix-Rouge en l'honneur de Jean Pictet. Genève-La Haye, Comité international de la Croix-Rouge, Martinus Nijhoff Publishers, 1984, – S. 559-580.

10 Convention on the Means of Prohibiting and Preventing the Illicit Import, Export and Transfer of Ownership of Cultural Property. Date and place of adoption 9 May 1972, Paris, France. https://www.unesco.org/en/legal-affairs/convention-means-prohibiting-and-preventing-illicit-import-export-and-transfer-ownership-cultural 15.04.2025.

11 Basic Texts of the 1972 World Heritage Convention. July 2025 Edition. Paris: UNESCO World Heritage Centre, 2025. – 240 p. https://whc.unesco.org/en/basictexts/ 16.04.2025.

12 Convention Concerning the Protection of the World Cultural and Natural Heritage. The General Conference of UNESCO adopted on 16 November 1972 the Recommendation concerning the Protection at National Level, of the Cultural and Natural Heritage. https://whc.unesco.org/en/conventiontext 16.04.2025.

13 Basic Texts of the 2003 Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage. Living Heritage Entity Culture Sector UNESCO. – Paris: UNESCO, 2024. – 188 p.

14 Convention on the Protection and Promotion of the Diversity of Cultural Expressions. 20 October 2005 Paris, France. https://www.unesco.org/en/legal-affairs/convention-protection-and-promotion-diversity-cultural-expressions 10.02.2025.

15 Lists and designations. UNESCO's unique global network of sites, cities, institutions and individuals / https://www.unesco.org/en/lists-designations 11.02.2025.

16 Memory of the World International Register https://www.unesco.org/en/memory-world/grid?hub=66210

17 World Heritage List / https://whc.unesco.org/en/list/ 18.05.2025

18 Kazakhstan – UNESCO World Heritage / https://whc.unesco.org/en/statesparties/kz 01.12.2025

19 Париж қаласындағы (Француз Республикасы) ЮНЕСКО және басқа да халықаралық ұйымдардың жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігі https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-unesco?lang=kk 18.05.2025.

20 Ocean Foundation (TOF) аккредиттелген үкіметтік емес ұйымы https://oceanfdn.org/kk/ 01.06.2025.

21 Convention on the Value of Cultural Heritage for Society (Faro Convention, 2005)

https://www.coe.int/en/web/culture-and-heritage/faro-convention 03.06.2025.

22 Seventh session of the General Assembly (from 4 to 6 June 2018). https://ich.unesco.org/en/7ga 03.06.2025.

23 Eighth session of the General Assembly (from 8 to 10 September 2020). https://ich.unesco.org/en/8ga 03.06.2025.

24 Ninth session of the General Assembly (from 5 to 7 July 2022). https://ich.unesco.org/en/9ga 03.06.2025.

25 Seventh session of the General Assembly (from 4 to 6 June 2018).

https://ich.unesco.org/en/7ga 03.06.2025.

26 Ninth session of the General Assembly (from 5 to 7 July 2022). https://ich.unesco.org/en/9ga 03.06.2025.

27 Международный институт центральноазиатских исследований https://iicas.int/ru/page/history-of-iicas 18.07.2025.

28 The International Council on Monuments and Sites https://www.icomos.org 18.07.2025.

29 Квебекская декларация ИКОМОС о сохранении духа места, 2008. // ICOMOS.ORG: официальный сайт Международного совета по сохранению памятников и достопримечательных мест (ИКОМОС).

http://www.international.icomos.org/quebec2008/quebec_declaration/pdf/GA16_Quebec_Declaration_Final_EN.pdf 07.08.2025.

30 ICHCAP – Материалдық емес мәдени мұраның Азия-Тынық мұхит аймағындағы халықаралық ақпараттық және желілік орталығы. https://www.unesco-ichcap.org 07.08.2025.

31 Сохранение креативной ценности нематериального культурного наследия Центральной Азии: на примере устных традиций и эпосов. – Самарканд: МИЦАИ, ИЧКАП, 2015. – 168 с.

32 Safeguarding the Creative Value of Intangible Cultural Heritage in Central Asia, Focusing on Oral Traditions and Epics. – Samarkand: IICAS and ICHCAP, 2016. – 168 p.

33 Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы. 5 қаңтар 2021 жыл.

https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat 01.12.2024.

34 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың II Ұлттық құрылтай отырысында сөйлеген сөзі. 17 маусым 2023 ж. https://quryltai.kz/kk/article/vystuplenie-glavy-gosudarstva-na-ii-zasedanii-natsionalnogo-kurultaya 01.12.2024.

35 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. Түркістан қ. 17 маусым 2023 ж.

https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959 05.01.2025.

36 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. Атырау облысы. 15 наурыз 2024 ж.

https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727 05.07.2025.

37 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында сөйлеген сөзі. 24 сәуір 2025 ж. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halky-assambleyasynyn-hhhiv-sessiyasynda-soylegen-sozi-2435644 05.07.2025.

38 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясындағы Жалпы дебатта сөйлеген сөзі. https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-prezidenti-kasym-zhomart-tokaevtyn-buu-bas-assambleyasynyn-80-shi-sessiyasyndagy-zhalpy-debatta-soylegen-sozi-2481655 05.11.2025.

39 «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 Заңы. – 57 б.

40 Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288-VI ҚРЗ Заңы.

41 Мәдени құндылықтарды заңсыз әкелуге, әкетуге және оларға меншік құқығын беруге тыйым салу мен олардың алдын алуға бағытталған шаралар туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 507-IV Заңы.

42 Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы №514-IV Заңы.

43 Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысы. – 5 б.

44 Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 368 бұйрығы.

45 Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұраларының Ұлттық тізімі. Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрінің 2013 жылғы 1 наурыздағы №50 бұйрығына 1-қосымша.

46 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзі https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-besinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-2005352 20.01.2026

47 Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұраларының Ұлттық тізімі. Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрінің 2013 жылғы 1 наурыздағы №50 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрінің 2024 жылғы 28 мамырдағы №211-НҚ бұйрығына 1-қосымша. – 73 б.

48 Қазақстан Республикасы Президентінің «2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 желтоқсандағы № 1310 қаулысы.

49 Қазақстанның жанды мұрасы. Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыруға қатысты ұлттық баяндамасы. Жалпы редакциясын басқарған Музафаров Р.Р. – Астана, 2024. – 120 б.

50 UNESCO General Conference; 25th session; 1989. https://ich.unesco.org/en/events/unesco-general-conference-25th-session-1989-00313 (12.12.2024).

51 The States Parties to the Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage (2003). https://ich.unesco.org/en/states-parties-00024 (14.12.2024).

53 Members of the Intergovernmental Committee for the Safeguarding of Intangible Cultural Heritage. https://ich.unesco.org/en/members-00028 14 14.12.2024

54 Intangible Cultural Heritage Committee 2024

https://www.unesco.org/en/intangible-cultural-heritage/committee-2024?hub=413 (17.01.2025).

55 Evaluations, audits and governance. 2021 - Evaluation of UNESCO's Action in the framework of the 2003 Convention. https://ich.unesco.org/en/evaluations-audits-and-governance-00717 21.06.2025

56 Intangible Cultural Heritage Domains. UNESCO. 16 p. https://ich.unesco.org/doc/src/01857-EN.pdf 21.06.2025

57 Browse the Lists of Intangible Cultural Heritage and the Register of good safeguarding practices https://ich.unesco.org/en/lists 13.12.2025.

58 UNESCO. World Heritage Protection Reports. – Paris: United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization. – 2021. – 2 p.

59 Safeguarding Intangible Cultural Heritage in the Digital Age. – Paris, University of Évora UNESCO Chair in Intangible Heritage and Traditional Know – How: Linking Heritage, 2022. – 150 p.

60 Intellectual Property and Traditional Cultural Expressions /Folklore. – Geneva: World Intellectual Property Organization. 2020. – 28 p.

61 Intergovernmental Committee, Intangible Heritage. https://ich.unesco.org/en/decisions 07.05.2025.

62 Kazakhstan – ICH https://ich.unesco.org/en/state/kazakhstan-KZ 07.05.2025.

63 Teodora Konach. Intangible cultural heritage projects – National policies and strategies. The creation of intangible cultural heritage inventories. ENCATC Journal of Cultural Management and Policy // Volume 5, Issue 1. – P. 67-79

64 Legrand P. The Impossibility of Legal Transplants. Maastricht Journal of European and Comparative. Law, 4, 1997. – P. 111-124

65 Legrand P. Le droit comparé. Paris: PUF. 1999. – 128 p.

66 Samuel G. Epistemology of Comparative Law: Contributions from the Science and Social Science. In Van Hoecke, M. (ed.) Epistemology and Methodology of Comparative Law. 2004. – P. 35-77.

67 Foucault M. The Archeology of Knowledge. London: Tavistock. 1972. – 154 p.

68 International Journal of Intangible Heritage http://www.ijih.org 03.12.2024.

69 The Smithsonian Institution - Folklife Festival https://festival.si.edu 03.12.2024.

70 The National Endowment for the Humanities (NEH) https://www.neh.gov 05.12.2024.

71 Heritage for Peace https://heritageforpeace.org 05.03.2025.

72 The Arab Regional Centre for World Heritage https://www.arab-heritage.org 05.03.2025.

73 Intangible Cultural Heritage in Africa https://www.ichafrica.org 05.03.2025.

74 Intangible Cultural Heritage & Development Communities, Safeguard, Resilience. Edited by Alessio Re Giulia Avanza. Fondazione Santagata per l'Economia della Cultura. Torino. 2021. – 119 p.

75 Khaled Benfafa. Intangible cultural heritage: conceptual dilemmas between the immaterial and the cultural. International Journal of Innovative Technologies in

Social Science, 2(46). 2025 https://doi.org/10.31435/ijitss.2(46).2025.3294 https://rsglobal.pl/index.php/ijitss/article/view/3294/2697 01.08.2025.

76 Crespial en Latinoamerica. https://crespial.org/en 05.03.2025.

77 Federico Lenzerini. Intangible Cultural Heritage: The Living Culture of Peoples. The European Journal of International Law Vol. 22 no.1. – P.101-120

78 Oral traditions and expressions including language as a vehicle of the intangible cultural heritage https://ich.unesco.org/en/oral-traditions-and-expressions-00053 07.07.2025.

79 Performing arts (such as traditional music, dance and theatre) https://ich.unesco.org/en/performing-arts-00054 07.07.2025.

80 Social practices, rituals and festive events https://ich.unesco.org/en/social-practices-rituals-and-00055 07.07.2025.

81 Knowledge and practices concerning nature and the universe https://ich.unesco.org/en/knowledge-concerning-nature-00056 08.07.2025.

82 Traditional craftsmanship https://ich.unesco.org/en/traditional-craftsmanship-00057 08.07.2025.

83 What is Intangible Cultural Heritage? // UNESCO.ORG: официальный сайт Организации Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры (ЮНЕСКО). http://www.unesco.org/culture/ich/doc/src/01851 -EN.pdf 17.12.2024.

84 Living Heritage: A Summary // ICCROM.ORG: Официальный сайт Международного исследовательского центра по сохранению и реставрации культурных ценностей (ИККРОМ). http://www.iccrom.org/wp-content/uploads/PCA_Annexe -1 .pdf 18.12.2024.

85 Ashworth G.J. From history to heritage – from heritage to identity. In search of concepts and models. In: G.J.Ashworth and P.J.Larkham (eds) Building a New Heritage. Tourism, Culture and Identity in the New Europe. – London. 1994.

86 Safeguarding Intangible Cultural Heritage. Edited by Michelle L. Stefano, Peter Davis and Gerard Corsane. Boydell Press, 2012. – 285 p.

87 Sara Ross. Law and Intangible Cultural Heritage in the City. Published March 31, 2021 by Routledge. – 250 p.

88 Brown, Michael F. Safeguarding the Intangible. International Journal of Cultural Property , Volume 12 , Issue 1, February 2005 , – pp. 40 - 61

DOI: https://doi.org/10.1017/S0940739105050010

89 International Conference on the Safeguarding of Tangible and Intangible Cultural Heritage: Towards an Integrated Approach Conférence internationale sur la sauvegarde du patrimoine culturel matériel et immatériel: Vers une approche intégrée. – 305 p. https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000147097 20.12.2024.

90 Heritage Emergency Fund // URL: http://www.unesco.org/donate/hef/ 18.10.2025.

91 Омаров Ғ., Картаева Т. Музей нысандарын реставрациялау және консервациялау. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 102 б.

92 Постановление Кабинета Министров об утверждении нормативно-правовых актов по охране нематериального культурного наследия http://ich.uz/ru/legal/152-pub-7 10.12.2025.

93 Кыргыз Республикасынын бейзаттык маданий мурастар дүйнөсүнө санариптик саякат https://ich.kg/ 21.12.2025.

94 Алматы қаласындағы ЮНЕСКО Аймақтық бюросы. http://www.unesco.org/almaty 21.12.2025.

95 Category 2 Centres under the auspices of UNESCO https://ich.unesco.org/en/category2#algeria-regional-centre-for-the-safeguarding-of-intangible-cultural-heritage-in-africa 21.12.2024.

96 International Training Center for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region under the auspices of UNESCO (hereinafter referred to as “CRIHAP”) https://en.crihap.cn/2014-07/25/content_17926305.htm 02.04.2025

97 International Information and Networking Centre for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region under the auspices of UNESCO (ICHCAP) https://ru.unesco.org/silkroad/node/11104 10.04.2025.

98 UAE – The signing of an agreement to establish an international center for capacity building in the field of intangible cultural heritage in the Arab countries https://en.imarabic.com/uae-the-signing-of-an-agreement-to-establish-an-international-center-for-capacity-building-in-the-field-of-intangible-cultural-heritage-in-the-arab-countries/ 10.04.2025.

99 Regional Centre for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage in South-Eastern Europe https://www.unesco-centerbg.org/ 10.04.2025.

100 Vukov N., E. Troeva, G. Lozanova (eds.). Europe and the Orient: Past Encounters, Heritage, Present-Day Interactions. – Sofia: “Prof. Marin Drinov” Academic Publishing House,” 2022. – 158 c.

101 Вуков Н. Срещата на устнотото слово с печатната страница: Употреби на фолклора в българския периодичен печат от 60-те и 70-те години на XIX век. – Гутенберг, 2024. – 394 с.

102 Вуков Н. Словесност, традиции, фолклор. Том 1. – София, Издателство АИ «Проф. Марин Дринов», 2022. – 288 с.

103 Вуков Н. Родствени отношения в българския юнашки епос. – София, Издательство на БАН «Проф. Марин Дринов», 2022. – 243 с.

104 Intangible Cultural Heritage in Tajikistan. Editor: D. Rahimov, Sh. Komilzoda, P. Abduvohidov. Ministry of Culture of Tajikistan. – Dushanbe: R-Graph, 2017. – 280 p., color ill.

105 UNESCO World Heritage in Turkey. – Ankara: Turkish National Commission for UNESCO, 2016. – 452 p.

106 Somut Olmayan Kültürel Mirasın Geleceği Türkiye Deneyimi. Editörler: M. Öcal Oğuz, Evrim Ölçer Özünel, Selcan Gürçayır Teke. – Ankara, 2013. – 244 s.

107 Oğuz M. Öcal. “Halk Bilimi Çalışmalarının Yeni Dönemi: Somut Olmayan Kültürel Mirasın Korunması Sözleşmesi”, (Milli Folklor), 60, 2003. – S. 247-253.

108 Oğuz, M. Öcal. Ankara’nın Somut Olmayan Kültürel Mirası. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2012. – 256 s.

109 Oğuz, M. Öcal. Somut Olmayan Kültürel Miras nedir?. 1 baski. – Ankara: Geleneksel yayincilik, 2018. – 227 s.

110 Oğuz, M. Öcal. Somut Olmayan Kültürel Miras nedir?. 4 baski. – Ankara: Geleneksel yayincilik, 2025. – 255 s.

111 Ölçer Özünel Evrim. Gelecekten Ödünç Almak: Somut Olmayan Kültürel Miras ve Sürdürülebilir Kalkınma. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2023. – 248 s.

112 Ölçer Özünel Evrim. Geleneğin Geleceği: Somut Olmayan Kültürel Miras Unsuru Olarak Âşıklık. Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Dergisi, 2019, №1. – S. 39-45

113 M. Öcal Oğuz, Evrim Ölçer Özünel, Ahmet Erman Aral SOKÜM sözleşmesi. Yönelimler, Eğilimler, Eleştiriler . Ankara, Geleneksel yayıncılık, 2018. – 168 s.

114 Ekici Metin, Fedakar Pinar. «Ege üniversitesi» deneyimleriyle somut olmayan kültürel mirasi «Yaşatarak koruma». Millî Folklor, 2013, Yıl 25, S. 100. – S. 50-60. http://www.millifolklor.com 07.12.2025.

115 Tuna Yildiz. Somut Olmayan Kültürel Miras Yönetimi: Sivil Toplum Katılımı, – Ankara: Geleneksel Yayıncılık, 2020. – 157 s.

116 Ahmet Erman Aral. Somut olmayan kültürel miras. Örgün, yaygın, sargın eğitim. Ankara, Geleneksel yayıncılık, 2020. – 232 s.

117 Zeynep Sila Özşen, Bilgehan Gülcan Rekreasyon etkinlikleri için müzelendirilmiş SOKÜM'ün önemi: Beypazari yaşayan müze örneği. Safran Kültür ve Turizm Araştırmaları Dergisi. Saffron journal of culture and tourism research), 4(3), 2021.326-341s.

118 Mevlut Ozhan. Kukla ve Golge Tiyatrosu. – Bursa. 2014. – 157 s.

119 Türkiye Patronage request. https://ich.unesco.org/en-state/turkiye-TR?info=activities-with-the-patronage#00181 03.04.2025.

120 UNESCO Türkiye Millî Komisyonu https://www.unesco.org.tr/Pages/86/2413/UNESCO-Genel-Konferans%C4%B1- 03.04.2025.

121 Türk Dünyası Halkbilimi I. Cilt (Türkiye - Kazakistan - Azerbaycan) Hazirlayan Dr.Halil Cetin. – Ankara – 2024. – 703 s.

122 Мишкова И., Вуков Н., Казаларска С. Дебати в музеологията. Музеят отвъд нацията? – София, Издателство ИК Гутенберг, 2016. – 457 с.

123 Шляхтина Л.М. Музейные инновации в ретроспективе музееведческих идей / Вопросы музеологии. №1, 2010. – С. 44-48.

124 Кирюшина Ю.В. Нематериальное культурное наследие – актуальное понятие современности. Известия Алтайского государственного университета. №2-1. – С. 244-247.

125 Гукова Е. Охрана нематериального культурного наследия в деятельности ЮНЕСКО / Е. Гукова // Международные гуманитарные связи: материалы заочных сессий ежеквартальной студенческой научной конференции. Том IX: Материалы девятой заочной сессии (1-9 сентября 2015 года). – С. 18-24

126 Пирожков Г.П. Нематериальное культурное наследие: изучение студентами (на примере ресурсов международного информационного нобелевского центра) Международный журнал экспериментального образования. – 2020. – № 4 – С. 44-48.

127 Кулешова М.Е. Управление культурными ландшафтами и иными объектами историко-культурного наследия в национальных парках. Дополнительные материалы к стратегии управления национальными парками России, Выпуск 6. – М.: Издательство центра охраны дикой природы, 2002. – 14 с.

128 Медведев Е.В. Культурные ценности как предмет государственно-правового регулирования // Проблемы российской государственности: вопросы истории, теории, практики. Сборник научных трудов. – М.: Юрист, 2004. – С. 128-139.

129 Солодовник Д. М., Лозинский Н. Н. ЮНЕСКО и ИСЕСКО – международные платформы межцивилизационного диалога // Ислам в современном мире. 2022. №1. – С. 181–190

130 Сазонникова Е.В. Конституционное право и концепт «культура». – Воронеж: Научная книга, 2011. – 152 с.

131 Наурызбаева А., Кульсариева С., Шайгозова Ж., Шахгуляри В. Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасы. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ҚР Ұлттық комиссиясы, 2015. – 100 б.

132 Юнзо К. Инициативы по защите нематериальных объектов культурного наследия // Всемирный доклад по культуре 2000+. – М., 2000. С.168

133 Курьянова Т.С. Этнический аспект нематериального культурного наследия: способы сохранения // Вестник Томского государственного университета, № 362. – 2012. – С. 87-90.

134 Lucas Lixinski. Intangible Cultural Heritage in International Law. De Gruyter, 2013. – 296 p.

135 Фокин В. И., Боголюбова Н. М. Всемирное культурное наследие: учебник. В.-Петерб. гос. ун-т. – СПБ.: Изд-во СПБГУ, 2015. – 368 с.

136 Петрова И.А. Культурно-историческое наследие: современные трактовки понятия / И. А. Петрова, Г. П. Кибасов, А. А. Назарова // Грани познания. Электрон. журн. – 2010. – №4 (9). http://www.grani.vspu.ru/jurnal/9 02.04.2025.

137 Мастеница Е.Н. Культурное наследие в современном мире: концептуализация понятия и проблематики / Е. Н. Мастеница // Труды Санкт-Петербургского государственного института культуры. – 2008. – 11 с

138 Климов Л.А. Культурное наследие как система / Л. А. Климов // Вопросы музеологии. – 2011. – № 1(3). – С. 42-46.

139 Курьянова Т.С. Сохранение и актуализация культурного наследия: учеб. пособие / Науч. ред. О.М. Рындина. – Томск: Издательский Дом ТГУ, 2014. – 82 с.

140 Елисеева Ю. А. Доклад о предварительном исследовании по вопросу о целесообразности международного регулирования – на основе нового нормативного правового акта – охраны традиционной культуры и фольклора. Нематериальное культурное наследие финно-угорских народов как объект каталогизации. 2016. № 3 (28) – С. 82-87.

141 ICH Links Intangible Cultural Heritage https://ichlinks.com/index.do 01.09.2025.

142 Валеев Р.М. Историко-культурное наследие Республики Татарстан. Тенденции развития и опыт исследования, реставрации и использования в последней четверти XX века. – Казань, «Идел-Пресс», оформление, 2007. – 319 с.

143 Кульсариева С.П., Ибрагимов А.И. Традиционные ремесла в Казахстане: история и современное состояние. Вестник КазНУ. Историческая серия. 2023, 109 (2). – С. 156-167.

144 «Ұлы дала мұралары. Наследие Великой степи. Heritage of the Great Stepp» ғылыми-танымдық журналы. 1- шығарылым. Жылдық ғылыми басылым. Астана, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, 2017. – 252 б.

145 Ұлы дала мұралары. 2-шығарылым. – Қазақша, орысша, ағылшынша. – Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, 2019. – 256 б.

146 Results of the UNESCO/Japanese Funds-in-Trust project "Support documentation standards and procedures of the Silk Roads World Heritage Serial and transnational nomination in Central Asia 2011-2014. Результаты проекта ЮНЕСКО/Японского фонда «Поддержка стандартов и процедур документации Серийной транснациональной номинации Шелковый путь в Центральной Азии для включения в список всемирного наследия ЮНЕСКО» 2011-2014 гг. / Составители: Д. Воякин, М. Масанов. Алматы, 2014. – 163 с.

147 Thematic research «Wider Value of UNESCO to Kazakhstan». Тематическое исследование «Роль ЮНЕСКО в Казахстане». / Составитель: М.Масанов. – Алматы: ТОО «Археологическая экспертиза», 2005. – 128 с., илл. – англ., рус.

148 Маулет А. Ақмола облысының материалдық емес мәдени мұрасы: кешенді экспедициялық зерттеулер. 1 том. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. – Астана, 2022. – 600 б.

149 Национальный доклад по реализации Конвенции ЮНЕСКО об охране нематериального культурного наследия (2003) в Республике Казахстан. Под общей редакцией Музафарова Р.Р. Экспертная группа: Музафаров Р.Р. Шахгулари В.В., Шайгозова Ж.Н., Сураганова З.К., Маулет А., Елеманова С.А., Кожахметов Б.С., Беккулова А.А., Курмангалиева М.С., Мамбеков Е.Б. – Астана, 2024. – 120 с.

150 Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті. Ғылыми каталог (қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде). – Алматы: ҚР Орталық музейі, 2018. – 368 б.

151 Центр всемирного наследия ЮНЕСКО. Всемирное наследие. Информационный сборник. http://www.nhpfund.org/files/world-heritage-information-kit-ru.pdf 17.11. 2025.

152 Культура номадов Центральной Азии. МИЦАИ. Материалы Международной конференции. Самарканд, 22-24 ноября 2007 г. – Самарканд: издание МИЦАИ, 2008. – 236 с.

153 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық этнографиялық энциклопедия. Ғылыми редактор

Нұрсан Әлімбай. – Алматы: Адам Даму Интеграция, 2017. – 845 б.

154 Хаммерсли Мартин және Аткинсон Пол. Этнография: зерттеу принциптері. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 400 б.

155 Далалық Еуразия төсіндегі Сарыарқа мұрасы. – «Қазына» сериясы. VI-том. – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Ұлттық Музейі. – 2020. – 352 б.

156 Қожанасыр мен Жұқа әңгімелері. Мына жинақта: Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Т.98: Күлдіргі әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2013. – 440 б.

157 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 824 б.; Диалектологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.

158 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық. 9 том. – Қ-Қ. / Құраст. Ә. Ыбырайым, т.б. – Алматы: «Арыс» – «Қазақ тілі», 2014. – 744 б.

159 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі / Құрастырған С.Әжіғали. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 328 б.

160 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том. Дүниеге келгеннен озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша. – Алматы: «Арыс» баспасы. 2006. – 416 б.

161 ҚР МОМ-ның этнографиялық коллекциясы. 1-том. Қазақтың дәстүрлі киім кешегі. Ғылыми жетекші: Нұрсан Әлімбай. – Алматы: Өнер, 2009. – 343 б.

162 Shaygozova Zhanerke, Muzafarov Rustam. “Looking for a Changing Tradition: Kazakh Traditional Doll in Ceremony, Rite, Game and Art Practice” Millî Folklor 140 (Winter 2023): 130-142.

163 Ибраева А., Темирханова А., Жунусов К. Репрезентация историко-культурного наследия Казахстана в исторической ретроспективе (На примере выставочного проекта). Turkic Studies Journal, 7(3), 2025, – Б.53–75. https://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-53-75 17.10.2025.

164 Қазақстан қолөнерін сақтау және жаңғырту саласындағы кешенді шаралар жөніндегі нұсқаулық. Руководство по комплексным мерам в области сохранения и возрождения ремесел Казахстана. Guide on integrated measures for the preservation and revival of crafts in Kazakhstan. Құрастырған Кульсариева С.П., т.б. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. – Алматы, КазНИИК, 2022. – 145с.

165 Қазақстан және Орталық Азия халықтарының материалдық емес мәдени мұраларын зерттеу мәселелері: топонимика, эпиграфика, өнер.: Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. – Алматы, EVO PRESS, 2014. – 292 бет.

166 Мұхтарова Г. Р., Айтқұл Х. А., Зікірия Д. Қ., Сапатаев С., Есбай С., Жаңалық ауылындағы репрессия құрбандарының жерлеу орындарын 2023 жылғы іздестіру нәтижелері. IV Есік оқулары «Музей кеңістігінде тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау, зерттеу және пайдаланудың өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдары – Алматы, «Everest», 2023. – 167 б.

167 Мухтарова Г. Р., Даутова С.С. Роль заповедников-музеев Казахстана в изучении и сохранении археологических памятников по Шелковому пути // Вестник КазНУ. Серия историческая. 2018. № 3 (90). – С. 140-152. URL: https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/274 02.03.2025.

168 Маулет А. Солтүстік Қазақстан облысының материалдық емес мәдени мұрасы: экспедициялық зерттеулер». «Нематериальное культурное наследие: экспедиционное исследования». Қазақша, орысша. Т.1. – Астана, 2022. – 232 б.

169 Ньюлендс Р., Рэссниг Ф. Учебное пособие для гидов по наследию Шелкового пути. Париж, 2020. – 100 с.

170 Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. – Астана: Фолиант, 2017. – 496 б.

171 Культурный ландшафт как объект наследия. Под. ред. Ю. А. Веденина, М.Е. Кулешовой. – Москва: Институт наследия; Санкт-Петербург: Дмитрий Буланин, 2004. – 620 с.

172 Ключевые понятия музеологии. Составители: Andre Desvallees и Francois Mairesse. – М.: ICOM.brochure. 2012. – 104 с.

173 ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі конвенциясын іске асыру саласында жұмыс істейтін сарапшыларға арналған әдістемелік құрал. Құрастырушылар**:** Абулова М.С., Жауханова Ж.С., Құлман А.А. – Астана: Қоғамдық даму институты, 2025. – 21 б.

174 «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1999. – 799 б.

175 Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 593 қаулысы

176 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Көп томдық. – Алматы, «DPS», 2010. –324 б.

177 Материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) қорғау жөніндегі Ұлттық комитеттің 2012-2015 жж. арналған есебі, қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде. – Алматы, 2015. – 100 б.

178 Картаева Т., Бексейтов Ғ. Музей ісі және ескерткіштану сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 320 б.

179 Krupko Igor V., Ashimova Saltanat A., Kubeyev Rustem D. Medical and Cultural Narratives and Practices of the Russian Empire in the Kazakh Steppe (19th century) // Bylye Gody. 2023. 18(2): 662-670 DOI: 10.13187/bg.2023.2.662 https://oaji.net/articles/2023/7-1687283989.pdf 20.12.2024.

180 Kartaeva T., Ashimova S.. The wedding water (neke sui) and the blending of ancestral and islamic rituals in the kazakh traditional marriage. Folklore Electronic Journal of Folklore, 2025, 95: 129-162 https://doi.org/10.7592/FEJF2025.95.kartaeva_ashimova 25.12.2024.

181 Картаева Т., Ашимова С. Кейбір археологиялық ескерткіштердегі символдар мен атрибуттарға этнографиялық интерпретация. Әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №2 (105) 2022. – Б.221-228. https://doi.org/10.26577/JH.2022.v105.i2.022 25.12.2024.

182 Крупко И.В., Әшімова С.А. 1960 жылдардағы Олжас Сүлейменов шығармашылығындағы қазақтардың көшпелілер мәдениетінің тарихи маңызын қайта жандандыру арқылы мәдениеттің жетіспеушілігін жою. «Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы». № 4(108)/2022. – Б. 98-109. https://doi.org/10.31489/2022hph4/98-109 25.12.2024.

183 Ашимова С. Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасы: құндылықтарды қорғау және тізімге алу. XI Beynəlxalq Türk Dünyası Araşdırmaları Simpoziumu 11-13 İyun 2024 / Bakı XI Beynəlxalq Türk Dünyası Araşdırmaları Simpoziumunun məruzələr kitabı. Cild I. – Bakı: Bakı Avrasiya Universiteti, 2024. – S.626-636 (866 s.).

184 Kartayeva T., Aşimova S. Donıztau, Kuzey Üstürt (Platosu) Kuyuları Tabiat ve Evrenle ilgili Bilgiler Sisteminin Özel Görünüşü. Türk Dünyası Halkbilimi I. Cilt (Türkiye - Kazakistan - Azerbaycan) Hazirlayan Dr.Halil Cetin. – Ankara – 2024. – s. 275 – 291 (703 s.)

185 Картаева Т., Ашимова С. Жетісу және Шығыс қазақтарының дәстүрлі мәдениеті фотоқұжаттарда (Лейбин және Булгаков альбомы бойынша). Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №3 (110) 2023. – Б.197-210. https://doi.org/10.26577/JH.2023.v110.i3.18 25.12.2024.

186 Бейсегулова А., Ашимова С., Картаева Т. Материалдық емес мәдени мұраның «табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» типін сақтаудың Абай облысы бойынша аймақтық ерекшеліктері. Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. No 4. – Б.1202–1220.

187 Картаева Т., Ашимова С. Арал-Каспий аймағындағы керуен-көш бағыттарындағы қоныстар мен құдықтар: ортағасырлардан – XX ғасыр басына дейін. Turkic Studies Journal, 2025. 7(3), – Б. 76–105.

188 Автордың тәжірибелік зерттеуі негізінде жинақталған материалдары: Түркия, Бурса – 2022; София, Болгария – 2023; Әзербайжан, Баку – 2024; Түркия, Анкара – 2024, 2025; Алматы облысы, Астана қаласы – 2022 – 2025.

189 Авторлық көрме: тұрақты қор материалдары – Алматы, ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық Мәдениеттерді жақындастыру орталығы; жылжымалы көрме: Алматы – 2023; Астана – 2024; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Археология, этнология және музеология кафедрасының этнографиялық экспедиция материалдар қоры

190 Chengdu Museum https://www.cdmuseum.com/en/zhanlan/ 02.12. 2025.

191 Gölbaşı Somut Olmayan Kültürel Miras Müzesi https://www.ankaragolbasi.bel.tr/golbasi-somut-olmayan-kulturel-miras-muzesi 02.12.2025.

192 Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі https://nmrk.kz/ 05.12.2025.

193 Қазақстан Республикасының Ұлттық Орталық Музейі https://csmrk.kz/ 02.12.2025.

194 Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық Өнер Музейі https://www.gmirk.kz/ 02.12.2025.
195 Azerbaijani Carpet Museum https://azcarpetmuseum.az/ 04.12.2025.
196 Azərbaycan xalça sənətinin qorunması və inkişaf etdirilməsi haqqında Azərbaycan Respublikasının qanunu https://e-qanun.az/framework/7358 10.12.2025.
197 Inner Mongolia National Museum (Hohhot) http://www.goinnermongolia.com.cn/ 11.12.2025.
198 Karagöz Müzesi https://www.bursamuze.com/karagoz-muzesi 11.12.2025.
199 Ankara Somut Olmayan Kültürel Miras Müzesi https://hacibayram.edu.tr/thbmer/ankara-sokum-muzesi?lang=tr-TR 12.12.2025.
200 Panorama 1326 Bursa Fetih Müzesi https://www.panorama1326.com.tr/tr#! 10.12.2025.
201 Кожобекова А. Учебно-методическое пособие по нематериальному культурному наследию для педагогов. – ЮНЕСКО-Кыргызстан. 2024. – 146 с.
202 Məmmədova Ilhamə. Azerbaycanda çay mədənıyyati (tarixi-etnografik tadgıgat). – Bakı, 2022, – 240 s.
203 Ұлы даланың көне сарындары: Антология. Үш томдық. – Т.1: Музыкалық фольклор. Дәстүрлі ән өнері. /Жауапты редактор Қазтуғанова А.Ж. – Алматы: «Brand Book», 2019. – 752 б.
204 Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: Ғылым, 2002. – 654 с.
205 Әжіғали С. Маңғыстау мен Үстірт ескерткіштері: кітап-альбом. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2014. – 504 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.
206 Бекназаров Р. Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері. – Алматы: Типография ОП., 2005. – 162 б.
207 Бекназаров Р.А. Современные тенденции изменения в культуре казахов: постановка проблемы /XIV Конгресс антропологов и этнологов России: сб. материалов. Томск, 6–9 июля 2021 г. / отв. ред. И.В. Нам. – Москва-Томск: Издательство Томского государственного университета, 2021. – С.709-713. (– 830 с.)
208 Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі https://relyum-obedinenie-muzeev.webflow.io/kz/vnutrennyaya-muzeya-yhlasa 15.10.2025.
209 Azerbaijan – ICH https://ich.unesco.org/en/state/azerbaijan-AZ 17.10.2025
210 Bulgaria – ICH https://ich.unesco.org/en/state/bulgaria-BG 17.10.2025
211 France – ICH https://ich.unesco.org/en/state/france-FR 20.10.2025
212 Hungary – ICH https://ich.unesco.org/en/state/hungary-HU 20.10.2025
213 Turkiye– ICH https://ich.unesco.org/en/state/turkiye-TR 15.10.2025
214 Mongolia – ICH https://ich.unesco.org/en/state/mongolia-MN 29.10.2025
215 Uzbekistan – ICH https://ich.unesco.org/en/state/uzbekistan-UZ 30.10.2025
216 Kyrgyzstan – ICH https://ich.unesco.org/en/state/kyrgyzstan-KG 30.10.2025

217 Tajikistan – ICH https://ich.unesco.org/en/state/tajikistan-TJ 10.11.2025
218 Turkmenistan – ICH https://ich.unesco.org/en/state/turkmenistan-TM 12.11.2025
219 Iran (Islamic Republic of) – ICH https://ich.unesco.org/en/state/iran-islamic-republic-of-IR 13.11.2025
220 Switzerland – ICH https://ich.unesco.org/en/state/switzerland-CH 14.11.2025

ҚОСЫМША А

ҚР МЕММ Ұлттық тізімі

Кесте А.1 – 2003 жылғы Ұлттық тізім

№	Элемент атауы	Типтері
1	2	3
1	Наурыз	Әдет-ғұрыптар, салттар, мейрамдар
2	Құсбегілік (бүркіт, сұңқар т.б.)	Табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
3	Айтыс	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
4	Киіз үй мен оның бұйымдарын жасау дәстүрі	Дәстүрлі кәсіпке қатысты білімдер мен дағдылар
5	Қазақтың дәстүрлі домбыра күй өнері	Орындаушылық өнер
6	Қобызда орындау өнері	Орындаушылық өнер
7	Қазақтың дәстүрлі ән өнері	Орындаушылық өнер
8	Батырлар жыры: Алпамыс батыр, Қобыланды батыр, Ер Тарғын, Ер Едіге, Қамбар батыр, Қарабек батыр, Көкше батыр, Көкшенің ұлы Ер Қосай, Айсаның ұлы Ахмет батыр, Алау батыр, Тама батыр, Қарасай-Қази, Ер Жәнібек. Еңсегей бойлы ер Есім, Айдос батыр, Жетіген батыр, Сабалақ Абылай хан, Олжаш батыр, Қабылан батыр, Мырза Сәтбек батыр, Орақты батыр, Бөгенбай батыр, Қисса ер Қабанбай, Ер Жасыбай, Жидебай батыр, - Олжабай батыр, Өтеген батыр, Райымбек батыр, Жәнібек батыр, Мырқы батыр, Барақ батыр, Көкжал Барақ батыр, Базар батыр, Бердіқожа батыр, Жантай батыр, Сырым батыр, Ер Әжібай, Арқалық батыр, Ер Кенесары, Ағыбай бытар ,Есенкелді батыр, Иман батыр, Жанқожа батыр, Саурық батыр, Сұраншы батыр, Байсейіт батыр, Мырзаш батыр, Шаян батыр, Қожеке батыр, Бекет батыр	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
9	Қыз Жібек	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
10	Қорқыт Ата кітабы	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
11	Қазақтың зергерлік өнері	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
12	Көкпар	Табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
13	Қазақ күресі	Табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
14	Киіз басу	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
15	Бесікті жасау және пайдалану дәстүрі	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар

А.1 – кестенің жалғасы

1	2	3
16	Қымызды дайындау дәстүрі	Табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
17	Қозы Көрпеш – Баян сұлу	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
18	Жетігенде орындау өнері	Орындаушылық өнер
19	Сыбызғыда орындау өнері	Орындаушылық өнер
20	Шаңқобызда орындау өнері	Орындаушылық өнер
21	Ортеке	Орындаушылық өнер
22	Қара жорға биі	Орындаушылық өнер
23	Терме	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
24	Көмей	Орындаушылық өнер
25	Тоғызқұмалақ	Табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
26	Қазақтың дәстүрлі кілем тоқу өнері	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
27	Шұбатты дайындау дәстүрі	Табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
28	Қара өлең	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
29	Бақсы сарыны	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
30	Кесте	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
31	Текемет жасау дәстүрі	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
32	Тері өндеу дәстүрі	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
33	Ер-тұрман жасау	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар
34	Асық ойыны	Табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет
35	Қазақ ұлттық тағамдары	Табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет
36	Шілдехана: бесік тойы, қырқынан шығару, тұсау кесу, ашамайға мінгізу	Әдет-ғұрыптар, салттар, мейрамдар
37	Беташар: қоштасу, сыңсу, беташар, тойбастар, жар-жар	Әдет-ғұрыптар, салттар, мейрамдар
38	Жоқтау: естірту, көңіл айту, көрісу, жоқтау, арыздасу	Әдет-ғұрыптар, салттар, мейрамдар
39	Сайыс: аударыспақ, қыз қуу, теңге алу, жамбы ату, жорға жарыс	Табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
40	Шешендік сөздер	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
41	Қазақтың ұлттық киімдері: сәукеле, кимешек, тақия, шапан т.б.	Дәстүрлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар

А.1 – кестенің жалғасы

1	2	3
42	Қазақтың жылнамасы (күнтізбелік/мүшел есеп/ай/апта/ күн /ай/)	Табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
43	Қожанасырдың әзіл әнгімелері	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу
44	Көрұғлы эпосы	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу
45	Дәстүрлі балалар және жасөспірімдер ойындары («Бес тас» «Тымпи», «Соқыр теке», «Ақсүйек», «Алтыбақан», «Ақ терек пен көк терек» т.б.)	Әдет-ғұрыптар, салттар, мейрамдар

Ескерту: 45-ші әдебиетке сәйкес құрастырылды

Кесте А.2 – 2024 жылғы Ұлттық тізім

№	Элемент атауы	Типтері
1	2	3
I-1	Аза тұтумен байланысты фольклорлық мұралар: жоқтау, естірту, көңіл айту, дауыс айту	МЕММ-нің тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары
I-2	Айтыс – суырып салмалық өнер. 2015 жылы ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген	МЕММ-нің тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары; орындаушылық өнерлер
I-3	Алпамыс батырдың хикаясы (Алпамыс батыр жыры, Алпамыс, Алты жасар, Алпамыс батыр қиссасы, Қисса Алпамыс)	МЕММ-нің тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары
I-4	Көрұғлы жыры («Көрұғлы», «Раушанбек», «Көрұғлының көрде туғаны», «Түркімен Қасымхан», «Қисса Ғауазхан», «Түрікпен Раушанбек батыр Толыбайдың баласы қалмақ батыры Махраммен соғысы»)	МЕММ-нің тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары
I-5	Қыз Жібек (Қисса Қыз Жібектің хикаясы)	МЕММ-нің тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары
I-6	Бақсылық (Бақсы сарыны)	МЕММ-нің тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары; орындаушылық өнерлер
I-7	Бесік жыры	МЕММ-нің тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары; орындаушылық өнерлер

А.2 – кестенің жалғасы

№	Элемент атауы	Типтері
1	2	3
I-8	Домбырамен күй тарту өнері: Шығыс Қазақстан күй мектебі; Арқа күй мектебі; Жетісу күй мектебі; Қаратау күй мектебі; Сыр бойы күй мектебі; Маңғыстау күй мектебі; Батыс Қазақстан күй мектебі. 2014 жылы ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген	орындаушылық өнерлер
I-9	Ертегі, аңыз-әңгіме айту дәстүрі	МЕММ-нің тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары
I-10	Жарапазан – рамазан айында ересектер мен балалардың айтылатын өлеңі	МЕММ-нің тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары
I-11	Жеті ата және шежіре тарқату	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
I-12	Көмейге салып ән-жыр айту	орындаушылық өнерлер
I-13	Қазақтың жыраулық дәстүрі	МЕММ-нің тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары
I-14	Қазақ халық ауыз әдебиетінің дидактикалық қысқа жанрлары: жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел	МЕММ-нің тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары
I-15	Қазақтың дәстүрлі ән өнері	орындаушылық өнерлер
I-16	Қара жорға – буын биі	орындаушылық өнерлер
I-17	Қара өлең	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары; орындаушылық өнерлер
I-18	Қобыз жасау	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
I-19	Қобызда күй тарту өнері	орындаушылық өнерлер
I-20	Қожанасыр әзілдері. 2022 жылы ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
I-21	Қорқыт Ата мұрасы: эпикалық мәдениет және музыка	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
I-22	Ортеке – орындаушылық өнері: би, қуыршақ және музыка 2022 жылы ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген	орындаушылық өнерлер
I-23	Сал-серілік	МЕММ-нің тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары; орындаушылық өнерлер
I-24	Сыбызғы жасау және тарту өнері	орындаушылық өнерлер
I-25	Терме айту	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары; орындаушылық өнерлер
I-26	Шаңқобызда орындау өнері	орындаушылық өнерлер

А.2 – кестенің жалғасы

№	Элемент атауы	Типтері
1	2	3
I-27	Шешендік өнер	МЕММ-нің таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары
II-1	Алтыбақан – жастарадың ұлттық ойын-сауығы (Алтыбақан ойыны)	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
II-2	Ағаш өндеу, оймыштау/ою және бояу (Ағаштан түйін түю, ағашшылық өнері, Ағаш ұқсату өнері)	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
II-3	Бата, бата беру	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
II-4	Бесік жасау және пайдалану мәдениеті	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
II-6	Баланың дүниеге келуіне байланысты салт-жоралар: шілдехана, қырқынан шығару, бесікке салу, бесік той.	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
II-7	Ет асу және табақ тарту: бас тарту, сыбаға, бас табақ, қос табақ, сый табақ, күйеу табақ және т.б	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар; табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
II-8	Қазақтың ғұрыптық дастархан жаю дәстүрлері: бастаңғы, тоқымқағар, ерулік, қарулық, отқа шақыру, үй көрсету	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
II-9	Наурыз: Наурызнама, Көрісу күні, Наурыз көже. 2016/2024 жылы ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
II-10	Нан пісіру мәдениеті: бауырсақ, тапанан (табанан), көмбенан, қазанжаппай, қатырма, қаттама, шелпек,. Қатырма 2016 жылы ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген	табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
II-11	Тұсаукесер	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
II-12	Үйленуге байланысты салт-дәстүрлер: қыз айттыру, құда түсу, өлтірі, аужар, аушадияр, жар-жар, беташар, сыңсу, жасау беру, сүйек жаңғырту. Беташар ЮНЕСКО-ның қарауына ұсынылды	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
II-13	Шай мәдениеті, шайға байланысты ғұрыптар: қазақы шәй, ақ (сүтті) шәй, шашу шай, тәтті шәй, келін шәй, көңіл шәй	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
II-14	Шашу	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
III-1	Асық ойыны (Асық ойындары). 2017 жылы ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген	ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар
III-2	Аударыспақ – ұлттық ат ойыны	ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
III-3	Бәйге – дәстүрлі ұлттық ойын, ат жарыстыру	ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар

А.2 – кестенің жалғасы

№	Элемент атауы	Типтері
1	2	3
III-4	Жамбы ату	ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
III-5	Көкпар	ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар; табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
III-6	Қазақ күресі 2016 жылы ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген	ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар; табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
III-7	Қазақтың құсбегілік өнері: бүркіт, сұңқар, қаршыға, ителгі салу, баптау 2016 жылы ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген	ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар; табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
III-8	«Қыз қуу» - ат үстіндегі сайыс	ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар; әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
III-9	Садақ ату	ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар; табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
III-10	Салбурын – топтық аңшылық ЮНЕСКО-ның қарауына ұсынылды	ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар; табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
III-11	Теңге ілу – ат үстіндегі сайыс	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
III-12	Тоғызқұмалақ ойыны 2021 жылы ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген	табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
IV-1	Адай жылқысын өсіру және баптау	табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
IV-2	Ат баптау	табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
IV-3	Бие байлау, қымыз дайындаумен байланысты салт-дәстүрлер: қымызмұрындық, бие ағыту, сірге жияр 2018 жылы ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген	табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
IV-4	Емшілік және сәуегейлік білімдер: сынықшы (оташы), тамыршы, емші, тәуіп, күләп айту (арбау), құмалақ ашу, жауырын ашу, көріпкелдік	табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
IV-5	Қазақы ит тұқымы тазы мен төбет ұстау, күзетке, мал бағуға, аңшылыққа баулу	табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
IV-6	Өрімшілік өнер: қамшы өру, жүген, ноқта, айыл, шылбыр өру, арқан өру, тұсау өру	табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар; дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
IV-7	Тасаттық беру	табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
V-1	Балалар және жасөспірімдердің дәстүрлі ойындары: Бес тас, Тымпи, Соқыр теке, Ақ терек пен көк терек	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар

А.2 – кестенің жалғасы

№	Элемент атауы	Типтері
1	2	3
V-2	Домбыра жасау өнері	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-3	Ер-тұрман жасау және қолдану	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-4	Жетіген жасау және орындау өнері	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар; орындаушылық өнерлер;
V-5	Зергерлік өнер	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-6	Кестелеу өнері /2026 жылға ЮНЕСКО-ның қарауына ұсынылды	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-7	Киіз басу (Киіз басу және онымен байланысты әдет- ғұрыптар). 2026 жылға ЮНЕСКО-ның қарауына ұсынылды	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-8	Киіз үймен байланысты білім мен дағдылар (Киіз үй тігу). 2014 /2025 жылы ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген	табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар; дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-9	Кимешек тігу мен кию мәдениеті	табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар; дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-10	Көзешілік өнер – қыш-құмыра жасау	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-11	Кілем тоқу өнері	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-12	Қазақтың дәстүрлі ою-өрнек өнері	Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер, икемділіктер мен әдет-ғұрыптар
V-13	Сүйектеу өнері	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-14	Тақия, тымақ, қалпақ кию мәдениеті	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар; дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-15	Тері илеу өнері	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-16	Тоқымашылық өнер: өрмек тоқу	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-17	Ісмерлік, тігіншілік өнер: құрақ құрау, киім тігу	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-18	Ұсталық (темірші) өнер	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-19	Шапан, қамзол кию дәстүрі	әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар; дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
V-20	Ши тоқу	дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар

Ескерту: 47-ші әдебиетке сәйкес құрастырылды.

ҚОСЫМША Б

ЮНЕСКО МЕММ эмблемасы және музейлік тәжірибелік зерттеулер



Сурет Б.1 – ЮНЕСКО МЕММ эмблемасына таңдалған Хорват суретшісі Драгутин Дадо Ковачевич ұсынған жоба [56, 57]



Сурет Б.2 – Қарагөз музейі ғимаратының Қарагөз көлеңке театры ертегі айту дәстүріне сай салынуы, безендірулуі. Түркия, Бурса. 2022 ж. Тәжірибелік сапар барысынан. С. Әшімованың авторлық коллажы [188].




Сурет Б.3 – Қарагөз музейі. Көлеңке театры ертегі айту экспозициясы. Түркия, Бурса. 2022 ж. Тәжірибелік сапар барысынан. С. Әшімованың авторлық коллажы [188].



Сурет Б.4 – Анкара МЕММ музейі ғимараты және экспозициясынан. Түркия. Анкара. 2024 ж. Тәжірибелік сапар барысынан. Авторлық коллаж. [188]



Сурет Б.5 – Ішкі Моңғолия Ұлттық музейінің МЕММ-ге арналған залы. Ішкі Моңғолия, Хух-Хото. Авторлық коллаж [197]



Сурет Б.6 – Әзербайжан Ұлттық кілем музейі ғимараты және визиттік залы. Әзербайжан, Баку. 2024 ж. Тәжірибелік сапар барысынан. С. Әшімованың авторлық коллажы [188; 195].



Сурет Б.7 – Әзербайжан Ұлттық кілем музейінде кілем түрлерінің берілуі. Әзербайжан, Баку. 2024 ж. Тәжірибелік сапар барысынан. С. Әшімованың авторлық коллажы [188;195].




Сурет Б.8 – Әзербайжан Ұлттық кілем музейінде тоқыма және мақта-мата бұйымының берілуі, кілем тоқудан шебер көрсетілім. Әзербайжан, Баку. 2024 ж. 2022 ж. Тәжірибелік сапар барысынан. С. Әшімованың авторлық коллажы [188; 195].



Сурет Б.9 – Әзербайжан Ұлттық кілем музейінде жүн бояу, жууға қолданылатын ыдыс экспозициясынан көріністер. Әзербайжан, Баку. 2022 ж. Тәжірибелік сапар барысынан. С. Әшімованың авторлық коллажы [188; 195].



Сурет Б.10 – «Орталық Азияның материалдық емес мұрасының феноменін философиялық тұрғыдан ұғыну» атты IV халықаралық конференциясын жауапты ұйымдастыру, үйлестіру және «ҚР МЕММ» авторлық көрмені таныстыру барысы. Алматы. 2023 ж. С. Әшімованың авторлық коллажы [188].



Сурет Б.11 – «Nomad» этноорталығындағы турнир барысы. Топтық экскурсияға негізделген ашық аспан астындағы тірі экспозиция. С. Әшімованың авторлық коллажы [188]



Сурет Б.12 – 2021 жыл, қараша айында «Ұлық Ұлыс - Алтын Орда» атты Халықаралық конференция аясында Сарайшық қорық-музейінде құрылған «Этноауыл» бір күндік уақытша ашық аспан асты «тірі экспозициясы». С. Әшімованың авторлық коллажы [188]